



АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР
ЖӘНЕ ӨЛЕМ ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТІ

Қалибекұлы Толқын

**ҚАЗІРГІ ҚЫТАЙ ЖӘНЕ
ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ
СӨЗ ТІРКЕСІНІҢ
ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ТҮРЛЕРІ**

Монография

«Полилингва»
баспасы

Алматы, 2021

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ
ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар
және әлем тілдері университеті**

Қалибекұлы Толқын

**ҚАЗІРГІ ҚЫТАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ
ТІЛДЕРІНДЕГІ СӨЗ ТІРКЕСІНІҢ
ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ТҮРЛЕРІ**

Монография

Алматы, 2021

ӘӨЖ 811 (035.3)

ҚБЖ 81.2

Қ 26

*Монография баспаға Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық
қатынастар және әлем тілдері университетінің
Ғылыми Кеңесімен ұсынылған
(Хаттама № 5, 28 желтоқсан 2020 ж.)*

Пікір жазғандар:

М.С. Жолшаева – филология ғылымдарының докторы, доцент

Ф. Оразақынқызы – PhD докторы, қауымдастырылған профессор

Р.Б. Джелдыбаева – филология ғылымдарының кандидаты

Қалибекұлы Т.

Қ 26. Қазіргі қытай және қазақ тілдеріндегі сөз тіркесінің құрылымдық түрлері /Монография. – Алматы: “Полилингва” баспасы, 2021. – 172 бет.

ISBN 978-601-7998-45-5

Бұл еңбекте қазіргі қытай және қазақ тілдеріндегі сөз тіркесінің зерттелу тарихы, басқа тілдік бірліктермен арақатынасы, байланысу тәсілдері мен жасалу жолдары, құрылымдық түрлері мен мағыналық ерекшеліктері қарастырылған.

Монография жоғары оқу орындарының шығыстану факультетінде «шетел филологиясы: қытай тілі» және «аударма ісі: қытай тілі» мамандығы бойынша оқитын студенттер мен магистранттарға, оқытушыларға арналған.

ӘӨЖ 811 (035.3)

ҚБЖ 81.2

ISBN 978-601-7998-45-5

© Калибекұлы Т., 2021

© "Полилингва" баспасы, 2021

КІРІСПЕ

Шығыстағы көршіміз Қытай мен еліміздің арасындағы байланыстың тамыры тым тереңде жатыр. Оның ежелгі хунну, үйсін дәуірінен бастау алатыны белгілі. Дербес қазақ хандығы дәуірінде, яғни Абылай хан тұсында қазақ пен қытай арасында қалыптасқан қарым-қатынастың саяси-дипломатиялық байланыс аясында өткені белгілі. Кешегі Кеңес дәуірі тұсында екі ел арасындағы байланыс үзілмей, Мәскеу арқылы өтсе де, ғылымда, соның ішінде тілші-ғалымдар арасындағы байланыс біржақты дамып келді. Нақтырақ айтсақ, зерттеушілер қазақ тілі мен қытай тілінің арасындағы байланысты емес, қазақ тілі мен Қытайдағы қазақ тілі арасындағы айырмашылықтар мен ерекшеліктерді қарастырумен ғана шектеліп келді. Бұған Бафин Балжан Алимғазыұлының “Китайские элементы в языке казахов Синьцзана” (1973) атты кандидаттық диссертациясы дәлел бола алады.

Қазақстан тәуелсіз ел болып ту көтергеннен кейінгі жаңа тарих тұсында Қытаймен қарым-қатынасымыздың сапасы жаңа сатыға көтеріліп, мазмұны толыға түсті. Екі жақты байланыстардың ауқымы кеңейіп, ғылым мен білімге жаңаша көзқарас қалыптасты. Қарым-қатынасымызды уақыт талабына сай бейімдей түсуге күш салынып, екі тілді салғастыра зерттеу күн тәртібіне қойылды.

Қытай мемлекеті біздің елмен арадағы тату көршілік пен өзара тиімді байланыстарды (мәселен, ғылыми, мәдени, экономикалық, дипломатиялық т.б.) дамытуға баса мән беріп отырған уақытта екі тілді мамандар дайындау қажеттілігі туындайды. Соңғы кезде қытайтанушы, дипломат, экономист, екі тілді еркін меңгерген аудармашылар дайындау мәселесін тиімді әрі тез шешу үшін қытай тілі мен қазақ тілін салғастыра зерттеу өте қажет. Оның ішінде синтаксистің орны ерекше. Өйткені, тіл қарым-қатынас құралы ретінде сөйлем, сөйлесім құру арқылы ғана өзінің толыққанды қызметін өтейді. Сөздердің өзара тіркесу қабілеті әдеби тілдің дамуынан, тілдік фактордың әсерінен өзгеріп, жаңа мәнге ие болып отыратындықтан, қазақ, қытай тілдеріндегі сөз тіркестерінің құрылымын, өзіндік ерекшеліктері мен айырмашылықтарын танып білу өте маңызды. Бұл факторлар жұмыстың өзектілігін дәлелдейді.

Зерттеу жұмысының барысында қытай және қазақ тілінің синтаксисіне қатысты ғылыми зерттеулер, оқулықтар, монография-

лардағы ғылыми теориялар басшылыққа алынды. Атап айтқанда, сөз тіркестері туралы қытай ғалымдары: Лүй Шушяң (吕叔湘), Уаң Ли (王力), Жау Юанрын (赵元任), Дің Шыңшу (丁声树), Жоу Дыший (朱德熙), Жаң Жыгоң (张志公), Ху Үйшу (胡裕树), Жаң Жиң (张静), Фан Шяу (范晓), Чин Лижүн (秦礼君), Гао Гыңшың (高更生), Шің Фуий (邢福义), Шие Шяуан (谢晓安), Ли Зыюн (李子云), Лу Жянмің (陆剑明), Жаң Бін (张斌), Сун Дыжің (孙德金) Ма Чіңжу (马庆株), Тяң Шяулін (田小琳), Не Ян (聂焱) т.б. және қазақ ғалымдары: М.Балақаев, С.Аманжолов, К.Аханов, Т.Қордабаев, К.Аханов, Р.Әміров, М.Томанов, Т.Сайрамбаев, Ә.Аблақов, С.Исаев, Е.Ағманов, Н.Оралбаева, М.Серғалиев т.б. көзқарастары мен тұжырымдары жұмысымызға негіз болды.

Зерттеудің мақсаты – шетелдік және отандық грамматикада қалыптасқан әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, туыс емес екі тілдің сөз тіркесінің құрылымдық жүйелеріндегі ұқсастықтары мен айырмашылықтарын, әр тілдің өздеріне ғана тән ерекшеліктерін анықтау, сонымен қатар қазіргі қытай және қазақ тілдеріндегі сөз тіркестерінің басқа тілдік бірліктермен арақатынасын, құрылымдық түрлерін, жасалу жолдарын, семантикасын салғастыру мәселелері зерттеу жұмысының мақсаты болып табылады.

Зерттеудің осы мақсаттарына жету үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

- қытай және қазақ тіл біліміндегі сөз тіркестерінің зерттелу тарихы мен қалыптасу кезеңдерін анықтау;
- қытай және қазақ тілдеріндегі сөз тіркестерінің синтаксисте алатын орнын көрсету;
- қытай және қазақ тілдеріндегі сөз тіркестерінің басқа тілдік бірліктермен арақатынасын ашу;
- қытай және қазақ тілдеріндегі сөз тіркестерінің байланысу тәсілдері мен жасалу жолдарын көрсету;
- қытай және қазақ тілдеріндегі сөз тіркестерінің құрылымдық түрлері мен мағынасын айқындау.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес, жалпы тіл білімінде қалыптасқан байқау, салғастырмалы әдіс, сипаттамалы әдіс, синтаксистік талдау әдісі, пікірлерді қорыту әдістері сынды лингвистикалық әдіс-тәсілдер пайдаланылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Салғастырмалы тіл білімінде алғаш рет зерттеліп отырған қытай және қазақ тілдеріндегі сөз тіркестерін

салғастыра зерттеу барысында төмендегідей ғылыми мәселелер шешімін тапты:

– қытай және қазақ тіліндегі сөз тіркестері жайында айтылған ғылыми тұжырымдарды салыстыра келе, оларға қатысты пікір қайшылықтарының бар екені анықталды;

– қытай және қазақ тілдеріндегі сөз тіркесі синтаксисі нысанының арасындағы айырмашылықтар айқындалды: екі тілде де толық мағыналы сөздердің өзара тіркесі синтаксистік тіркес болып табылады, қытай тілінде негізгі сөз бен көмекші сөздің тіркесі сөз тіркестерінің қатарында қарастырылуы бұл тілдің ішкі заңдылықтарымен байланысты;

– қытай тілінің грамматикалық ерекшелігін танытатын сөздердің орын тәртібі мен көмекші сөздердің қызметі сөз тіркестерінің табиғатын да анықтауға тікелей қатысты екендігі көрсетілді;

– қытай тіліндегі предикативтік қатынастағы сөз байланыстарының сөз тіркестері қатарында қаралуы олардың құрамындағы сөздердің байланысу тәсілдеріне қатысы тұрғысынан түсіндірілді;

– қытай және қазақ тілдерінде сөйлем мен сөз тіркесін ажыратуда интонацияның ерекше рөл атқаратындығы көрсетілді;

– қытай және қазақ тілдерінде сөз тіркесінің басқа тілдік бірліктерден (сөз, күрделі сөз, сөйлем) өзіндік ерекшеліктері мен ұқсастықтарын көрсетуде ұстанатын ұстанымдар белгіленді;

– қытай және қазақ тілдеріндегі сөз тіркестерінің құрылымдық модельдері беріліп, өзара салыстырылды.

Зерттеудің теориялық мәні. Зерттеу жұмысының кейбір тұжырымдары мен нәтижелері қытай және қазақ тілдерінің сөз тіркесі синтаксисін теориялық жағынан толықтырады. Сондай-ақ қытай және қазақ тілдеріндегі сөз тіркестерінің табиғаты мен мәнін, байланысу формалары мен тәсілдерін, синтаксистік қатынастары мен құрылымдық түрлерін, тіл білімінде алатын орнын жете түсінуге септігін тигізеді.

Зерттеудің практикалық құндылығы. Зерттеу барысында қол жеткізген теориялық тұжырымдар мен нәтижелер тіл біліміне кіріспе, жалпы типология пәндерін жаңа деректермен толықтырады. Университеттерде қытай және қазақ тілдерінің салғастырмалы грамматикасын, қытай тілі грамматикасын, қытай тілі грамматикасы бойынша мамандандыру пәнін оқытуда, сонымен қатар методикалық әдістемелер мен оқулықтар жазуда, аударма ісінде пайдалануға болады.

1 ҚЫТАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ СӨЗ ТІРКЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

1.1 Қытай және қазақ тілдеріндегі сөз тіркестерінің зерттелу тарихынан

Қытай тіл біліміне қатысты еңбектерде сөз тіркесі әр түрлі атаулармен аталып келді: 语[yu] юй (1920 ж.), 短语[duanyu] (1920 ж.), 读[du] (1920 ж.), 兼词[jianci] (1921 ж.), 伪语[weiyu] (1921 ж.), 扩词[kuoci] (1932 ж.), 词组[cizu] (1936 ж.), 伪句[weiju] (1938 ж.), 谓语形式[weiyuxingshi], 句子形式[juzixingshi] (1943 ж.), 结构[jiegou] (1956 ж.) сияқты 11 түрлі терминмен аталып келді. Ал соңғы кездері сөз тіркесіне 短语[duanyu] “дуанной”, 词组[cizu] “цзыу” және 结构[jiegou] “жегу” деген терминдер қолданылып жүр [1, 159 б].

Қытай тіліндегі сөз тіркесі байырғы қытай тілі материалдары негізінде Ма Жянжонның (马健忠) 1898 жылы жарық көрген қытай тілінің ең алғашқы сипаттамалы грамматикасы «马氏文通» (Mashiwentong) атты еңбегінде аздап болса да айтылған. Бірақ сөз тіркесінің зерттелу тарихын өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдарымен байланыстыра қараған жөн. Өйткені ғылыми түрде жазылған қытай тілінің грамматикалық еңбектері осы кезеңнен басталады.

Қытай тіліндегі сөз тіркесінің зерттелу барысын үш кезеңге бөліп қастыруға болады:

- 1) 1920–1950 жылдардың аралығы;
- 2) 1950–1978 жылдардың аралығы;
- 3) 1978 жылдан осы кезеңге дейінгі дәуір.

Бірінші кезең (1920–1950). Бұл кезеңде жарық көрген еңбектердің басым көпшілігінде, мысалы, Ли Жіңшийдің (黎锦熙) 1924 жылы жарық көрген «新著国语文法» деген еңбегі мен У Гыңшынның (吴耕莘) 1933 жылы баспадан шыққан «国语文典» атты еңбектерінде сөз тіркесіне анықтама берілген. Бірақ авторлар анықтаманы ағылшын тілінің дәстүрлі грамматикасының теориясына сүйене отырып берген, яғни бастауыш пен баяндауышы бар болса, сөйлем; бастауыш пен баяндауышы жоқ болса, сөз тіркесі (语[yu]) деп анықтаған. Сөйлемнің негізгі өлшемі – тиянақты ойды білдіруі, ал сөз тіркесінің тиянақты ойды білдіре алмауы. Осы кезеңде жарық көрген еңбектерде сөз тіркесі мен сөйлемнің (бастауыш-баяндауыш құрылымды сөйлемнің) шекарасы өте айқын ажыратылған. Бірақ кейбір сөздер мен сөз

тіркестері араласып кеткеп, тіпті оларды бір-бірінен ажырату жолдары назардан тыс қалған.

Бұл кезеңде жарияланған еңбектердің басым көпшілігінде сөз тіркесінің қызметі, яғни сөйлемде қандай сөйлем мүшесінің қызметін атқаруына қарай топтастырылған. Дегенмен зерттеушілер тарапынан сөз тіркестерін құрылымына қарай топтап қарастырған еңбектер де жарық көрді.

Сөз тіркесін топтастыру Уаң Иңуый (王应伟), Ли Жіңший, Ли Мің (黎明), Чын Жүнже (陈浚介), Ли Жы (李直), Шүй Дишан (许地山), У Гыңшін (吴耕莘), Лю Фу (刘复), И Золин (易作霖) және т.б. ғалымдардың еңбектерінде әр қырынан қарастырылды.

Олардың ішінде Ли Жіңший (黎锦熙) мен У Гыңшіннің (吴耕莘) еңбектерін ерекше атауға болады. Онда сөз тіркестері сөйлемде қандай сөйлем мүшесінің қызметін атқаруына байланысты зат есімді, сын есімді және үстеулі деп үш топқа бөлінген.

Ли Жы (李直) зат есімді, сын есімді, үстеулі сөз тіркесінің қатарына жалғаулықты және одағай сөзді сөз тіркесін қосып, беске бөлсе [2], Шүй Дишан (许地山) олардың қатарын предлогты сөз тіркесімен толықтырады [3].

Лю Фудың (刘复) «中国语法讲话» атты еңбегінде сөз тіркестерінің қатары етістікті сөз тіркесімен толықтырылған [4].

И Золин (易作霖) сөз тіркесін сөйлемдегі қызметіне қарай зат есімді, сын есімді, етістікті, үстеулі, предлогты, жалғаулықты және одағай сөзді сөз тіркестері деп жеті түрге саралаған [5].

1940 жылдары Уаң Ли (王力) ағылшын тілі оқулықтарындағы сөз тіркестері мен қытай тіліндегі сөз тіркестерін зерттей келе, ағылшын тіліндегі сөз тіркестеріне берілген анықтама қытай тіліне сай келмейді деген тұжырым жасайды. Уаң Ли О.Есперсеннің теориясына сүйене отырып, сөз тіркесіне мынадай анықтама береді: “这种联结, 是把两个以上的词造成一种复合的意义单位, 我们把这种意义单位叫做伪语. Екі не одан көп сөздер тіркесіп келіп, күрделі мағынаны білдіретін бірлікті сөз тіркесі (伪语 [leuy] “лыной”) дейміз” [6, 25 б]. Сондай-ақ, Уаң Ли қытай тіл білімінде тұңғыш рет сөз бен сөз тіркесінің айырмашылықтарын көрсетіп береді. Оның 1943–1945 жылдар аралығында жарық көрген «中国现代语法» (Қытайдың қазіргі грамматикасы) және «中国语法理论» (Қытайдың грамматика теориясы) деген еңбектерінде сөз бен сөз тіркесінің аражігін ажыратуда “кеңейту әдісін” (扩展法) қолдануды ұсынды.

Қытай тілінің сөз тіркесі синтаксисінің тарихында өзіндік орны бар ғалым Лүй Шушяңның (吕叔湘) үш бөлімнен тұратын «中国文法要略, 上卷1942, 中卷、下卷1944» деген еңбегінде қытай тіл білімінде алғаш рет сөз тіркесінің құрылымына назар аударылып, оның құрылымына ғылыми түрде талдау жасалған. Аталмыш еңбекте сөздердің үш түрлі байланысы көрсетілген: салаласу (联合关系), тіркесу (组合关系) және бірігу (结合关系). Автор сөз тіркестерінің құрамындағы сыңарлардың арасындағы грамматикалық байланыстарға талдау жасаумен бірге грамматикалық байланыстарға негіздеп, әрбір құрылымдық бірліктерге ат қояды. Лүй Шушяң сөз тіркестерінің қатарына предикаттық қатынас негізінде жасалған бастауыш-баяндауышты құрылымды да қосады. Сондай-ақ, “күрделі сөз тіркесі” және “тілдік қабат” (层 ceng) деген ұғымдарды қытай тіл білімінде алғаш енгізді. Лүй Шушяңнан кейін Уаң Ли 拿起来 [na qilai]: *алып шығу*, 弄坏 [nong huai]: *бұзып тастау* сияқты *动补结构* (етістік-толықтырғышты құрылымды) да еркін сөз тіркестерінің құрамына кіргізеді.

Ляу Шучяңның (廖庶谦) 1950 жылы жарық көрген «口语语法» (Ауызекі сөйлеу тілінің грамматикасы) атты еңбегінде сөз тіркестері жалғаулықты, одағай сөзді, үстеулі, етістікті, сын есімді және зат есімді сөз тіркесі деп беске бөлінген және мысалдармен дәйектелген [7]. Ляу Шучяңның сөз тіркестерін функциясына қарай жүйелеуі күні бүгінге дейін өз құнын жойған жоқ.

Екінші кезең (1950–1978 жж.). Бұл кезеңде сөз тіркесінің сөз және сөйлемнен айырмашылықтары, сөз тіркесінің түрлері, байланысу тәсілдері және құрылымы т.б. мәселелер кеңірек қарастырылды. Осы орайда Лүй Шушяң, Жу Дышый (朱德熙), Уын Лян (文炼), Уаң Ли (王力), Хай Пің (海萍), Ли Жіңший (黎锦熙), Лю Шыру (刘世儒), Жаң Жыгон (张志公), Го Шауүй (郭绍虞), Шуан Чаң (玄常), Шүй Шыиң (许世瑛), Жаң Жің (张静) және т.б. ғалымдардың еңбектерін ерекше атауға болады.

Американың құрылымдық тіл білімінің теориялары американдық қытай ғалым Жау Юанрынның (赵元任) 1948 жылы Гарворд университеті баспасынан шыққан «Mandarin Primer, An Intensive Course in Spoken Chinese» атты еңбегі арқылы 1950-жылдардың басында қытай тіл біліміне де ене бастады. Міне, осыдан кейін қытай тілін құрылымдық тіл білімінің теориясы мен әдіс-тәсілдері арқылы зерттеу етек ала бастады. Қазіргі кезде қытай тіл білімінде қолданылып жүрген *салалас құрылым* (并列结构), *етістік-толықтауыштық*

құрылым (动宾结构), предикативтік күрделі сөз (主谓复合词), етістік-толықтауыштық күрделі сөз (动宾复合词), етістік-толықтырғыштық күрделі сөз (动补复合词), салаласа байланысқан күрделі сөз (并列复合词) деген терминдер Жау Юанрынның осы еңбегі арқылы қытай тіл біліміне енді.

1952 жылы Дін Шыңшу (丁声树) және т.б. ғалымдар бірлесіп жазған «现代汉语语法讲话» атты ғылыми еңбектері «Қытай тіл-әдебиеті» журналында жарияланды. Автор Жау Юанрынның (赵元任) ізімен қытай тілінде сөзге де, сөз тіркесіне де, сөйлемге де тән бастауыш-баяндауыштық құрылым (主谓结构), баяндауыш-толықтауыштық құрылым (动宾结构), баяндауыш-толықтырғыштық құрылым (补充结构), бағыныңқы-басыңқылы құрылым (偏正结构) және салаластық құрылым (并列结构) деп аталатын бес түрлі синтаксистік құрылымды алғаш рет көрсетушілердің бірі болды [8, 49 б].

1956 жылы орта мектептерде оқытылатын «Қытай тілі» пәніне қосымша ретінде «暂拟汉语教学语法系统» («Қытай тілі педагогикалық грамматикасының уақытша жасалған жүйесі») деп аталатын үлгілік оқу бағдарламасы жарық көрді. Бұл бағдарлама – қытай тілі материалдарының ғылымға негізделген алғашқы жүйелі бағдарламасы болып табылады. Аталған бағдарламада сөз тіркесі 词组[cizu] деп аталады да, негізгі сөздердің өзара тіркесіне 词组[cizu], ал негізгі сөздер мен көмекші сөздердің тіркесіне 结构[jiegou] (құрылым) атауы ұсынылған. Негізгі сөздердің тіркесімін салалас тіркес (联合), бағыныңқы-басыңқылы тіркес (偏正), етістік-толықтауышты (动宾) тіркес және бастауыш баяндауышты тіркес (主谓) деп 4 түрге бөледі. Сондай-ақ «Қытай тілі педагогикалық грамматикасының уақытша жасалған жүйесінде» бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі мен салаласа байланысқан сөз тіркесінің сөйлем мүшесі бола алатындығы айтылды. 词组 деген атау орыс тілі грамматикасындағы “словосочетание” деген терминмен сәйкес келеді.


1959 жылы Бейжің университеті филология факультетінің қытай тілі кафедрасы шығарған «Қазіргі қытай тілі» атты оқулықта сөз тіркесіне тұңғыш рет қос бөлшектер әдісі (метод непосредственно составляющих) бойынша талдау жасалады. Міне, осыдан кейін қос бөлшектер әдісі қытай тіл білімінде орнығып қалыптасады.

Қытай тілінің сөз тіркестеріне қатысты зерттеулер қатарынан Жу Дышийдің (朱德熙) 1962 жылы жарық көрген «句法结构» (Синтаксистік құрылым) деген еңбегі ерекше орын алады. Өйткені, бұл еңбек қытай тіліндегі синтаксистік құрылымдардың заңдылықтары мен ерекше

белгілерін құрылымдық тіл білімінің теорияларымен жан-жақты баяндаумен ерекшеленеді. Онда синтаксистің кейбір мәселелері жаңаша қаралып, қытай тіл білімінде тұрақталған жаңа ұғымдар мен терминдер енгізілді.

Автор аталмыш еңбегінде қытай тіліндегі екіұшты құрылымдарға қос бөлшектер әдісі бойынша талдау жасап, оның заңдылығын ашуға ұмтылыс жасаған.

Мысалы, 咬死了猎人的狗 [yao si le lieren de gou] деген құрылымның екі түрлі мағынасы бар. Мұны қос бөлшектер әдісімен талдағанда оның екі түрлі мағынасын анық байқауға болады: бірінші мағынасы: *аңшының итін талап өлтірді*, екінші мағынасы: *аңшыны талап өлтірген ит*.



Үшінші кезең (1978 жылдардан бүгінгі кезеңге дейін). Бұл кезеңнің өз алдына бөлек қаралуының себебі бар. 1979 жылы Лүй Шусянның (吕叔湘) «汉语语法分析问题» атты еңбегі жарық көрді. Автор: “сөз тіркесі (词组), әдетте, міндетті түрде толық мағыналы сөздердің тіркесі болу керек деп түсінеміз, толық мағыналы сөздер мен көмекші сөздердің тіркесін, мысалы, 我们的[women de]: *біздікі*, 从这里[song zheli] *осы жерден* сияқтыларды сөз тіркесі 词组[cizu] деп айту қиынырақ (оларды тек 的 иероглифті құрылым, предлогты құрылым деп атаймыз), бірақ оларды 短语[duanyu] “дуанюй” деп атаудың еш қиындығы жоқ”, – дей келе, дуанюйді цызудың орнына қолданып, сөз тіркесінің көлемін кеңейтеді [9, 8-9 бб]. Жаң Жыгуң да “дуанюй” атауын енгізуді қолдайды. Осыдан кейін қытай тілі мамандарының дені Лүй Шусян мен Жаң Жыгуңның сөз тіркестері жөніндегі көзқарастарына ойыса бастады.

1978 жылы «Қытай тіл-әдебиеті» журналында Жаң Шукаңның (张寿康) «说“结构” (“Құрылым” туралы) атты мақаласы жарияланды. Содан кейін осы мәселе бойынша аталған журнал бетінде ғылыми айтыс мақалалар жарық көрді. Олар – Ли Рынчян (李人签), Лу Біңфу (陆丙甫), Пың Чінда (彭庆达), Фан Шяудың (范晓) мақалалары. Бұлардың ішінде Фан Шяудың «关于结构和短语问题»

(Құрылым және сөз тіркесі жайында) деген ғылыми мақаласын ерекше атауға болады. Автор Жаң Шуқаңның “құрылымды” “дуанюйдің” (短语 сөз тіркесі) орнына қолдануын сынға алып, “құрылым” мен “дуанюйді” бір-бірінен ажыратуға көңіл бөледі. Ол Лүй Шушяңнің пікіріне сүйене отырып, қытай тіліндегі “сызу” (词组) деген атаудың орнына “дуанюй” атауын енгізуді ұсынады. Фан Шяу сөз тіркесін, ең алдымен, 复合短语 (біріккен сөз тіркесі) және 派生短语 (туынды сөз тіркесі) деп екі үлкен салаға бөледі. Біріккен сөз тіркесін (复合短语) алдымен 主谓短语 (бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі), 述宾短语 (баяндауыш-толықтауышты сөз тіркесі), 偏正短语 (бағыныңқы-басыңқылы сөз тіркесі) және 联合短语 (салаласа байланысқан сөз тіркесі) деп 4 үлкен түрге бөледі, оларды өз ішінде 13 шағын түрге жіктейді. Ал туынды сөз тіркесін (派生短语) өз ішінен 介词短语 (предлогты сөз тіркесі), 方位短语 (мекендік сөз тіркесі), 量词短语 (мөлшер сөзді сөз тіркесі), “的”字短语 (的 иероглифті тіркес), “所”字短语 (所 иероглифті тіркес), “似的”短语 (似的 иероглифті тіркес) деп 6 түрге саралайды. Бұлардың ішінде талас тудыратын сөз тіркестері – мекендік сөз тіркесі мен мөлшер сөзді сөз тіркесі. Қытай тілінде мекендік сөздер (方位词) мен мөлшер сөздерді (量词) таптастыруда әлі күнге дейін бірізділік жоқ, оларды негізгі сөзге жатқызамыз ба, әлде көмекші сөздерге жатқызамыз ба деген мәселеге ғалымдардың көзқарасы түрліше. Фан Шяу мекендік сөздер мен мөлшер сөздерді көмекші сөздер деп есептейді, сондықтан мекендік сөздер мен мөлшер сөздерден құралған сөз тіркестерін көмекші сөзді сөз тіркестерінің қатарына жатқызады [10, 170 б].

Бұл кезеңде қытай тілі сөз тіркестеріне қатысты жарияланған ғылыми мақалалардың ішінен Ше Шяу-ан (谢晓安), Ли Зыюн (李子云), Жаң Жыгоң (张志公), Ма Чіңжу (马庆株), Тянь Шяулін (田小琳), Лүй Жийпің (吕冀平), Жаң Юнчю (张云秋), Шау Айжий (邵霭吉), Ли Янхуй (李艳惠), Лу Біңфу (陆丙甫), У Шяужу (毋孝智), У Шяучың (毋孝成) т.б. ғалымдардың еңбектерін атауға болады.

1981 жылдың 2 – 12 шілдесінде Харбинь қаласында бүкілқытайлық «语法和语法教学» (Грамматика және грамматиканы оқыту) атты тақырыпта ғылыми конференция өтеді. Конференцияның басты мақсаты мен міндеттері – грамматиканы зерттеу бойынша қол жеткен ғылыми зерттеу нәтижелерді талқылау, мектеп грамматикасын оқыту мәселесі бойынша пікір алмасу, пікір қайшылықтары бар маңызды

деген мәселелерді талқылау т.б. Осы ғылыми айтыста көтерілген өзекті мәселелердің бірі – 1956 жылы жарияланып, бүкіл қытай бойынша қолданылып келе жатқан «Қытай тілі педагогикалық грамматикасының уақытша жасалған жүйесіне» өзгертулер мен толықтырулар енгізу. Сонымен қатар көтерілген мәселелер «Қытай тіл-әдебиеті» журналының 1981 жылғы №6 санында және басқа да ғылыми журналдарда жарияланды. Жаң Жыгоң бастаған ғалымдардың екі жылдық жан-жақты талқылауы нәтижесінде 1984 жылы «*中学教学语法系统提要*» (Орта мектепке арналған педагогикалық грамматиканың типтік оқу бағдарламасы) ресми түрде жарияланды. Аталмыш бағдарламада сөз тіркесіне ерекше мән берілген. Бағдарламада Лүй Шусяң мен Жаң Жыгунның сөз тіркестері жөніндегі көзқарастары басшылыққа алынып, 词组 “цзыу” деген термин қалдырылып, оның орнына 短语 “дуанюй” деген термин қолданылады (“дуанюй” деген термин жалпы ағылшын тіліндегі “phrase”-дан аударылған). Аталған бағдарламада негізгі сөздер мен негізгі сөздердің тіркесі, негізгі сөздер мен көмекші сөздердің тіркесі де сөз тіркесінің қатарында қаралады. Сондай-ақ, аталмыш бағдарламада сөз тіркестерінің сөйлем мүшесі болу қызметіне қарай түрлері жан-жақты қарастырылады. Сөз тіркестерінің сөйлем мүшелері бола алатындығы айтылады.

Қытай тілінің ең басты ерекшеліктерінің бірі – сөз тіркесі мен сөйлемнің құрылымдық жағынан ұқсастығы. Бағдарламада осы ерекшелік ескеріліп, сөйлем мүшелері сөз тіркесінің құрамында қарастырылды. Анықтауыш есімді сөз тіркесінің құрамында; пысықтауыш, толықтырғыш, толықтауыштар етістікті сөз тіркесінің құрамында; бастауыш пен баяндауыш бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінің құрамында қарастырылады. Сөйлем мүшелерін сөз тіркесінің құрамында қарастыру – сөз түрлендіруші формалар өте аз қытай тілі үшін өте тиімді болмақ. Сөйлемдерді талдауда қос бөлшектер әдісі қолданылды. Бұл бағдарлама қазірге дейін өзгеріссіз қолданылып келеді.

«Орта мектепке арналған педагогикалық грамматиканың типтік оқу бағдарламасында» сөз тіркесіне ерекше мән берілген. Н.Хомскийдің сөз тіркесінің құрылымдық заңдылықтарын өзінің грамматика теориясының негізі етіп, «Трансформациялы-генеративті грамматика» деген еңбегін жазғаны сияқты, «Бағдарламаның» үштен бір бөлігінде сөз тіркесінің құрылымдық заңдылықтары баяндалып, қазіргі қытай тілінің грамматикалық жүйесі кең масштабта қарастырылған. «Орта

мектепке арналған педагогикалық грамматиканың типтік оқу бағдарламасы» жарияланғаннан кейін сөз тіркесі (дуанюй) туралы Шы И-яу (史锡尧), Юй Гыньюан (于根元), Жаң Лимің (张理明), Фан Шяу (范晓), У Уыйжаң (吴为章), Шің Фуий (邢福义), Чин Лижүн (秦礼君), Гао Гыңшың (高更生), Уаң Хоңчи (王红旗), Ни Баоюан (倪宝元), Жаң Зоңжың (张宗正) және т.б. ғалымдардың еңбектері жарық көрді.

1985 жылы Шау Айжийдің (邵霏吉) «现代汉语词组» (Қазіргі қытай тілінің сөз тіркесі) [11] атты еңбегі, 1991 жылы Фан Шяудың (范晓) «汉语的短语» (Қытай тілінің сөз тіркесі) [12] деген еңбегі жарық көрді. Бұл еңбектерде қытай тілі сөз тіркестерінің табиғаты, жасалу жолдары, құрылымдық түрлері, мағыналары, сөйлемдегі синтаксистік қызметтері жан-жақты қарастырылған. Бұдан басқа, Хуа Хоңвэй (华宏仪), Ли Юңшің (李永兴), Юе Жоңчи (岳中奇), Жаң Уаңши (张旺熹), Шюң Уынхуа (熊文华), Ли Зыюн (李子云) және т.б. ғалымдардың еңбектерін де ерекше атауға болады.

Осы кезеңде етістікті сөз тіркестері мен есімді сөз тіркестері жеке-жеке зерттелді. Ғылыми монографиялар жарық көрді.

2010 жылы Жаң Біннің (张斌) редакциясымен «现代汉语描写语法» (Қазіргі қытай тілінің сипаттамалы грамматикасы) жарық көрді. Бұл – қытай тілінің грамматикалық бірліктерін практикалық тұрғыдан емес, ғылыми тұрғыдан қарастырған көлемді ғылыми еңбек. Кітап жалпы 1306 беттен тұрады. Оның 110 бетінде сөз тіркесі арнайы қарастырылған. Авторлар сөз тіркесін *дуанюй* (短语) атауымен атап, негізгі сөзбен көмекші сөздің тіркесімін сөз тіркесінің қатарына жатқызған. Аталмыш еңбекте сөз тіркесінің табиғаты, жасалу жолдары, байланысу тәсілдері, сөз тіркесінің күрделі сөз бен сөйлемнің арақатынасы, сөз тіркесінің құрылымдық және синтаксистік қызметіне қарай түрлері, сөйлемдегі синтаксистік қызметі және т.б. мәселелер кең масштабта жан-жақты сипатталған.

Қорыта айтқанда, алғашқы кезеңде (1920–1950 жылдардың аралығы) сөз тіркесі синтаксисінің зерттелуі оқулықтар мен оқу құралдары төңірегінде практикалық тұрғыдан қалыптасты. Екінші кезеңде (1950–1978 жылдардың аралығы) сөз тіркесінің синтаксисіне қатысты теориялық мәселелер қарастырыла бастады. Сөз тіркесі синтаксисі ғылыми мақалалар, монографиялар мен ғылыми диссертациялар түрінде жан-жақты зерттеле бастады. Американың құрылымдық тіл білімінің теориялары қытай тіл біліміне ене бастады. Сөз тіркесін оқытуға арналған әдістемелік құралдар басылып шықты.

Үшінші кезеңде (1978 жылдан осы кезеңге дейінгі дәуір) сөз тіркесі әр қырынан зерттеле бастады. Сөз тіркесіне қатысты мақалалар ғылыми журналдарда жарияланып, ғылыми айтыстың төңірегінде дискуссияға айналды. Сөз тіркесінің табиғаты, жасалу жолдары, байланысу тәсілдері мен түрлері, басқа тілдік бірліктерден айырмашылықтары, мағыналары, сөйлемдегі синтаксистік қызметтері және т.б. мәселелер әр қырынан жан-жақты зерттелді.

90 жылдардан бастап сөз тіркесін зерттеу синтаксистік құрылымдық талдаудан (句法结构分析) семантикалық (语义), прагматикалық (语用), когнитивтік (认知) талдауға қарай ойыса бастады.

Қытай тілі синтакисін зерттеуде орыс ғалымдары А.А.Драгунов, С.Е.Яхонтова, В.М.Солнцев, Е.И.Шутова, В.И.Горелов, Т.П.Задоевко, Ху-ан Шуин, С.Б.Янкивер, Н.И.Тяпкина т.б. еңбектерін атауға болады.

Е.И.Шутованың қытай және орыс тілдерінің материалдары негізінде жазылған «Вопросы теории синтаксиса» және «Синтаксис современного китайского языка» деген еңбектерінде сөз тіркесіне қысқаша ғана орын берілмеген.

В.И.Гореловтың «Теоретическая грамматика современного китайского языка» (1989 ж.) еңбегінде сөз тіркестеріне орын берілген. Автор қытай тіліндегі сөз тіркестерін орыс тілінің теорияларына сүйене отырып қарастырған.

Қытай тілі мен қазақ тілдеріндегі сөз тіркесін салғастыра зерттеу бойынша Чын Яннның (陈燕燕) «汉哈对比语法 (Қытай және қазақ тілдерінің салғастырмалы грамматикасы) мен У Жінфьңның (武金峰) редакциялығымен шыққан «汉哈语言对比研究» (Қытай және қазақ тілдерін салғастыра зерттеу) атты еңбектерде аздап болса да айтылғаны болмаса, жеке зерттеу нысаны болған емес. Бұл туралы жазылған мақалалар да жоқтың қасы.

Қазақ тіл білімінде сөз тіркесі синтаксисіне қатысты мәселелер А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Н.Сауранбаев, С.Жиенбаев, С.Аманжолов, М.Балақаев, К.Аханов, Т.Қордабаев, М.Томанов, Р.Әміров, Т.Сайрамбаев, М.Серғалиев, А.Әблақов, Е.Ағманов, С.Исаев, Қ.Шәукенов және т.б. ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан.

Сөз тіркестері мәселесін С.Аманжолов сөйлем мүшелерінің байланысы тұрғысынан қарастырады да, оның бес байланысу формасын көрсетеді: қиысу, меңгеру, қабысу, жанасу, сөздердің сөйлемдегі орны бойынша байланысы [13, 282 б.]. Автор қазіргі қазақ тіліндегі матасуды меңгерумен бірге қарастырған.

Сөз тіркесін алғаш рет жүйелі баяндау 1954 жылы жарық көрген академиялық «Қазіргі қазақ тілі» атты еңбекпен байланысты. Бұл еңбектің синтаксис бөлімін жазған М.Балақаев сөз тіркесі синтаксисін жай сөйлем синтаксисінде қарастырады да, сөз тіркестерінің синтаксистік табиғатын жан-жақты зерттеп, тұңғыш рет толық мәлімет береді. Автор сөз тіркесін әрі сөз таптарының, әрі сөйлем мүшелерінің тіркесі ретінде салаласатын, сабақтасатын байланыстағы сөздер деп қарастырады [14]. Оның кейін шыққан «Основные типы словосочетаний в казахском языке» (1957) және «Қазіргі қазақ тілі» (1992) еңбектерінде сөз тіркесі синтаксисі жай сөйлем синтаксисінен бөліп алынып қарастырылады. Мұнда сөз тіркесі сөйлем мүшелерінің емес, сөз таптарының тіркесі деп қарастырылып, сөз таптарының сөз тіркесін құраудағы ерекшеліктері, сөз таптары мен сөз таптарының тіркесі, олардың байланысу формалары мен түрлеріне сипаттама берілген. М.Балақаев сөз тіркестерінің байланысу формаларын талдай келе, матаса байланысу формасын енгізеді. М.Балақаевтің сөз тіркестеріне берген анықтамасы: “Синтаксистік қарым-қатынасты білдіру үшін кемінде толық мағыналы екі сөздің сабақтаса байланысқан тобын сөз тіркесі дейміз” [15, 35 б.]. Сонымен бұл анықтама бойынша, сөз тіркесі болу үшін кемінде екі толық мағыналы сөздің сабақтаса байланысы қажет екен.

Р.Әміров «Жай сөйлем синтаксисі» деп аталатын оқулығында сөз таптарының бағыныңқы, басыңқы сыңарда жұмсалы ерекшеліктерін әрі байланысу формасында көрсетіп, олардың байланысу тәсілдері мен синтаксистік қатынастарына тоқталған. Р.Әміров қазақ тіл білімінде салаласа байланысқан сөздердің тобын сөз тіркестерінің қатарына жатқызады. Бұл тұжырымын ғалым былайша негіздейді: а) сөйлемнің бірыңғай мүшелері де сөйлем ішінде грамматикалық қатынасқа түседі: ыңғайластық, талғаулық, қарсылықты т.б; ә) ол қатынастар шылау сөздер, интонация арқылы білдіріледі [16, 11 б.]. Бұл айтылған пікірді М.Серғалиев те қолдайды. Ғалым сабақтаса байланысқан сөз тіркестері мен салаласа байланысқан сөз тіркестерінің өзіндік айырмашылықтары бар екендігін былайша көрсетеді:

1) салаласа байланысқан сөз тіркестері бағыныңқылық-басыңқылық қатынаста емес, тең қатынаста, қатар байланысады (*боран мен аяз; сүйкімді, мақтаулы; ағын да, қарасын да*);

2) сөйлем құрамынан алынып қалғанда, бірыңғай мүшелі сөз тіркесі түсініксіз болып шығады, яғни сөз тіркесінің бұл түрі, сабақтас сөз

тіркесімен салыстырғанда, сөйлемнің “құрылыс материалы” екендігін сенімді дәлелдесе керек. Мәселен, *Қайша Шәймерденнің тартқан шылым түтінін бе, әлде сөзін бе, әлде оның өзін бе – жаратпай, жиырыла түсті* (Майлин) деген сөйлемнен *түтінін бе, әлде сөзін бе, әлде оның өзін бе* деген тіркестерді сөйлемнен тыс алып қараса, әлде бірдеңені ұғыну қиындыққа түсер еді.

3) салалас сөз тіркестеріндегі синтаксистік қатынастардың сан жағынан сабақтас сөз тіркестерінен артық болуы [17, 590 б.].

Екі сөз тіркесі түрінің ұқсас жақтары М.Серғалиев екеуі де толық мағыналы сөздерден жасалатындығы және синтаксистік қатынасты білдіруі деп біледі.

Сөз тіркесінің құрамы, құрылысы, сөз таптарының сөз тіркесін құрау валенттілігі, сөз тіркесінің синонимиясы және т.б. қазақ тілінде жеке-жеке зерттеудің нысаны болды. Мәселен, Т.Сайрамбаев қазақ тіліндегі күрделі сөз тіркесінің құрылымдық-семантикалық жағын зерттеп, сөз тіркесінің күрделену жолдарын айқындаған. Ғалым сөз тіркесін құрамына қарай талдауды үш топқа бөліп жүргізу қажеттігін айтады. Олар:

- 1) әр сөз табының негізінде қалыптасқан сөз тіркестері;
- 2) бір сөз табының негізінде қалыптасқан сөз тіркестері;
- 3) бір сөздің қайталануы негізінде қалыптасқан сөз тіркестері [18, 108 б.].

Қазақ тіл білімінде сөз тіркесінің әр байланысу формасы жеке-жеке зерттелген. Мәселен, А.Әблақовтың [19] еңбектерінен меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері мен меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркестері жайында жан-жақты мағлұмат алсақ, сын есімдердің негізгі синтаксистік белгісі саналатын тіркесімділігі бір ғана қабыса байланысу формасы аясында М.Жолшаеваның [20], ал матаса байланысқан сөз тіркестері А.Әуелбекованың [21], изафеттік құрылымдардың жұмсалымдық және құрылымдық аспектілері Қ.Қамзаеваның [22] зерттеулерінде арнайы талдауға түскен.

Сөз тіркесінің басыңқы сыңарын кез келген сөз табы құрай алмайды, өйткені басыңқы сыңар қашан да ұйытқы сөз болуы тиіс, сол сөздің қай сөз табына қатыстылығына қарай сөз тіркестерінің түрлері ажыратылады. Әдетте, оқулықтарда сөз тіркесінің есімді және етістікті түрлері ғана айтылады. А.Тұрарова «Қазіргі қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің басыңқы сыңарлары» атты ғылыми зерттеуінде барлық байланыстың формалары бойынша басыңқы сыңар құрайтын сөз таптарын айқындаған. Сөйтіп, әр сөз табының басыңқы сыңар

құрау мүмкіншіліктерін нақты мысалдар негізінде дәлелдеген, сөз тіркестерінің түрлерін төртке саралаған: есімді, етістікті, ортақ басыңқылы және әр түрлі сөз таптары [23].

Сонымен бірге сөз тіркестерінің басқа тілдік бірліктерден, сөз, күрделі сөз, атаулық тіркес, түйдекті тіркес, шектеулі тіркес т.б. айырмашылықтары мен ұқсастықтары, әр сөз табының сөз тіркесі құраудағы өзіндік ерекшеліктері секілді мәселелер кандидаттық диссертация деңгейінде, мақалалар көлемінде айтылған. Олар: К.Бейсембаева [24], Е.Мергембаев [25], С.Исаев [26], М.Әлиева [27], Б.Рысбай [28], Н.Ильясова [29] т.б.

Сөз тіркесінің синонимиясы М.Серғалиев [30], [31], [32], М.Томанов [33], [34], К.Өміралиев [35], Ф.Мұсабекова [36], Н.Базарбаев [37] т.б. еңбектерінде қарастырылған.

Сөз тіркесін оқыту методикасы жайында Н.Құрманованың «Сөз тіркесін оқыту барысындағы оқушылардың теориялық ойлауын дамыту әдісінің негіздері» [38] атты монографиясын атауға болады. Автордың «Қазіргі қазақ тіліндегі сөз тіркесінің жүйелік-құрылымдық сипаты және оны талдау жолдары» [39] атты оқу құралын да айта кеткен орынды. Автор аталмыш еңбегінде сөз тіркесі жүйесін модельдеу мәселелері және сөз тіркесін жүйе ретінде тану мәселелерін қарастырған. Сөз тіркесінің психолингвистикалық ерекшеліктері, сөз тіркесінің жасалуындағы лексикалық тіркесімділік пен синтаксистік тіркесімділік мәселесі синтагма ұғымымен байланыстыра берілген. Сондай-ақ, сөз тіркесіне талдау жасаудың жаңа әдістері мен түрлері берілген.

Қазақ тіліндегі сөз тіркесі синтаксисіне қатысты зерттеулерге шолу жасай келе түйгеніміз:

1) сабақтаса байланысқан кемінде толық мағыналы сөздердің тіркесін сөз тіркесі деп тану. Бұл қазақ тіл білімінде, қала берді түркітанудағы сөз тіркесі синтаксисінің негізін қалаушылардың бірі М.Балақасвтың еңбектерінен бастау алады. Сөз тіркесіне қатысты бұл тұжырым қазақ тілінде орныққан, барлық оқулықтардан орын алған деуге болады. Сондай-ақ салаласа байланысқан, яғни бірыңғай мүшелердің де байланысын сөз тіркесі деп тану.

2) қиыса байланысқан сөз байланыстарының тілдік статусын айқындау. Қиысу синтаксистік байланыстың жиі қолданылатын түрі саналады. Қиысу дегеніміз – сөйлемде бастауыш пен баяндауыштың грамматикалық тұлғасына, грамматикалық мағынасына қарай

тұлғалануы. Егер бастауыш пен баяндауыштың арасындағы қатынасты предикативтік қатынас десек, онда оны сөз тіркесі деп айқындауға болмайды. Сөз түрлендіруші формаларға бай қазақ тілінде бастауыш-баяндауышты тізбектің құрамындағы баяндауыштардың (әсіресе, етістіктердің) жақтық, шақтық, көптік және рай сияқты грамматикалық формалары болатындықтан, тұтас құрылым сөйлемдік қасиетке ие болады да, сөз тіркесі болмайды. Сондай-ақ, бастауыш пен баяндауыш жіктік жалғаулары негізінде құралып, субъектілік-предикаттық қатынаста жұмсалатындықтан, сөз тіркесінің емес, сөйлемнің нысанына жатады.

1.2 Қытай және қазақ тілдеріндегі сөз тіркесінің табиғаты мен мәні

Синтаксис өткен ғасырдың 50-жылдардың ортасынан бастап тіл білімінің маңызды зерттеу саласы болып келеді.

Қытай және қазақ тілдеріндегі сөз тіркесі синтаксисінің қалыптасу кезеңі елуінші жылдардан басталады. Қазақ тілінің сөз тіркесінің жеке категория болып қалыптасуы М.Балақаевтің есімімен тікелей байланысты [40]. Ал қытай тілінің сөз тіркесі «*马氏文通*» деген грамматикадан бастап, қытай тілі жөнінде жазылған еңбектерде айтыла бастады. Қытай тілінің сөз тіркесін зерттеуші ғалымдар бұл (сөз тіркесі) ұғымның мәнін әр түрлі түсіндіріп, өздерінше тұжырым жасап келді. Сондықтан да сөз тіркесін зерттеуде бір ізге түспеген даулы мәселелер болды. Соңғы кезде қытай тіліндегі сөз тіркесін зерттеу мен оны оқытудың әдістемесі жан-жақты қолға алына бастады. «Орта мектепке арналған педагогикалық грамматиканың типтік оқу бағдарламасы» сөз тіркесіне ерекше мән берілген. Н.Хомскийдің сөз тіркесінің құрылымдық заңдылықтарын өзінің грамматика теориясының негізі етіп, «Трансформациялы-генеративті грамматика» деген еңбегін жазғаны сияқты, «Бағдарламаның» үштен бір бөлігінде сөз тіркесінің құрылымдық заңдылықтары баяндалып, қазіргі қытай тілінің грамматикалық жүйесі кең масштабта қарастырылған.

Сөз тіркесінің тіл білімінде алатын орны туралы ғалымдардың пікірі мынадай:

Лүй Шушяң: “Сөз тіркесі сөз бен сөйлемді байланыстыратын аралық бекет (басқыш) болып табылады...” [9, 64 б.].

Жаң Жығоң қытай тіліндегі сөз тіркесінің маңыздылығы туралы: “...Қытай тілі сөз түрлендіруші формалары дамыған тілдердің

қатарына жатпайды, сөздер бір-бірімен сөз түрлендіруші формалар арқылы байланыспайды. Толық мағыналы сөздер, әсіресе, зат есім, етістік, сын есімдердің грамматикалық қызметтері алуан түрлі, тіркесу қабілеті өте күшті, осы үш түрлі сөз таптары лексиканың (语汇) басым бөлігін құрайды. Сөз түрлендіруші формалары дамыған тілдермен салыстырғанда, қытай тілінде сөздердің бір-бірімен тіркесуі өте еркін, сондықтан сөз тіркесінің модельдері де өте көп. Қытай тіліндегі сөйлемдердің басым көпшілігі сөз тіркестерінен құралған, сондықтан да сөз тіркесі өте маңызды. Сөз тіркесінің құрылысын, қызметін (性能), сөздердің бір-бірімен тіркесу барысындағы кейбір мәселелерін дұрыс түсінсек, онда қытай тілі синтаксисінің негізін (句法的基础) меңгерген боламыз...” [41, 16 б.].

Жу Дыший: “Үндіеуропа тілдерінде сөйлемнің құрылымы мен сөз тіркестерінің құрылымында елеулі айырмашылықтар бар, ал қытай тілінде сөйлем құрылымы мен сөз тіркестерінің құрылымы негізінен ұқсас болып келеді. Егер біз әр түрлі сөз тіркестерінің құрылысы мен қызметтерін анық, жан-жақты сипаттасақ, онда сөйлемнің құрылымдық заңдылықтарын да айқын сипаттап берген боламыз” [12, 193 б.] – деп жазды.

Ал бұл қытай тілінің сөз тіркестері үндіеуропа тілдерінің сөз тіркесіне қарағанда анағұрлым маңызды екендігін көрсетсе керек.

Е.И.Шутова «Синтаксис современного китайского языка» еңбегінде былай деп жазады: “На фоне постановки вызванных ходом развития китайского языкознания проблем усиливается внимание китайских ученых к такой синтаксической единице, как “*cizu*” (букв. “группа слов”, т.е. “синтаксическая группа”), что, несомненно, наваяно представлениями об иерархическом характере структуры предложения, получившими развитие и признание в китайской лингвистической литературе. Подчеркивается возможность выражения того иного члена предложения не только отдельным словом, но и синтаксической группой, и, с другой стороны, – возможность для той или иной разновидности синтаксической группы выступать в функции различных членов предложения.

Таким образом, термин “синтаксическая группа” получает статус самостоятельного синтаксического объекта, с одной стороны, связанного, а с другой – независимого от такого синтаксического объекта, как член предложения. Для работ китайских ученых последнего времени характерно переименование синтаксических явлений, при котором то, что раньше обозначалось в терминах членов

предложения, получает обозначение в терминах сочетаний слов в структуре “синтаксической группы” [42, 19-20 бб.].

Қазақ тілінің сөз тіркесін арнайы зерттеген Т.Сайрамбаев қазақ тіліндегі сөз тіркесінің құрылысын зерттеудің теориялық және практикалық маңызының зор екендігін былай деп түсіндіреді: “Сөз тіркесінің байланысу формалары арқылы сөз таптарының морфологиялық өзгерістері, ал олардың байланысу тәсілдері арқылы әрбір сөз табының мағынасы айқындалады... Жалпы алғанда сөз тіркесінің әрбір сыңары жеке сөз табын, оның морфологиялық өзгерісін, құрылымдық жүйесін, тіркесу қабілетін, дербес мағынасы бар сөз бен дербес мағынасы жоқ сөздің рөлін т.б. айқындауға мүмкіндік туады” [43, 7 б.].

Қытай және қазақ тілдеріндегі сөз тіркестерін жан-жақты зерттеуге баса мән беріліп отырғанымен, кейбір мәселелер әлі де шешімін таппаған деп айтуға болады. Сондықтан сөз тіркесі – жан-жақты зерттеуді күтіп отырған күрделі де көкейтесті мәселелердің бірі.

Қазақ тілі (әсіресе, қытайдағы қазақ тілі) мен қытай тілдерінде толық шешімін таба қоймаған даулы мәселелер көп, атап айтқанда: сөз тіркесінің анықтамасы; негізгі сөз бен көмекші сөздің тіркесі еркін сөз тіркесінің қатарына жата ма? салаласа байланысқан тіркестер сөз тіркесін құрай ма? предикативті тіркес (тізбек) сөз тіркесі деп таныла ма? сөз тіркесінің күрделі сөз және сөйлемнен айырмашылығы; сөз тіркесі сөйлемде немесе сөйлемнен тыс қолданыла ма? сөз тіркесінің байланысу тәсілдері, құрылымдық және мағыналық түрлері және сөз тіркесін талдаудың әдістері т.б. Біз зерттеу жұмысында осы мәселелерге тоқталамыз.

Қытай және қазақ тілдеріндегі сөз тіркесінің анықтамасы. Қытай және қазақ тілдеріндегі сөз тіркестеріне түрлі-түрлі анықтамалар беріледі.

Қытай тілінде сөз тіркесінің анықтамасы барлық еңбекте бірдей емес. Анықтаманың әртүрлі берілуі бірнеше факторға байланысты:

1) сөз тіркесінің құрылымдық мүшелері (қытай тілінде сөз тіркесін құрайтын сыңарлар құрылымдық мүшелер 结构成分 деп аталады – Т.Қ); 2) сөз тіркесінің байланысу формалары (结构方式); 3) сөз тіркесінің байланысу тәсілдері (组合手段); 4) сөз тіркесінің семантикалық мазмұны (语义内容). Бұлардың ішіндегі негізгісі – сөз тіркесінің құрылымдық мүшесі мен семантикалық мазмұны. Кейбір еңбектерде сөз тіркесінің анықтамасында тек құрылымдық мүше мен

семантикалық мазмұн ғана қамтылады. Семантикалық мазмұн туралы пікір-талас жоқ, сөз тіркесі “күрделі ұғымды білдіреді”, ал “сөйлем біршама аяқталған ойды, яғни байымдауды білдіреді”. Сөз тіркесінің құрылымдық мүшелері туралы бірізділік жоқ. Ол мынадан байқалады:

1) сөз тіркесін құрайтын сыңарлар тек негізгі сөздер; 2) сөз тіркесін құрайтын сыңарлар – негізгі сөздер мен көмекші сөздер. Алдыңғы пікір бойынша сөз тіркесі – екі не одан да көп негізгі сөздердің тіркесі, негізгі сөздер мен көмекші сөздердің тіркесі сөз тіркесінің қатарына жатпайды, олар 结构 “құрылым” деп аталады. Кейінгі пікір бойынша сөз тіркесі екі немесе одан көп сөздердің тіркесі болады.

Қытай тіл білімінде “құрылым” мен “сөз тіркесі” туралы талас-тартыс бұрыннан шешілмей келе жатқан даулы мәселе болып табылады. Бұл жөнінде 3 түрлі көзқарас бар:

1) кейбір ғалымдар (мысалы, Жаң Шукаң 张寿康) “дуанюй” (сөз тіркесі) деген терминнің орнына “жегу” (құрылым) терминін қолдануды ұсынады [44, 521-523 бб.];

2) негізгі сөз бен негізгі сөздің тіркесі “цызу” (сөз тіркесі), негізгі сөз бен көмекші сөздің тіркесі “жегу” деп аталады [45];

3) дуанюй мен жегу бір-біріне ұқсамайды, жегу байланысты білдіреді, ал дуанюй екі немесе бірнеше сөздің тіркесін білдіреді [9].

Дуанюйді жегоудың орнына қолдануға болмайтындығын сөз тіркесін арнайы зерттеген ғалым Фан Шяу Лүй Шушяңның көзқарастарына сүйене отырып, теориялық және практикалық тұрғыдан жан-жақты дәлелдеп көрсетеді [10].

1956 жылы жарияланған «Уақытша жүйеде» сөз тіркесіне берілген анықтама мынадай: “Белгілі грамматикалық заңдылықтар арқылы байланысып, сөйлемде сөйлем мүшелерінің қызметін атқара алатын толық мағыналы екі сөздің тіркесі сөз тіркесі (词组 цызу) деп аталады” [45, 25 б.].

1984 жылы жарияланған «Бағдарламада» сөз тіркесіне (дуанюй) анықтама өте қысқа берілген: “Дуанюй (“цызу” деп те аталады) сөздердің тіркесінен құралады” [46, 128 б.].

Фан Шяудың сөз тіркесіне берген анықтамасы төмендегідей: “Кемінде екі немесе одан да көп сөздердің белгілі грамматикалық заңдылықтар арқылы байланысып, сөйлемде сөйлем мүшесі қызметін атқара алатын грамматикалық бірлік сөз тіркесі (短语 дуанюй) деп аталады”.

Осы анықтама мазмұнында қамтылған мәселелер:

1) сөз тіркесі – грамматикалық бірлік. Бұл – оның (сөз тіркесінің) не фонетикалық, не лексикалық бірлік емес екендігін білдіреді;

2) сөз тіркесі сөйлемде тұтас күйінде белгілі бір сөйлем мүшесінің қызметін атқара алады. Бұл – сөз тіркесінің бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш және толықтырғыштың (бұл – қытай тіліндегі сөйлем мүшесінің бір түрі. Орыс тіліне “дополнительный элемент”, “комплемент” болып аударылып жүр) қызметтерін атқара алатындығын көрсетеді (кез келген сөз тіркесі сөйлемде тұтас күйінде белгілі бір сөйлем мүшесінің қызметін атқарады. Бұл – қытай тіл білімінде қалыптасып орныққан пікір болып табылады –Т.Қ);

3) сөз тіркесі кемінде екі немесе одан да көп сөздерден (толық мағыналы сөздер де, көмекші сөздер де сөз тіркесін құрай алады – Т.Қ) құралады. Бұл жалаң сөздердің сөз тіркесін құрай алмайтындығын көрсетеді;

4) сөз тіркесі белгілі бір грамматикалық заңдылықтар арқылы байланысады. Бұл кем дегенде екі сөздің сөз тіркесі болуы үшін, белгілі грамматикалық заңдылықтарға бағынатындығын, кез келген екі сөздің қатар тұруы сөз тіркесі бола бермейтіндігін көрсетеді [12, 1-2 бб.]. Біз Фан Шяудың сөз тіркесіне берген анықтамасын басшылыққа аламыз.

Қазақстанда жарияланған еңбектерде, мысалы, А.Т.Тохметов, С.Г.Кажикенова «Методическое пособие по китайскому языку» деген оқу әдістемелік құралында сөз тіркесіне (词组) мынадай анықтама береді: “Словосочетание представляет собой сочетание двух или нескольких самостоятельных слов, связанных друг с другом по смыслу и грамматически” [47, 30 б.]. Ал орыс тіліндегі сөз тіркесінің анықтамасы: “Словосочетание представляет собой сочетание двух или нескольких самостоятельных слов, связанных друг с другом по смыслу и грамматически” [48, 170 б.]. Сонда қытай тілі мен орыс тіліндегі сөз тіркесінің анықтамасы бір болғаны ма? Біздің пікірімізше, анықтамада қытай тілі сөз тіркесінің өзіндік ерекшеліктері толық қамтылмаған, сондай-ақ берілген анықтамада сөз тіркестерінің толық мағыналы сөздерден құралатындығы айтылған, алайда, авторлар сөз тіркестерін топтастырғанда, өздерінің бастапқы, сөз тіркесі болу үшін толық мағыналы сөздер болу керек деген пікіріне де қайшы келіп отыр. Авторлар сөз тіркестерін, ең алдымен, простые словосочетания,

специальные словосочетания, устойчивые словосочетания деп үш топқа жіктеген. Простые словосочетания өз ішінен словосочетания подлежащего со сказуемым, словосочетания сказуемого дополнением, словосочетания определения с определяемым словом, словосочетания сказуемого дополнительным элементом, союзные словосочетания деп топтастырған. Ал специальные словосочетания өз ішінен словосочетания местонахождения, предложные словосочетания, словосочетания с иероглифом 的, совместные словосочетания, союзные глагольные словосочетания деп жіктелген. Устойчивые словосочетания фразеологизмы, имена собственные, традиционные выражения деп бөлінген. Біздің ойымызша, *фразеологизм, имена собственные, традиционные выражения* дегендер лексикологияның зерттеу нысаны.

Сөйтіп, бұл анықтама қытай тілі сөз тіркесінің ерекшеліктеріне, қазіргі жаңа пікірлер мен көзқарастарға сай келмейді. Сондай-ақ, сөз тіркесін “толық мағыналы сөздердің тіркесі” деп түсінер болсақ, онда бұл анықтама сөз тіркесінің барлық түрлерін толық қамти алмайтыны сөзсіз. Егер авторлар сөз тіркесін “толық мағыналы сөздердің тіркесі” деп түсінетін болса, онда көмекші сөзді сөз тіркесін (специальные словосочетания) сөз тіркестерінің қатарына қоспау керек.

Д.Мәсімханұлы мен А.Әбиденқызының «Қытай филологиясына кіріспе» деген оқу құралында сөз тіркесіне мынадай анықтама берілген: “Мағыналық тұрғыдан байланысқан, екі немесе одан да көп сөздердің грамматикалық ережелер арқылы бірігіп, белгілі грамматикалық байланыс пен грамматикалық мағынаны білдіретін тілдік бірлік” [49, 93 б.].

Н.Абдырақынның «Базалық шығыс тілі: Қазіргі қытай тілінің грамматикасы» атты оқулығында сөз тіркесіне мынадай анықтама берген: “Мағыналық байланысы бар екі не одан да көп сөздер белгілі грамматикалық заңдылықтар арқылы бірігіп, белгілі грамматикалық қатынас пен грамматикалық мағына білдіретін тілдік бірлікті сөз тіркесі дейміз” [50, 70 б.]. Бұл анықтама Лю Баушун (刘宝顺), Шүй Шюжынның (徐秀珍) «现代汉语语法» (Қазіргі қытай тілінің грамматикасы) атты оқулығында берілген анықтамамен сәйкес келеді [51, 246 б.].

Авторлардың анықтамасында сөз тіркесінің белгілі грамматикалық байланыс пен грамматикалық мағынаны білдіретіндігі айтылған, ал авторлар: “Сөз тіркестері негізгі сөздер мен негізгі сөздердің бірігуінен және негізгі сөздер мен көмекші сөздердің бірігуінен жасалады”, – дей келе, предлог (сөз алды қосымшалы) сөз тіркесі, “的” иероглифті сөз

тіркесі, “所” иероглифті сөз тіркесі, салыстыру мәнді сөз тіркесі, мөлшер сөз тіркесі, мекендік сөз тіркесі, мүмкіндікті білдіретін сөз тіркесі, кіріккен сөз тіркестерінің түрлерін шығарады [50, 95-96 бб.]. Сонда, “негізгі сөздер мен көмекші сөздердің тіркесімі” грамматикалық байланыс пен грамматикалық мағынаны білдіре алатын болғаны ма? Әрине, негізгі сөздер мен көмекші сөздердің тіркесінен грамматикалық мағына пайда болмайтыны бәрімізге белгілі. Ал Лю Баушун мен Шүй Шюжын негізгі сөздер мен көмекші сөздердің тіркесі грамматикалық байланыс пен грамматикалық мағынаны білдіре алмайтындығын ескере отырып, негізгі сөздер мен көмекші сөздердің тіркесін “ерекше сөз тіркесі” деп атаған [51, 254 б.].

Сөз тіркесін “грамматикалық байланыс пен грамматикалық мағынаны білдіретін тілдік бірлік” деп түсінер болсақ, онда бұл анықтама сөз тіркестерінің барлық түрлерін қамти алмайды, әрі негізгі сөздер мен көмекші сөздердің бірігуінен жасалған сөз тіркестеріне сәйкес келмейтіні белгілі.

Автордың айтып отырған “мөлшер сөз тіркесі” дегені “мөлшер сөзді сөз тіркесі”, яғни мөлшер сөздің сан есімнің соңынан тіркесіп келуі арқылы жасалған көмекші сөзді тіркес. Мөлшер сөз (нумеративті сөз) – қытай тілінде көмекші сөздің қатарына жататын ерекше сөз таптарының бірі. Қытай тілінде сан есімдер зат есіммен немесе етістіктермен тіркескен де, сан есімдердің соңынан мөлшер сөздер қосылып айтылады: 一个人 (*бір адам*), 一只羊 (*бір қой*), 一支笔 (*бір қалам*), 一件事 (*бір іс*). Ал қазақ тілінде сан есімдер мен зат есімдер қабыса байланысады. “Мүмкіндікті білдіретін сөз тіркесі” деп отырғаны – модалдық етістік пен жетекші етістіктің тіркесімінен жасалған сөз тіркесі. Қытай тіліндегі модалдық етістік қазақ тіліне “мүмкіндік-қалау етістігі” деп те аударылады.

В.И.Гореловтың берген анықтамасы: “Словосочетание (词组 *sizu*, 短语 *duanyu*) представляет собой семантико-грамматическое единство, состоящее из двух и более знаменательных слов, между которыми существует подчинительная связь” [52, 100 б.].

Бұл анықтама орыс тілінің дәстүрлі грамматикасының ережелеріне негізделген. Сондықтан берілген анықтама қытай тілі сөз тіркесінің ерекшеліктерін толық ашып көрсете алмайды. Біздің ойымызша, әр тілді өз ерекшеліктеріне қарай зерттеу қажет.

А.В.Скворцов «Предпереводческий анализ текстов на китайском языке» деген оқулығында сөз тіркесіне “Словосочетание – это

синтаксическая единица, состоящая из двух и знаменательных слов, связанных подчинительной связью” деген анықтама береді. Бірақ автор: “Некоторые авторы ошибочно считают, будто словосочетаниями не являются: 1) сочетания слов, связанных сочинительной связью; 2) однородные члены; 3) предикативные словосочетания; 4) словосочетания типа «предлог+зависимое слово»”, – дейді [53, 100 б.]. Автор сөз тіркесінің қатарына *сочетания однородных членов (однородных словосочетаний), предикативные словосочетания, аппозитивные (одноместные) словосочетания* сияқты тіркестермен бірге негізгі сөздер мен көмекші сөздердің тіркесімін де жатқызады. Осы аталған сөз тіркестерінің ешқайсысы да сабақтаса байланысып тұрған жоқ.

Енді қазақ тіліндегі сөз тіркесінің анықтамасына тоқталайық.

Қытайда қазақ тілінің сөз тіркесі синтаксисі өткен ғасырдың 50–60 жылдарын бастап зерттеле бастағанымен, сөз тіркесі синтаксисі қатысты шешімін таппаған даулы мәселелер жетерлік. Сондықтан сөз тіркесі синтаксисі жан-жақты зерттеуді күтіп отырған күрделі де көкейтесті мәселелердің бірі деп айтуға болады.

Қытайда жарық көрген қазақ тіл біліміне қатысты еңбектердің ең елеулісі – Шынжаң Тіл-жазу комитеті шығарған «Қазіргі қазақ тілі» (2002 ж.). Бұл – Қытайдағы қазақ тілін практикалық тұрғыдан емес, ғылыми тұрғыдан қарастырған ең алғашқы еңбек. Қытай тілінде жарық көрген еңбектерден көрнекті түркітанушы ғалым Гың Шыминнің (耿世民) «哈萨克语语法» (Қазіргі қазақ тілінің грамматикасы) (1989 мен профессор Жаң Діңжіңнің (张定京) «现代哈萨克语实用语法» (Қазіргі қазақ тілінің практикалық грамматикасы атты) (2004) еңбектерін ерекше атауға болады. Оқулықтар мен оқу құралдарынан Шынжаң оқу-ағарту баспасынан шыққан «Қазіргі қазақ тілі» (1985) оқулығы мен Шынжаң Тіл-жазу комитеті дайындаған «Қазіргі қазақ тілі» (2002) атты ұжымдық еңбекті айтуға болады. Қытай тілі мен қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктерін айқындауға байланысты салғастырмалы сипатта жазылған зерттеулерден Чын Янянның (陈燕燕) «汉哈比较语法» (Қытай және қазақ тілдерінің салғастырмалы грамматикасы) (1986) мен У Жінфың (武金峰) редакциясымен шыққан «汉哈语言对比研究» (Қытай және қазақ тілдерін салғастыра зерттеу) (2008) атты ұжымдық еңбекті айтуға болады.

Қазақ тіліндегі сөз тіркестеріне түрлі-түрлі анықтамалар беріліп жүр.

Шынжаң оқу-ағарту баспасынан шыққан «Қазіргі қазақ тілінде» сөз тіркесіне: “Кемінде толық мағыналы екі сөздің синтаксистік бірігуінен құралған, белгілі бір ұғымды білдіретін бірлікті сөз тіркесі дейміз” деген анықтама берілген [54, 235 б.]. Дұрысы, “сөз тіркесі белгілі бір ұғымды білдіреді” дегеннен гөрі, “күрделі ұғымды білдіреді” деген дұрысырақ сияқты. Осы оқулықта қос сөздерге мынадай анықтама берген: “Сөздерді қосарлап, қайталап не бір буынын қабаттап айту арқылы жасалып, бір ұғымды білдіретін сөздерді қос сөздер дейміз” [54, 115 б.]. Қос сөздер де, сөз тіркесі де бір ұғымды білдірсе, онда олардың қандай айырмашылықтары бар? Сөз тіркесіне анықтама бергенде оның басты ерекшеліктері толық қамтылу керек.

Гың Шымын: “Сөз тіркесі тиянақты (бірақ бөлшектеуге болатын) ұғымды білдіреді, ол екі немесе екіден көп толық мағыналы сөздерден құралады” деп анықтама берген [55, 213 б.]. Ғалым толық мағыналы сөз бен көмекші сөздің тіркесі сөз тіркестері бола алмайтындығын былайша түсіндіреді: “Сөз тіркесінің анықтамасында сөз тіркесі міндетті түрде толық мағыналы сөздердің өзара тіркесі болатындығы айтылған, бұл – өте маңызды, өйткені көмекші сөздер (көмекші етістіктер, көмекші есімдер, септеуліктер, т.б.) – грамматикалық тәсілдер, олар тек толық мағыналы сөздермен ғана тіркесіп қолданылады. *Отан үшін* және *отанға* дегендердің грамматикалық тұлғасы мен грамматикалық мағыналарында айтарлықтай айырмашылықтар жоқ. Сондықтан да соңғысы – сөз тіркесі емес, әрине, алдыңғысы да сөз тіркесі болмайды...” [55, 213-214 бб.].

Біздіңше, толық мағыналы сөздер мен көмекші сөздердің тіркесі сөз тіркестері болмайтындығын септеуліктер мен септік жалғауларын теңестіру арқылы дәлелдеу бір жақты пікір сияқты. Септеуліктер мен септік жалғауларының қызметі жағынан ұқсастықтарына қарап, екеуін бір-бірімен теңестірсек, онда оларды бір-бірінен ажырату қиынға соғады, септеуліктерге қатысты көптеген грамматикалық құбылыстарды ашып түсіндіру мүмкін болмайды. Қазақ тіліндегі септеулік шылаулардың бірқатары сөз бен сөздің арасын септік жалғаулары тәрізді байланыстыруға бейім тұратын болса, енді бірқатары сөз бен сөздің арасын байланыстырудан гөрі өзінен бұрынғы сөзге үстеме мағына қосуға, мағынасын нақтылай түсуге бейім тұрады. Ал енді бірқатарлары сөз бен сөзді әрі ұластырады, әрі өзінен бұрынғы сөзге үстеме мағына қосады [56, 48-49 бб.].

Чын Янян: “Екі немесе екіден көп толық мағыналы екі сөзден құралған, бір ұғымды білдіретін тілдік бірлік” деген анықтама береді [57, 208 б.].

Шынжан Тіл-жазу комитеті шығарған «Қазіргі қазақ тілінде» сөз тіркесі мына түрде анықталған: “Синтаксистік қарым-қатынасты білдіру үшін кемінде толық мағыналы екі сөздің сабақтасқан тобын сөз тіркесі дейміз” [58, 332 б.]. Бұл – М.Балақаевтің анықтамасы.

«Қытай және қазақ тілдерін салғастыра зерттеу» атты еңбекте: “Толық мағыналы екі сөздің белгілі бір тәсілдер арқылы тіркесуінен құралған тілдік бірлік сөз тіркесі деп аталады” деген анықтама береді. Авторлар көмекші сөзді тіркестің сөз тіркесі бола алмайтындығы туралы: “...қазақ тілінде көмекші сөздер сөз тіркесін құрай алмайды, көмекші сөздер – грамматикалық тәсілдер, олар тек толық мағыналы сөздерге тіркесіп қолданылады, мысалы: *Отан үшін және отанға* дегендердің грамматикалық тұлғасы мен грамматикалық мағыналары жағынан сөз тіркесі деп саналмайды. *Жаңа үй салынды* дегеннің құрамындағы *жаңа үй* немесе *үй салынды* дегендер сөз тіркестері болады, өйткені олар өздерінің бастапқы лексикалық мағынасын сақтап қалған толық мағыналы сөздер”, – дей келе, “...сөз тіркесі сөйлемнің әрқандай мүшесі бола алады, ол бүтін бір ұғымды білдіреді”, – дейді [59, 200-201 бб.].

Яң Ліңнің «Қазақ тілі бойынша зерттеулер» деген еңбегінде сөз тіркесіне берілген анықтама: “Екі немесе одан да көп лексикалық мағынасы мен грамматикалық құрылымы жағынан байланысты сөздерден құралған тілдік бірлік сөз тіркесі деп аталады” [60, 221 б.].

Автор анықтамаға дәлел ретінде келтірген мысалдардың қатарына *Тынық мұхиты*, *Халық Үкіметі* сияқты күрделі сөздерді де қосып жіберген.

Жоғарыда сөз тіркесіне берілген анықтамаларда авторлардың сөз тіркесінің толық мағыналы сөздерден құралатындығын, ұғымды білдіретіндігін және белгілі бір заңдылықтар арқылы байланысатындығын басты назарда ұстағанын байқаймыз.

Р.Әміров синтаксистік қатынасты білдіру үшін кемінде толық мағыналы екі (немесе одан да көп) сөздердің сабақтаса, салаласа байланысқан тобын сөз тіркесі деп түсінеді [16, 10 б.].

Автордың анықтамасынан салаласа байланысу арқылы сөз тіркесі жасалатындығын қуаттайтындығын байқауға болады.

Қазіргі қазақ тіл білімінде еркін сөз тіркестері туралы ондаған жылдар бойы қалыптасқан анықтама бар: “Синтаксистік қарым-қатынасты білдіру үшін кемінде толық мағыналы екі сөздің сабақтаса байланысқан синтаксистік тобын сөз тіркесі дейміз”.

Қытай және қазақ тілдеріндегі толық мағыналы сөздер мен көмекші сөздердің тіркесі. Қытай және қазақ тілдеріндегі сабақтаса байланысқан толық мағыналы сөздердің тіркесі сөз тіркесін құрай алады. Бұл ешқандай талас тудырмайды.

Қытай тілінде толық мағыналы сөздер мен көмекші сөздердің тіркесі сөз тіркесін құрай ала ма, жоқ па деген сұраққа қытай тілінің мамандары осы уақытқа дейін түрліше пікір білдіріп келді.

Сөз тіркесінің көлемі (аясы) туралы қытай тілі мамандарының көзқарастарын үш топқа бөлеміз:

1) 词组 (сөз тіркесі) тек толық мағыналы сөздер мен толық мағыналы сөздердің тіркесінен жасалады, толық мағыналы сөздер мен көмекші сөздердің тіркесі сөз тіркесін құрай алмайды;

2) 词组 (сөз тіркесі) – екі толық мағыналы сөздің өзара тіркесі сөз тіркесі, ал толық мағыналы сөз бен көмекші сөздің тіркесі – 结构 “құрылым” деп аталады;

3) 词组 (сөз тіркесі) немесе 短语 (сөз тіркесі) екі немесе одан да көп сөздердің тіркесі.

Бұл үш түрлі көзқарастағы басты қайшылық – сөз тіркесін құрайтын құрылымдық мүшелерде, өйткені олар сөз тіркесінің көлемімен тығыз байланысты.

Бірінші көзқарас сөз тіркесінің көлемін тек толық мағыналы сөздермен ғана шектейді, көмекші сөздер сөз тіркесінің құрылымдық сыңары бола алмайды. Мұндай көзқарасты ертеде жарық көрген еңбектерден кездестіруге болады. Мысалы, Ма Жянжонның «马氏文通» (1898), Ли Жіңшидің «新著国语文法» (Жаңаша жазылған қытай тілінің грамматикасы), Уаң Лидің «Қытайдың грамматика теориясы» (中国现代语法) т.б.

Екінші көзқарас сөз тіркесі толық мағыналы сөздердің тіркесі, ал толық мағыналы сөздер мен көмекші сөздердің тіркесін 结构 “құрылым” деп қарайды. Бұл көзқарас 1956 жылы жарияланған «Уақытша жасалған жүйеде» анық көрсетілген.

Үшінші көзқарас сөз тіркесін әрі толық мағыналы сөздердің тіркесі, әрі толық мағыналы сөздер мен көмекші сөздердің тіркесі деп қарайды. Лүй Шушян «Қытай тіліндегі грамматикалық талдау мәселелері» деген еңбегінде сөз тіркесін әрі толық мағыналы сөздердің, әрі толық мағыналы сөздер мен көмекші сөздердің тіркесі деп көрсеткен [9, 10 б.]. Үшінші көзқарасты 1984 жылы жасалған «Уақытша жасалған жүйеде» айқын байқауға болады. Мұнда 短语 (сөз

тіркесі) әрі толық мағыналы сөздердің тіркесі, әрі толық мағыналы сөздер мен көмекші сөздердің тіркесі деп берілген. Бұл көзқарас қытай тіл білімінде орнығып қалыптасқан. Сондай-ақ, 短语 термині де қазіргі кезде мектепке арналған оқулықтарда толығымен қолдау тауып, кең таралған. Жоғары оқу орындарына арналған еңбектерде де кездеседі. Сөз тіркесін арнайы зерттеген ғалым Фан Шяу сөз тіркесінің көлемін толық мағыналы сөздермен ғана шектеу өте үлкен қате деп қарайды [10, 165 б.]. Біз де осы пікірді қолдаймыз.

Гау Міңкай (高名凱): “Сөз тіркесі екі немесе екіден көп толық мағыналы сөздерден құралады, толық мағыналы сөздер мен көмекші сөздердің тіркесі сөз тіркесіне жатпайды, көмекші сөздер – аналитикалық тәсіл, олар әрдайым толық мағыналы сөздермен тіркесіп қолданылады... Біз оларды сөздің түрленген формасы деп қараймыз” [61, 223-224 бб.]. Біз бұл пікірге келісе алмаймыз. Себебі аналитикалық тәсіл мен сөздің түрленген формасын (яғни синтетикалық тәсіл – Т.Қ) бір деп қарауға болмайды, қытай тілінде аналитикалық тәсіл болатын көмекші сөздер – дербес сөз табы. Олар толық мағыналы сөздермен тіркескеннен кейін де дербес сөз болу қабілетінен айырылмайды. Екі сөздің тіркесі қалайша бір сөздің түрленген формасы болады. Сондай-ақ, синтетикалық тәсіл қытай тіліне тән құбылыс емес.

Жаң Жің (张静) кейбір тіл мамандарының толық мағыналы сөздер мен көмекші сөздердің тіркесін сөз тіркесіне жатқызбау себебін былай түсіндіреді: “Лексикалық мағына жағынан сөз тіркесі қайтадан бөлшектеуге болатын күрделі ұғымды білдіреді, көмекші сөздер ұғымды білдіре алмайды, грамматикалық жағынан көмекші сөздер сөйлем мүшесі бола алмайды, олар сөйлем мүшелері арасындағы грамматикалық байланыстарды білдіреді. Егер толық мағыналы сөздер мен көмекші сөздердің тіркесін сөз тіркесі деп есептесек, онда көмекші сөздердің сөйлем мүшесі бола алатындығын мойындағандық болады” [62, 4 б.]. Алайда қытай тіл білімінің мамандары Гау Міңкай мен Жаң Жіңнің пікірін қуаттамайды. Өйткені қытай тіліндегі көмекші сөздер күшті дамыған сөз табы, олардың табиғатына тән көптеген құбылыстарды үндіеуропа тілдерінің грамматикалық заңдылықтары бойынша түсіндіре салуға келмейді.

Біз де Жаң Жіңнің пікірін құптамаймыз. Мұның себебі:

1) теориялық тұрғыдан айтқанда, сөз тіркесін зерттеуде олардың қандай ұғымды білдіруіне емес, бастысы, құрылысына баса назар аудару керек. Күрделі мағынаны білдіру-білдірмеуіне қарай сөз тіркесінің

көлемін анықтау грамматикада мәнсіз, өйткені бұл “сөз тіркесін зерттеудің негізгі мақсаты – оның (сөз тіркесінің) грамматикалық заңдылықтарын ашып көрсету” дейтін қағидаға қайшы келеді.

2) қытай тілінде көмекші сөздердің сөйлем мүшесі болу-болмауына қарай сөз тіркесінің табиғатын анықтау толық мағыналы сөздер мен көмекші сөздерді таптастыру мәселесіне келіп тіреледі. Қытай тілінде сөздерді таптастыру әлі толық шешімін таппай, талас тудырып жүрген даулы мәселелердің бірі болып саналады. Мысалы, үстеуді таптастыруда әлі күнге дейін бір ізділік жоқ, яғни үстеуді негізгі сөзге жатқызамыз ба, әлде көмекші сөздерге жатқызамыз ба деген сұраққа түрлі жауап алуға болады. Сөз тіркесі синтаксисінің зерттеу нысаны – жеке сөздер емес, сөздердің тіркесі. Көмекші сөздер сөйлем мүшесі бола алмайды, бірақ толық мағыналы сөздер мен көмекші сөздерден құралған сөз тіркестері сөйлем мүшесі бола алмай ма?

3) тілдік деректерге сүйенетін болсақ, қытай тілінде толық мағыналы сөздер мен көмекші сөздерден құралған сөз тіркестері өте көп. Егер біз оларды сөз тіркесінің қатарында қарастырмасақ, қытай тіліндегі сөздердің тіркесу заңдылықтарын жан-жақты ашып бере алмаймыз [63, 115-116 бб.].

Қытай тілінде толық мағыналы сөздер мен көмекші сөздердің тіркесі сөз тіркесін құрай алатындығын қытай ғалымдары тілдік деректер негізінде дәлелдеп отыр. Сондықтан да соңғы жылдары толық мағыналы сөздер мен көмекші сөздердің тіркесі қытай тілінің мектеп және жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарында еркін сөз тіркесінің қатарында қаралып жүр.

Қорыта келгенде, қазақ тілінде сөз тіркесі тек толық мағыналы сөздердің тіркесінен жасалады. Толық мағыналы сөздер мен көмекші сөздердің тіркесі сөз тіркестерін құрай алмайды. Тек сабақтаса байланысқан сөз тіркестері арқылы ғана сөз тіркестерінің заңдылықтары айқындалады [18, 11 б.]. Ал қытай тілінде толық мағыналы сөздер мен көмекші сөздердің тіркесі сөз тіркесін құрай алады. Көмекші сөзді тіркестер синтаксистің зерттеу нысанына кіреді. Бұл ешқандай дау тудырмайды. Тек толық мағыналы сөздердің өзара тіркесін және толық мағыналы сөздер мен көмекші сөздердің тіркесін жан-жақты зерттегенде ғана сөз тіркестерінің заңдылықтары айқындалады.

Толық мағыналы сөз бен көмекші сөздің тіркесі сөз тіркестері бола ма, жоқ па деген сауалға олардың қазақ тілінде сөз тіркестерін

құрай алмайтындығы М.Балақаев [15], С.Аманжолов [13], К.Аханов [64], Р.Әміров [16], Т.Сайрамбаев [18], Ә.Аблақов, С.Исаев, Е.Ағманов [65], М.Серғалиев [30], Қ.Шәукенов [66] т.б. ғалымдар еңбектерінде көрсетілген.

Гың Шымин бұл жайында: “Сөз тіркесінің анықтамасында сөз тіркесі міндетті түрде толық мағыналы сөздердің өзара тіркесі болатындығы айтылған, бұл – өте маңызды, өйткені көмекші сөздер (көмекші етістіктер, көмекші есімдер, септеуліктер т.б.) – грамматикалық тәсілдер, олар тек толық мағыналы сөздермен ғана тіркесіп қолданылады. *Отан үшін* және *отанға* дегендердің грамматикалық формасы мен грамматикалық мағыналарында айтарлықтай айырмашылықтар жоқ. Сондықтан да соңғысы – сөз тіркесі емес, әрине, алдыңғысы да сөз тіркесі болмайды...” [55, 213-214 бб.].

Гың Шымин сөз тіркесін толық мағыналы сөздердің өзара тіркесі деп көрсетеді. Бұған біз де толығымен қосыламыз. Бірақ толық мағыналы сөздер мен көмекші сөздердің тіркесімі сөз тіркестері болмайтындығын септеуліктер мен септік жалғауларын теңестіру арқылы дәлелдеу бір жақты пікір, әрі толық дәлел бола алмайды. В.Н.Ярцева предлогтарды септік жалғауларымен теңестіруді құптамайды. Оның пікірінше “предлог” сөз тіркесі сыңарларының арасындағы қатынасты білдіреді, бірақ олардың біреуіне де теңелмейді. Предлог сөз тіркесінің екі сыңарын бір-бірімен байланыстырады және олардың екеуіне бірдей қатысты... Сөйтіп, предлогтың өзінің екі жақтылық қатынасы оған тән негізгі белгі болып табылады [67, 120 б.].

Бұл туралы Н.Құрманова септеулік шылаулар септік жалғауларының аналогы сияқты болғанымен, өзіндік потенциалын онымен шектемейді, сондықтан да оны жеке қарастыру дұрыс деген тұжырым жасайды [39, 44 б.].

Біздіңше, септеуліктер (септеулік шылаулар) мен септік жалғауларының қызметі жағынан ұқсастықтарына қарап, екеуін бір-бірімен теңестірсек, онда оларды бір-бірінен ажырату қиынға соғады, септеуліктерге қатысты көптеген грамматикалық құбылыстарды ашып түсіндіру мүмкін болмайды.

Қазақ тіліндегі септеулік шылаулардың бірқатары сөз бен сөздің арасын септік жалғаулары тәрізді байланыстыруға бейім тұратын болса, енді бірқатары сөз бен сөздің арасын байланыстырудан гөрі өзінен бұрынғы сөзге үстеме мағына қосуға, мағынасын нақтылай түсуге бейім тұрады. Ал енді бірқатарлары сөз бен сөзді әрі ұластырады, әрі өзінен бұрынғы сөзге үстеме мағына қосады.

Чын Янян негізгі сөздер мен көмекші сөздердің тіркесін еркін сөз тіркестерінің қатарына жатқызбай, оларды “тізбек” деп атайды. Тізбекті өз ішінен демеулер тізбегі, модалдық тізбек және көмекші етістік тізбегі деп бөлген [57, 214-218 б.].

Яң Лің «Қытай тілі бойынша зерттеулер» атты еңбегінде сөз тіркесіне берілген анықтамада сөз тіркестерінің толық мағыналы сөздерден құралатындығы айтылған, бірақ авторлар септеулікті сөз тіркесін (яғни “есім+септеулікті” тіркес) еркін сөз тіркестерінің қатарына жатқызған [60, 213 б.].

Яң Лің зат есімдер мен көмекші есімдерден құралған күрделі есімдер тобын (мысалы, *жер асты, ел арасы, жол ортасы, үй арты, майдан шеті, су іші, қала маңы, терезе алды*, т.б.) “мекенді сөз тіркес” деп атап, оны сөз тіркестерінің қатарына жатқызады. Автордың “мекенді сөз тіркес” деп отырғаны қытай тіліндегі “мекендік мәнді сөз тіркестеріне” еліктеуден келіп шыққан.

Толық мағыналы сөздер мен көмекші сөздердің тіркесі қазақ тіл білімінде түйдекті тіркестер деп аталып жүр. Біз түйдекті тіркестерге қысқаша тоқталайық.

М.Балақаев түйдекті тіркес қалпында айтылатын сөз тобының құрылысы, негізінде, күрделі етістіктер тобы, есім мен көмекші етістіктер тобы, қосарлы есімдер тобы, күрделі есімдер тобы, тұрақты тіркестер тобы болады дейді [68, 31-32 бб.].

Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формасын алғаш рет жүйелі түрде зерттеген Н.Оралбаева ілгерідегі күрделі етістіктер тобын (мысалы, *оқып отыр, келе жатыр* т.б.), яғни толық мағыналы етістік пен көмекші етістіктердің тіркесін етістіктің аналитикалық формасы деп қарайды [69, 7 б.].

К.Аханов: “Н.Оралбаева аналитикалық формалардың етістіктің грамматикалық категорияларының формасы екендігін, олардың синтетикалық формалармен өзара шарттас, тектес келіп, ұштасып жататындығын және лексикалық бірлік немесе тұрақты тіркес тәрізді даяр бірліктер емес, сөйлеу процесінде жасалатындығын көрсетеді. Ол етістіктерге тән аналитикалық форманттың грамматикалық табиғатын айқындай келіп, ол форманттың құрамына енетін бірінші элемент негізгі етістікке жалғанатын аффикс те, екінші элемент көмекші етістік екендігін айтады” [20, 120 б.].

Ә.Аблақов, С.Исаев, Е.Ағманов *оқып жүр, ауырып жатыр* дегендер орын тәртібі арқылы қабыса байланысқан, бірақ сөз тіркесі

емес дей келе, оларды түйдекті тіркестердің қатарында қарайды. Авторлар түйдекті тіркестердің қатарына бұлардан басқа септеулікті тіркестер (*үйге дейін, сабақтан соң*) мен көмекші есімді тіркестерді (*ауылдың маңы, көпірдің үсті*) жатқызады да, есім мен көмекші етістіктер тобын, қосарлы есімдер тобын, тұрақты тіркестер тобын түйдекті тіркестердің қатарына қоспайды [65, 19 б.].

Күрделі есімдер тобы, яғни септеулік шылаулы тіркестер – (мысалы, *сен үшін, үй сайын, сен арқылы, аңшылар туралы, бала сияқты* т.б.) қосарлы есімдер тобы (мысалы, *бірін-бірі, табыстан-табысқа, бау-бақша, құрт-құмырсқа* т.б.) мен тұрақты тіркестер тәрізді даяр бірліктер емес, олар сөйлеу процесінде жасалады. Біздіңше, етістіктің аналитикалық формасын, септеулік шылаулы тіркестерді қосарлы есімдер тобын және тұрақты тіркестерді бір тұрғыдан қарауға келмейді. Олардың табиғаты да бір-бірінен өзгеше. Қосарлы есімдер тобы – сөздер, олар біртұтас лексикалық мағынаны білдіреді және олар даяр бірліктер болғандықтан, сөйлеу процесінде жасалмайды. Олар морфологияның зерттеу нысанына жатады. Тұрақты тіркестер даяр бірліктер болғандықтан, сөйлеу процесінде жасалмайды. Олар лексикологияның зерттеу нысанына кіреді. Толық мағыналы сөздермен септеулік шылаулардың тіркесін, яғни септеулікті тіркестерді қандай грамматикалық категорияларға жатқызу керек? Олар септеудің аналитикалық формалары болып санала ма, жоқ па деген сұраққа жауап іздеу керек сияқты.

Морфологияда басты назар негізгі сөздерде болады. Морфологиялық талдауда әрбір сөзді, біріншіден, бір-біріне қатыссыз, жеке-жеке талдаса, екіншіден, әрбір сөздің тұлғалық ерекшеліктеріне ғана назар аударылады [71, 50 б.]. Сондықтан көмекші сөздердің ерекшелігі морфологияда егжей-тегжейлі ашылмайды. Кейбір авторлар көмекші сөздердің синтаксистік ерекшеліктерін морфологиядан гөрі синтаксисте қарау керек деп санайды [72, 382 б.].

Қазақ тіліндегі септеулік шылаулар сан жағынан онша көп болмағанмен, олардың қолданылу өрісі кең, атқаратын қызметтері де маңызды, сондықтан оларды зерттеудің теориялық та, практикалық та маңызы зор.

Қытай және қазақ тілдеріндегі салаласа байланысқан тіркестер. Қытай және қазақ тілдеріндегі сөздер белгілі синтаксистік тәсілдер арқылы салаласа және сабақтаса байланысады. Бұл ешқандай дау тудырмаса керек.

Қытай тілінде салаласа байланысқан тіркестер елуінші жылдарда даулы мәселе болғаны рас, бірақ қазір шешімін тапқан. Қытай тілінде салаласа байланысқан сөз тіркестері – сөйлемдегі сөздердің бірыңғай мүшелері емес, сөз тіркестері, яғни еркін сөз тіркестері.

Салаласа байланысқан тіркестер қытай тілінің мектеп және жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарда еркін сөз тіркесінің қатарында қаралады.

В.И.Горелов салаласа байланысқан сөз тіркестері жөнінде пікірі басқаша: “Китайские ученые, кроме словосочетаний с подчинительной связью, указывают также словосочетания с сочинительной связью, обозначая последние термином 联合短语 *lianhe duanyu*. Нам представляется более правильной точка зрения, существующая в русской грамматической традиции. Согласно этой точке зрения, понятие сочинительных или однородных, словосочетаний возникло в результате неразграничения таких категорий, как словосочетание однородные члены предложения. Незамкнутый, открытый ряд однотипных слов численно ничем не ограничен и в отдельных случаях может, собственно говоря, образовать очень длинную словесную цепь. При широком понимании состава сочинительных словосочетаний утрачивается ясное представление об основных структурных признаках словосочетания” [52, 100 б.].

Бұл мәселе түркі тілдері, оның ішінде қазақ тіліндегі даулы мәселелердің бірі болып саналады. Қазақ тілінде салаласа байланысқан тіркестер, яғни сөздердің салалас қатарлары сөз тіркесінің қатарына жатпайды, олар сөйлемдегі сөздердің бірыңғай мүшелері ретінде қаралып жүр. Тіл біліміне қатысты бірталай еңбектерде сөйлемнің бірыңғай мүшесі болып келген сөздерді де сөз тіркесінің қатарына жатқызады. Сондағы дәлелдері мынадай: сөйлем құрамындағы бірыңғай мүшелер өзара белгілі бір грамматикалық қатынасқа түседі: ыңғайластық, талғаулық, қарсылықты т.т. Бұл қатынастар шылау сөздер, интонация арқылы білдіріледі [16, 11 б.].

Р.Әміровтың салаласа байланысқан сөздер тіркесін сөз тіркесінің қатарына жатқызуын М.Серғалиев қолдай келе: “Демек, бүгінгі күнге дейін сөз тіркесі болу үшін, біріншіден, кемінде толық лексикалық мағынадағы екі сөздің байланысы, екіншіден, ол байланыстың сабақтастық, яғни басыңқылық-бағыныңқылық ыңғайда болуы, сөйтіп, үшіншіден, белгілі бір синтаксистік қатынаста болуы қажет деп есептелді. Сөз тіркесінің мұндай түрі болатынын ешбір зерттеуші теріске шығара алмайды, бірақ тіл материалдары және сөз тіркесі

теориясы, дәлірек айтқанда, жалпы, сөз тіркесі деген ұғымның мазмұны мен мақсатына, сөйлем ішіндегі атқаратын қызметіне тереңірек үңілер болсақ, толық мағыналы сөздердің басқаша да байланысу мүмкіндіктері көзге түседі. Әңгіме сөйлем ішіндегі сөздердің тек сабақтасып қана емес, салаласа да байланысатынына көз жеткізуге болады”, – деген тұжырым жасайды [17, 589 б.]. Ғалым сабақтаса байланысқан сөз тіркесі мен салаласа байланысқан сөз тіркесінің өзіндік айырмашылықтары мен ұқсастықтарын тілдік деректер арқылы дәлелдеп көрсетеді.

Шынжаң оқу-ағарту баспасынан шыққан «Қазіргі қазақ тілінде» салаласа байланысқан тіркестерді бірде еркін сөз тіркесінің қатарына, бірде сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің қатарына жатқызады. Аталған еңбекте салаласа байланысқан тіркестерге мысал ретінде *ақ-қара, тіл-әдебиет* сияқты қос сөздерді де келтірген. Нәтижесінде салаласа байланысқан тіркестер мен қос сөздер бір-бірімен араласып кеткен [54, 236 б.].

Гың Шымин салаласа байланысқан сөз тіркестерін сөз тіркесінің қатарына жатқызады да, “...құрамындағы сөздер сабақтаса байланыспай, тең дәрежеде байланысады. Сыңарлары кейде жалғаулықтар арқылы байланысса, кейде жалғаулықсыз байланысады”, – дей келіп, мынадай мысалдар келтіреді:

*ұлы, даңқты, тура
Бейжің мен Шаңхай
тез және әдемі
батыл да қайсар
әрі қызылдану әрі мамандану* [55, 214 б.].

Чын Яньян: “... қытай тілінде де, қазақ тілінде де салалас тіркестер бар, олар бір-бірімен сәйкес келеді”, – дей келіп, оған дәлел ретінде төмендегідей мысалдар келтіреді:

*歌和马 өлең мен ат
既宽敞又明亮 әрі кең, әрі жарық
伟大、光荣、正确 ұлы, даңқты, дұрыс
调查研究 тексеру-зерттеу* [57, 210 б.].

Жоғарыдағы *调查研究* (тексеру және зерттеу, тексеріп зерттеу) деген мысал қытай тілінде салалас тіркес болатыны дау тудырмайды, бірақ қазақ тілінде *тексеру-зерттеу* құрылымы жағынан қарағанда сөз тіркесіне ұқсамайды, керісінше, дефис арқылы жазылған қос сөзге жақындау. Сондықтан *тексеру-зерттеу* салалас тіркеске мысал бола алмайды.

«Қытай және қазақ тілдерін салғастыра зерттеу» атты еңбекте салаласа байланысқан тіркестерді сөз тіркесінің қатарына жатқызады. Авторлар “...салалас тіркестердің кейбірі жалғаулықсыз орын тәртібі арқылы байланысады”, – дей келе, мына мысалдарды келтіреді: *жұмысшы, дихан, әскер* (工农兵); *ұлы, даңқты, дұрыс* (伟大、光荣、正确) [59, 201 б.]. Осы екі мысал қытай тілінен қазақ тіліне тікелей аударылған. Екеуі де – қытай тіліндегі орын тәртібі арқылы арқылы байланысқан салаласа байланысқан сөз тіркестері.

Яң Лің де салаласа байланысқан тіркестерді сөз тіркесінің қатарына жатқызады. Автор салалас байланысқан тіркестерді “**салалас құрылымы**” деп атап, *Айгүл Арай Асқар Айқын; қызыл жасыл көк қара; ол сен мен; сиыр ат қой; таңертең және кеш* деген мысалдарды келтіреді [60, 222 б.]. Бір қызығы, *Айгүл Арай Асқар Айқын; қызыл жасыл көк қара* деген тіркестердің сыңарларының арасына тыныс белгісі, яғни үтір қойылмаған.

Қазақ тілінде жоғарыда келтірілген *ұлы, даңқты, дұрыс; жұмысшы, дихан, әскер; қызыл, жасыл, қара, көк* сияқты тіркестер салаласа байланысқан бірыңғай мүшелер. Салаласа байланысқан бірыңғай мүшелер бір-бірімен интонация арқылы байланысады. Мысалы,

Махаббат, мейірім, ән мен күй,

Ойын, күлкі наз келді.

Тамаша өмір, шаттық жыр,

Қала, дала, ой мен қыр...

Төгілген көктен алтын нұр (Жамбыл).

Қазақ тілінде салаласа байланысқан тіркестер: біріншіден, сөйлем құрамындағы бірыңғай мүшелер өзара тіркескенде, жаңа грамматикалық мағыналар (анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық) пайда болмайды. Мұндай грамматикалық мағыналар тек сабақтаса байланысқан сөздерде ғана болады, екіншіден, сөз тіркесінің құрамындағы сөздер бір-біріне бағына байланысады. Салаласа байланысқан тіркестердің өн бойында ондай қасиеттер болмайды.

Ұйғыр тілін зерттеуші тілшілер Жаң Юйпің [73], Ма Дьюан [74], Гау Личін [75], Мұхаббат Хасым [76] және т.б. ұйғыр тілін зерттеуші қытай ғалымдары салаласа байланысқан тіркестерді еркін сөз тіркестерінің қатарына жатқызады.

Жоғарыда айтылған пікірлерді жинақтап айтқанда, түркі тілдерін зерттеугі қытай ғалымдары салаласа байланысқан сөз тіркесін еркін сөз

тіркестерінің қатарына жатқызады. Салаласа байланысқан сөздердің тіркесі де синтаксистік қатынастарды білдіреді.

Қытай және қазақ тілдеріндегі предикативті тіркестер. Қытай тілінде де, қазақ тілінде де предикативті тіркестер болғанымен, олардың елеулі өзгешеліктері бар (оған кейінірек тоқталамыз).

Қазіргі кезде қытай тіліндегі предикативті тіркес, яғни бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі мектеп грамматикасында болсын, академиялық грамматикада болсын еркін сөз тіркесінің қатарында қаралады. Бұл ешқандай дау тудырмайды.

Қытай тілінде ертеде жарық көрген еңбектерде, яғни 1920–1940 жылдардың арасында жарияланған еңбектерде предикативті тіркестер сөз тіркестерінің қатарында қаралмаған. Бұл – ағылшын тілі грамматикасына негізделуден болса керек. Мысалы, Ли Жіншйдің «Жаңаша жазылған қытай тілінің грамматикасы» деген еңбегінде сөз тіркесіне берілген анықтама ағылшын тілінің дәстүрлі грамматикасының ережелеріне негізделген. Ағылшын тілінің дәстүрлі грамматика оқулықтарында сөйлем мен сөз тіркесіне берілген анықтама: “Бастауыш пен баяндауышы бар сөздер тобы сөйлем, бастауыш пен баяндауышы жоқ сөздер тобы сөз тіркесі делінеді”. Автор қытай тіліндегі предикативті тіркесті ағылшын тіліндегі clause-бен пара-пар қояды.

Бу Гыңшынның (吴耕莘) «国语文典» деген еңбегінде де қытай тіліндегі предикативті тіркесті ағылшын тіліндегі clause-бен пара-пар қойып, clause-ды 子句 [ziju] “бағыныңқы сөйлем” немесе 分句 [fenju] “сөйлемше” деп аударады. Предикативті тіркес сөйлем мүшесі болғанда, ол бағыныңқы сөйлемге немесе оралымдарға (包孕句) айналады. Егер предикативті тіркес бастауыш не толықтауыштың қызметін атқаратын болса, онда ол зат есімді бағыныңқы сөйлем деп аталады. Мысалы, 我不知道他什么时候来 [Wo bu zhidao ta shenme shihou lai] *Мен оның қашан келетінін білмеймін* (сөзбе-сөз: *Мен білмеймін ол қашан келеді*). Асты сызылған предикативті тіркес толықтауыштың қызметін атқарып тұр. 子句 “бағыныңқы сөйлем” 包孕句 “оралымдар” деген атаулар қазір қытай тіл білімінде қолданылмайды.

Предикативті тіркестің, яғни бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінің жеке сөз тіркесі болып берілуі Лүй Шушяңның есімімен тікелей байланысты. Оның 1941 жылы жазылған «中国语法要略» (Қытай грамматикасының қысқаша очеркі) деген еңбегінде: “...

тіркесу байланысы (тіркесу байланысы деген предикативті қатынас –Т.К) арқылы тіркескен сөздер тобы кейде (сөйлемнің ішінде) дербес сөйлем бола алмайды, мысалы, 你见过牛奔吗[Ni jian guo niu ben ma] (*Сен сиырдың жүгіргенін көріп пе едің*), бұл арада 牛 (*сиыр*) мен 奔 (*жүгіру*) сөзінің арасында тіркесу байланысы (предикаттық қатынас – Т.К) болады, 牛奔 (*сиыр жүгіру*) әдетте, дербес сөйлем бола алады, алайда бұл жерде дербес сөйлем бола алмайды. Міне, осындай құрылымдарды біз 词结 “сыже” деп атаймыз” деп көрсетеді [77, 23 б.]. Бұл – қазір айтылып жүрген бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі. Міне, сол кезден бүгінге дейінгі қытай тілі жайлы еңбектерде предикативті тіркес еркін сөз тіркестерінің қатарында қарастырылып келеді.

Жаң Жыгонь 1953 жылы жариялаған «汉语语法常识» деген еңбегінде бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі (主谓伪语) деген терминді қолданады.

Гау Мінқай 庆祝中国解放[Qing zhu zhongguo jiefang] (*Қытайдың тәуелсіздік алу-ын құттықтаймыз*) сияқты сөйлемнің құрамындағы 中国解放 (*Қытай-дың тәуелсіздік алу-ы. Сөзбе-сөз: Қытай тәуелсіздік алу*) деген предикативті тіркесті сөз тіркесі деп танымайды. Оған дәлелі: “сөйлемнің ерекшелігі – бастауыш-баяндауыштық құрылымдық үлгі” [61, 222 б.]. Гау Мінқай А.А.Шахматовтың ізімен сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері сөз тіркесі, ал тұрлаулы мүшелері сөз тіркесі болмайды деп қарайды. Бұл пікірге келісу қиын. Сөйлемдердің бәрі бірдей бастауыш-баяндауыштық құрылымды үлгіде жасала бермейді. Қытай тіліндегі жай сөйлемдер құрылысына қарай, алдымен, бастауыш-баяндауыштық құрылымды сөйлем (主谓句) және бастауыш-баяндауыштық құрылымды емес сөйлемдер (非主谓句) болып екі үлкен топқа бөлінеді. Қытай тілінде бастауыш-баяндауыштық құрылымды емес сөйлемдер көп кездеседі. Сондай-ақ, мұндай сөйлемдердің болуы – қытай тілінің грамматикалық құрылысына тән өзгеше құбылыс. Жай сөйлемнің ішінде бастауыш пен баяндауышты тауып алуға болмайтын сөйлемдер бастауыш-баяндауыш құрылымды емес сөйлемдер деп аталады. Бұл сөйлемдер бастауыш-баяндауышты тіркестерден басқа сөз тіркестерінен, я жалаң сөздерден жасалады. Қытай тілінің дәстүрлі грамматикасында бұл сөйлемдер екі түрге бөлінеді. Бірі – жақсыз сөйлем, екіншісі – атаулы сөйлем. Жақсыз сөйлем – бастауышы жоқ сөйлемдер. Мысалы, 出太阳了 [chu taiyang le] *Күн шықты. 上课了 [shangke le] Сабақ басталды. Ілгерідегі жақсыз*

сөйлемдерге бастауышты қосуға мүлде болмайды. Ескеретін бір жай, олар қазақ тіліне аударылғанда, бастауыш-баяндауыштық құрылымды сөйлемге өзгеріп кетеді. Атаулы сөйлем бір ғана сөзден (басым көпшілігі зат есімдерден) я зат есімді сабақтаса байланысқан сөз тіркесінен жасалады. Атаулы сөйлем контекст пен ситуацияға қатысты қолданылғанда, кенеттен пайда болған заттар мен құбылыстарды т. б. білдіреді. Мысалы: 飞机! [feiji] *Ұшақ!* (кенеттен көрінген затты білдіреді). 多么美丽的山啊! [duome meili de shan a] *Қандай көркем тау десеңізші!* (эмоцияны білдіреді). 什么? [shenme] *Немене?* (сұрақты білдіреді), 先生! [xiansheng] *Мырза!* (дербес қаратпа), 喂! [wei] *Алло! 谢谢!* [xiexie] *Рақмет!* т.б. Орыс тіл білімінде жоғарыдағы *Немене? Алло! Рақмет! Мырза!* деген мысалдарды сөйлемнің қатарына емес, айтылымдардың (высказывания) түрлеріне жатқызады. Сондағы дәлелдері: олар сөйлемге ұқсап айтылғанымен, сөйлем бола алмайды, өйткені оларға “бастауыш-баяндауыштық құрылым тән емес” [78, 206 б.].

Қытай тіліндегі атаулы сөйлемдер мен қазақ тіліндегі атаулы сөйлемдерді бір тұрғыдан қарауға келмейді. Қытай тіліндегі атаулы сөйлемдер бастауыш-баяндауышты тіркестерден басқа, сөз тіркестерінен не жалаң сөздерден жасалады. Олар контекст пен ситуацияға қатысты қолданылғанда, атаулы сөйлем бола алады. Ал қазақ тілінде кез келген сөздердің тіркесі атаулы сөйлем бола алмайды. Атаулы сөйлем болу үшін оның айтылар оқиғаға қатысы болуы керек және өзінен кейін тұрған атаулы емес сөйлеммен сабақтас, мәндес болуы қажет. Атаулы емес сөйлемдер атаулы сөйлемнің мәнін ашып тұрады... [19, 10 б.]. Сонымен қатар, қазақ тіліндегі атаулы сөйлемдер сөз тіркесіне талданбайды.

Қытай тілінің өзге тілдерден, мысалы, сөз түрлендіруші формаларға бай қазақ тілінен елеулі өзгешеліктерінің бірі сөйлем құрылымы мен сөз тіркесі құрылымы негізінен ұқсас болып келеді. Қытай тілінде барлық құрылымдарда (сөз, сөз тіркесі, сөйлем) бастауыш-баяндауыштық, баяндауыш-толықтауыштық, баяндауыш-толықтырғыштық, бағыныңқы-басыңқылық, салаластық деп аталатын бес түрлі грамматикалық құрылымдық байланыс болады. Мысалы, 地震 [dizhen] *жер сілкіну* деген сөз де, 学习好[xuexi hao] *үйрену-і жақсы* деген сөз тіркесі де, 鸡叫了[Ji jiao le] *әтеш шақырды* деген сөйлем де – бастауыш-баяндауышты құрылымдық үлгі. Қытай тілінде бастауыш-баяндауыштық құрылымдық үлгі сөзге де, сөз тіркесіне де, сөйлемге де тән құбылыс болып табылады.

Қытай ғалымдары Лүй Шусян, Жу Дыший, Жаң Жыгон, Го Шауюй (郭绍虞), Жаң Жің, Шуан Шаң (玄常), Шуй Шыиың (许世瑛), Лу Жянмин (陆俭明), Жаң Бін (张斌), Фан Шяу, Хуаң Бороң (黄伯荣), Ляу Шүйдон (廖序东), Лу Фубо (卢福波), Шүй Сый (徐思益), Ло Анюан (罗安源) т.б. предикативті тіркесті еркін сөз тіркесінің қатарына жатқызады.

Қытай тілінде бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі, яғни предикативті тіркес мектепке және жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарда толығымен қолдау тауып отыр. Сондай-ақ, шетелдік студенттерге арналған оқулықтар мен академиялық грамматикаларда да еркін сөз тіркесінің қатарында қаралып жүр.

Біздің пікірімізше, бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі қытай тілі сияқты сөз түрлендіруші формалары өте аз немесе жоқ тілдердің табиғатына тән елеулі өзгешелік болып табылады. Ал сөз түрлендіруші формаларға бай тілдерде, мысалы, қазақ тілінде бастауыш-баяндауышты тізбектің құрамындағы баяндауыштардың (әсіресе, етістіктердің) жақтық, шақтық, көптік және рай сияқты грамматикалық формалары болатындықтан, тұтас конструкция сөйлемдік қасиетке ие болады да, сөз тіркесі болмайды. Сондай-ақ, бастауыш пен баяндауыш жіктік жалғаулары негізінде құралып, субъектілік-предикаттық қатынаста жұмсалатындықтан, сөз тіркесінің емес, сөйлемнің нысанына жатады.

Қытай тіліндегі бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінің құрамындағы бастауыш пен баяндауыштарды бір-бірімен байланыстыратын жіктік жалғаулар жоқ, олар тек орын тәртібі арқылы байланысады. Бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі белгілі бір интонациямен айтылса немесе сөйлемнің соңынан келетін демеуліктер қосылып айтылса, бастауыш-баяндауыш құрылымды сөйлемге айналады.

Қазақ тілінде предикативті қатынас негізінде жасалған тіркестерді сөз тіркестерінің қатарына жатқызамыз ба, әлде сөйлемнің қатарына жатқызамыз ба деген сұраққа әр түрлі жауап алуға болады.

Сөз тіркесі мен сөйлемді бір-бірінен ажырата білу түркі тілдері, оның бірі қазақ тілінде өте күрделі мәселе болып табылады. Бірқатар ғалымдар сөйлем аяқталған ойды білдіреді де, сөз тіркесі ондай қасиетке ие емес деген қағидаға сүйеніп, бастауыш пен баяндауыштың байланысын тек сөйлемнің нысаны деп қарайды. Мысалы, Н.А.Баскаковтың пікірінше, *атқа мінді* деген сөйлем, ал *атқа мінген, атқа мініп* дегендер сөз тіркесі. Бұл жайында М.Балақаев жоғары оқу орындарына арнап жазған «Қазіргі қазақ тілі» атты оқулығында былай дейді: “Сөйлемді сөйлемдік қасиеттеріне қарап,

сөз тіркестерін де өзіндік қасиеттеріне қарап танып, мысалы, *жазық дала* дегенді сөз тіркесі деп танысақ, *атқа мінді* дегенді әрі сөйлем, әрі сөз тіркесі деп қарау керек” [68, 25 б.].

Бірақ К.Аханов бұл айтылған пікірді теріске шығара келіп, “Бұлайша, бір ғана құбылысты (*атқа мінді*) әрі сөйлем, әрі сөз тіркесі деп қарау сөйлем мен сөз тіркесінің жігін ажыратпауға, оларды бір-бірімен араластырып жіберуге әкеп соғады” деп жазады [70, 186 б.]. Біз де К.Ахановтың пікірін қуаттаймыз.

Бұл құбылысты Ә.Аблақов, С.Исаев, Е.Ағмановтар: “*атқа мінді* деген сөйлем емес, сөз тіркесі. Өйткені мұнда сөйлемге тән бастауыш-баяндауыштық құрылымдық үлгі жоқ, меңгерудің бағыныңқы байланысына тән тәуелді, бағынышты септік бар, ол барыс жалғаулы сөз, яғни *ат* деген сөз *мін* етістігінің лексика-грамматикалық мағынасына орай барыс септігінің *-қа* жалғауын қабылдап тұр. *Атқа мінді* дегеннің сөйлем сияқты көрініп тұрған белгісі *мінді* етістігінің тұлғасына байланысты...” [65, 9 б.], – деп түсіндіреді.

Біздің ойымызша, сөйлемді тек бастауыш-баяндауыштық құрылымдық үлгімен ғана шектеу бір жақты пікір сияқты. Сөйлемнің барлығы бастауыш-баяндауыштық құрылымдық үлгіде келе бермейді. Жақсыз сөйлемдер мен атаулы сөйлемдерді қандай принциптерге сүйеніп, сөйлемге жатқызамыз? *Атқа мінді* дегенде бастауыш-баяндауыштық құрылымдық үлгі жоқ болғанымен, бірақ онда сөйлемге тән предикативтіктің өзі бар.

Р.Әміров «Ауызекі сөйлеу тілінің синтаксистік ерекшеліктері» атты еңбегінде: “атаулы сөйлемдерде бастауыш пен баяндауыштан құралатын предикативтік қатынас болмағанымен, предикативтіктің өзі бар. Бұл сөйлем де тиянақты ойды білдіреді, ойды болмысқа шақ, жақ тұрғысынан қатыстырып білдіреді. Атаулы сөйлемдерде тиянақты синтаксистік форма беретін – интонация, контекст. Сөйлемге тән интонациямен атаулы сөйлем дара тиянақты форма алады. Шақтық мағынасы көрші сөйлемдер арқылы білдіріледі” [79, 57 б.], – дейді.

Ж.Садуақасов «Қазақ тіліндегі бір құрамды сөйлемдер» деген монографиясында М.Балақаевтің сөйлемге берген анықтамасын талдай келе, “...бұл анықтама сөйлемнің ерекшеліктеріне қазіргі жаңа пікірлер мен көзқарастар қоятын талапқа сай келе бермейтіні байқалады. Оның үстіне анықтамадағы “предикативтік қатынас” ұғымын ғалымның өзі айтқандай “бастауыш пен баяндауыштың қатынасы” деп түсінер болсақ, онда бұл анықтама сөйлемнің барлық типтік түрлерін толық

қамти алмайтын да тәрізді. Әсіресе, бір құрамды сөйлемдерге сәйкес келмейді” [80, 19 б.], – деп көрсетеді. Біз Ж.Садуақасовтың пікіріне қосыламыз.

Предикативті тіркестің сөз тіркестерінің қатарына жатпайтындығы жайында О.С.Ахманова: “Байланыстың негізгі үш түрі – атрибутивті, комплетивті және предикативті түрлерінің ішінен біріншісі, әрқашан да сөз тіркесін тудырады; байланыстың екінші түрі өздерінің тығыз байланысты формаларында ғана сөз тіркесін тудырады; үшіншісі оны (сөз тіркесін) ешқашан да тудыра алмайды” [81, 454-455 бб.] деп жазады.

Орыс тілін зерттеуші ғалымдар сөз тіркесі мен предикативті тіркес арасындағы айырмашылықты былайша түсіндіреді: “Бағыныңқы-басыңқы қатынастағы сөз тіркесінде бағыныңқы сөз басыңқы сөзге тәуелді болып, соның ыңғайына қарай белгілі формада тұрады. Предикативті тізбектерде (мысалы, *брат пишет*) грамматикалық тәуелділік, бағыныңқылық қасиет жоқ, өйткені атау септігі – өзінің табиғатында бағынбайтын, тәуелсіз, дербес септік. Сөз тіркесіне бағыныңқылық-басыңқылық қасиет тән болатын болса, предикативті конструкцияларда мұндай бағыныңқылық болмай, бастауыш пен баяндауыштың формалары бір-бірімен түйіседі. *Брат пишет* дегенмен құрылымдық және парадигмалық қасиеті ұқсас келетін *брат – учитель* деген тіркестегі *брат* сөзінің формасын *учитель* деген сөздің формасы айқындайды деуге болмайды” [82, 1341-35 бб.].

Ж.Шәкенов предикативті тіркестің сөз тіркестерінің қатарына жатпайтындығын былай түсіндіреді: “Грамматикалық байланыста айтылған кез келген екі сөз тізбегін сөз тіркесі деу дұрыс болмайды, мысалы, *Төлен жұмған көзін ашты* (С.Ерубәев). Мұндағы даусыз сөз тіркестері: *көзін ашты*, *жұмған көзін*; ал *Төлен ашты* сөз тіркестері емес, сөйлем; өйткені *Төлен* мұнда бастауыш, *ашты* баяндауыш болады” [83, 64 б.].

Бұл туралы Қ.Шәукеновтың пікірі мынадай: “Кейбір авторлар бастауыш пен баяндауыш арасындағы байланысты сөз тіркесіне қосуға болмайтындай ниет білдіреді де, тіркес тұрлаусыз мүше мен тұрлаулы мүшелердің ара қатынасында болатындай ретте көрсетіп жүр. Ондай пікір «Қазіргі қазақ тілі» (1966) оқулығында айқын беріліпті. Бұл ұшқары айтылған тоқтам болса керек. Өйткені тіркес – сөйлем мүшелерінің бәріне тән нәрсе” [66, 13 б.]. Автор сөз тіркесі болу үшін мынадай 7 түрлі шарт болу керек дейді:

1. Толық лексикалық мағынасы бар екі сөздің өзара байланысы.
2. Осы екі сөз тіліміздегі грамматикалық тәсілдерге негізделіп құрылады.

3. Тіркес құраған сөздердің семантикалық валенттілігі болады.

4. Сөз тіркесіне түскен компоненттер синтаксистік мағына тұтастығын айқын көрсетіп тұруы қажет.

5. Сөз тіркесіне енген сөздердің өзара бағыныңқы, басыңқы позициялары болады.

6. Осы тіркеске енген сөздер еркін байланысқа түсетіндей қатынаста тұра алады.

7. Тіркеске енген әрбір бөлшектің синтаксистік бір қызметі болады [66, 8 б.]. Автор сөз тіркесіне *Әлихан бесінші класта оқиды* деген мысалды келтіреді де, осы сөйлемде *Әлихан оқиды, класта оқиды, бесінші класта* деген үш сөз тіркесі бар деп, мұның ішіндегі *Әлихан оқиды* дегенді де сөз тіркесі деп таниды. Сондағы дәлелі – *Әлихан оқиды* деген тіркес құрамындағы сөздер өзара бағыныңқылық-басыңқылық қатынаста келген.

Біз автордың ілгері көрсетілген сөз тіркесіне қоятын 7 түрлі шартына толығымен қосыламыз, бірақ бастауыш пен баяндауыш арасындағы байланысты сөз тіркесінің қатарында қарауын құптамаймыз, өйткені бастауыш баяндауышқа грамматикалық жағынан басқа мүшелер сияқты сабақтаса байланыспайды, бастауыш пен баяндауыш арасындағы байланыс – сабақтас та, салалас та емес, қыса байланысу болып табылады.

Әдетте, бастауыш ойдың иесі, сондықтан баяндауыш бастауышқа бағынып тұрады деген қате түсінік бар. Логикалық жағынан бұл дұрыс болуы да мүмкін (тәуелдік жалғаулы сөздің ілік септік жалғауы сөзге логикалық жағынан бағынып тұрғандай). Бірақ әңгіме тілдік құрылымның грамматикалық сипаты жағы болып отыр [65, 8 б.].

Гың Шымин предикаттық қатынас негізінде жасалған сөздердің тіркесін сөз тіркестерінің қатарына жатқызады. Автор предикативті сөз тіркесін “бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі” деп атайды да, “бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі бастауыш-баяндауыштық қатынас негізінде байланысады дей келе, *малы көп (адам), санасы жоғары (адам), өнеркәсібі дамыған (мемлекет)* деген мысалдарды келтірумен ғана шектеледі [55, 227 б.].

Чын Янян қытай тілінде де, қазақ тілінде де бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі бар дей келе, бұған дәлел ретінде мынадай үш мысалды келтіреді:

图像清晰 *сурет анық*
罪恶昭著 *қылмысы әйгілі*
眼光远大 *көз аясы кең* [57, 213 б.].

«Қытай және қазақ тілдерін салғастыра зерттеу» атты еңбекте авторлар: “...қытай тілінде де, қазақ тілінде де бастауыш-баяндауыштық сөз тіркесі бар, бастауыш алдында, баяндауыш соңында тұрады, олардың арасына әдетте көмекші сөздер қолданылмайды. Қытай және қазақ тілдеріндегі бастауыш-баяндауыштық сөз тіркесінің бастауышы әдетте зат есім, есімдік немесе оларға сәйкес келетін тіркестерден жасалады. Мысалы: 立场坚定 (*майданы берік*), 眼睛明亮 (*көзі өткір*), 态度和谐 (*позициясы сыпайы*). Қытай және қазақ тілдеріндегі бастауыш-баяндауыштық сөз тіркесінің баяндауышы мезгілдік зат есімдерден жасалады. Мысалы: 今天星期三 (*бүгін сәрсенбі*), 明天是五月七日 (*ертең бесінші айға жеті*)”, – дейді [59, 205 б.].

Бұл арадағы “мезгілдік зат есімдер” дегенді былай түсіндіруге болады: қытай тілінде қалыптасқан дәстүр бойынша зат есімдер өз ішінен мезгілдік зат есім және мекендік зат есім болып екіге бөлінеді. Мезгілдік зат есім қазақ тіліндегі “мезгілдік үстеумен” сәйкес келеді. Қазақ тіліндегі бастауыш-баяндауыштық сөз тіркесі деп отырған *майданы берік, көзі өткір, позициясы сыпайы* дегендері – үйірлі мүшелер. *Бүгін сәрсенбі* сөз тіркесі емес, сөйлем болады. Ескере кететін жайт: 明天是五月七日 *Ертең бесінші айға жеті* (дұрысы: *Ертең мамырдың жетісі*) деген мысал – қытай тілінде сөз тіркесі емес, керісінше сөйлем. Осы сөйлемнің құрамындағы 是五月七日 деген етістікті сөз тіркесі болады.

Сонымен, авторлар қазақ тіліндегі сөз тіркесі мен сөйлемнің аражігін ажырата алмай, оларды бір-бірімен араластырып жіберген.

Яң Лиң «Қазақ тілі бойынша зерттеулер» деген еңбегінде предикаттық қатынас негізінде жасалған сөздер тіркесін “бастауыш-баяндауышты сөз тіркес” деп атайды да, оған дәлел ретінде *көпшілік күлісті, күн ашық, ертең жексенбі, жиын таралды, мінезі ибалы, бағасы бір жүз* деген мысалдарды келтіреді [60, 224-225 б.].

Гың Шымин бастаған қытай ғалымдары предикаттық қатынас негізінде жасалған сөздер тіркесін еркін сөз тіркестерінің қатарына жатқызу себебі неде деген сұрақ тууы мүмкін. Мұның себебін қытай тіл білімінде қалыптасқан екі түрлі көзқарастың орын алуымен түсіндіруге болады:

1) қытай тілінде бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі еркін сөз тіркестерінің қатарында қаралады. Бұл сөз тіркесі сөйлемнің ішінде әр түрлі сөйлем мүшесінің қызметін атқара алады; 2) бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінің соңынан тыныс белгілері (нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі) қойылып, белгілі интонациямен айтылса немесе сөйлемнің соңынан келетін демеуліктер қосылып айтылса, бастауыш-баяндауыш құрылымды сөйлемге айналады. Яғни қазақ тіліне тән грамматикалық заңдылықтар қытай тілінің грамматикалық заңдылықтарына үйлестіріле баяндалған. Олар айтып отырған “бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі” – қазақ тіл білімінде бұрыннан айтылып келе жатқан үйірлі мүшелер, оның ішінде үйірлі анықтауыштар, ал кейбірі жай сөйлемдер.

Қазақ тіліндегі “үйірлі мүшелер” мен қытай тіліндегі “бастауыш-баяндауышты сөз тіркесін” бір-бірімен шатастырмау керек. Әр тіл өз ерекшелігіне сай зерттелу керек деген қағиданы ұмытпаған жөн. Әр тілдің өзіндік құрылымдық ерекшелігіне сай грамматикасында да айтарлықтай өзіне ғана тән ерекшеліктерінің болуы заңды құбылыс болып табылады.

Орыс тілін зерттеуші қытайлық ғалымдар орыс тіліндегі предикаттық қатынас негізінде жасалған сөздердің тіркесін сөз тіркестерінің қатарына жатқызбайды. Бұндай тіркес тек қытай тіліне ғана тән деп қарайды. Мысалы, 他身体好 [Ta shenti hao] *Оның денсаулығы жақсы* (сөзбе-сөз: *Ол денсаулық жақсы*) деген сөйлемнің құрамындағы 身体好 [shenti hao] *денсаулық жақсы* деген тіркесті предикаттық қатынас негізінде жасалған сөздердің тіркесі (бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі) деп қарайды [84, 14 б.].

Бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі қытай тілі сияқты сөз түрлендіруші формалары өте аз немесе жоқ тілдердің табиғатына тән елеулі өзгешелік болып табылады. Ал сөз түрлендіруші формаларға бай қазақ тілінде бастауыш-баяндауышты тізбектің құрамындағы баяндауыштардың (әсіресе, етістіктердің) жақтық, шақтық, көптік және рай сияқты грамматикалық формалары болатындықтан, тұтас конструкция сөйлемдік қасиетке ие болады да, сөз тіркесі болмайды. Сондай-ақ, бастауыш пен баяндауыш жіктік жалғаулары негізінде құралып, субъектілік-предикаттық қатынаста жұмсалатындықтан, сөз тіркесінің емес, сөйлемнің нысанына жатады.

М.Жолшаева «Қазіргі қазақ тілі: жай сөйлем синтаксисі» аты еңбегінде: “Предикаттық қатынас бастауыш пен баяндауыштың

арасында болатын синтаксистік қатынастың түрі және ол сөйлемге тән болып келеді. Яғни предикаттық қатынасқа құрылған сөздердің тіркесімі (тізбегі, құрылым) сөз тіркесі емес, сөйлем қатарына жатады”, – дейді [85, 46 б.].

Үйірлі мүшелерді арнайы зерттеген Қ.Шәукуенов үйірлі мүшелер өз ішінен сөз тіркесіне ажыратылады дей келе, *Жолаушылар қозылары жаңа жамыраған, иттері үріп шулаған, құлындары шіңгірлеп кісінеген, көп үнді, даңғаз болған ауылдың үстіне шықты* (М.Әуезов) деген мысал келтіреді де, осы сөйлемнің құрамындағы *қозылары жамыраған, иттері шулаған, құлындары кісінеген* сияқты үйірлі анықтауыштарды қиыса байланысқан сөз тіркестерінің қатарына жатқызады [66, 18 б.].

Автордың үйірлі мүшелер өз ішінде сөз тіркесіне ажыратылады деген пікірін құптауға болады. Бұл пікірді Т.Сайрамбаев та қуаттайды. Өйткені үйірлі мүшелердің өз алдына байланысу формалары, жасалу жолдары т.б. заңдылықтары бар. Үйірлі мүшелердің жасалу жолдарын ашып көрсетудің теориялық та, практикалық та мәні зор.

Қырқыншы жылдардың бас кезінде айтыла бастаған үйірлі мүшелер тек қазақ тіл білімінде ғана емес, жалпы түркі тілдерінде де күні бүгінге дейін әр жақты түсіндіріледі. Үйірлі мүшелерді бірқатар авторлар сабақтас сөйлемнің бағыныңқы сыңары деп те таниды. Бұл мәселеге кейінірек тоқталамыз.

1.3 Қытай және қазақ тілдеріндегі сөз тіркесінің күрделі сөз және сөйлеммен арақатынасы

Қытай және қазақ тілдеріндегі күрделі сөздер мен сөз тіркесінің айырмашылықтары маңызды да, күрделі мәселелердің бірі болып саналады. Бұл қытай және қазақ тілдерінде арнайы зерттеліп те жүр.

Қытай тілінің сөзжасам жүйесі формалдық өзгерістерге бағынбайды, яғни өзге тілдердегі сияқты сөз жасау, сөз тудырудың бірден-бір әдісі формалдық өзгерістерге негізделмейді. Түбір морфемаларды біріктіру – сөзжасамның ең өнімді тәсілі.

Қытай тіліндегі сөз тіркесі мен күрделі сөздің жасалу жолдары өте ұқсас. Қазіргі тілдік статистика бойынша қытай тіліндегі күрделі сөздер мен сөз тіркестерінің арасындағы семантикалық байланыстар мен құрылымдық байланыстардың ұқсастығы 96.6 %, ал айырмашылығы тек 3.4 % ғана екен. Міне, бұдан қытай тіліндегі күрделі сөздер мен сөз тіркестерінің ара-жігін ажыратудың қиын екендігін аңғаруға болады.

Қытай ғалымдары Уаң Ли, Жаң Жің, Вын Лян (文炼), Хай Пін (海萍), Хоң Дурын (洪豆仁), Жоң Чін (钟稔), Лу Жянмин (陆俭明), Шяу Тянжу (萧天柱) т.б. еңбектерінде сөз бен сөз тіркесінің айырмашылықтары туралы арнайы қарастырылған. Қытай тілінде сөз бен сөз тіркесінің айырмашылықтары туралы тұңғыш сөз еткен Уаң Ли болатын. Ол сөз бен сөз тіркесінің аражігін ажыратуда 扩展法 (кеңейту әдісін) қолдануды ұсынады. «Қытай тілі грамматикасының очеркі» еңбегінде сөз бен сөз тіркесінің арасындағы айырмашылықтарды “кеңейту әдісімен” түсіндіреді: “马车 [mache] *ат арба* деген – сөз тіркесі, өйткені оны 马拉的车 [ma la de che] *ат тартатын арба* деп айтуға болады, яғни сынарлардың арасына сөз салуға болады; 车子 [chezi] *арба* – жалаң сөз, өйткені оны 车的儿子 [che de erzi] *арбаның баласы* деп айтуға болмайды, яғни араларына сөз қосып айтуға көнбейді. Уаң Ли кеңейту әдісін қолданғанда кейбір қателіктер жіберді. Мысалы, 马车 [mache] *ат арба* – арбаның бір түрі, арбаны аттың тартуы міндет емес, арбаны өгіз де, есек те тартуы мүмкін. 车子 [chezi] *арба* дегендегі 子 [zi] иероглифі – жеңіл тонмен оқылатындықтан, 儿子 [erzi] (*ер бала*) деген мағынаны білдірмейді, (子 [zi] *ер бала* деген мағынада болу үшін, 3-тонмен оқылу керек – Т.Қ) [86, 24 б.]. Бұл әдістің ілгерідегідей кейбір кемшіліктері бола тұрса да, қазірге дейін өз құнын жоймаған жақсы әдістердің бірі болып саналады.

Жаң Жің сөз бен сөз тіркесінің ара-жігін ажыратудың маңыздылығы туралы былай деп жазады: “Сөз бен сөз тіркесінің ара-жігін ажырату – морфологиялық талдаудың маңызды мазмұндарының бірі, сонымен қатар, синтаксистік талдауда да өте маңызды. Мысалы, 在教室读书 [zai jiaoshi du shu] *аудиторияда кітап оқу* деген құрылымды талдағанда, егер 读书 (*кітап оқу*) дегенді етістік деп қарасак, тұтас сөз тіркесі – басыңқы сөзі етістіктен болған бағыныңқы-басыңқы сөз тіркесі болады, оның құрылымдық қабаты – 在教室/读书; егер 读书 (*кітап оқу*) дегенді сөз тіркесі деп қарасак, тұтас сөз тіркесі – басыңқы сөзі 读 (*оқу*) болған етістік-толықтауышты сөз тіркесі болады да, оның құрылымдық қабаты – 在教室/读//书 болады [87, 100 б.].

Енді қытай тілінде ара-жігі жақын, ажырату қиынға соғатын сөз тіркестері мен сөздерге және оларды бір-бірінен ажыратудың әдісіне қысқаша тоқталайық.

А. Бағыныңқы-басыңқылы қатынастағы сөз тіркесі мен бағыныңқы-басыңқы формалы біріккен сөздер.

Әдегте, 的 [de] (анықтауыштың белгісі) және 地 [de] (пысықтауыштың белгісі) сияқты көмекші сөздерді қосу арқылы оларды бір-бірінен ажыратуға болады. Мысалы, 白药 [baiyao] *ақталқан* (дәрінің аты)

дегенді 白的药[bai de yao] *ақ түсті дәрі* деп 的-ны қосып айтуға келмейді. Сондықтан 白药 – бағыныңқы-басыңқы формалы біріккен сөз. 白布[bai bu] *ақ мата* дегенді 白的布[bai de bu] *ақ түсті мата* деп, 的-ны қосып айтуға көнеді. Сондықтан 白布 бағыныңқы-басыңқылы қатынастағы сөз тіркесі болады.

Ә. Баяндауыш-толықтауышты сөз тіркесі мен баяндауыш-толықтауыш формалы біріккен сөздер.

Егер 着[zhe], 了[le], 过[guo] (бұлар – шақтық мағыналарды білдіретін шылаулар) сияқтыларды қосып айтуға болса, онда баяндауыш-толықтауышты сөз тіркесі болады; қосып айтуға болмаса, онда баяндауыш-толықтауыш формалы біріккен сөз болады. Мысалы, 还击[huanji]: *қарымта соққылау, қарсы соққы беру* дегенді 还了击[huan le ji] деп, 了 шылауын қосып айтуға мүлде болмайды, сондықтан ол сөз болады. 动员[dongyuan] *жұмылдыру, аттануға келтіру* дегенді 动了员[dong le yuan] деп, 了 шылауын қосып айтуға келмейді, сондықтан ол сөз тіркесі бола алмайды. 读书[du shu] *кітап оқу* дегенді 读着书[du zhe shu] *кітап оқып отыр* деп, 着-ны қосып айтуға болады, сондықтан ол сөз тіркесі.

Б. Баяндауыш-толықтырғышты сөз тіркесі мен баяндауыш-толықтырғыш формалы біріккен сөздер.

Сыңарлардың арасына 得 (得 – толықтырғыштың белгісі), 个[ge], 不[bu] сияқты сөздерді қосуға болатын болса, онда баяндауыш-толықтырғышты сөз тіркесі болады; қосуға болмаса, баяндауыш-толықтырғыш формалы біріккен сөз болады. Мысалы, 说明[shuoming] *анық түсіндіру* дегенді 说得明 [shuo de ming] *түсіндіруі анық* деп, 得 шылауын қосып айтуға болмайды. 说清 [shuo qing] *түсіндіріп айту* дегенді 说不清 [shuo bu qing] *түсіндіре алмау* деп айтуға болады, сондықтан ол – сөз тіркесі.

В. Бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі мен бастауыш-баяндауыш формалы біріккен сөздер.

Сыңарлардың арасына 不[bu] *емес*, 很[hen] *өте* сияқты сөздерді қосып айтуға көнсе, бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі болады; егер қосуға көнбесе, бастауыш-баяндауыш формалы біріккен сөз болады. Мысалы, 心计[xinji] *айла, ішкі есеп* (xin: *жүрек*, ji: *айла, тәсіл*) дегенді 心不计[xin bu ji] деп, 不[bu] сөзін қосып айтуға болмайды. 心服[xinfu] *илану, көну, мойынсұну* (xin: *жүрек*, fu: *илану, көну*) дегенді 心不服[xin bu fu] *иланбау, көнбеу, мойынсұнбау* деп айтуға болады.

Г. Салаласа байланысқан сөз тіркесі мен салаласа байланысқан қос сөздер.

Әдетте, етістіктен болған сыңарлардың араларына 併 [bing] әрі, зат есімдерден болған сыңарлардың арасына 和 [he] және, сын есімдерден болған сыңарлардың арасына 而 [er] да/де, та/ме... жалғаулықтарын қосып айтуға көнсе, салаласа байланысқан сөз тіркесі болады; қосуға көнбесе, салаласа байланысқан қос сөздер болады [53, 25-30 бб.].

Қазақ тіл білімінде күрделі сөз бен сөз тіркесінің жігін ажырату мәселесін алғаш сөз еткен ғалым Қ.Жұбанов болатын.

Жалпы күрделі сөз бен сөз тіркесі Н.Н.Прокопович, Н.И. Филичева, Ю.Сеидов, А.Каджиев, К.Аханов, М.Балақаев, А.Ысқақов, Ж.Шәкенов, Т.Сайрамбаев, Ә.Аблақов, С.Исаев, Е.Ағманов, Н.Оралбаева, Н.Құрманова және қытай ғалымдары Чын Янян, Ма Дыюан, Гау Личін т.б. еңбектерінде арнайы қарастырылған.

Құрылысы жағынан күрделі сөздер мен сөз тіркестері ұқсас, ал мағыналық жағынан олардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар.

К.Аханов «Грамматика теориясының негіздері» еңбегінде сөзге (оның ішінде күрделі сөзге де) тән және оны (сөзді) сөз тіркесінен ажырататын белгілер ретінде семантикалық тұтастық, морфологиялық тұтастық, синтаксистік тұтастық белгілердің алынып жүргендігін айта келе, күрделі сөздер мен сөз тіркесінің айырмашылығын осы тұрғыдан сөз етеді [70, 56- 58 бб.].

Ж.Шәкенов «Қазақ тіліндегі күрделі сөздер мен күрделі тұлғалар» деген еңбегінде күрделі сөздердің сөз тіркесінен бір ерекшелігі оның құрамында қанша сөз болмасын бір екпін иеленіп, оның, әдетте, соңғы компоненттің ақырғы буынына түсіп, бір грамматикалық екпінмен айтылуы», – дей келе күрделі сөз бен сөз тіркесінің айырмашылығын фонетикалық тұрғыдан да қарастырады [83, 55 б.].

Ә.Аблақов, С.Исаев, Е.Ағмановтар «Қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің дамуы мен лексикалану процесі» еңбегінде атаулық тіркестер мен еркін синтаксистік тіркестерді бір-бірінен ажыратудың қиындығы жөнінде: “Кей жағдайда еркін тіркестер мен атаулық тіркестердің ара-жігі жақындап, оларды ажырату қиынға соғады. Мәселен, *аяқ киім, қой қора, темір жол* тәрізділерді тіл мамандарының кейбіреулері еркін тіркестердің қатарында қарайды. Мұндай жағдай, әсіресе, мектеп мұғалімдері арасында жиі кездеседі, оған студенттердің педагогикалық практикасы кезінде көзіміз жетті. Дәлелі: *аяқ киім* деген тіркес *бас киім, іш киім, сырт киім* түрінде, *қой қора* тіркесі *мал қора, ат қора, сиыр қора* түрінде, сондай-ақ *темір жол* тіркесі *шойын жол, тас*

жол түрінде айтылады. Сондықтан оған *қандай киім, қандай қора, қандай жол?* деп сұрақ қоюға болады. Демек қабыса байланысқан анықтауыштық байланыстағы сөз тіркестерінің қатарына жатады деп түсінеді. Сырттай қарағанда осындай пікірді қуаттаушылардың көзқарасы орынды тәрізді. Шындығында, қабыса байланысып тұр. Бірақ жоғарыда аталған тіркестер мен еркін тіркестердің арасында елеулі айырмашылықтар бар” [65, 14 б.]. Міне, бұдан біз сөз тіркесі мен атаулық тіркестерді бір-бірінен ажыратудың практикалық маңызының зор екендігіне көз жеткіземіз.

Чын Нянь: “Қазақ тілі жалғамалы тілдерге жатады, сондықтан сөз бен сөздің арасындағы құрылымдық байланыс негізінен сөз түрлендіруші қосымшалар арқылы беріледі, екі сөз (сыңар) арасында сөз түрлендіруші қосымшалардың болу-болмауы күрделі сөз бен сөз тіркесін ажыратудың бір белгісі болады, мысалы, *Банды шебі бордай тозып, тым-тырақай бөлініп жарыла қапты, бірқыдыруы тізе бүкті. Тізеңді бүгіп отыр.* Осындағы алғашқы сөйлемде *тізе бүгу* дегеннің екі сыңарының арасында сөз түрлендіруші қосымшалар жоқ, кейінгі сөйлемдегі *тізеңді бүгу* дегендегі *тізе* сөзіне тәуелдік және септік жалғауы жалғанған, сондықтан алғашқы *тізе бүгу* – сөз, кейінгісі – *тізеңді бүгу* сөз тіркесі болады. Күрделі сөз бен сөз тіркесін ажыратуда тек сөз түрлендіруші қосымшалардың болу-болмауына ғана негізделу жеткіліксіз, кейбір сөз тіркестерінің сыңарларының арасында сөз түрлендіруші қосымшалар болмайды... Сондықтан міндетті түрде семантикалық тұрғыдан да қарау керек” [57, 212-213 бб.], – деп тұжырым жасайды.

Гау Личін “Ұйғыр тілінің грамматикалық құрылысына талдау жасау” деген еңбегінде: “Күрделі сөздің ерекшелігі – тұтас сөздің мағынасы күнгірттеу, құрамындағы әрбір сыңарлардың орны жылжымалы емес, тұрақты. Сөз тіркесінің әрбір сыңарының мағынасы салыстырмалы түрде сақталады, орындары да, біршама жылжымалы келеді” [75, 210-214 бб.], – дейді.

Ма Дыюан ұйғыр тіліндегі сөз тіркесі мен күрделі сөздің айырмашылығын былай түсіндіреді: “Сөз тіркестерінің әрбір сыңарлары екпінге ие, сыңарлар арасында сәл кідіріс болады; әрбір сыңарларының бұрынғы мағынасы сақталады, олардың әр қайсысын бөлуге келеді; араларына басқа мүшелерді қосуға, орындарын ауыстыруға көнеді” [74, 17-23 бб.].

Т.Сайрамбаев күрделі сөз бен сөз тіркесінің арасындағы айырмашылықтарды төмендегіше бөледі:

	<u>Күрделі сөз</u>	<u>Сөз тіркесі</u>
1.	Күрделі сөз – сөз жасаудың бір түрі.	Сөз тіркесі – синтаксистік категория.
2.	Күрделі сөздің әрбір сынары бір-бірімен тығыз мағыналық байланыста айтылады.	Сөз тіркестерінің сыңарлары бір-бірімен синтаксистік байланыста болады.
3.	Күрделі сөздің әрбір сынарында жеке-жеке мағына болуы да, болмауы да мүмкін. Бірақ оның сыңарларының жеке-жеке мағынасы болғанымен, тұтас сөздің мағынасынан гөрі күңгірттеу болып келеді.	Сөз тіркестерінің сыңарларының мағынасы айқын болады.
4.	Күрделі сөздің әрбір сынарына жеке-жеке сұрақ қойылмайды. Ол екеуі бірақ сұраққа жауап береді.	Сөз тіркестерінің әрбір сыңарларына жеке-жеке сұрақ қойылады.
5.	Күрделі сөздің әрбір сынарының орны жылжымалы емес, тұрақты.	Сөз тіркестерінің әрбір сыңарларының орны жылжымалы.
6.	Күрделі сөз тұтасымен морфологиялық өзгеріске ұшырайды. Яғни оның әрбір сынары жеке-жеке морфологиялық өзгерісте болмайды, сол тобымен тұлғаланып көптеледі, септеледі, жіктеледі.	Сөз тіркестерінің әрбір сыңарлары түрлі морфологиялық өзгерістерге ұшырайды.
7.	Күрделі сөз тұтасымен басқа сөзбен синтаксистік байланысқа түседі.	Сөз тіркестерінің әрбір сынары жеке-жеке синтаксистік байланыста жұмсалады [43, 17-18 бб.].

Қытай тілінде сөз тіркесі мен сөйлемді бір-бірінен ажырату айтарлықтай күрделі, қиын емес. Сөз тіркесі мен сөйлемнің негізгі айырмашылығы – олардың құрылысында емес, семантикалық мазмұнында. Олардың басты айырмашылықтары мынадай:

1) семантикалық мазмұны жағынан сөйлем байымдауды білдіреді, кез келген сөйлемде (оның құрылысы мейлі қарапайым болсын, мейлі күрделі болсын) интонация болады және біршама аяқталған ойды білдіреді. Сөз тіркесінде мұндай белгілер болмайды. Сөз тіркесі тек бөлшектеуге болатын күрделі ұғымды білдіреді;

2) фонетикалық форма жағынан сөйлемде интонация, пауза, екпін сияқты дербес фонетикалық форма болады, сөйлем адамдардың өзара пікірлесуін, түсінісуін қамтамасыз етеді. Сөйлем – динамикалық күйдегі

(动态的) коммуникативтік бірлік (使用单位), ал сөз тіркесінде бұндай ерекшеліктер болмайды. Сөз тіркесі – статикалық күйдегі (静态的) сөйлем құрауға қажетті тілдік бірлік (备用单位);

3) құрылымы жағынан сөйлемнің құрамында қыстырма, қаратпа сөздер болады, ал сөз тіркесінде мұндай белгілер болмайды;

4) қытай тіліндегі сөз тіркестерінің құрамындағы сыңарлардың орын тәртібі тұрақты, өзгертуге болмайды, ал сөйлемдегі сөйлем мүшелерінің орын тәртібі біршама еркінрек. Мысалы, бастауыш пен баяндауыштың орындарын бір-бірімен ауыстыруға көнеді, анықтауыш, пысықтауыштардың да орындарын ауыстыруға болады. Сөйлем мүшелерінің орнын ауыстырып, инверсия жасау стильдік қызмет атқарады. Бірақ статикалық күйдегі сөз тіркесінің құрылысын өзгертуге болмайды. Бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінің бастауышы алдында, баяндауышы соңында тұру керек, олардың орындарын бір-бірімен ауыстыруға көнбейді.

Қытай тілінде сөз тіркесі мен сөйлемнің осындай айырмашылықтары болғанымен, олардың өзіндік ұқсастықтары бар. Құрылысы жағынан олардың формасы ұқсас, әр түрлі құрылымдық байланыстағы сөз тіркесіне белгілі интонация қойылса, сөйлемге айналады. Жаң Шылуудың (张世禄) сөзімен айтқанда үндіевропа тілдерінде сөйлем мен басқа бірліктердің ара-жігі құрылым жағынан өте айқын ажыратылған, ал қытай тілінде жағдай басқаша, қытай тілінде сөйлемнің құрылуы – демеуліктер мен интонацияға қатысты құбылыс, сөйлемнің құрылысының қарапайым не күрделі болуына байланысты емес.

Түркі тілдеріндегі сөз тіркесі туралы жазылған еңбектердің барлығында сөз тіркесі мен сөйлемді бір-бірінен ажыратудың қажеттілігі айтылады және оларды ажыратудың шарты ұсынылады. Сондай-ақ, бұл еңбектердің барлығында сөз тіркесі мен сөйлемнің негізгі айырмашылығы сөз тіркесі предикативтік емес конструкция деп түсіндіріледі.

Кеңестік тіл біліміндегі сөз тіркесі туралы көзқарастарды қорытындылай келіп, Н.А.Баскаков қазіргі түркі тілдеріндегі сөз тіркестерінің төмендегідей ерекшеліктерін атап көрсетеді:

1) оларға атрибуттық, релятивтік және объектілік қатынастардың тән екендігі, предикаттық қатынастың болмайтындығы;

2) сөздердің грамматикалық байланыстарының меңгеру, қиысу, қабысу (қазақ тілі үшін бұларға қоса, матасу мен жанасу – М.С.) түрінде көрінеді;

3) сөз тіркесінде интонацияның болмайтындығы;

4) сөз тіркесінің белгілі бір сөз табына жататын сөздің негізінде жасалатындығы;

5) сонысына қарай, сөз тіркесінің не есімді, не етістікті болып есептелетіндігі;

6) сөз тіркестерінің синтаксистік ыңғайдан бағыныңқы (қиысу, меңгеру және қабысу) және салалас (тізбектеу интонациясы мен жалғаулықтар) ретінде жіктелетінін айтады [88, 68-69 бб.].

Қазақ тілінде жай сөйлем мен сөз тіркесі сырттай қарағанда ұқсас, алайда олардың арасында елеулі айырмашылықтар бар.

Сөйлемде арнаулы интонация болады, сөз тіркесінде мұндай белгі жоқ. Сөйлеуші сөйлемді белгілі интонациямен айтады, Мысалы, *Қасым – оқытушы, Бұл – студент*. Егер *Қасым оқытушы, бұл студент* деп кідіріс жасамай айтсақ, онда анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі жасалады да, сөйлем болмайды. Сөйлемнің өзіне тән тағы бір белгісі – олардың, көбінесе, бастауыш пен баяндауыштық құрылымдық үлгі бойынша жасалып, біршама аяқталған ойды білдіруі. Сөз тіркесі тікелей ұғымға (күрделі ұғымға) қатысты болса, сөйлем байымдауға қатысты болады. Н.К.Дмитриев, Н.А.Баскаков сөйлем байымдауды білдіреді, сөз тіркесіне ондай қасиет тән емес дейді. М.Балақаев бұл пікірді құптамайды, ондағы дәлелі байымдаудың грамматикалық категорияларға тән ұғым емес, логика ғылымына тән екендігін айтады [68, 24 б.].

Т.Сайрамбаев сөз тіркесі мен сөйлемнің айырмашылықтары болғанымен, олардың өзіндік ұқсастықтары да бар дей келе: “Сол сияқты сөз тіркесі сөйлемнің негізінде жасалды. Мысалы, *Кітап оқыды* бұл – әрі сөйлем, әрі сөз тіркесі. Олай болса, бір сөз табы басқа сөз таптарына ауысып отыратыны сияқты, бұл екеуі бір-біріне ауысып отырады, әрі екеуі де құрылысы жағынан кейде ұқсас келеді” [71, 11 б.] деген тұжырым жасайды.

Бұл туралы Ә.Аблақов, С.Исаев, Е.Ағмановтардың пікірі мынадай: “...Бір сөз табы басқа сөз таптарына ауыспайды, дұрысында бір сөз таптарындағы кейбір сөздер кейде басқа сөз таптарына ауысуы мүмкін. Екіншіден, бұл еңбектердегі көрсетілген *терезеге қарадым, аттан түс, хат жаздым, кітап оқыдық, су ішті, кітап оқыды* дегендер сөйлем емес сөз тіркесі (*Қараңғы түн* дегеннің жайы басқа). Бұл зерттеушілер басыңқы сөздердегі жақ (жіктік) жалғауларының 1-жақ жекеше -м (*жаздым*) бұйрық райдың 2-жақ анайы, жекеше түрі (нольдік

форма) түс-0, 1-жақ жекеше -м (жаздым) 1-жақ көпше -қ (оқыдық) 3-жақ жіктік жалғау тұлғасы (нольдік форма *ішті* -0 және *оқыды* -0) өздері жалғанған сөзге предикаттық мән үстеп, оларды басқа сөзбен байланыстырып тұрғанын ескермеген, өйткені ол сөздер берілмеген. Олар *Мен қарадым. Сен (аттан) түс. Мен жаздым, Біз оқыдық* болып сөз тіркесі емес, сөйлем болар еді. Субъектілік-предикаттық қатынастағы сөздер байланысының ерекшелігі сол предикаттағы (баяндауыштағы) жақ көрсеткіші, жіктік жалғауы арқылы субъектіні табуға болады, өйткені субъекті мен предикатты байланыстырып тұрған – жіктік жалғауы мен субъектідегі атау септігі... [65, 278 б.].

Біз бұл пікірді қуаттаймыз. К.Ахановтың сөзімен айтқанда, бір ғана құбылысты әрі сөйлем, әрі сөз тіркесі деп қарау сөйлем мен сөз тіркесінің жігін ажыратпауға, оларды бір-бірімен араластырып жіберуге әкеп соғады. Бір ғана құбылысты әрі сөйлем, әрі сөз тіркесі деп қарау бірізділік қағидасына да қайшы келеді. Бірізділік қағидасы – барлық ғылыми зерттеулер міндетті түрде бағынуға тиісті ортақ методологиялық қағида. Егер де осы қағидаға қайшылық жасалса, мейлі қандай ғылым болсын, зерттеушілер қандай көзқарасты ұстансын, қандай әдісті пайдалансын немесе қандай жүйені қалыптастырсын, бәрі бір сол жүйенің герметикалығы, жүйелігі және ғылымилығы әлсіз (жөк) болатындығы сөзсіз. Сондықтан бірізділік қағидасын міндетті түрде ескеру керек.

Қытай тілінің грамматикалық жүйесінде сөз тіркесіне тән өзіндік белгілер мен оның синтаксисте алатын орны (статусы) мәселесі жайында негізінен үш түрлі көзқарас орын алған:

1) сөз тіркесі дербестігі жоқ тілдік бірлік, сөйлемнің құрылуы мен оны талдау барысында сөз тіркесі деген ұғым мүлде болмайды, барлық тілдегі негізгі тілдік бірліктер сөз және сөйлем;

2) сөз тіркесі дербес тілдік бірлік болып саналмайды, сөз тіркесі міндетті түрде сөйлемде “өмір сүреді”, ол – тек сөйлемнің ішіндегі тілдік бірлік;

3) сөз тіркесі – дербес тілдік бірліктердің бірі, сөз тіркесі – сөйлемнен тыс тұрғанда статикалық күйдегі сөйлем құрауға қажетті даяр бірлік, сөйлемнің ішінде сөйлем мүшесі қызметін атқарады. Сөз тіркесі белгілі бір интонациямен айтылып, соңынан тыныс белгісі қойылса, сөйлемге айналады. Сондықтан сөз тіркесі – әрі сөйлем құрауға қажетті даяр тілдік бірлік, әрі коммуникативтік тілдік бірлік болып саналады.

Бірінші пікірге келісе алмаймыз, сөз тіркесі дербес тілдік бірлік болмаса, онда “сөз тіркесі” деген терминнің керегі жоқ, тіпті оны (сөз тіркесін) зерттеудің қажеттілігі де болмай қалады.

Екінші пікірде сөз тіркесінің тілдің грамматикалық жүйесіндегі орны мен өзіндік белгілері белгілі дәрежеде жоққа шығарылған. Бұл пікір ойлануды қажет етеді. Сөз де, сөз тіркесі де сөйлем құраудың материалы болады, сөз не үшін сөйлемде “өмір сүрмейді” деген шектеу қойылмайды, ал сөз тіркесі не үшін міндетті түрде сөйлемде өмір сүру керек? деген заңды сұрақ тууы мүмкін.

Үшінші пікірде “сөз тіркесі әрі сөйлем құрауға қажетті даяр тілдік бірлік, әрі коммуникативтік тілдік бірлік” деп айтылған, бұл пікірге қосыла алмаймыз, өйткені бір синтаксистік құрылым әрі сөз тіркесі, әрі сөйлем болмайды. Сөз тіркесі мен сөйлемнің айырмашылығы – олардың құрылысында емес, сипатында. Лүй Шушыяңның сөзімен айтқанда: “сөз де, сөз тіркесі де (бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі де) – статикалық күйдегі, сөйлем құрауға қажетті даяр бірліктер, ал сөйлем – динамикалық күйдегі, коммуникативтік бірлік. Сөз тіркесі белгілі шарт-жағдайға ие болып (интонацияға ие болып) сөйлемге айналғанда, оның сипаты өзгереді де, сөз тіркесі болудан қалып, сөйлемге ауысады” [9, 28 б.].

Қытай тілінде сөз тіркесінің екі түрлі формасы бар: бірі – сөйлемнен тыс “өмір сүретін” формасы, екіншісі – сөйлемнің ішінде “өмір сүретін” формасы. Сөйлемнен тыс өмір сүретін сөз тіркесі сөйлем сыртындағы сөз тіркесі деп аталады. Мысалы, 吃饭[chifan] *тамақ ішу*, 他的帽子[ta de maozǐ] *оның бас киімі* бұл екі тіркес сөйлемнің құрамына кірмеген, яғни әлі ойды білдіріп, пікір алысу үшін қолданылмаған, сондықтан олар – статикалық формадағы немесе (сөйлем құрауға) даяр формадағы сөз тіркестері. Сөйлемнің ішінде “өмір сүретін” сөз тіркесі сөйлем ішіндегі сөз тіркесі деп аталады. Олар сөйлемнің ішінен талданып алынған сөз тіркестері. Мысалы, 他的帽子丢了。 *Оның бас киімі жоғалды*. 小王吃过饭了。 *Шяу Уаң тамақ ішіп алды* деген сөйлемдердің құрамындағы 他的帽子 (*оның бас киімі*) және 吃过饭 (*тамақ ішіп алу*) дегендер – сөйлем ішіндегі сөз тіркесі болады. Сөйлемнің ішінде өмір сүретін сөз тіркесі пікір алысу үшін қолданылады, сондықтан олар динамикалық формадағы немесе коммуникативтік формадағы сөз тіркесі болады.

Қытай тілінің сөз тіркесін зерттегенде сөйлем ішіндегі сөз тіркесін де, сөйлемнен тыс сөз тіркесін де қарастыру қажет. Яғни сөз тіркесінің статикалық күйдегі, даяр тұрған кездегі құрылымдық заңдылықтарын,

функцияларын және семантикасын қарастыру керек; сонымен қатар, сөз тіркесінің динамикалық күйдегі, коммуникативтік қызмет атқарған кездегі өзгеру заңдылығы және прагматикасы (语用), стилистикалық жақтан ерекшеліктері де зерттелуі тиіс. Сондай-ақ, сөйлемнен тыс сөз тіркесі мен сөйлем ішіндегі сөз тіркестерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарына да назар аудару керек. Міне, осындай сөз тіркесіне қатысты статикалық талдау мен динамикалық талдауды өзара ұштастырғанда ғана олардың (сөз тіркестерінің) ерекшеліктерін және функцияларын біршама жан-жақты айқындауға мүмкіндік туады [12, 11-12 бб.].

Қазақ тілінде сөз тіркесі тек сөйлем ішінде ғана өмір сүре ме, әлде сөйлемнен тыс та өмір сүре ала ма деген сұраққа әр түрлі жауап алуға болады.

Т.Сайрамбаев «Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері» деген еңбегінде: “Сөз тіркесінің негізгі мәні дербес мағынасы бар сөз табы мен сөз табының тіркесінде құрылады да, ол сөз тіркестерін жеке алып өз алдына қарауға болады. Бір ғана *қалаға кетті* деген сөз тіркесінен сөз тіркесінің байланысу формасы мен тәсілі, түрлері мен синтаксистік қатынастарын айқындауға болады. Бұл жағынан сөз тіркестерін сөйлемнен жеке алып өз алдына қарауға болатын синтаксистік категория деп білеміз” [89, 25 б.], – деген тұжырым жасайды.

М.Серғалиев, А.Айғабылов, О.Күлкенова: “...сөз тіркесін сөйлем құрамында және сөйлем құрамынан алын қарастырған жөн” дегенді айтады [88, 99 б.].

Орыс тіл білімінде сөз тіркесін сөйлем мүшесінің ыңғайында талдаумен бірге, оны сөйлемнен бөліп, өз алдына қарастыру да ұсынылды. Бұл пікір бойынша, сөз тіркесін сөйлемнен ажыратып алу керек болады да, оларды екі үлкен топқа (законченное, незаконченное) дәйектеу керек... Кейде оларды предикативные, непредикативные деп те атайды. Сонда законченное деп аталатын топ бастауыш пен баяндауышқа ажырайды, яғни сөйлемдік дәрежеге ие болған топ, ол сөз тіркесі деп есептелмейді. Ал законченное деп аталатын топ *киноға барды, жақсы кітап, мекеменің үйі* сияқты анықтауыштық, толықтауыштық және пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері жатқызылады [71, 149 б.].

Біз сөз тіркесін сөйлем құрамында және сөйлем құрамынан алын қарастыру керек деген пікірді қолдаймыз.

1.4 Қытай және қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің байланысу тәсілдері

Кез келген сөздердің қатар тұруы сөз тіркесі бола бермейді. Сөз тіркесі болу үшін сөздердің тіркесуінде белгілі бір заңдылықтар болады. Бұл заңдылықтардың бірі – сөздердің тиісті дәнекерлер, тәсілдер арқылы бір-бірімен байланысуы.

Кез келген сөздердің қатар тұруы сөз тіркесі немесе сөйлем бола алмайды. Сөз тіркесімен сөйлемнің құрамындағы сөздер бір-бірімен әрі мағыналық, әрі синтаксистік байланыста болуы керек. Синтаксистік байланыс туралы С.Д.Кацнельсон былай деп жазады: “Это свойство слова, определенным образом реализоваться в предложении, выступать в определенные комбинации с другими словами можно было бы назвать его синтаксической валентностью” [90, 126 б.].

«Қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің дамуы мен лексикалану процесі» атты еңбекте сөйлем құрамындағы сөздер бір-бірімен тіркесуіндегі заңдылықтардың үш негізі көрсетілген. Олар: біріншіден, сөздердің грамматикалық сипаты негізінде, сәйкестігі арқылы, екіншіден, мағына жақындықтарына, мағына үйлесімділігіне орай тіркесу заңдылығы болса, үшіншіден, грамматикалық сәйкестіктері мен мағынасы жағынан орайлас жатқан сөздердің белгілі бір дәнекерлер, тәсілдер арқылы байланысқа ену заңдылығы [65, 26 б.].

Тіл білімінде сөздерді байланыстыратын тәсілдердің қатарына жалғаулар, сөздердің орын тәртібі, көмекші сөздер және интонация жатқызылады. Жалғаулар синтетикалық тәсіл деп, орын тәртібі, көмекші сөздер және интонация аналитикалық тәсіл деп аталады.

Қытай тілінде сөз тіркесінің құрамындағы сөздерді байланыстыруға дәнекер болатын септік, тәуелдік, жіктік жалғаулары жоқ (көптік мағынаны білдіретін 们 [men] деген жалғыз жұрнақ бар, бірақ ол сөз бен сөзді байланыстыру қызметін ешқашан да атқара алмайды). Сондықтан синтетикалық тәсіл сөз түрлендіруші формалары жоқ немесе өте аз тілдердің бірі – қытай тілінің табиғатына тән құбылыс емес.

Қазақ тілінде сөйлемнің құрамындағы сөздер не сабақтаса байланысады, не салаласа байланысады немесе қиыса (субъектілік-предикаттық қатынаста) байланысады.

Қазақ тілінде сөздер қосымша, көмекші сөздер (немесе шылау), сөздердің орын тәртібі және интонация арқылы байланысқа түседі. Қосымша жұрнақ және жалғау болып бөлінеді. Бірқатар ғылыми

еңбектерде сөз бен сөзді байланыстыруда шылау мен көмекші есімдерге қоса көмекші етістік, модаль сөздерді де қатысты деп есептейді де, сөз бен сөздің арасын байланыстыруда *шылау* деген сөздің орнына *көмекші сөздер* деп беруді ұсынады [91, 316.].

Қазақ тіл білімінде сөздердің байланысу тәсілдеріне қатысты еңбектерде сөздерді байланыстырудың қалыптасқан дәстүрі бойынша синтетикалық тәсілге септік жалғауы, тәуелдік жалғауы, жіктік жалғауы және көптік жалғауы жатады. Бұлардың ішінде септік жалғаулары сөйлем құрамындағы сөздерді байланыстыруда басқаларға қарағанда өте белсенді. Аналитикалық тәсілге шылаулар, сөздердің орын тәртібі және интонация жатады. Сонымен қатар, қазақ тілтанымында синтетикалық тәсіл мен аналитикалық тәсілге қоса, осы екі байланысу тәсілінің де элементін қамтитын аналитика-синтетикалық тәсілді сөздерді байланыстырудың үшінші бір тәсілі ретінде көрсетіліп жүр. Сонымен, соңғы ғылыми зерттеулерге сүйене отырып, қазақ тілінде сөздердің байланысу тәсілдерін үш түрге бөліп қарастыруға болады: біріншісі – қосымшалар арқылы, яғни синтетикалық тәсіл; екіншісі – шылаулар, сөздердің орын тәртібі және интонация арқылы байланысуы, яғни аналитикалық тәсіл; үшіншісі – аналитика-синтетикалық тәсіл.

М.Балақаев сөз бен сөзді байланыстыруға дәнекер болатын жалғауларды (септік, тәуелдік, көптік, жіктік), шылауларды (септеуліктер, жалғаулықтар), сөздердің орын тәртібі мен интонацияны айта келе, сөз тіркесі құрамындағы сөздердің қосымшалар арқылы байланысуын синтетикалық байланыс, ал қосымшаларсыз орын тәртібі, интонация, шылаулар арқылы байланысуын аналитикалық байланыс деп қарайды [15, 44 б.]. Бірқатар ғалымдар сөздердің байланысу тәсілдерін аналитикалық, синтетикалық және аналитикалық-синтетикалық тәсілдер деп үшке бөліп қарастырады. Аналитикалық және синтетикалық тәсілдер негізгі, ал аналитикалық-синтетикалық тәсіл қосалқы тәсіл болып табылады. Себебі аналитикалық және синтетикалық тәсілдердің тынысы кең, қолданылу өрісі мол, ал аналитикалық-синтетикалық тәсілдер ондай емес, бұл тәсіл күрделі сөз тіркесінің құрамында ғана қолданылады.

Синтетикалық тәсілдер. Қазақ тіл білімінде синтетикалық тәсілге қатысты ғылыми интерпретация әр қилы болып келеді. Бірқатар еңбектерде синтетикалық тәсіл төрт жалғау, яғни септік, тәуелдік, жіктік және көптік жалғаулары арқылы іске асады деп көрсетілсе,

бірқатар ғалымдар синтетикалық тәсілге септік жалғауы мен тәуелдік жалғауын ғана жатқызады. Сондай-ақ, сөз тіркестерінің құрамындағы сөздерді байланыстыруда жалғаулар ғана емес, жұрнақтардың да өзіндік рөлі бар екендігі айтылып жүр. М.Балақаев: “Сөз тіркесінің бір сыңарын екіншісіне бағындырушы морфологиялық тұлғаларды жалғаулар системаларынан ғана емес, “жұрнақ” деп аталып жүрген қосымшалардан да табамыз. Олардың ішінде, әсіресе, етістіктің көсемше, шартты рай тұлғаларының қызметі ерекше” [89, 18 б.]. Міне, бұдан сөз тіркесінің құрамындағы сөздерді байланыстыруға жұрнақтардың да өзіндік рөлі бар екендігін анық байқауға болады.

Т.Сайрамбаев М.Балақаевтің пікірін қолдай келе, *Мен етпеттей жығылдым* (Ж.Тәшенов). *Мен жүре келе көп нәрсеңе түсіндім. Ол күліп сөйледі* (І. Есенберлин) деген сөйлемдердегі *етпеттей жығылдым, жүре келе түсіндім, күліп сөйледі* сөз тіркестеріндегі әрбір сыңары бір-бірімен көсемшенің *-й, -е, -ін* жұрнақтары арқылы байланысып тұр деп, оларды сөздердің жалғаулар арқылы байланысуына қоса жұрнақтар арқылы байланысу, яғни қосымшалар арқылы байланысу деп атайды [18, 57 б.].

Синтаксистік сөз тіркесінің құрамындағы сөздерді байланыстыруға жұрнақтардың да өзіндік рөлі барын жоққа шығара алмаймыз. Жұрнақтардың негізгі міндеті сөз немесе форма жасау болса, олардың қосымша міндеті – сөздерді байланысқа түсіру. Дегенмен синтетикалық тәсілдің ішінде сөздердің жұрнақтар арқылы байланысуы жалғаулар, оның ішінде септік жалғаулары сияқты өнімді тәсілдің қатарына жатпайды. Соңғы жылдары қазақ тіл білімінде жұрнақтардың сөздерді байланыстыру қызметі ескеріліп, сөздердің жалғаулар және жұрнақтар арқылы байланысуы *қосымшалар арқылы байланысу* деп аталып жүр.

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында дайындалған «Қазақ грамматикасы» атты академиялық грамматикада септік, тәуелдік, жіктік және көптік жалғауларының қай-қайсысы да сөз тіркесін құрауға мүмкіндігінше қызмет атқарады дей келе, осылардың ішінде септік жалғауларының қызметі ерекше атап көрсетеді [17, 588 б].

Қытайда қазақ тілінің сөз тіркестері жайлы жазылған еңбектерде байланыстыру тәсілдері арнайы талданбай, сөз тіркесін жеке-жеке қарастырғанда үстірт баяндалады.

Шыңжаң оқу-ағарту баспасынан шыққан «Қазіргі қазақ тілі» атты оқулықта: “Сөйлемде жеке сөздер сияқты сөз тіркесі қосымшалар,

көмекші сөздер, орын тәртібі, екпін арқылы байланысып келіп, қатынастың бүтін бірлігі немесе сөйлем құраушы орталық бола алады” деп жазылған. Бірақ сөз тіркесінің қосымшалар, көмекші сөздер, орын тәртібі және екпін арқылы байланысуы туралы таратып айтылмайды, тілдік деректер арқылы да дәлелденбейді. Аталмыш оқулықта қосымшалар жалғау және жұрнақ деп екіге бөлінген [54, 119 б.]. Сонда сөздерді бір-бірімен байланыстыратын тәсілдердің қатарына жұрнақтардың да қатысы бар болып шығады, алайда бұл туралы сөз болмайды. Сөздерді байланыстыратын “көмекші сөздерді” біз осы оқулықтан кездестірмедік. Авторлар бірде “көмекші сөздер” деген термин, бірде “шылау” терминін қолданады. Сөз тіркесін салалас тіркес және сабақтас тіркес деп екіге бөлген. Салаласа байланысқан тіркестің бір тобы жалғаулар арқылы, енді бір тобы орын тәртібі арқылы, байланысады дей келе, бұған дәлел ретінде мынадай үш мысалды келтірумен шектеледі: *социализм және коммунизм, ақ-қара, жұмысшы-дихан-әскер* [54, 236-237 бб.]. Осы мысалдағы *ақ-қара* деген сөз тіркесі емес, қосарлау тәсілі арқылы жасалған қос сөз. Ал *жұмысшы-дихан-әскер* дегенді қалай түсінеміз? Бұл – қытай тілінен қазақ тіліне аударылған – 工农兵 [gong nong bing] (工[gong] жұмысшы, 农[nong] дихан, 兵[bing] әскер) деген салаласа байланысқан сөз тіркесі. Біздің ойымызша, қытай тілінен алынған бұл мысал қазақ тіліндегі салаласа байланысқан сөз тіркесіне нақты дерек бола алмайды. Мысалды қазақ тілінің материалдарынан алу керек. Міне, бұдан қытайдағы қазақ тілі сөз тіркесінің байланысу тәсілдерінің өте аз зерттелгендігін аңғаруға болады. Осы кітаптың 236-бетінде: “Сөз тіркестері сөйлемдегі жеке сөздерге ұқсас роль атқарады да, сөйлемнің әрқандай мүшесі болады” деп жазылған. Мұндай тұжырымды Гың Шымин [55], Чын Янян [57] т.б. ғалымдар да қолдайды.

Т.Сайрамбаев “М.Серғалиевтің жеке сөзді немесе сөз тіркесін сөйлем мүшесі дейміз деген пікірін кездестіреміз” [89, 13 б.], – дей келе, құрамы жағынан әрбір сөйлем мүшесі дара да, күрделі де болып келе береді деген тұжырым жасайды. Әрине, дара сөйлем мүшесі туралы онша талас пікір болмағанымен, сөйлем мүшелерінің күрделі түрінің таза сөз тіркесінен бола алады дегеніне ойлану керек сияқты. Өйткені сөз тіркесінің негізгі бір белгісі олардың арасындағы анықтауыштық, толықтауыштық және пысықтауыштық қатынастардың болатындығы.

Аналитикалық тәсілдер. Қытай тіліндегі аналитикалық тәсілге сөздердің орын тәртібі мен көмекші сөздер арқылы байланысқа түсуі жатады. Қазақ тілінде сөз бен сөзді байланыстыратын аналитикалық тәсілге сөздердің орын тәртібі, көмекші сөз және интонация жатады.

Қазақ тіліндегі сөз бен сөзді байланыстыратын аналитикалық тәсілдерге сөздердің орын тәртібі, көмекші сөздер және интонация жататыны белгілі. Қытай тілінде “аналитикалық тәсіл” деген термин қолданылмағанымен, ондай тәсіл бар.

Сөздердің орын тәртібі сөздердің орын тәртібі тәсілі сөз түрлендіруші формалары жоқ немесе өте аз тілдерде айрықша мәнге ие.

К.Аханов «Грамматика теориясының негіздері» атты еңбегінде: “Жалпы түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде, жалғаулықсыз байланысқан сөздердің (сөйлем мүшелерінің) орны тұрақты болады да, олардың қалыпты орны өзгере бермейді. Кейбір лингвистер қазақ тілінің осы ерекшелігін жете аңғармай бұл тілде сөздердің орын тәртібі грамматикалық қатынасты білдіруде шешуші қызмет атқарады деп есептейді. Ал шындығына келгенде, қазақ тілінде грамматикалық қатынастар сөз түрлендіруші формалар мен көмекші сөздер арқылы беріледі...” – деп көрсетеді [70, 14 б.].

Ә.Аблақов, С.Исаев, Е.Ағмановтар сөздердің орын тәртібі грамматикалық мағыналарды айқындауда жетекші қызмет атқарады деп есептейді... [65, 45 б.]. Т.Сайрамбаев синтаксистік байланыстың бұл амалы сөздердің жалғаулар арқылы байланысуынан кем түспейтіндігін айтады... [18, 47 б.].

Жалғаулықсыз орын тәртібі арқылы байланысқан сөз тіркестері құрамындағы сөздердің байланысы берік болады. Сондықтан олардың орнын бір-бірімен ауыстыруға келмейді, егер орны ауысса, бүтіндей сөз тіркесінің білдіретін грамматикалық мағыналары өзгеріп кетеді. Мысалы, *үлкен үй, жақсы бала, кіршіксіз махаббат* тіркестері анықтауыштық қатынасты білдірсе, керісінше *үй үлкен, бала жақсы, махаббат кіршіксіз* деген тіркестер предикаттық қатынасты білдіреді.

Қытай тілінде орын тәртібінің мәні ерекше. Мұны мына жақтан көруге болады:

1) қытай тілінде орын тәртібі арқылы байланысқан сөз тіркестері құрамындағы сөздердің орнын ауыстырса, олардан туындайтын грамматикалық қатынастар мен грамматикалық мағыналар бүтіндей өзгеріп кетеді. Мысалы, *意义重大* [yiyi zhongda] *мағынасы зор* –

предикаттық қатынасты білдіретін бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі (бастауыш- баяндауышты сөз тіркесінің құрамындағы сыңарлар тек орын тәртібі арқылы байланысады). 重大意义 [zhong da yiyi] зор мағына – анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі.

2) сөйлемдегі зат есім немесе есімдіктен жасалған бастауыш пен толықтауыштың орнын ауыстырса, бүтіндей сөйлемнің мағынасы өзгеріп кетеді. Мысалы, 他相信你 [Ta xiang xin ni] Ол саған сенеді деген сөйлемнің құрамындағы 他 (ол) сөзі – бастауыш, 你相信他 [Ni xiangxin ta] Сен оған сенесің деген сөйлемнің құрамындағы 他 (ол) сөзі толықтауыш мүше болып тұр. Мұның себебі – қытай тілінде зат есім мен есімдіктерді түрлендіретін формалар, яғни септік жалғауларының болмауынан болса керек. Сондықтан қытай тілінде орын тәртібінің маңызы ерекше. Ал қазақ тілінде Ол саған сенеді деген сөйлемді Саған ол сенеді деп орнын ауыстыруға болады, Сен оған сенесің деген сөйлемді Оған сен сенесің деп орнын ауыстырғанмен мағынаға айтарлықтай нұқсан келмейді. Қазақ тілінде сөздердің орын тәртібі жылжымалы сипатқа ие болғанымен, сөздердің орын тәртібі барлық жағдайда өзгере бермейді. Қазақ тілінде жалғаулықсыз орын тәртібі арқылы қабыса байланысқан сөз тіркесінің байланысы берік болады.

3) қытай тілінде дәнекерсіз байланысқан толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесі мен пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерінің ара-жігін ажыратуда орын тәртібінің өзіндік орны бар. Егер сөз тіркесінің құрамындағы ұйытқы (басыңқы) сөз алдында келсе, толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесі болады; егер ұйытқы сөз соңында келсе, пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі болады. Мысалы, 我早来了 [Wo zao lai le] Мен ерте келдім. 我来早了 [Wo lai zao le] Мен ерте келіпін. Осы екі мысалдың құрамындағы 早来 [zao lai] және 来早 [lai zao] дегендер – орын тәртібі арқылы тіркескен сөз тіркестері. Алдыңғысы – толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесі, өйткені басыңқы сөз (早ерте) бағыныңқы сөздің (来келу) алдында тұр; соңғысы – пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі, өйткені бағыныңқы сөз (早ерте) басыңқы сөздің (来келу) алдында келген. Міне, бұдан қытай тілінде сөздердің орын тәртібінің сөз тіркестерінің құрамындағы сөздер мен сөйлем мүшелерін байланыстыруда мәні айырықша екендігін байқауға болады.

Интонация қазақ тілінде сөз тіркестеріне қатысты еңбектерде сөз тіркестері құрамындағы сөздерді байланыстыратын тәсілдердің бірі ретінде қаралып жүр. Шынында, интонация сөз тіркесінің

емес, сөйлемнің табиғатын айқындауда пәрменді қызмет атқарады. Сөйлемнің хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты болып саралануы, сабақтас құрмаластың салалас құрмаластан айырмашылығы, кідіріс, пауза арқылы есімнен болған бастауыш пен баяндауыштың мүшелік қызметінің айқындалуы (*Күләш дәрігер*), сондай-ақ, сілтеу есімдігінен болған бастауыштың анықтауышпен шатастырылмауы (*бұл – алтын*) т. б. түгелімен интонацияға байланысты... [65, 47 б.].

Интонацияны сөз тіркестері құрамындағы сөздерді байланыстыратын тәсілдердің бірі ретінде қараушылар интонация арқылы қысқа байланысқан бастауыш пен баяндауышты негізге алады. Мысалы, *Қасым – мұғалім, бұл – студент*. Бұлар – сөйлем. *Қасым мұғалім, бұл студент* деп кідіріс (пауза) жасамай айтсақ, онда анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі жасалады да, сөйлемдік сипат алмайды. Міне, бұдан интонацияның есім сөзден құралған сөйлем мен анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерін ажырататын грамматикалық тәсіл ретінде қызмет атқаратындығын аңғаруға болады. Сондықтан интонацияның сөз тіркесіне де қатысы бар деп айта аламыз. Бірақ сөйлемнің интонациясы сөз тіркесінен мүлде басқаша. Жалпы интонация – сөйлемге тән басты белгілердің бірі, сөйлемнің органикалық элементі болып табылады.

Ма Дьюан ұйғыр тіліндегі сөздерді байланыстыратын тәсілдер туралы: “Синтаксистік байланыстыру тәсілдері – *маслишиши* (матасу), *баишқууш* (меңгеру), *яндишиши* (қабысу). Бұлар тек сабақтаса байланысқан сөз тіркестерінде болады, ал салаласа байланысқан сөз тіркестерінің сыңарлары орын тәртібі немесе көмекші сөздер арқылы байланысады. Ілгерідегі үш түрлі байланысу формаларында орын тәртібінің өзіндік орны бар, бірақ маңызды грамматикалық тәсіл бола алмайды. Ұйғыр тілінде сөз тіркестері құрамындағы сөздерді байланыстыруда интонация маңызды рөл атқарады...” [92, 103 б.]. Біз бұл пікірге келісе алмаймыз. Қазақ тілі мен ұйғыр тілінде интонация маңызды рөл атқара алмайды. Интонация – сөйлемге тән басты белгілердің бірі болып табылады.

Т.Сайрамбаев интонациялық құбылыс сөйлемнің айтылу мақсатына қарай сөз болады деп, интонацияның сөз тіркесіне қатысын қарастырмайды [18, 58 б.].

К.Аханов: “Интонацияның, әсіресе, грамматикалық қатынастар синтаксистік тәсіл арқылы берілетін тілдерде, мысалы, қытай тілінде, өте-мөте үлкен мәні бар” [64, 318 б.], – дейді.

Кейбір ғалымдар сөздердің орын тәртібі мен интонацияны бір

нәрсе деп қарайды. Шындығында бұл дұрыс емес. Себебі орын тәртібі мен интонациянының зерттейтін нысандары әртүрлі. Сөздердің орын тәртібінің нысаны – сөз тіркесі, интонацияның нысаны, негізінен, сөйлем болып келеді.

Қытай тілінде интонация сөздерді байланыстыратын тәсілдердің қатарына кірмейді. Интонация – сөйлемдердің айтылу мақсаты байланысты түрлерін бір-бірінен ажырататын тәсіл. Қытай тілінде бастауыш-баяндауышты тізбек сөйлемге тән тиянақты интонациямен айтылса, бастауыш-баяндауыш құрылымды сөйлемге айналады. Кез келген сөйлем белгілі бір интонациямен айтылады. Сондықтан да сөйлем еркін сөз тіркесінен құрылымдық жағынан ғана емес, интонациясы жағынан да ажыратылады. Қытай тілінде сөйлемді сөйлем деп танытатын негізгі грамматикалық белгі – интонация. Қытай тілінде грамматикалық қатынастарды білдіруде сөздердің орын тәртібі мен көмекші сөздер шешуші рөл атқарады.

Сөздердің көмекші сөздер арқылы байланысы. Тіл-тілде көмекші сөздерге көмекші есімдер, көмекші етістіктер, жалғаулықтар, септеуліктер, демеуліктер, предлогтар және т.б. жатады.

Қазақ тілінде аналитикалық байланысу тәсіліне шылаулар, оның ішінде септеулік шылаулар (септеуліктер) жатады.

Қазақ тілінде шылаулар өз ішінен жалғаулық шылаулар, септеулік шылаулар және демеулік шылаулар болып бөлінеді. Сөйлемнің құрамындағы сөздерді бір-бірімен байланыстыратын шылау екі түрлі: бірі – жалғаулықтар, олар бірыңғай мүшелерді және құрмалас сөйлемдердің құрамындағы сөйлемдерді байланысқа түсіреді; екіншісі – септеулік шылаулар. Бұлардың бірқатары сөздерді өзара байланысқа түсірсе, енді бірі сөздерді байланыстырудан гөрі өзі жалғанған сөзге үстеме мағына қосуға, мағынасын нақтылай түсу қызметін атқарады. Енді бір топтағы шылаулар әрі сөз бен сөзді байланыстырады, әрі өзінен бұрынғы сөзге үстеме мағына қосады. Демеулік шылаулар сөздерді байланыстыра алмайды, өзі жалғанған сөзге үстеме мағына қосу қызметін атқарады.

М.Балақаев байланысу тәсілінің қатарына көмекші есімдерді де қосады [15, 81 б.]. Ал Т.Сайрамбаев олардың қатарына көмекші етістік пен модаль сөздерді де жатқызады [18, 59 б.]. Ә.Аблақов, С.Исаев, Е.Ағмановтар М.Балақаев пен Т.Сайрамбаевтың айтқандарын қуаттамайды. Көмекші есімдер, көмекші етістіктер, модаль сөздер күрделі сөз тіркесін жасауға қатысады, бірақ тіркес құрамындағы

дербес мәнді сөздерді өзара байланысқа түсіре алмайды. Септеулік шылаулар өзінің алдындағы сөзбен тіркесіп, түйдекті тіркес құрайды да, оны өзінен кейінгі сөзбен ұластырады. Мұндай тіркеске тән екінші бір ерекшелік бағыныңқы сыңар қызметін атқарып тұрған түйдекті тіркес басыңқы сыңармен орын тәртібі арқылы да байланысқа түседі...”[65, 58 б.]. Біз осы тұжырымға толығымен қосыламыз.

Қытай тіліндегі сөз тіркесі мен сөйлем құрамындағы сөздерді байланыстыратын тәсілдерге жалғаулықтар мен шылаулар ғана жатады. Қытай тілінде көмекші есімдер мен септеуліктер жоқ. Көмекші сөздер іштей *предлогтар*, *жалғаулықтар* және *шылаулар* болып бөлінеді.

Қытай тіліндегі предлогтардың қолданылу аясы кең әрі күрделі. Предлогтарда толық лексикалық мағына болмайды, сол себепті көмекші сөздердің қатарына жатады және зат есім, есімдік немесе зат есімді сөз тіркестерінің алдында тұрып, предлогты тіркес құрайды. Ал грамматикалық тұрғыдан предлогтар өзі қатысты сөздерге мезгілдік, мекендік, бағыттық, мақсаттық, себептік, салыстыру, теңеу және тағы басқа мағыналар үстейді.

Қытай тіліндегі предлогтардың беретін грамматикалық мағынасы мен атқаратын қызметіне қазақ тіліндегі септік жалғаулары және септеулік шылауларға ұқсастау болып келеді. Алайда предлогтарды септік жалғауы немесе септеулік шылаулармен теңестіріп қарауға келмейді. Оның бірден бір себебі қытай тілінде предлогтар қазақ тіліндегі септеуліктер сияқты сөз бен сөзді байланыстырмайды, олар тіркескен сөзіне үстеме мағына қосып, мағынасын нақтылай түседі. Септеуліктер түбір тұлғалы сөзбен немесе барыс, шығыс, көмектес септіктеріндегі есім сөздермен тіркесіп келіп, оларды екінші сөзге сабақтастыра байланыстырады. Қытай тіліндегі предлогты тіркестер, негізінен, қазақ тіліндегі септеулікті тіркестерге сәйкес келеді. Бірақ олардың білдіретін мағыналары, құрылымы, жасалу жолдары мен атқаратын қызметтерінде айырмашылықтар бар.

Қытай тіл білімінде қалыптасқан дәстүр бойынша шылаулар іштей *құрылымдық шылау*, *шақтық шылау* және *демеулік шылау* деп ажыратылады. Бұлардың ішінде тек құрылымдық шылау ғана сөздерді байланыстыра алады. Шақтық шылаулар өзі шылауында тұрған сөзге немесе сөйлемге шақтық мағына үстейді. Ал демеулік шылаулар көбінесе сөйлемнің соңында келіп, әртүрлі грамматикалық мағына үстейді. Бұл екеуі жалғаулық пен құрылымдық шылау сияқты сөздерді байланытыра алмайды. Мысалы: 你明天去图书馆吗? [Ni

mingtian qu tushuguan ma] *Ертең кітапханаға барасың ба?* 他一定会来的 [Ta yiding hui lai de] *Ол міндетті түрде келеді.* Бірінші сөйлемде 吗 шақтық шылауы сөйлемге сұраулық мағына үстейді, ал екінші сөйлемдегі 的 сөйлемге күшейту мәнін қосу үшін қолданылған.

Қазақ тілімен салыстырғанда қытай тіліндегі сөздерді бір-бірімен байланыстыратын жалғаулықтар мен шылаулар сан жағынан көп емес. Сөздерді байланыстыратын жалғаулықтар: 和, 跟, 同, 与, 及, 或, 并, 并且, 而, 或者, 还是, т.б. Бұлар салаласа байланысқан сөз тіркестерінің құрамындағы сөздерді бір-бірімен байланыстырады. Мысалы: 光荣而艰巨 [guangrong er jianju] *даңқты әрі машақатты; 好和坏 [hao he huai] жақсы мен жаман; 今年或明年 [jinnian huo mingnian] биыл немесе келер жылы, т.б.*

Қытай тіліндегі жалғаулықтар қолданылу жағынан ағылшын, орыс және қазақ тілдеріне ұқсамайтын өзгешеліктері бар. Мысалы, 同 [tong], 与 [yu], 及 [ji] жалғаулықтары, әдетте, зат есімдерді, ал 并 [bing], 并且 [bingqie] жалғаулықтары, әдетте, етістіктерді, 而 [er], 而且 [erqie] жалғаулықтары сын есімдер мен етістіктерді байланыстырады; 和 [he], 或 [huo], 或者 [huozhe] сияқты жалғаулықтар әртүрлі сөздерді байланыстыра алады.

Сөйлемнің құрамындағы сөздерді байланыстыратын шылауларға 的, 地, 得 сияқты үш түрлі құрылымдық шылау жатады. 的 құрылымдық шылауы анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесінің сыңарларын байланыстырады (他的朋友 [ta de pengyou] *оның досы*), 地 құрылымдық шылауы пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесінің сыңарларын байланыстырады (轻轻地走 [qingqing de zou] *ақырын жүру*), 得 құрылымдық шылауының қызметі толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесінің құрамындағы сөздерді байланыстырады. (高兴得流泪 [gaoxing de liulei] *қуанғанынан жылап жіберу*).

1.5 Қытай және қазақ тіліндегі сөз тіркестерін топтастыру

Қытай тілінде сөз тіркесін топтастыру ең күрделі, ең қиын, ең даулы мәселелер қатарына жатады. Қытай тіліндегі сөз тіркесі құрылысының күрделі, өзіндік түрлерінің мол болуы – қытай тілі грамматикасының елеулі өзгешелігі. Сөз тіркесінің түрлерін жан-жақты, ғылыми тұрғыдан айқындау сөз тіркесін зерттеуде, тіпті тұтас қытай тілі грамматикасын зерттеуде өте маңызды саналады.

Қытай тілінде сөз тіркестерін топтастыруда, негізінен, мына принциптерге сүйенеді:

1) сөз тіркесінің құрылымына қарай топтастыру; 2) сөз тіркесінің

грамматикалық функцияларына қарай топтастыру; 3) сөз тіркесінің құрылымдық қабагтарының санына қарай топтастыру; 4) сөз тіркесінің бір мағыналығы мен көп мағыналығына қарай топтастыру; 5) сөз тіркесінің сыңарлары байланысының берік-әлсіз болуына қарай топтастыру т.б.

Сөз тіркестерінің құрылымына қарай топтастыру – қытай тілінде ең алғаш қолданылған, әрі ең қолданылу өрісі кең принцип. Қытай тілінің ең алғашқы сипаттамалы грамматикасы «*马氏文通*» деген кітапта сөз тіркестері осы принципке негізделіп топтастырылған. Кейін шыққан грамматикалардың басым бөлігінде осы принцип басшылыққа алынған. Лүй Шусяң (吕叔湘), Уаң Ли (王力) және Дің Шыңшу (丁声树) сияқты ғалымдар өз еңбектерінде осы принципті басшылыққа алып, сөз тіркестерінің құрылымдық түрлерін біршама жан-жақты қарастырған. Бірақ сөз тіркестерінің құрылымына қарай іштей саралап түрлеу және атау жүйесінде көптеген алшақтықтар бар.

1956 жылы «*暂拟汉语教学语法系统*» (Қытай тілі педагогикалық грамматикасының уақытша жасалған жүйесі) жарық көрді. Бұл бағдарлама – қытай тілі материалдарының ғылымға негізделген алғашқы жүйелі бағдарлама. Аталған бағдарламада сөз тіркесі құрылымына қарай 4-ке бөлінген: салаласа байланысқан (联合关系), бастауыш-баяндауыштық қатынастағы (主谓关系), баяндауыш-толықтауыштық қатынастағы (动宾关系), бағыныңқы-басыңқылы қатынастағы (偏正关系) сөз тіркесі.

1984 жылы жасалған «Бағдарламада» сөз тіркесі салаласа байланысқан (并列关系), бастауыш-баяндауыштық қатынастағы (主谓), баяндауыш-толықтауыштық қатынастағы (动宾), бағыныңқы-басыңқылық қатынастағы (偏正), баяндауыш-толықтырғыштық қатынастағы (动补), предлог-толықтауышты (介宾), айқындауыштық (复指) сөз тіркестері деп 7-ге жіктелген.

Жаң Жиң (张静) сөз тіркесін салаласа байланысқан (联合词组), бағыныңқы-басыңқылы (偏正词组), баяндауыш-толықтауышты (动宾词组), бастауыш-баяндауышты (主谓词组), құрмалас (复句词组) сөз тіркесі деп 5 топқа бөледі [62, 245 б].

Хуаң Борон (黄伯荣) мен Ляу Шүйдон (廖序东) сөз тіркесін бастауыш-баяндауышты (主谓短语), баяндауыш-толықтауышты (动宾短语), бағыныңқы-басыңқылы (偏正短语), баяндауыш-толықтырғышты (中补短语), салаласа байланысқан (联合短语), көп етістікті (连谓短语), екі

жақты қызмет атқаратын сөзді (兼语短语), айқындауыштық (同位短语), сан-мөлшер сөзді (量词短语), мекендік мағынаны білдіретін (方位短语), предлогты (介词短语), көмекші сөзді (助词短语) деп 12-ге саралайды [93, 60-67 бб].

Фан Шяу (范晓) сөз тіркесін 14 түрге топтастырған: анықтауыштық (定心短语), салаласа байланысқан (并列短语), айқындауыштық (复指短语), мекендік мағынаны білдіретін (方位短语), предлогты (介词短语), баяндауыш-толықтауышты (述宾短语), пысықтауыштық қатынастағы (状心短语), баяндауыш-толықтырғышты (述补短语), екі жақты қызмет атқаратын сөзді (兼语短语), көп етістікті (顺递短语), қосарлы (重叠短语), бастауыш-баяндауышты (主谓短语), сан-мөлшер сөзді (量词短语), көмекші сөзді (助词短语) сөз тіркестері [12, 7-8 бб].

Жаң Шукаң (张寿康) сөз тіркесін 结构 “құрылым” деген терминмен атап, оларды (сөз тіркестерін) бастауыш-баяндауышты құрылым (主谓结构), баяндауыш-толықтауышты құрылым (动宾结构), тұжырымдау мәнді құрылым (判断结构), бағыныңқы-басыңқылы құрылым (偏正结构), баяндауыш-толықтырғышты құрылым (谓补结构), көп етістікті құрылым (连谓结构), тұрақты құрылым (固定结构), сан-мөлшер сөзді құрылым (数量结构), сілтеу есімдік-мөлшер сөзді құрылым (指量结构), мекендік мәнді білдіретін құрылым (方位结构), предлогты құрылым (介词结构), 所 иероглифті құрылым (“所”字结构), 的 иероглифті құрылым (“的”字结构), айқындауыштық құрылым (复指结构), мүмкіндік-қалау мәнді білдіретін құрылым (能愿结构), бағыт-бағдар мәнді білдіретін құрылым (趋向结构), салалас құрылым (联合结构), ықшамдалған құрылым (紧缩结构), болымсыздық мәнді білдіретін құрылым (否定结构), салыстыру мәнін білдіретін құрылым (比况结构) деп 21-ге саралайды [44, 520 б].

2010 жылы жарық көрген «Қазіргі қытай тілінің сипаттамалы грамматикасында» сөз тіркестерін былайша жіктеген: бағыныңқы-басыңқылы (偏正短语), баяндауыш-толықтырғышты (述补短语), баяндауыш-толықтауышты (述宾短语), бастауыш-баяндауышты (主谓短语), салаласа байланысқан (联合短语), айқындауыштық (同位短语), көп етістікті (连动短语), екі жақты қызмет атқаратын сөзді (兼语短语), мекендік мағынаны білдіретін (方位短语), предлогты (介词短语), сан-мөлшер сөзді (量词短语), 的 иероглифті (“的”字短语) сөз тіркестері [94, 280 б].

Шетелдік студенттерге арналған «Қазіргі қытай тіліне кіріспе» атты

оқулықта сөз тіркесі бастауыш-баяндауышты (主谓短语), баяндауыш-толықтауышты (动宾短语), баяндауыш-толықтырғышты (述补短语), бағыныңқы-басыңқылы (偏正短语), салаласа байланысқан (联合短语), көп етістікті (连动短语), екі жақты қызмет атқаратын сөзді (兼语短语), айқындауыштық (同位短语), мекендік мағынаны білдіретін (方位短语), сан-мөлшер сөзді (量词短语), предлогты (介词短语), 的 иероглифті (“的”字短语), 所 иероглифті (“所”字短语) және салыстыру мәнді сөз тіркестері (比况短语) деп 14-ке жіктеген [95, 177-183 бб].

Н.Абдырақын «Базалық шығыс тілі: Қазіргі қытай тілінің грамматикасы» атты оқулығында: “Сөз тіркесін құрылымдық байланысына қарай негізгі сөз тіркесі, ерекше сөз тіркесі және бөлуге келмейтін тұрақты сөз тіркесі деп үш топқа, одан ары тіркестердің ішкі грамматикалық байланысына қарай 22 ұсақ топқа бөлуге болады” [50, 94 бб], – дейді. Автор сөз тіркесін “Мағыналық байланысы бар екі не одан да көп сөздер белгілі грамматикалық заңдылықтар арқылы бірігіп, белгілі грамматикалық қатынас пен грамматикалық мағына білдіретін тілдік бірлікті сөз тіркесі дейміз” деп анықтаған. Жоғарыда айтылған “бөлуге келмейтін тұрақты сөз тіркесінің” грамматикалық қатынас пен грамматикалық мағына білдірмейтіні бәрімізге белгілі. Тұрақты сөз тіркесі – синтаксистің емес, лексикологияның зерттеу нысаны болып табылады. Сонымен, автор әрі қарай негізгі сөз тіркесін салаласа байланысқан сөз тіркесі, сабақтаса байланысқан сөз тіркесі, баяндауыш-толықтауышты сөз тіркесі, баяндауыш-толықтырғышты сөз тіркесі, көп етістікті сөз тіркесі, екі жақты қызмет атқаратын сөз тіркесі, айқындауыштық сөз тіркесі деп 7 түрге жіктейді. Бұлардың ішіндегі екі жақты қызмет атқаратын сөз тіркесі мен айқындауыштық сөз тіркесі автордың анықтамасында айтқандай грамматикалық қатынас пен грамматикалық мағынаны білдірмейді. Ал ерекше сөз тіркесін өз ішінен предлог (сөз алды қосымшасы) сөз тіркесі, 的 иероглифті сөз тіркесі, 所 иероглифті сөз тіркесі, салыстыру мәнді сөз тіркесі, мөлшер сөз тіркесі, мекендік сөз тіркесі, мүмкіндікті білдіретін сөз тіркесі және кіріккен сөз тіркесі деп 8 түрге бөледі. Ал осы айтылған 8 түрлі сөз тіркесінің бірде-біреуі грамматикалық қатынас пен грамматикалық мағынаны білдірмейді.

Н.Абдырақын тұрақты сөз тіркесін өз ішінен фразеология (идиома), мақал (мәтел), астарлы сөз, жаргон (дағды сөз), мысқыл сөз, нақыл сөз және жалқы есімдер деп 7 түрге жіктеген. Автор “фразеология” мен “фразеологизмді” ажырата алмаған сияқты. Автордың “жалқы

есімдерді” (мысалы, *实验中学 Тәжірибелік орта мектеп, 哈土国际大学 Халықаралық Қазақ-Түрік университеті, 中国 (Қытай)* тұрақты сөз тіркесінің қатарына жатқызуы түсініксіздеу. Бұл арада автор тұрақты тіркес, күрделі сөз және сөздердің (зат есім) айырмашылығын түсінбей, оларды бірі-бірімен шатастырған.

Қытай тіліндегі фразеологизмдерді арнай зерттеген ғалым Ма Гофан фразеологизмдерді *成语* (чэньюй), *谚语* (мақал), *歇后语* (астарлы сөздер), *惯用语* (дағдылы сөздер, дағдылы тіркестер), *俗语* (мәтел) деп 5 түрге жіктеген.

А.В.Скворцовтың сөз тіркесіне берген анықтамасында “сөз тіркесінің толық мағыналы сөздерден жасалатындығы және сабақтаса байланысатындығы” айтылған. Алайда автор өзінің сөз тіркесіне берген ережесіне бағынбай, сабақтаса байланыспайтын сөз тіркестерін, яғни предикативті сөз тіркесін, салаласа байланысқан сөз тіркесін, негізгі сөздер мен көмекші сөздердің тіркесімін сөз тіркестерінің қатарына жатқызып жіберген. Автор сөз тіркесін 17 түрге жіктейді: определительные словосочетания (*定中短语*), обстоятельственные словосочетания (*状中短语*), глагольно-объективные словосочетания (*述宾短语*), словосочетания типа «главное слово + дополнительный элемент» (*中补短语*), сочетания однородных членов или однородных словосочетаний (*并列短语*), аппозитивные (одноместные) словосочетания (*同位短语*), глагольные словосочетания (*连谓短语*), последовательно связанные словосочетания (*兼语短语*), словосочетания, включающие в свой состав счетные слова (*量词短语*), словосочетания, имеющие структуру «существительное + послелог» (*方位短语*), словосочетания типа «предлог + зависимое слово» (*介宾短语*), словосочетания, образованные служебными словами, выражающими сравнение (*比况短语*), словосочетания, образованные с использованием служебного слово «的» (*“的”字短语*), словосочетания типа «модальный глагол + основной глагол» (*能愿短语*), словосочетания построенные использованием служебного слово «者» (*“者”字短语*) [53, 20-37 бб.].

Біз автордың сөз тіркесін қандай принциптерге негізделіп бөлгенін түсінбедік. Сөз тіркесін топтастыруда да бірізділік жоқ. Сөз тіркестерінің орысша атаулары да тым шұбалаңқы берілген. “Глагольные словосочетания” дегенді “многословные словосочетания” деп алған дұрыс. Бұл тіркестің құрамында екіден көп етістіктер болады. 者 – қытай тілінде сөз тудырушы жұрнақ, ол автор айтқандай көмекші сөз емес.

Ол қазақ тіліндегі зат есім жасайтын *-шы/-ші* журнағымен (*жазушы, егінші*) сәйкес келеді. Сондықтан қытай тілінде “словосочетания построенные использованием служебного слово «者»” деген сөз тіркесі болмайды.

В.Ф. Щичко «Практическая грамматика современного китайского языка» деген оқу құралында қытай тілінің сөз тіркесін орысша *синтагма*, қытайша *短語* деп атайды. Автор “Синтагмы, образованные из слов, также называются словосочетаниями (词组). Они являются составными частями предложения” –, дей келе, синтагманы, яғни сөз тіркесін *синтагмы, состоящие из знаменательных слов (实词与实词构成的短语)*, *синтагмы, состоящие из знаменательных и служебных слов (实词与虚词构成的短语)* және устойчивые синтагмы (固定短语) деп үш топқа бөледі. Ал негізгі сөздер мен негізгі сөздердің тіркесімін номинативные синтагмы (名词短语), глагольные синтагмы (动词短语), синтагмы прилагательных (形容词短语) және субъектно-предикативные синтагмы (主谓短语) деп жіктейді. Негізгі сөз бен көмекші сөздің тіркесімін предложные синтагмы және синтагмы со словом 的 деп екі түрге ғана бөледі [112, 104-106 бб.].

Сөз тіркесінің грамматикалық функцияларына, яғни сөйлемдегі синтаксистік қызметтеріне қарай топтастыру. Бұл принципті Ли Жіңши (黎锦熙) «Жаңаша жазылған қытай тілінің грамматикасы» атты еңбегінде ең алғаш ұсынған болатын. Ли Жіңшидің пікірі бойынша сөйлем сөзден құралады, ал сөздер сөйлемнің құрамына енгеннен кейін сөйлем мүшесіне айналады. Сөз тіркесі сөздерден жасалады, сондықтан сөз тіркестерін топтастырғанда, сөздердің сипатына қарай зат есімді, сын есімді және үстеулі сөз тіркесі деп бөлуге болады. Міне, осыдан кейін қытайдың тіл мамандары сөз тіркесін топтастыруда осы принципті басшылыққа алатын болды. Бірақ сөз тіркестерін топтастыруда тіл мамандары арасында бірізділік жоқ екендігі жоғарыда айтылды. Мысалы, Хуаң Бороң мен Ляу Шүйдон сөз тіркесін зат есімді сөз тіркесі (名词性短语) және етістікті сөз тіркесі (谓词性短语) деп екіге бөледі [93, 67 б]. Фан Шяу сөз тіркесін есімді сөз тіркесі (体词性短语), етістікті сөз тіркесі (谓词性短语), даралау мағынасын білдіретін сөзді сөз тіркесі (点别词性短语) және үстеулі сөз тіркесі (副词性短语) деп төртке бөледі [12, 8 б]. Чын Лижуннің редакциялығымен шыққан (秦礼君) «现代汉语语法专题» (Қазіргі қытай тілі грамматикасының арнаулы мәселелері) деген ұжымдық еңбекте зат есімді сөз тіркесі (名词性短语), етістікті сөз тіркесі (动词


性短语) және сын есімді сөз тіркесі (形容词性短语) деп үшке бөлінген [86, 74 б].

Н. Абдырақын сөз тіркесін синтаксистік қызметіне қарай қарай 名词性短语 (体词性短语) зат есімді сөз тіркесі, 动词性短语 (谓词性短语) етістікті сөз тіркесі және 介词短语 (加词性短语) предлогты (сөз алды қосымшасы) сөз тіркесі деп үш түрге бөлген [50, 98-99 бб]. Бұл арада автор 介词短语 мен 加词性短语-ды ұқсас бір сөз тіркесі деп түсінген, екеуін де *предлогты (сөз алды қосымшасы) сөз тіркесі* деп аударған. Шын мәнінде, бұл екеуі екі басқа сөз тіркесі. 介词短语 – предлогты сөз тіркесі, ал 加词性短语 предлогты сөз тіркесіне мүлде ұқсамайды. 加词 деген “атрибутивтік сөз”, “анықтаушы” деген мағынада келеді. Сонымен 加词性短语 дегеніміз атрибутивтік сөз тіркесі. 加词性短语-дың қатарына жататын тіркестер: 介词短语 предлогты сөз тіркесі (跟他走, 比你好, 关于这件事我们讨论过了), “сын есім + зат есім” құрылымды бағыныңқы-басыңқы сөз тіркесі (小范围讨论, 大规模生产, 长时间工作), тек қана пысықтауыштың қызметін атқаратын кейбір тұрақты тіркестер (苦口婆心地劝说, 挨门逐户地搜查) және қосарланған үстеулер (特别特别, 非常非常).

Сөз тіркесін құрылымдық қабаттарына қарай топтастыру. Бұл принцип 1959 жылы Бейжің университеті филология факультетінің қытай тілі кафедрасы құрастырған «Қазіргі қытай тілі» атты оқулықта тұңғыш рет сөз болған.

Сөз тіркесін құрылымдық қабаттарына (结构层次) қарай дара сөз тіркесі (简单短语) және күрделі сөз тіркесі (复杂短语) деп екіге бөлуге болатындығы айтылған. Дара сөз тіркесі – тек бір ғана құрылымдық қабаты бар сөз тіркесі. Дара сөз тіркесі тек толық мағыналы сөздерден құралады. Екі не одан да көп құрылымдық қабаттан құралған сөз тіркесі күрделі сөз тіркесі деп аталады. Мысалы, 本国生产的和从国外进口的 [ben guo shengchan de he guowai jin kou de]: елімізде жасалған және шетелден әкелінген.



本国生产的和从外国进口的



елімізде жасалған және шетелден әкелінген





Шартты белгілер: $S + P$ – бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі; *的* *Phrase* – 的 иероглифті сөз тіркесі; $P + O$ – предлогты сөз тіркесі; $Ad + KW$ – пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі; *C Phrase* – салаласа байланысқан сөз тіркесі.




Шартты белгілер: $N+N$ – анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі; $C+V$ – пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі; $O+V$ – толықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі.

Сөз тіркесінің мағынасына қарай топтастыру. Қытай тіліндегі сөз тіркесі – сөз сияқты сөйлем құраудың материалы, сөз тіркесінің сөйлемде нақтылы мағынасы мен функциясы (сөйлем мүшесі болу қызметі) болады. Тек бір ғана мағынасы болатын сөз тіркесі бір мағыналы сөз тіркесі (单义短语) деп аталады. Құрамындағы сөздер ұқсас, бірақ екі я екіден көп мағынаға ие болатын сөз тіркесі көп мағыналы сөз тіркесі (多义短语) немесе екі ұшты мағыналы сөз тіркесі (歧义短语) деп аталады. Қос бөлшектер әдісі арқылы көп мағыналы сөз тіркестерінің басым көбінің құрылымын айқындауға мүмкіндік туады. Мысалы, 五位学生的家长. 五位[wu wei] бес, 学生[xuesheng] оқушы/студент, 的[de] -ның/-нің, 家长[jiazhang] ата-ана. Бұл тіркестің құрылымдық қабаттары ұқсамайды, бірақ грамматикалық байланыстары ұқсас.



А тіркесте бес оқушының ата-анасы айтылған, В тіркесте оқушылардың ата-аналарының бесеу екендігі айтылған.

Тағы бір мысал, 哥哥和弟弟的朋友. 哥哥[gege] аға, 弟弟[didi] іні, 的[de] -ның/-нің, -дың/-дің, -тың/-тің, 朋友[pengyou] дос. Бұл тіркестің құрылымдық қабаттары да, грамматикалық байланыстары да ұқсамайды.



А тіркесте ағасы мен інісі екеуінің досы айтылса, В тіркесте ағасы және інісінің досы туралы айтылған.

Сөз тіркесін сыңарлары байланысының берік-әлсіз болуына қарай топтастыру. Сөз тіркесі құрамындағы сөздердің байланысының берік немесе әлсіз болуына қарай еркін сөз тіркесі (自由词组) және тұрақты сөз тіркесі (固定词组) деп бөлінеді. Жан Жыгоң (张志公) бұл принципке сүйене отырып, сөз тіркестерінің ішінен тұрақты сөз тіркестерін алғаш рет бөліп шығарады. Осыдан кейін Гау Миңқай (高明凯) «Грамматика теориясы» атты еңбегінде тұрақты сөз тіркестерін жүйелі түрде жан-жақты қарастырады.

“Exocentric construction”, “endocentric construction” деген ұғымды американдық структуралық тіл білімінің негізін қалаушы Л.Блумфельд (L.Bloomfield) ұсынған болатын. «Қазіргі қытай тілінің сипаттамалық грамматикасында» осы әдіс бойынша сөз тіркесін 离心短语 (экзоорталық сөз тіркесі) және 向心短语 (эндоорталық сөз тіркесі) деп екі түрге бөлінген [94, 2880 б].

Қазіргі кезде қытай тіл білімінде бірізге түспей талас-пікір тудырып жүрген маңызды мәселелердің бірі – сөз тіркестерінің түрлері. Сөз тіркестері жайлы еңбектерде сөз тіркестерін топтастыру біршама күрделі, бұл бір жағынан сөз тіркестерін топтастырудағы ұстанатын принциптердің әр түрлі екендігімен байланысты болса керек. Кейбір авторлар бір ғана принципті басшылыққа алса, енді бірі көп принципті басшылыққа алады. Сондықтан сөз тіркестерін топтастыруда, оны іштей саралап түрлеу және атау жүйесінде алшақтықтар бар екені көрінеді. Сөз тіркестерін топтастыру жөніндегі мұндай пікірлер сөз тіркесін оқытуда кері әсерін тигізуде.

Біздің пікірімізше, қытай тіліндегі сөз тіркесі – негізгі синтаксистік құрылым, әрі сөз сияқты сөйлем құраудың материалы. Сондықтан сөз тіркестерін топтастыру олардың ішкі құрылымдық байланыстары мен функцияларына (сөйлем мүшесі болу) негізделу керек. Міне, осы арқылы сөз тіркесінің синтаксистік құрылымдық түрлерін айқындауға да, сөз тіркестерін оқытуға да тиімді болады. Сондай-ақ, бұлай топтастырудың теориялық жағынан да, практикалық жағынан да мәні зор болмақ.

Түркі тілдері, соның бірі қазақ тілінде сөз тіркестері сөз таптарының негізінде топтастырылады. Басыңқы компоненттің қандай сөз табынан екендігі негізге алынып, қазақ тіліндегі сөз тіркестері есімді және етістікті сөз тіркестері деген үлкен екі топқа бөлінеді. Сөз тіркесін бұлайша топтастыру қазіргі кезде қазақ тіл білімінде қалыптасып, мектеп және жоғары оқу орындарына арналған еңбектерде толығымен қолдау тауып отыр. Сөз тіркестерін бұлайша топтауда сөз таптарының жүйесін айқындауда практикалық маңызға ие.


К.Аханов ұйытқы сөздің қай сөз табынан болуына қарай, сөз тіркестерін етістікті сөз тіркесі, субстантивті сөз тіркестері және үстеулі сөз тіркестері деп бөледі [70, 202 б]. М.Серғалиев та [30] сөз тіркесін осылай топтастырады. Бірақ Т.Сайрамбаев олардың “үстеулер басыңқы қызметте жұмсалады” деген пікіріне қосылмайды. Себебі орыс тілімен салыстырғанда қазақ тіліндегі үстеулер сөйлемде көбіне қимылға, кейде есімдерге қатысты түрде жұмсалуда бейім. Солай қалыптасқан да. Сондықтан үстеудің сөйлемді немесе сөз тіркестерін тиянақтау процесін әзірше көркем әдебиет дәлелдей алмайды [18, 28 б].

Шыңжаң оқу-ағарту баспасынан шыққан «Қазіргі қазақ тілі» атты оқулықта авторлар сөз тіркесін алдымен салалас тіркес және сабақтас тіркес деп екіге бөледі де, сабақтаса байланысқан тіркестің құрамындағы сөздердің синтаксистік байланысы бес түрлі болады дей келе, сабақтаса байланысқан тіркестің “қиысу”, “меңгеру”, “матасу”, “қабысу” және “жанасу” деген бес түрлі синтаксистік байланысу түрлерін шығарады [54, 236-237 бб]. Авторлардың сабақтаса байланысқан тіркесті қандай принциптерге негізделіп бөлгенін түсіну қиын. “Сабақтаса байланысқан тіркестің құрылымындағы сөздердің синтаксистік байланысы” дегенді “сөйлемдегі сөздердің синтаксистік байланысу формалары” деп өзгертіп айтса дұрыс болар еді. Қиысу, меңгеру, матасу, қабысу, жанасу дегендер сабақтас тіркестің түрлері емес, олар сөздердің синтаксистік байланысу формалары болады. Сондықтан сөздердің синтаксистік байланысу формалары мен сөз тіркестерінің құрылымдық түрлерін бір-бірімен


шатастырмау керек. Авторлар қиысуға мынадай мысалдар келтірген: *Мен оқыдым. Ол жазды. Сіз оқыдыңыз. Өнеркәсіп күшейді. Мен оқушымын. Сіздер айтыңыздар. Ол – оқушы. Олар – домбырашылар* т.б. Бұлар – сөз тіркестері емес, сөйлемдер. Қиыса байланысқан тіркестер – сөз тіркесінің емес, сөйлемнің нысаны. Ал авторлар сабақтаса байланысқан сөз тіркесін құрамындағы басыңқы (менгеруші) сөздің қайсы сөз табына жататындығына қарай есім сипатты сөз тіркесі, етістік сипатты сөз тіркестері деп екі үлкен топқа бөлген [54, 242 б]. Сөз тіркестерін есімді, етістікті сөз тіркестері деп бөлу ойға қонымды. Бірақ сөз тіркестерін бірде сабақтас тіркес және салалас тіркес, бірде есімді және етістікті сөз тіркестері деп бөлу бірізділік принципіне қайшы келеді.

Гың Шымин сөз тіркесінің құрамындағы сөздердің қарым-қатынасына қарай салалас тіркес, сабақтас тіркес, бастауыш-баяндауышты тіркес, күрделі сөз тіркесі және тұрақты сөз тіркестері деп жіктейді де, сабақтаса байланысқан тіркестің өзін есімді, етістікті сөз тіркестері деп екіге бөледі [55, 214-22 бб]. Гың Шыминнің айтып отырған күрделі сөз тіркесі қазақ тіліндегі күрделі сөз тіркесінен басқаша. Ол күрделі сөз тіркесі туралы: “*Әртүрлі жай сөз тіркестері бір-бірімен байланысып, күрделі сөз тіркесін жасайды*”, – дей келе, мысал келтіреді де, оларды (күрделі сөз тіркесін) қос бөлшектер әдісі (метод непосредственно составляющих) арқылы талдайды, бірақ автор жай сөз тіркестерінің арасындағы құрылымдық қабаттарды ғана көрсетумен шектеледі де, жай сөз тіркестерінің арасындағы синтаксистік байланыстарды көрсетпейді [55, 227 б]. Мысалы:


Бейжің қаласының үлкен майданы



Жаңа салынған мектепке кіру



Күннің күлімдеген нұрына бөлену



Осында күрделі сөз тіркестерінің арасындағы құрылымдық қабаттарды да, жай сөз тіркестерінің арасындағы синтаксистік байланыстарды да көрсету керек сияқты.

Чын Янян қазақ тіліндегі сөз тіркестерін байланысу формасына қарай салаласа байланысу, қабыса байланысу, матаса байланысу және меңгеріле байланысу деп төртке бөледі. Сөз тіркестерінің құрылымдық байланыстарына қарай салалас тіркес, сабақтас тіркес, етістік-толықтауыш тіркес, бастауыш-баяндауыш тіркес және шұбыртпалы етістікті тіркес деп жіктейді. Сөз тіркестерінің грамматикалық функцияларына қарай есімді, сын есімді және етістікті сөз тіркестері деп ажыратқан [57, 221-224 бб]. Автор негізгі сөздер мен көмекші сөздердің тіркесін еркін сөз тіркестерінің қатарына жатқызбайды. Оларды “тізбек” деп атайды. Тізбекті демеулер тізбегі (*күн сайын, сенен басқа, тіл арқылы*, т.б.), модалдық тізбек (*келеді екен, алты-ақ, келетін шығар, жақсы адам секілді*, т.б.) және көмекші етістік тізбегі (*оқып болу, келе жату, күліп жіберу, жығыла жаздау* т.б.) деп саралаған. Ескере кететін жайт: автордың шұбыртпалы етістікті тіркес деп отырғаны (*күліп сөйлеу, атқа мініп бару*) – көсемшелі сөз тіркесі. Автордың бұл тіркесті “шұбыртпалы етістікті тіркес” деп атауының себебі қытай тіліндегі “көп етістікті сөз тіркесіне” (连动短语) еліктеуден келіп шықса керек. Сөз тіркестерін грамматикалық функциясына қарай бөлу принципі – қытай тіл біліміне тән принцип. Жу Дыший (朱德熙) былай деп жазған: “Әртүрлі синтаксистік құрылымды екі аспектіде қарауға болады: бірі – оны күрделі тіркес деп танып, оның ішкі құрылысын қарау; енді бірі – оны біртұтас тұлға ретінде қарап, оның грамматикалық функцияларын айқындау [96, 42 б]. Міне, осы көзқарасты басшылыққа ала отырып, қытай ғалымдары сөз тіркестерін құрылымына және грамматикалық функцияларына, яғни сөз тіркесінің сөйлемдегі синтаксистік қызметтеріне қарай топтастырады.

Мұхаббат Хасым ұйғыр тіліндегі сөз тіркестерін негізгі сөзді және көмекші сөзді сөз тіркесі деген екі үлкен салаға бөледі. Негізгі сөзді сөз тіркесін 5-ке жіктеп, көмекші сөзді сөз тіркесін есім-септеулікті, есім-көмекші есімді және “деп” сөзді сөз тіркесіне саралайды [76, 83 б.].

Гау Личін ұйғыр тіліндегі сөз тіркестерін негізгі сөзді сөз тіркесі және көмекші сөзді сөз тіркесі деген екі үлкен салаға бөледі де, негізгі сөзді сөз тіркесін бастауыш-баяндауышты тіркес, етістік-толықтауышты тіркес, етістік-толықтырғышты тіркес, етістік-пысықтауыштық тіркес, анықтауыштық тіркес және салалас тіркес деп өз ішінде тағы да жіктеп көрсетеді. Ал көмекші сөзді сөз тіркесіне септеулік шылаулы тіркесті ғана жатқызады. Автор сөз тіркестері сөз сияқты сөйлем ішінде белгілі бір сөйлем мүшесінің қызметін атқара алады, яғни олардың белгілі бір грамматикалық функциялары болады. Синтаксистік қызметі зат есімдер сияқты, яғни сөйлемде үнемі бастауыш пен толықтауыштың қызметін атқаратын сөз тіркестері зат есімді сөз тіркесі деп аталады. Синтаксистік қызметі сын есімдермен ұқсас сөз тіркестері сын есімді, ал синтаксистік қызметі етістіктерге ұқсас сөз тіркестері етістікті сөз тіркесі деп аталатындығын айтады [75, 216-234 бб.]. Автор бұрын жазылған ұйғыр тілінің грамматика оқулықтарында толықтырғыш (补语, complement, комплемент, дополнительный элемент) деген мүше кездеспейді, сондықтан толықтауыш емес мүшелер толықтауыш, пысықтауыш емес мүшелер пысықтауыш деп аталып келді, шынында, олар баяндауышты толықтырып түсіндіріп келетін толықтырғыш мүше деген тұжырым жасайды [75, 235 б.].

Біз бұл пікірге келіспейміз. Автор трансформациялы-генеративті грамматиканың, құрылымдық грамматиканың және қытай тіл білімінің кейбір қағидаларын ұйғыр тілінің грамматикасымен ұштастырмақ болған. Соның салдарынан ұйғыр тілі грамматикасының кейбір мәселелерін теріс түсіндірген сияқты. Мысалы, автор етістік-толықтырғышты тіркеске *У уч қетим барди* (Ол үш рет барды). *Бизниң үйимиз мәктәпкә яқын* (Біздің үйіміз мектепке жақын). *У мендин уч яш чоң* (Ол менен үш жас үлкен). *Халқ үчүн хизмәт қилайлы* (Халық үшін қызмет істейік). *Ахмет синипта бар* (Ахмет сыныпта бар) деген мысалдарды келтіреді де, олардың құрамындағы *уч қетим бармақ, мәктәпкә яқын, уч яш чоң, халқ үчүн хизмәт қилмақ, синипта бар* дегендерді етістік-толықтырғышты тіркес деп талдайды [75, 221-230 бб.]. Сонда *уч қетим, мәктәпкә, уч яш, халқ үчүн, синипта* дегендер толықтырғыш мүше болып шығады.

Біздің пікірімізше, тілдің грамматикалық құрылымы айқын ұлттық сипатқа ие болады, сондықтан әр тілдегі сөз тіркестері түрлі-түрлі топтастырылады. Мысалы, бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі (主谓短语) мен баяндауыш-толықтырғышты сөз тіркесі (动补短语, 谓补短语) негізінен сөз түрлендіруші формалары өте аз тілдердің бірі – қытай тілінің табиғатына тән құбылыс. Сондықтан толықтырғыш пен баяндауыш-толықтырғышты тіркес ұйғыр және қазақ тілдерінің табиғатына тән емес.

Сондай-ақ толықтырғыш деген ұғым да ұйғыр және қазақ тілдерінде кездеспейді. Әр тілді өз ерекшелігіне сай зерттеу керек.

Т.Қордабаев өзінің «Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму жолдары» атты еңбегінде былай деп жазады: “Жазба грамматикалардың міндеті – тіл грамматикасына тың нәрселер қосып, оны жөндеу, байыту емес, олай ету оның қолынан келмейді де, және ондай субъективтік қоспаларды тіл қабылдамайды да, ғылыми грамматиканың міндеті – тілдегі барға сүйену, оның заңдылығын ашу, соны тілдік фактілер арқылы дәлелдей отырып, жүйелі де түсінікті етіп баяндап беру, сөйтіп, абстракт мәндегі тілдік грамматика дегенді конкретті ғылымға айналдыру” [97, 93 б.].

1.6 Қытай және қазақ тілдеріндегі сөз тіркесін талдаудың әдістері

Қытайдың грамматика саласында ең үлкен 3 ғылыми айтыс болды: сөз таптары мәселесі, бастауыш пен толықтауыш мәселесі және сөйлемді талдау мәселесі. Сөз таптары мәселесі 1953 жылы басталып, 1954 жылы аяқталды. Бастауыш пен толықтауыш мәселесі 1955 жылы басталып, бір жылға дейін созылды. Сөйлемді талдау мәселесі 1981 жылы басталып, бір жылға жалғасты. Сөйлемді талдауда көтерілген басты мәселелер: сөйлем мүшелері бойынша талдау әдісі (句子成分分析法) мен қос бөлшектер әдісінің (层次分析法) оңтайлы тұстары мен кемшіліктері т.б. Осы ғылыми айтыста көтерілген мәселелер «Қытай тіл-әдебиеті» журналының 1981 және 1982 жылғы сандарында жарияланды.

Қытай тілінде ең жиі қолданылып жүрген сөйлем талдаудың екі түрлі әдісі бар: бірі – сөйлем мүшелері бойынша талдау әдісі, екіншісі – қос бөлшектер әдісі. Енді, бұл екеуіне тоқталайық.

Сөйлем мүшелері бойынша талдау әдісі қытай тілінің дәстүрлі грамматикасында жиі қолданылады. Аталмыш әдісте сөз синтаксистік бірлік болып табылады да, сөйлем ішінде бір сөз (негізгі сөздер) бір мүше болады. Мысалы,

(他)的 朋友 [在北京大学] 学习 了 < 一年 > 汉语。

Оның досы Бейжің университетінде бір жыл қытай тілін оқыды.

Қытай тіліндегі сөйлем мүшелерінің шартты белгілері:

бастауыш ———, баяндауыш ———, толықтауыш ~~~~~,
анықтауыш (), пысықтауыш (), толықтырғыш < > .

Сөйлем мүшелерін талдау әдісінің оңтайлы тұстары мен кемшін жақтары:

Оңтайлы тұстары: бұл әдіс сөйлем мүшелерінің арасындағы құрылымдық байланысты айқын көрсете алатындықтан, сөйлемнің мәнін түсінуге септігін тигізеді. Сондай-ақ, бұл әдіс арқылы жай сөйлемнің қрылымдық модельдерін айқындау оңай. Тіл оқыту әдістемесінде оның атқаратын маңызы өте зор.


Кемшін жақтары:

1) бұл әдісте тек сөздер ғана сөйлем мүшесі болады да, сөз тіркесі сөйлем мүшесі бола алмайды. Нәтижесінде сөз тіркесінің құрылымдық мүшелері (结构成分) мен сөйлемнің құрылымдық мүшелері (句子成分) араласып кетеді де, құрылымдық қабаттар анық байқалмайды. Сондықтан сөйлемнің мағынасын түсіну қиын;

2) сөйлем тұрлаулы және тұрлаусыз мүше деп екіге бөлінеді. Сөйлемді талдағанда алдымен тұрлаулы мүшелер ізделеді, бұлар – бастауыш пен баяндауыш. Бірақ кейде бастауыш пен баяндауыш арасындағы байланыс сөйлемнің нақтылы мазмұнын ашып бере алмайды. Мысалы, 他不是学生 *Ол студент емес* деген сөйлемнің алдымен тұрлаулы мүшелерін талдасақ, 他是学生 *Ол студент* болады да, сөйлемнің ішкі мағынасы өзгеріп кетеді;

3) бұл әдіс тек жай сөйлемді талдауға қолданылады, құрмалас сөйлем мен күрделі синтаксистік тұтастықты талдауға келмейді.


Қос бөлшектер әдісі Американың дескриптивтік лингвистикасында бұл әдіс immediate constituent analysis, қысқаша IC analysis деп аталады. Оны ең алғаш ұсынған L.Bloomfield (Л.Блумфельд) болатын. Ол ағылшын тіліндегі immediate components (тікелей құрамдар) терминін тілдік құрылымдарды талдауға қолданады. Тікелей құрамдар (immediate components) туралы түсінікті ғалым мынадай мысалмен дәлелдейді: *Poor John ran away* (*Бейшара Джон қашып кетті*) [98, 196 б.].



Бұл сөйлем тікелей екі құрамға бөлінеді: *Poor John* және *ran away*. Бұлардың әрқайсысы тікелей екі құрамға бөлінеді.

Қытай тілінде қолданылып жүрген қос бөлшектер әдісі американың дескриптивтік лингвистикасынан енген. Бірақ бұл екі әдістің ұқсамайтын тұстары бар:

Immediate constituent analysis тек бөлуге ғана назар аударады, яғни әр қабаттағы тікелей бірігетін құрамдарды көрсетумен ғана шектеледі де, тікелей құрамдар арасындағы грамматикалық байланыстарды көрсетпейді. Мысалы:




Мұнда, A1 мен A2 – A-ның тікелей бірігетін құрамдарды, A11 мен A12 – A1-дің тікелей бірігетін құрамдарды, A21 мен A22 – A2-нің

тікелей бірігетін құрамдарды болып табылады. Ал қытай тіліндегі қос бөлшектер әдісі бөлуге де, грамматикалық байланыстарды көрсетуге де назар аударады. Мұның себебі: үндіеуропа тілдерінде, мысалы, ағылшын тілінде сөз таптары мен синтаксистік мүшелер, негізінен, сәйкес келеді, ал қытай тілінде сөз түрлендіруші формалар тапшы, сөз таптары мен синтаксистік мүшелердің арасындағы байланыс біршама күрделі. Белгілі бір сөз табына тән сөздер әр түрлі сөйлем мүшесінің қызметін атқара алады. Сондықтан қытай тілінде тек сөз таптары мен қабаттар арқылы құрылымдық байланыстарды айқындау қиын [99, 86-95 бб.].


Ch.C.Fries (Ч.С.Фриз) «Ағылшын тілінің құрылымы» деген еңбегінде былай деп жазады: “Ағылшын тілінде бір құрылымдық қабаттың әрқашанда екі құрамы (component) болады. Әрине, әрбір құрам бірнеше единицалардан құралады, бірақ ұқсас бір қабаттағы тіке бірігетін құрамдар (immediate components) әр қашанда екеу болады” [100, 264 б.].

Қос бөлшектер әдісі сөйлемді сөзге дейін талдайды, әр жолы талданған екі сөз тікелей тіркесетін құрамдар деп аталады. Мысалы, саты бойынша тіркескен ABCD сөйлемін (ABCD әр біреуі бір сөзге бара-бар) талдасақ, тұтас сөйлем алдымен ABC және D деген екі құрамға бөлінеді, ABC құрамы AB және C деген екі құрамға, ал AB құрамы A және B деген екі құрамға бөлінеді. Бұл сөйлемді схемамаен көрсетсек:




Қос бөлшектер әдісі арқылы қытай тіліндегі көп қабатты сөз тіркесін (күрделі сөз тіркесі) талдауға болады. Көп қабатты сөз тіркесін талдаудың мазмұны екі түрлі: бірі – құрылымдық қабаттарын талдау, екіншісі – құрылымдық байланыстарын көрсету. Көп қабатты сөз тіркесін талдаудың екі түрлі әдісі бар:

1) Үлкенінен кішісіне қарай, сөз тіркесінің қабаттарын екіге бөліп отырып, сөзге дейін талдау әдісі. Мысалы:



2) Кішісінен үлкеніне қарай сатылап талдау әдісі. Мысалы:



Қазақ тіліндегі сөз тіркесін талдау мен қытай тіліндегі сөз тіркесін талдау ұқсамайды.

Қазақ тілінде синтаксистік талдау көп жағдайда морфологиялық талдаумен қабаттаса жүргізіледі. Мәселен, сөз тіркесін өткенде, алдымен тіркестің құрамына енген сөздердің қай грамматикалық формада тұрғаны айтылады, одан ары олардың байланысу тәсілі де морфологиялық форма арқылы түсіндіріледі [101, 49 б.].

Енді жеке сөйлемдер алып, оның құрамындағы сөз тіркесін бөліп алып, әр қайсысының тіркесу тәсілін айқындайық:

1. *Бюроға қатысқан мамандардың көпшілігі Байжанның ұсынысын қолдады* (С.Мұқанов).

1) *көпшілігі қолдады* – жіктік жалғауы арқылы байланысқан, бірақ сөз тіркесі емес, субъектілік-предикаттық қатынастағы байланыс

2) *бюроға қатысқан* – барыс септік жалғауы арқылы байланысқан етістікті сөз тіркесі

3) *қатысқан мамандардың* – орын тәртібі арқылы байланысқан есімді сөз тіркесі

4) *мамандардың көпшілігі* – ілік септік жалғауы мен тәуелдік септік жалғауы арқылы байланысқан есімді сөз тіркесі

5) *Байжанның ұсынысы* – ілік септік жалғауы мен тәуелдік септік жалғауы арқылы байланысқан есімді сөз тіркесі

6) *ұсынысын қолдады* – табыс септік жалғауы арқылы байланысқан етістікті сөз тіркесі.

2. *Абай құлынишақтың сабырлы сықағына қызығып күліп жіберді* (М.Әуезов).

1) *Абай күліп жіберді* – предикаттық қатынастағы сөйлем, сөз тіркесі емес. 3-жақ жіктік жалғауы арқылы қиысқан

2) *Құлынишақтың сабырлы сықағына* – ілік септік жалғауы мен тәуелдік септік жалғауы арқылы байланысқан есімді сөз тіркесі


3) *қызығып күліп жіберді* – көсемшенің жұрнақтары арқылы байланысқан етістікті күрделі сөз тіркесі.

Қытай тіліндегі сөз тіркесін талдағанда, негізінен, сөйлем ішіндегі сөз тіркестері талданады. Сөйлем ішіндегі сөз тіркестері – нақтылы сөйлемдерге талдау жасау арқылы алынған сөз тіркестері. Мысалы, 他的妹妹明年上大学 *Оның қарындасы келер жылы университетте оқиды.* 他 的 -ның/-нің, 妹妹 қарындас, 明年 келер жылы, 上 оқу, 大学 университет. Бұл сөйлемді кемінде екі сөз тіркесіне талдауға болады: 他的妹妹 *Оның қарындасы* – анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі, 明年上大学 *келер жылы университет оқу* – пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі. Қытай тіліндегі сөйлемдердің басым көпшілігі сөз тіркестерінің өзара бірігуінен не сатылы түрде келу арқылы жасалады.

Қытай тіліндегі жоғарыдағы тіркесті қазақ тіліндегі талдау үлгісімен талдауға болмайды:

1. 妹妹上 (*қарындасы оқиды*) – бастауыш-баяндауышты тіркес.
2. 他的妹妹 (*оның қарындасы*) – анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі.
3. 明年上 (*келер жылы оқиды*) – пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі.
4. 上大学 (*университет оқиды*) – толықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі.

Біздің ойымызша, мұның себебі қытай тілінде сөздерді байланыстыратын жалғаулар (тәуелдік, жіктік және септік жалғаулары) жоқ, сондықтан сөздер бір-бірімен сатылана байланысады. Осы сөйлемді қос бөлшектер әдісімен былай талдау керек:



Ескере кететін жайт, предикативті құрылымдар қытай тілінде сөз тіркесі ретінде қаралады. Бастауыш-баяндауышты сөз тіркестерінің қытай тілінде болуы қытай тілі сияқты сөз түрлендіруші формалары өте аз тілдердің табиғатына тән елеулі өзгешелік болып табылады. Қытай тілінде бастауыш пен баяндауыш тек орын тәртібі арқылы байланысады. Бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі тиянақты интонациямен айтылса немесе сөйлем соңынан келетін демеуліктер қосылса, ол құрылым сөйлемге айналады.

Қос бөлшектер әдісінің оңтайлы тұстары мен кемшін жақтары:

Оңтайлы тұстары: сөйлемнің құрылымдық қабаты мен грамматикалық байланысын анық байқауға болады, әсіресе, кейбір екі-үшті құрылымдардың құрылымдық қабаты мен грамматикалық байланыстарын осы әдіспен анық ажыратуға болады. Мысалы, 这张照片放大了一点儿 деген сөйлемді қос бөлшектер әдісімен талдасақ:

A. 这 张 照 片 放 大 了 一 点 儿

S	P
P	Comp

B. 这 张 照 片 放 大 了 一 点 儿

S	P
P	Comp

А сөйлемнің мағынасы – *сурет онша үлкейтілген жоқ*, В сөйлемнің мағынасы – *сурет өте үлкейтілген*.

Егер бұл сөйлемді талдауда сөйлем мүшелері бойынша талдау әдісін қолдансақ, сөйлемнің екі-үшті мағыналығын аңғара алмаймыз. Мейлі А мағынаны білдірсін, мейлі В мағынаны білдірсін, сөйлем былай талданады:

(这张) 照片 放 <大> 了 <一点儿>

Бұл әдістің ең үлкен кемшілігі – қытай тіліндегі екі-үшті мағыналы құрылымдарды талдай алмайды. Сондықтан қытай тіл біліміне қос бөлшектер әдісін енгізу қажет болды. Қос бөлшектер әдісін пайдалану синтаксистік талдаудың талабынан туындаған.

Кемшін тұстары:

1) салаласа байланысқан құрылымды талдауға болмайды;

2) сөйлемді талдағанда тек жалаң сатыны ғана көрсетеді, тікелей бірігетін құрамдар арасындағы құрылымдық байланысқа талдау жасамайтындықтан, тікелей құрамдар арасындағы құрылымдық байланыс пен құрылымдық жақтағы ерекшеліктерді түсіну қиын.

Мысалы:

A. 他 是 老 师

B. 他 去 学 校 了

А сөйлем мен В сөйлемнің құрылымдық сатысы ұқсас, алайда тікелей бірігетін құрамдар арасындағы құрылымдық байланыс ұқсамайды.

3) сөйлемнің құрылымдық модельдерін айқындау қиынға соғады т.б.

Қытай тіліндегі сөйлем мүшелерін талдау әдісі мен қос бөлшектер әдісінің басты айырмашылықтарын мына жақтан байқауға болады:

1) екі әдісте де бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш және толықтырғыш деген мүшелер бар, бірақ олардың білдіретін мағыналары әр түрлі. Сөйлем мүшелерін талдау әдісінде сөйлем мүшелерін, қос бөлшектер әдісінде құрылым мүшелерін (结构成分) меңзейді;


2) сөйлем мүшелерін талдау әдісінде тек сөздер ғана сөйлем мүшелері бола алады, ал сөз тіркестері сөйлем мүшелері бола алмайды, қос бөлшектер әдісінде барлық сөз тіркестері сөйлем мүшесі бола алады;

3) сөйлем мүшелерін талдау әдісінде сөйлем сөзге дейін талданады, ал қос бөлшектер әдісінде сөйлем морфемаларға дейін талданады.


Қытай тіліндегі көп қабатты сөз тіркесін талдаудың мазмұны екі түрлі: бірі – құрылымдық қабаттарын талдау, екіншісі – құрылымдық байланыстарын көрсету.

Көп қабатты сөз тіркесін талдаудың екі түрлі әдісі бар:

а) кішісінен үлкеніне қарай саты бойынша талдау. Мысалы:



ә) үлкенінен кішісіне қарай, сөз тіркесінің қабаттарын екіге бөліп отырып, сөзге дейін талдаймыз. Мысалы:



2 ҚЫТАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ СӨЗ ТІРКЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ТҮРЛЕРІ МЕН МАҒЫНАСЫ

Қытай тіл білімінде қалыптасқан дәстүр бойынша толық мағыналы сөздердің тіркесінен жасалған сөз тіркесі құрылымына қарай 主谓短语, 联合短语, 偏正短语, 谓宾短语 және 谓补短语 болып 5 түрге бөлінеді. Сөз тіркесін бұлай топтастыру ешқандай талас тудырмайды. Тек олардың қытайша аталуында бірізділік жоқ.

Қытай тіліндегі сөз тіркесінің аттары қазақ тіліне әртүрлі аударылып жүр.

主谓短语 қазақ тіліне, негізінен, бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі деп аударылып жүр. Кейде предикативті сөз тіркесі болып та аударылады.

Қытай тілінде 谓宾短语 -ды 动宾短语, 述宾短语 деп те атайды. Сондықтан бұл сөз тіркесі баяндауыш-толықтауышты сөз тіркесі, етістік-толықтауышты сөз тіркесі деп аударылады.

谓补短语 қытай тіл білімінде 动补短语, 述补短语, 中补短语, 后补短语, 补充短语 болып әртүрлі аталады. Бұл сөз тіркесі қазақ тіліне етістік-толықтырғышты сөз тіркесі, баяндауыш-толықтырғыштық сөз тіркесі, баяндауыш-толықтырғыш мүшелі сөз тіркесі, өзекті сөз-толықтырғышты сөз тіркесі, етістік-толықтамалы тіркес немесе толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесі болып түрлі-түрлі аударылып жүр. Біз бұл тіркесті толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесі деп атаймыз.

偏正短语 қазақ тіліне “сабақтас тіркес” болып аударылып жүр.

Қытай тіліндегі бұл сөз тіркесі екі сыңардан құралады. Алдыңғы сыңары – айқындауыш сөз, соңғы сыңары – ұйытқы сөз. Екі сыңар арасында айқындауыш-айқындалғыш (анықтауыштық немесе пысықтауыштық) қатынас болады. Қытай тілінде қалыптасқан дәстүр бойынша бұл сөз тіркесі өз ішінен анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі (定中短语) және пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі (状中短语) болып екі түрге бөлінеді.

Бұл тіркестің қазақ тіліне “сабақтас тіркес” деп аударылуының себебі қазақ тіліндегі “сабақтас тіркеске” (яғни сабақтаса байланысқан сөз тіркесі) ұқсатудан келіп шықса керек. Біздің пікірімізше, 偏正短语 атауына “сабақтас тіркес” дәлме-дәл балама бола алмайды. Себебі қазақ тілінде сабақтаса байланысқан сөз тіркесі анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі, пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі

және толықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі болып үшке бөлінеді. Ал қытай тілінде *偏正短语* анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі және пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі болып екіге бөлінеді. Ал толықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі (*动宾短语*) жеке сөз тіркесі ретінде қарастырылады. Біз *偏正短语*-дың жоғарыдағы айтылған ерекшеліктерін ескере отырып, аталған сөз тіркесін “*бағыныңқы-басыңқылы сөз тіркесі*” деп аударуды ұсынамыз.

Зерттеу жұмысында қытай тіліндегі бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі (предикативті сөз тіркесі), толықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі, анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі, пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі және толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркестерін ғана қарастырамыз. Ал қазақ тіліндегі толықтауыштық, анықтауыштық және пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері ғана біздің зерттеу нысанымызға жатады. Салаласа байланысқан сөз тіркестері және толық мағыналы сөздер мен көмекші сөздердің тіркестері біздің зерттеу нысанымызға кірмейді.

Қытай тілінде сөз тіркесі құрамында да, сөйлем құрамында да бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш және толықтырғыш деген мүшелер бар, бірақ сөз тіркесінің құрамындағы мүшелер сөйлем мүшелеріне (*句子成分*) ұқсамайды, олар қытай тіл білімінде сөз тіркесінің құрылымдық мүшелері (*短语的结构成分*) деп аталады.

Қазақ тілінің дәстүрлі грамматикасында сөз тіркестері сөз таптарының негізінде топтастырылады. Басыңқы сыңарлардың қандай сөз табынан екендігі негізге алынып, қазақ тіліндегі сөз тіркестері есімді және етістікті сөз тіркестері деген үлкен екі топқа бөлінеді. Тіркескен сөздер анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық қатынаста жұмсалатындығын ескере отырып, оларды толықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі, анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі, пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі деп үшке саралаймыз.

Қазақ тілінде, әдетте, сөз тіркестерінің терминдері өз алдына, сөйлем мүшелерінің терминдері өзара бір-біріне қатыссыз қолданылып келсе, кейде сөз тіркестерінде сөйлем мүшелерінің элементтері араласып келе береді [18, 92 б.].

Біздің қарастырып отырған толықтауыштық, анықтауыштық және пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері дегенде негізінен сөз тіркестерінің мәселесі басым болады да, сөйлем мүшесіне қатысты терминдер оларға көмекшілік қызметте жұмсалады.

Қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің сыңарларын таңбалауда қолданылатын символдар:

N — есім, есім сөздер
S — зат есім
Adj — сын есім
Num — сан есім
Pron — есімдік
N_{2, 3, 4, 5, 6, 7} — септелген есімдер
S_{2, 3, 4, 5, 6, 7} — септелген зат есім
N_(ш) — шылау тіркескен есім сөз
V_{(f) pass} — жіктелген етістік
Inf — тұйық етістік/инфинитив
V_(ec) — есімше
V_(kc) — көсемше
Adv — үстеу
Adv_(lok) — мекен үстеу
Adv_(temp) — мезгіл үстеу
Adv_(mod) — қимыл-сын үстеу
V_(copl) — көмекші етістік
N_(copl) — көмекші есім
S_(тәу) — тәуелденген зат есім
Ш — шылау
O + V — толықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі
C + V — пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі
A + N — анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі

Қытай тіліндегі сөз тіркестерінің сыңарларын таңбалауда қолданылатын символдар:

S_(shi) — қимыл иесі зат есім
Adj — сын есім
V — етістік
Num — сан есім
Pron — есімдік
S_(shou) — меңгерілуші зат есім
S_(gongju) — құралдық зат есім
S_(shijian) — мезгілдік зат есім
M — мөлшер сөз
S + P — бастауыш-баяндауыштық сөз тіркесі
V + O — толықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі
Ad + KW — пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі

At + KW — анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі

P + O — предлогты сөз тіркесі

M + N — мөлшер сөзді сөз тіркесі

2.1 Қытай тіліндегі бастауыш-баяндауышты сөз тіркестері

Бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінің ерекшелігі.

Қытай тіліндегі бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі (предикативті сөз тіркесі) бастауыш және баяндауыш деп аталатын екі мүшеден құралады. Бастауыш пен баяндауыш арасында предикаттық қатынас болады.

Қытай тіліндегі бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінің құрамындағы бастауыш пен баяндауышты бір-бірімен байланыстыратын жалғаулар жоқ, олар тек орын тәртібі арқылы байланысады. Мысалы, 水平高 [shuiping gao] *деңгей-і жоғары*, 头发黑 [toufa hei] *шаш-ы қара*, 阿衣古丽说 [Ayiguli shuo] *Айгул айту*, 他们来 [tamen lai] *олар келу*.

Ілгерідегі сөз тіркестерінің алдыңғы екеуі “*зат есім – сын есім*” болып құралған тіркестер, олар қазақ тіліндегі үйрлі анықтауыштармен сәйкес келеді, ал соңғы екеуі “*субъектіге қатысты зат есім – етістік*”, “*есімдік – етістік*” болып құралған тіркестер, олар қазақ тіліндегі бастауыш-баяндауыш құрылымды сөйлемдермен сәйкес келеді.

Қытай тіліндегі бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінің ең басты грамматикалық ерекшеліктері мынадай:

1) бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінің соңынан тыныс белгілері қойылып, тиянақты интонациямен айтылса немесе сөйлемнің соңынан келетін демеулік шылаулар қосылып айтылса, бастауыш-баяндауыш құрылым сөйлемге айналады. Мысалы: 你去吗? [Ni qu ma?] *Сен барасың ба?* 他们来了。 [Tamen lai le] *Олар келді.* 他聪明。 [Ta songming] *Ол ақылды;*

2) бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі сөйлемнің әртүрлі мүшесі бола алады;

3) бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінің бастауышы алдында, баяндауышы соңында тұрады, олардың орындарын ауыстыруға болмайды.

В.И.Горелов бұл тіркес туралы: “Предметно-качественные (субстанивно-квалификативные) словосочетания, выражающие отношения органической (частичной) квалификации предмета: 脾气古怪的老头儿 piqi guguai d laotour *чудаковатый старик*

(нрав странный – старик), 品行端正的人 pinxing duanzheng d ren *добропорядочный человек* (поведение пристойное – человек), 身材中等的男子 shencai zhongdeng d nanz *мужчина среднего роста* (рост средний – мужина).

В этих словосочетаниях зависимый компонент является слитным словосочетанием, содержащим характеристику одного из свойств человека” [52, 106 б.].

Бірақ біз бұл пікірмен келіспейміз. Себебі, автордың айтып отырған “Предметно-качественные словосочетания”, яғни зат есім мен сын есімнен құралған бұл сөз тіркестері тек адамның қасиетін білдірумен шектеліп қалмайтын сияқты. Мысалы: 工业发达 [gongye fada] *өнеркәсібі дамыған*, 资源丰富 [ziyuan fengfu] *байлығы мол*, 价格便宜 [jiage pianyu] *бағасы арзан*, 质量好 [zhiliang hao] *сапасы жақсы*.

Автордың айтып отырған тіркестері – зат есім мен сын есімнен жасалған бастауыш-баяндауышты тіркестер.

1956 жылы жасалған «Уақытша жүйеде» кеңес тіл білімінің эсерімен қытай тіліндегі жай сөйлемдер қос құрамды (双部句) және бір құрамды (单部句) сөйлемдер деп бөлінген. 1984 жылы жасалған «Бағдарламада» жай сөйлем басқаша жіктелген. Онда қытай тілінің грамматикалық ерекшеліктері ескеріліп, жай сөйлемдер бастауыш-баяндауыш құрылымды (主谓句), бастауыш-баяндауыш құрылымды емес сөйлемдер (非主谓句) деп жіктелген. Бастауыш-баяндауыш құрылымды сөйлем өз ішінде есімді, етістікті, сын есімді және баяндауышы бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінен жасалған сөйлем (主谓谓语句) болып бөлінген. Қазір қытай тіл білімінде “қос құрамды” және “бір құрамды” деген терминдер қолданыстан қалған.

Қытай тілінде баяндауышы бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінен жасалған сөйлемнің болуы үндіеуропа тілдерімен салыстырғанда, өте маңызды ерекшеліктердің бірі болып саналады [12, 32 б.].

Е.И.Шутова «Синтаксис современного китайского языка» еңбегінде бұл сөйлем туралы: “...последовательно осуществляется принцип выделения членов предложения на основании формального принципа порядка слов (дальнейший отход от традиционной морфолого-семантической трактовки членов предложения). В связи с этим отменяются формулировки типа “вынесения дополнения” соответствующие языковые факты трактуются или как сказуемое, выраженное подлежащно-сказуемостной синтаксической группой или как обстоятельство, выраженное предложной группой” [102, 17 б.].

Баяндауышы бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінен жасалған сөйлем орыс тіліне “предложения с конструкцией “подлежащее – сказуемое” в качестве сказуемого” деп аударылып жүр [103, 181 б.].

Енді баяндауышы бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінен жасалған сөйлемге (ары қарай ББСС) арнайы тоқталайық.

ББСС-ның баяндауыш мүшесі, әдетте, тұтас сөйлемнің бастауышының қимылын, қасиетін, белгісін көрсетеді. ББСС-ны талдауға оңай болу үшін, қытай тіл білімінде қалыптасқан дәстүр бойынша тұтас сөйлемнің бастауышы негізгі бастауыш, ал баяндауыш қызметін атқаратын бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінің құрамындағы бастауыш қосалқы бастауыш, баяндауыш қосалқы баяндауыш деп аталады. Мысалы: 我 || 头疼。 [Wo || touteng] (*Менің басым ауырды. Сөзбе-сөз: Мен бас ауыру*). Бұл сөйлемнің құрамындағы 我 (мен) – негізгі бастауыш, яғни тұтас сөйлемнің бастауышы болады, ал 头 (*бас*) – сөйлемнің қосалқы бастауышы, 疼 (*ауыру*) – сөйлемнің қосалқы баяндауышы болып тұр.

Негізгі бастауыш пен қосалқы бастауыштың арасындағы байланыстарға қарай ББСС төмендегідей бірнеше түрге бөлінеді:

1. Негізгі бастауыш пен қосалқы бастауыштың арасында кең мағынадағы меншіктілік қатынас болады. Мысалы:

她 || 性格温和。 [Ta || xingge wenhe] (*Оның мінезі жұмсақ. Сөзбе-сөз: Ол мінез жұмсақ*).

她 || 身体很健康。 [Ta || shenti jiankang] (*Оның денсаулығы жақсы. Сөзбе-сөз: Ол денсаулық жақсы*).

Мұндай сөйлемдердің құрамындағы негізгі бастауыш пен қосалқы бастауыштың арасында меншіктілік қатынас болатындықтан, әдетте, 的 шылауын (的 – анықтауыштың белгісі) жұмсауға болады. Мысалы, екінші мысалды 她的身体很健康, – деп, 的-ны қосып айтуға болады. Осы екі сөйлемнің білдіретін мағыналары да ұқсас, бірақ 的 жұмсалғаннан кейін сөйлемнің құрылымдық байланысы өзгереді. Яғни 她 (*ол*) анықтауыш мүшеге, ал 身体 (*дене*) тұтас сөйлемнің бастауыш мүшесіне өзгереді де, тұтас сөйлем “анықтауыш – бастауыш – баяндауыш” типті сөйлемге өзгереді.

2. Негізгі бастауыш қимыл-әрекеттің объектісі, ал қосалқы бастауыш қимыл-әрекеттің иесі (субъектісі) болады. Мысалы:

这件事 || 我知道。 [Zhe jianshi || wo bu zhidao] (*Бұл істі мен білемін. Сөзбе-сөз: Бұл іс мен білу*).

自己的事 || 自己办。 [Ziji de shi || ziji ban] (*Өз ісінді өзі істе. Сөзбе-сөз: Өз іс-ің өзі істеу*).

3. Негізгі бастауыш қимыл-әрекеттің иесі (субъектісі), қосалқы бастауыш – қимыл-әрекеттің объектісі. Мысалы:

我 || 任何困难都不怕。[Wo || renhe kunnan dou bu pa] (*Мен ешқандай қиыншылықтан қорықпаймын. Сөзбе-сөз: Мен ешқандай қиыншылық қорықпау*).

他 || 一口水都不喝。[Ta || yi kou shui dou bu he] (*Ол бір ұрттам су да ішпеді. Сөзбе-сөз: Ол бір ұрттам су да ішпеу*).

4. Негізгі бастауыш пен қосалқы бастауыштың арасында айқындауыш-анықталушы қатынас болады. Айқындауыш қызметінде сілтеу есімдіктері, жіктеу есімдіктері жұмсалады. Мысалы:

一个边防军人, || 他时刻准备着为边关奉献一切。[Yige bianfang junren || ta shike zhunbei zhe wei bian'guan fengxian yiqie] (*Шекарашы болғандықтан ол шекара заставаcы үшін бәрін беруге әрқашан дайын. Сөзбе-сөз: Бір шекарашы, ол әрқашан дайын шекара застава үшін арнау бәрін*).

祖国, || 这是一个神圣的名字。[Zuguo || zheshi yige shensheng de mingzi] (*Отан деген қасиетті есім. Сөзбе-сөз: Отан – бұл қасиетті есім*).

Бірінші сөйлемнің құрамындағы қосалқы бастауыш 他 (ол) негізгі бастауыш 军人-ды айқындап тұрса, екінші сөйлемнің құрамындағы қосалқы бастауыш 这 (бұл) негізгі бастауыш 祖国-ны айқындап тұр.

5. Негізгі бастауыштың алдында “туралы, жөнінде, жайында” деген мағына жасырын тұрады. Егер негізгі бастауышқа 对于, 关于, 对 (туралы, жөнінде, жайында) деген предлогтар жұмсалса, онда негізгі бастауыш сөйлемнің басында тұратын пысықтауыш мүшеге айналады. Мысалы: (关于) 这件事 || 我们不知道。[[Guanyu) zhe jian shi || women bu zhidao] (*Бұл іс туралы біз білмейміз. Сөзбе-сөз: Туралы бұл іс біз білмеу*).

Бірқатар сөйлемдердің қосалқы бастауышы баяндауыш-толықтауышты сөз тіркестерінен болады да, негізгі бастауышпен предикаттық қатынаста айтылады. Мысалы:

他 || 做事认真。[Ta || zuo shi renzhen] (*Ол жұмысты тиянақты істейді. Сөзбе-сөз: Ол жұмыс істеу тиянақты*).

你 || 说话清楚。[Ni || shuohua qingchu] (*Сенің сөзің ұғынықты. Сөзбе-сөз: Сен сөз сөйлеу ұғынықты*).

Жоғарыда мысал ретінде келтірілген баяндауышы бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінен жасалған сөйлемдердің құрамындағы қосалқы баяндауыштар – етістік немесе сын есімдер, бұлардан басқа,

қосалқы баяндауыштары зат есімдерден жасалған сөйлемдер де бар. Мұндай сөйлемдер ауызекі тілде жиі ұшырайды. Мысалы: 苹果 || 一公斤五元。 [Pingguo || yì gōngjīn wū yuán] (*Алманың бір келісі бес юан. Сөзбе-сөз: Алма бір келі бес юан*).

Қытай тілінде бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі мен бастауыш-баяндауыш құрылымды сөйлемнің құрылысы сырттай қарағанда ұқсас. Бірақ олардың бір-бірінен айырмашылықтары бар:

1) бастауыш-баяндауыш құрылымды сөйлемде интонация болады, ал бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінде интонация болмайды;

2) бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі сөйлемнің белгілі бір мүшесі бола алады: 鸡叫的时候, 我起床了。 [Jī jiào de shíhòu, wǒ qǐchuáng le] *Әтеш шақырған кезде ояндым*. Осы сөйлемнің құрамындағы 鸡叫 [jī jiào] *әтеш шақыру* деген бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі тұтас күйінде сөйлемнің анықтауышы болып тұр. 他身体健康。 [Tā shēntǐ jiànkāng] Сөзбе-сөз аударғанда: *Ол денсаулық жақсы. (Оның денсаулығы жақсы)*. Осы сөйлемнің құрамындағы 身体健康 [shēntǐ jiànkāng] *денсаулығы жақсы* деген бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі сөйлемнің баяндауыш қызметін атқарып тұр;

3) бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі кейде бастауыш-баяндауыш құрылымды емес сөйлемдердің құрамында белгілі бір сөйлем мүшесінің қызметін де атқара алады. Мысалы: 禁止机动车同行 [Jìnzhǐ jīdòngchē tóngxíng] *Мәшинелердің жүруіне болмайды* деген сөйлемнің құрамындағы 机动车同行 [jīdòngchē tóngxíng] *мәшине жүру* деген бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі сөйлемнің толықтауыш қызметін атқарып тұр;

4) белгілі бір тілдік ортада бастауыш-баяндауыш құрылымды сөйлемдердің құрамындағы бастауыш пен баяндауыштардың орындарын ауыстыруға болады. Бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінің құрамындағы бастауыш пен баяндауыштардың орындары тұрақты, өзгертуге болмайды, егер орындарын ауыстырсақ, сөз тіркестерінің білдіретін грамматикалық қатынастары мен грамматикалық мағыналары бүтіндей өзгереді. Мысалы, 天气好 [tiānqì hǎo] *ауа райы жақсы* – бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі, предикаттық қатынас. 好天气 [hǎo tiānqì] *жақсы ауа райы* – қабыса байланысқан анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі.

Бастауыш-баяндауышты сөз тіркестерінің жасалу жолдары мен мағынасы. Бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінің жасалу жолдары туралы мектеп және жоғары оқу орындарына арналған еңбектердің барлығында айтылады.

Бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінің бастауышы, көбінесе, зат есім, есімдік, сан есім және есімді сөз тіркестерінен, ал баяндауышы, көбінесе, етістік, сын есім немесе сын есімді, етістікті сөз тіркестерінен болады.

Бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі негізінен мынадай жолдармен жасалады:

1. “Зат есім — етістік” болып құралған сөз тіркесі:

学生上山[xuesheng shang shan] *студенттер тауға шықты.*

2. “Зат есім — сын есім” болып құралған сөз тіркесі:

天气晴朗[tianqi qinglang] *күн райы ашық.*

3. “Есімдік — сын есім” болып құралған сөз тіркесі:

她聪明[ta songming] *ол ақылды.*

4. “Есімдік — етістік” болып құралған сөз тіркесі:

她来[ta lai] *ол келу.*

5. “Сын есім — сын есім” болып құралған сөз тіркесі:

诚实好[chengshi hao] *адалдық жақсы.*

Ескере кететін жайт: 诚实 [chengshi] *адалдық* – сын есім болады, ол қазақ тіліне дерексіз зат есім болып аударылады.

6. “Етістік — сын есім” болып құралған сөз тіркесі:

种花很难[zhong hua hen nan] *гүл егу қиын.*

7. “Зат есім — сан-мөлшер сөз тіркесі” болып құралған сөз тіркесі:

建筑面积一万平方米[jianzhu mianji yiwanz pingfangmi]

құрылыс аумағы он мың шаршы метр.

8. “Сын есім — етістік” болып құралған сөз тіркесі:

虚心使人进步[xuxin shi ren jinbu]

кішіпейілділік адамды алға бастырады.

Ескере кететін жайт: 虚心 [xuxin] *кішіпейілділік* – сын есім болады, ол қазақ тіліне зат есім болып аударылады.

9. “Зат есім – зат есім” болып құралған сөз тіркесі. Зат есім баяндауыш болғанда, тек датаны (жыл, ай, күн), мезгілді, бағаны, ауа райын, адамның жас мөлшерін, туған жерін т.б. білдіреді:

今天星期天[jintian xingqitian] *бүгін жексенбі*

她十八岁[ta shi ba sui] *ол он сегізде*

安娜英国人[Anna yingguoren] *Анна – британдық*

今天晴天[jintian qingtian] *бүгін күн ашық.*

Бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінің құрамындағы бастауыш пен баяндауыштың арасында белгілі семантикалық байланыс болады. Бұл сөз тіркесі мынадай мағыналық қатынаста жұмсалады:

1. Қимыл иесі мен қимыл-әрекет арасындағы қатынасты білдіреді.

Құрылымдық модельдері:

S_(shi) + V (қимыл иесі зат есім + етістік); Pron + V (есімдік + етістік).

Мысалы:

她做作业 [ta zuo zuoye] *ол тапсырма орындайды.*

我给他的书在哪儿? [Wo gei ta de shu zai nar?]

Мен оған берген кітап қайда?

Бұл сөйлемнің құрамындағы 我 [wo] мен сөзі – қимыл иесі, 给 [gei]

беру – қимыл-әрекет.

2. Меңгерілуші мен меңгеруші арасындағы қатынас.

Құрылымдық моделі: S_(shou) + V (меңгерілуші зат есім + меңгеретін етістік). Мысалы:

那个衣服被撕破的人走了 [nage yifu bei si po de ren zou le]

Киімі жыртылған адам кетіп қалды.

Бұл сөйлемнің құрамындағы 衣服 [yifu] *киім* сөзі – меңгерілуші, 撕 [si]

жырту – қимыл-әрекет, меңгеруші.

花种得好 [hua zhong de hao] *Гүл жақсы өсірілгені.*

Бұл сөйлемнің құрамындағы 花 гүл сөзі – меңгерілуші, 种 өсіру –

қимыл-әрекет.

3. Іс-әрекетке құрал болған субъектіні білдіреді. Мысалы:

Құрылымдық моделі: S_(gongju) + V (зат есім + етістік).

刀砍的痕迹 [dao kan de henji] *пышақ кескеннен қалған тыртық.*

4. Субъект зат пен оның сындық, сандық сапасының, күйінің қатынасын білдіреді. Мысалы:

Құрылымдық моделі: S + Adj, Pron + Adj, S + (M – N). Мысалы:

他高高的个儿 [ta gaogao de ger] *оның бойы ұзын (ұзын бойлы).*

天气晴朗 [tianqi qinglang] *Ауа райы ашық.*

一间房子两盏灯 [yi jian fangzi yi zhan deng] *Бір үйде екі шырақ бар.*

Бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінің синтаксистік қызметі:

1956 жылы жасалған «Уақытша жүйеде» бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінің сөйлем мүшесі бола алатындығы айтылған. Міне, сол кезден күні бүгінге дейін бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі сөйлем мүшесі бола алатындығы туралы пікір қытай тіл білімінде әбден қалыптасып орнықты.

Т.П.Задоевко, Хуан Шуин «Основы китайского языка» атты оқулықта бастауыш-баяндауышты сөз тіркесін “бастауыш-баяндауышты

синтаксистік комплекс” деп атап, олар баяндауыш қызметін атқара алады дей келе, дәлел ретінде мынадай мысалдар келтіреді: 这位教师工作经验很丰富。[Zhe wei jiaoshi gongzuo jingyan hen fengfu]: У этого преподавателя богатый опыт работы (букв. Этот преподаватель – опыт работы богатый). 这个足球运动员反应特别快。[Zhege zuqiu yundongyuan fanying tebie kuai] У этого футболиста реакция особенно быстрая [104, 559 б.].

В.И.Горелов бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінің сөйлемде анықтауыштың қызметін атқара алатындығын айтады [105, 140 б.].

Бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі сөйлемнің барлық мүшесінің қызметін атқара алады:

1) бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі сөйлемде баяндауыш қызметінде келеді:

她个子高。Оның бойы ұзын. (Сөзбе-сөз: Ол бой-ы ұзын).

哈萨克斯坦资源丰富。Қазақстанның байлығы мол. (Сөзбе-сөз: Қазақстан байлық мол).

Мұндай сөз тіркестері қазақ тіліне аударылғанда, тұтас сөйлемнің бастауышы анықтауыш болады.

2) бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі сөйлемде анықтауыш болады:

中国是历史悠久、文化丰富的国家。Қытай – тарихы ұзақ, мәдениеті бай мемлекет.

你来的目的是什么? Сенің келгендегі мақсатың не? (Сөзбе-сөз: Сен келу мақсат не?).

Бұлар анықтауыш болғанда, 的 шылауы міндетті түрде жұмсалады. Бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі сөйлемде анықтауыш қызметінде келгенде, қазақ тіліне үйірлі анықтауыш болып аударылады.

3) бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі сөйлемде толықтауыш қызметін атқарады:

我知道他要来 Мен оның келетінін білемін. (Сөзбе-сөз: Мен білу ол келу).

我知道谁也说服不了他 Оны ешкім де көндіре алмайтынын мен білемін. (Сөзбе-сөз: Мен білу ешкім де көндіре алмау ол).

4) бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі бастауыш қызметін атқарады: 他知道就好了。Ол білсе жақсы болар еді. (Сөзбе-сөз: Ол білу жақсы болу).

5) бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі сөйлемде тек күшейткіш толықтырғыш қызметін ғана атқара алады:

她哭得眼睛都红了。Жылай-жылай көзі қызырып кетті.

Бұлар толықтырғыш болғанда, 得 шылауы міндетті түрде жұмсалады. Қазақ тілінде толықтырғыш жоқ, сондықтан толықтырғыш мүше, көбінесе, пысықтауыш болып аударылады.

б) бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі пысықтауыш қызметін атқарады:

她头也不回地跑回家去。 Ол артына қарамастан үйіне қарай жүгіріп кетті.

Пысықтауыш қызметін атқарғанда, 地 шылауы міндетті түрде жұмсалады.

Қазақ тілінде өз алдына сөйлем түрінде бастауыш пен баяндауыштың байланысы синтаксистік сөз тіркесінің қатарына жатпайды, мұндайда ол сөйлем болып табылады. Бұл туралы жоғарыда айтылды.

2.2 Қазақ тіліндегі үйірлі мүшелер және олардың синтаксистік қызметі

Қазақ тіліндегі үйірлі мүшелердің байланысу формалары, жасалу жолдары т.б. заңдылықтары бар. Олар сөйлеу барысында жасалатындықтан қатып қалған тіркес емес, олардың құрамындағы сөздердің орнын алмастырып, еркін тіркесте айтуға болады. Үйірлі мүшелердің жасалу жолдарын ашып көрсетудің теориялық та практикалық мәні зор.

Т.Қордабаев үйірлі мүшелер туралы: “Синтаксис мәселелері ішінде өз алдына жеке сөз етуге тұрарлық, көлемі және санымен бірге, ерекше маңызы бар мәселенің бірі – үйірлі мүше жөніндегі мәселе. Олай дейтініміз, синтаксис саласында күні бүгінге дейін талас туғызып келе жатқан бірсыпыра мәселелердің, әсіресе, жай сөйлем мен құрмалас сөйлемді, үйірлі мүше мен күрделі мүшені бір-бірінен ажыратудың бір ұшы осы үйірлі мүшеде жатыр. Сондықтан үйірлі мүшенің дұрыс шешілуі – синтаксис мәселесіндегі кейбір түйінді шешуге мүмкіндік береді” [106, 149 б.]. Міне, бұдан үйірлі мүшелерді зерттеу – қазақ тіл білімі үшін әрі өзекті, әрі қажетті мәселе екендігін аңғаруға болады.

Үйірлі мүшелерді арнайы зерттеген ғалым Қ.Шәукенұлы «Синтаксис» деген оқулығында үйірлі мүшелер жөнінде былай дейді: “Үйірлі мүшелердің өз табиғаты бар, ең бастысы олар неше сөзден тұрсада сөйлемнің бір ғана мүшесі қызметін атқарады....үйірлі мүшелер тіліміздегі бес мүшеге де сай келеді және олардың қырық шамалы жасалу жолдары анықталған еді. Бұл арадағы әңгіме сөйлем мүшесі туралы емес, сол мүшенің сөз тіркесіне талдану қабілетін тілімізге орнықтыра түсу болмақ. Сондықтан біз алдын ала айтайық.

Үйірлі мүшелер өз ішінен сөз тіркесіне ажыратылады” [66, 18 б.].

Үйірлі мүшелер туралы С.Жиенбаев, С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, Т.Қордабаев, М.Балақаев, Ш.Сарыбаев, Қ.Шәукенов, Ғ.Әбуханов, Қ.Есенов және т.б. ғалымдар оқулық көлемінде де, жеке мақала көлемінде де құнды еңбектер жазғаны белгілі.

Қ.Шәукенов «Үйірлі мүшелер, оларды оқыту методикасы» атты оқу құралын шығарды.

Қазақ тіл білімінде үйірлі мүшелер жайында екі жақты пікір орын алып келді. Бір қатар ғалымдар (С.Жиенбаев, Н.Сауранбаев т.б.) үйірлі мүшелерді бағыныңқы сөйлем деп таныса, енді бір қатары (С.Аманжолов, Т.Қордабаев, М.Балақаев, Қ.Шәукенұлы, Ғ.Әбуханов, Қ.Есенов т.б.) – мұны жай сөйлемнің бір мүшесі ретінде қарастырады. Соңғы кезде үйірлі мүшелер жай сөйлем синтаксисінде қаралып жүр.

Үйірлі мүшелердің анықтамасы туралы ғалымдар көзқарасы арасында бірізділік жоқ.

С.Жиенбаев 1941 жылы жариялаған «Синтаксис мәселелері» еңбегінде үйірлі мүшесі бар сөйлемді сабақтас құрмалас тобына қосады. “Біздің үйірлі мүше деп жүргеніміз – бәз-баяғы бағыныңқы сөйлем” дегенді айтады [107, 16-17 бб.].

С.Аманжолов: “Сөйлемнің бір мүшесі сияқты, бір сұрауға жауап беретіндей болып тіркескен, бірақ әрқайсысы бөлек мүше есебінде талдауға келетін сөздердің тобын үйірлі мүше дейміз”, – деп анықтайды [108, 138 б.]. Автор үйірлі мүшелерде бастауыштың болу, болмауы шарт емес деп біледі.

Т.Қордабаев: “Өз ішінде бастауыш, баяндауышқа және басқа да мүшелерге жіктеле алатын, өзі байланысатын сөзінен интонация арқылы бөлінбей, бір ғана сұрауға жауап болып, күрделі бір ғана мүшенің қызметін атқаратын сөздер тіркесі деген анықтама берілу керек”, – дейді [106, 157 б.]. Автор “үйірлі мүшелердің құрамында бастауыш, баяндауыш боларлық сөздер бар тіркестер ғана саналу керек. Егер құрамында бастауыш, баяндауыш боларлық сөздер болмаса, ондай тіркес үйірлі мүше бола алмайды” дегенді ерекше айтады.

Ғ.Әбуханов үйірлі мүшеге: “Сөйлемнің күрделі мүшесі сияқты бір сөзбен байланысып, бір сұраққа жауап беретіндей тіркескен, бірақ тіркестегі сөздер өзара жеке сөйлем мүшесі ретінде талдауға келетін синтаксистік топ үйірлі мүше деп аталады” – деген анықтама береді [109, 233 б.].

Қ.Шәукемов «Үйірлі мүшелер, оларды оқыту методикасы» деген еңбегінде “Үйірлі мүше болуда көпшілік жағдайда субъект-предикаттық белгінің болатыны рас. Бірақ, бірқатар жағдайда үйірлі мүше болу үшін субъектінің қажет болмайтынын ескерген дұрыс... Үйірлі мүше болу үшін тек қана субъект-предикаттық ыңғайда тұруы шарт емес”; “Үйірлі мүшенің “субъектсіз” түрі тек қана есімшеге үйірілген сөздер тізбегінде кездеседі де, қалған жағдайларда үйірлі мүше субъект-предикаттық ыңғайда болады” дегендерді айтады [110, 46 б.].

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында дайындалған «Қазақ грамматикасы» атты академиялық грамматикада: “Үйірлі мүшені құрайтын сөздер өз алдына предикатты бірлік болатын бастауыш-баяндауышқа бөлінетін жай сөйлем құрамдас болып келеді. Мұндай “жай сөйлемнің” баяндауышы есім сөз таптары, есімдік және есімше болады, – дейді [17, 660 б.].

Ш.Бектұров, М.Серғалиев үйірлі мүшеге мынадай анықтама береді: “Сонымен, түгелдей алғанда, сөйлемнің бір ғана мүшесі бола алатын, бірақ өз ішінде шартты түрде бастауыш, баяндауыш және басқа сөйлем мүшелеріне талданатын сөздер тізбегін үйірлі мүше деп атайды” [111, 178 б.].

ҚХР Шыңжаң оқу-ағарту баспасынан шыққан «Қазіргі қазақ тілінде» үйірлі мүшеге мынадай анықтама берілген: “Сөйлемнің күрделі мүшесі сияқты бір сөзбен байланысып, бір сұраққа жауап беретіндей тіркескен, бірақ тіркестегі сөздер өзара жеке сөйлем мүшесі ретінде талдауға келетін синтаксистік топ үйірлі мүше деп аталады” – дей келе, мынадай мысалдар келтіреді: *Қазіргі кезде, партияның оқу-ағарту бағытын дәйектілендіруге бел байлаған, жаңалық жаратуға батыл оқушыларды көптеп жетістіру керек. Қамшылар жақ құлағында қисық ені бар, аяғына шідер салынған, жарату торы ат өзен жағасында жайылып тұр.* Осы мысалдардағы асты сызылған сөздерді үйірлі мүшелер деп таниды [58, 277 б.].

Бұл – Ғ.Әбухановтың үйірлі мүшелерге берген анықтамасы. Шыңжаң оқу-ағарту баспасынан шыққан осы оқулықта “сөйлемнің күрделі мүшесі” деген категория мүлде жоқ. Күрделі мүше мен үйірлі мүшелер бір-бірімен шатастырылған. Алдыңғы мысалдың құрамындағы асты сызылған сөздер тіркесі – күрделі мүшелер, ал соңғы мысалдың құрамындағы “*қамшылар жақ құлағында қисық ені бар*” деген сөздер тіркесі ғана үйірлі мүше болады.

Енді үйірлі мүшелердің құрылымдық модельдері мен сөйлемдегі синтаксистік қызметтерін талдап көрейік.

Үйірлі мүшелер сөйлемнің бастауыш, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш және баяндауыш қызметін атқара алады.

Үйірлі бастауыш

I. N + V_(ес) (Атау тұлғалы есім + есімше) моделі.

Мысалы: *Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық аздырар адам баласын* (Абай).

II. S_{III} + Adj (Тәуелдік жалғауының III жағындағы зат есім + сын есім) моделі.

Мысалы, *Жүрісі жаман жығады, жүгірісі жақсы ынтығады* (Мақал).

III. N_{III} + бар, жоқ, көп, аз (Тәуелдік жалғауының III жағындағы зат есім + бар, жоқ, көп, аз сөздері) моделі.

Мысалы: *Ұяты жоқ, ары жоқ жан қадірін білер ме* (Жамбыл).

Көлігі барлар дайындалсын (Ғ.Мұстафин).

Мұндай құрылымдар бастауыш қызметін еркін атқара алады.

Үйірлі баяндауыш

Үйірлі баяндауыш үйірлі мүшенің басқа түрлеріне қарағанда сирек ұшырасады.

Уайым ер қорғаны есі барлық, Қиыны бұл дүниенің қолы тарлық (Абай).

Prop_(j) + V_(-ғандай/-гендей) (Жіктеу есімдігі + *-ғандай/-гендей* жұрнақтары жалғанған етістік) моделі.

Мұндай үйірлі баяндауыштар салыстыру мағынасын білдіреді. Мысалы:

Есіркеп тұратын үйдің іші сіз көргендей емес (С.Мұқанов).

Үйірлі толықтауыш

S_(тәу) + N_{3,4,5} (Тәуелденген зат есім + табыс, барыс, шығыс жалғаулы сөздер) моделі. Мысалы:

Ұлың өссе, ұлы үлгілілермен ауылдас бол; қызың өссе, қызы үлгілілермен ауылдас бол (Мақал).

Түсі жылыдан түңілме (Мақал).

Үйірлі анықтауыш

Г.Байтугаева өзінің «Сложно-определительные конструкции (развернутые определения) в современном казахском языке» деген кандидаттық диссертациясында үйірлі анықтауыштардың үш түрлі жасалу жолын көрсетеді де, бірінші типіне есімше категориясын,

екінші типіне *бар, жоқ, көп, аз* сөздерін, үшінші типіне *деген* есімшелі көмекші етістігінің байланыстырушылық қызметін алады [10].

Үйірлі анықтауыштардың жасалу жолдары мұнымен шектелмейді. Олардың жасалу жолдарын мысалдар арқылы талдап көрейік:

I. $S_{III} + V_{(ec)}$ (Есім + өткен шақтық есімше) моделі. Мысалы:

Жолаушылар қозылары жаңа жамыраған, иттері үріп шулаған, құлындары шиңгірлеп кісінеген, көп үнді, даңғаза болған ауылдың үстіне шықты (М.Әуезов).

II. $S_{III} + V_{(ec)}$ (Есім + келер шақтық есімше) моделі. Мысалы:

*Ақыл керек, іс керек, мінез керек, **Ері ұялар** іс қылмас болса керек* (Абай).

***Жолы болар** жігіттің жеңгесі шығар алдынан* (Мақал).

III. $N_{III} + V_{(ec)}$ (Есім сөз + ауыспалы шақтық есімше) моделі.

Мысалы:

Осы қаланың шетінен елдің көп керуені түсіп жүретін жұпыны гана қора-жай салып алған (М. Әуезов).

IV. $N (copI) + Adj$ немесе S (Тәуелдік жалғаулының III жағындағы көмекші есімдер + сын есім немесе зат есім) моделі. Мысалы:

***Іші алтын, сырты күміс** сөз жақсысын Қазақтың келістірер қай баласы* (Абай). *Олар **асты тақтай** үйде тұрады.*

V. $S_{III} + бар, жоқ, көп, аз$ (Тәуелдік жалғалының III жағындағы зат есім + *бар, жоқ, көп, аз* сөздері) моделі. Мысалы:

***Анасы бар** адамдар ешқашан қартаймайды.*

***Ары бар, ұяты бар** үлкенге сен,*

Өзі зордың болады иығы зор (Абай).

***Бейнеті көп, берекесі аз** өміріміздің шыны осы, Абай аға* (М.Әуезов).

VI. $S_{III} + Adj$ (Зат есім + сын есім немесе туынды сын есім) моделі.

Мысалы:

*Лапшин – жасы отыздың ішінде, жауырыны қақпақтай, арықтау, **мінезі ауыр, түсі суық, шикіл сары жігіт** екен* (Ғ.Мұстафин). ***Қолы қайратты** жігіттер біздің ауылда баршылық.*

Үйірлі мүше анықтауыш болғанда, соңғы сөз тұлғасы не атау түрде, не ілік жалғаулы түрде келеді. Мысалы:

*Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы, **Аласы аз** қара көз нұр жайнайды* (Абай).

***Қызы бардың** назы бар* (Мақал).

Үйірлі мүше анықтауыш қызметінде басқа мүшелердің қай-қайсысынан болса да көп кездеседі.

«Қазақ грамматикасында»: “Осындай құрылымдардың бастауыштан кейін өнімді қолданылатын мүшесі – анықтауыш. Өйткені үйірлі мүшенің екінші сыңары көбінесе сын есім болып келеді. Бірінші сыңары зат есім, жіктік, өздік есімдіктері болады да, олар түбір күйінде не тәуелдік жалғауының, көбінесе, III жағында айтылады”, – дейді [17, 660 б.]. Автор үйірлі анықтауыштың жасалуында есімшенің екінші сыңарда жұмсалуын сөз етпейді. С.Жиенбаев, Ш.Сарыбаев, О.Күлкенова сынды бірқатар ғалымдар да есімшенің екінші сыңарда жұмсалу ерекшелігін ескермейді. Н.Сауранбаев құрамында бастауыштық сөзі бар есімшелі тіркестерді үйірлі мүше деп санамайды. Ғ.Әбуханов керісінше үйірлі мүшенің жасалуында екінші сыңарда тек есімшенің жұмсалуын ғана айтады.

Үйірлі пысықтауыш

I. S + V_(ке) (-е,-а,-и) (Зат есім + көсемше) моделі.

Мысалы, *Біз ауылға таң ата жеттік.*

II. N + (бар, жоқ, көп, аз)₆ (Есім сөздері + жатыс септіктігінде келген бар, жоқ, көп, аз сөздері) моделі.

Мысалы, *Есің барда еліңді тап* (Мақал).

III. S_{III} + V_(ес) (Есім + есімше) моделі.

Мысалы, *Ол сен кетерде келді.*

IV. S + V_(ес) (кезде, уақытта) (Зат есім + кезде, уақытта есімшелері) моделі.

Мысалы, *Мұндай кездер жауын-шашын айыққан кезде ғана кездеседі.*

Қазақ тілін зерттеуші қытай ғалымдары қазақ тіліндегі үйірлі мүшелерді қытай тіліндегі бастауыш-баяндауышты сөз тіркесімен шатастырып жүр.

Чын Янян қытай тілінде де, қазақ тілінде де бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі бар дей келе, бұған дәлел ретінде *сурет анық; қылмысы айгілі; көз аясы кең* деген үш мысалды келтіреді [57, 213 б.].

У Жіңфыңның редакциясымен шыққан «Қытай және қазақ тілдерін салғастыра зерттеу» деген ұжымдық еңбекте авторлар: “...қытай тілінде де, қазақ тілінде де бастауыш-баяндауыштық сөз тіркесі бар, бастауыш алдында, баяндауыш соңында тұрады, олардың арасына, әдетте, көмекші сөздер қолданылмайды. Қытай және қазақ тілдеріндегі бастауыш-баяндауыштық сөз тіркесінің бастауышы, әдетте, зат есім, есімдік немесе оларға сәйкес келетін тіркестерден жасалады. Мысалы:

立场坚定 (*майданы берік*), 眼睛明亮 (*көзі өткір*), 态度和谐 (*позициясы сыпайы*). Қытай және қазақ тілдеріндегі бастауыш-баяндауыштық сөз тіркесінің баяндауышы мезгілдік зат есімдерден жасалады: 今天星期三 (*бүгін сәрсенбі*), 明天是五月七日 (*ертең бесінші айға жеті*), – дейді [59, 205 б.].

Бұл арададағы “мезгілдік зат есімдер” дегенді былай түсіндіруге болады: қытай тілінде қалыптасқан дәстүр бойынша зат есімдер өз ішінен мезгілдік зат есім және мекендік зат есім болып екі түрге бөлінеді. Мезгілдік зат есім қазақ тіліндегі “мезгілдік үстеумен” сәйкес келеді. Қазақ тіліндегі бастауыш-баяндауыштық сөз тіркесі деп отырған *майданы берік, көзі өткір, позициясы сыпайы* дегендері – үйірлі мүшелер. *Бүгін сәрсенбі* сөз тіркесі емес, сөйлем болады. Ескере кететін жайт: 明天是五月七日 (*Ертең бесінші айға жеті*) (дұрысы: *Ертең мамырдың жетісі*) деген мысал – қытай тілінде сөз тіркесі емес, керісінше сөйлем, яғни бастауыш пен баяндауышы есімнен жасалған жай сөйлем.

Сонымен, авторлар қазақ тіліндегі сөз тіркесі мен сөйлемнің аражігін ажырата алмай, оларды бір-бірімен араластырып жіберген. Олардың айтып отырған “бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі” – қазақ тіл білімінде бұрыннан айтылып келе жатқан үйірлі мүшелер, оның ішінде үйірлі анықтауыштар, ал кейбірі – жай сөйлемдер.

2.3 Қытай және қазақ тілдеріндегі толықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері

Қытай тіліндегі толықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі

Толықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі екі тілде де бар. Бірақ олардың елеулі айырмашылықтары бар:

1) Қытай тіліндегі толықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерінің басыңқы сыңары алдында, бағыныңқы сыңары соңында тұрады, ал қазақ тіліндегі толықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңары басыңқы сыңарының алдында тұрады. Қытай тіліндегі толықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерінің моделі: V + O, қазақ тіліндегі толықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерінің моделі: O + V.

2) Қытай тіліндегі толықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерінің құрамындағы сыңарлар тек қана орын тәртібі арқылы байланысады, оларды бір-бірімен байланыстыратын синтетикалық тәсілдер, яғни септік жалғаулары жоқ. Қазақ тіліндегі толықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерінің құрамындағы сыңарлар өзара табыс, шығыс, барыс, жатыс және көмектес септік жалғаулары арқылы байланысады.

Қытай тіліндегі толықтауыштық қатынастағы сөз тіркесінің (动宾短语, 述宾短语, 谓宾短语) бағыныңқы сыңары мен басыңқы сыңары арасында меңгеру-меңгерілу қатынасы болады:

我买了一本词典。 [Wo mai le yiben cidian]

Мен бір сөздік сатып алдым.

她明年去中国。 [Ta mingnian qu Zhongguo]

Ол келесі жылы Қытайға барады.

她每天锻炼身体。 [Ta meitian duanlian shenti]

Ол күнде дене шынықтырады.

Толықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерінің жасалу жолдары мен мағынасы.

Толықтауыштық қатынастағы сөз тіркесінің (баяндауыш-толықтауышты сөз тіркесі) құрамындағы баяндауыш (ұйытқы сөз, 中心语), көбінесе, етістік немесе етістікті сөз тіркестерінен болады, ал толықтауыш, көбінесе, зат есім, есімдік, сын есім, етістіктер және сан-мөлшер сөз тіркесінен болады.

Қытай тіліндегі толықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі, негізінен, мынадай жолдармен жасалады:

1. “Етістік – зат есім” болып құралған сөз тіркесі:

想家 [xiang jia] үйін сағыну.

2. “Етістік – есімдік” болып құралған сөз тіркесі:

找你 [zhao ni] сені іздеу.

3. “Етістік – етістік” болып құралған сөз тіркесі:

喜欢游泳 [xihuan youyong] жүзуді ұнату.

爱开玩笑 [ai kaiwanxiao] қалжыңдағанды ұнату (қалжыңбас).

“Етістік – етістік” болып құралған сөз тіркесінің құрамындағы бағыныңқы сыңарды меңгеретін етістіктерге мыналар жатады:

1) тұжырымдау мағынасын білдіретін 是 [shi] етістігі.

Ескере кететін жайт: Қытай тілінде қалыптасқан дәстүр бойынша 是 етістіктің қатарына жатады. Ол тұжырымдау етістігі (判断动词) деп аталады. 是 етістігі, негізінен, бастауыштың кім, не екенін, заттың қасиетін, сипатын білдіреді. Қытай тілінде бастауыш пен баяндауышты байланыстыратын жіктік жалғау жоқ, сондықтан есімді сөйлемнің құрамындағы бастауыш пен баяндауышты байланыстыру қызметін 是 етістігі атқарады. Бұл – оның қосымша қызметі. Мысалы:

1) 他是老师 [Ta shi laoshi] Ол – оқытушы.

Бұл сөйлемде 是 – баяндауыш, ол бастауыштың кім екенін білдіріп тұр, сонымен бірге, 是 бастауыш пен баяндауышты бір-бірімен байланыстырып тұр.

Орыс тілінде ондай есімді сөйлемдер көбінесе *есть* деген байланыстырушы арқылы айтылады: *Я есть студент.*

2) 这孩子是黄头发 [Zhe haizi shi huang toufa] Бұл баланың шашы сары (Сөзбе-сөз: Бұл бала – сары шаш).

Бұл сөйлемде 是 баяндауыштың қызметін атқарады.

2) кісінің психикалық күйін білдіретін етістіктер: 渴望[kewang] аңсау, 打算[dasuan] жоспарлау, 希望[xiawang] армандау, 感到[gandao] сезіну, 想[xiang] ойлау, 怕[pa] қорқу, 知道[zhidao] білу, 觉得[juede] ойлау, 愿意[yuanyi] қалау, келісу т.б.

3) кісінің позициясын (пікірін) білдіретін етістіктер: 禁止[jinzhǐ] тиым салу, 争取[zhengqu] қолға келтіру, 保证[baozheng] кепілдік беру, 重视[zhongshi] мән беру, 反对[fandui] қарсы болу, 欢迎[huanying] қарсы алу, 赞成[zancheng] қолдау, 提倡[tichang] дәріптеу т.б.

4) іс-қимылды білдіретін етістіктер: 学习[xuexi] үйрену, 提出[tichu] ортаға қою, 表示[biaoshi] білдіру, 请求[qingqiu] өтіну, сұрау; талап ету, 坚持[jianchi] табанды болу, қайтпау т.б.

5) басталу, созылу, аяқталу мағынасын білдіретін етістіктер: 开始[kaishi] бастау, 继续[jixu] жалғастыру, 结束[jieshu] аяқталу, 停止[tingzhi] тоқтау т.б.

4. “Етістік – сын есім” болып құралған сөз тіркесі:

喜欢漂亮[xihuan piaoliang] сұлулықты ұнату.

不怕苦[bu pa ku] қиыншылықтан қорықпау.

Сын есімдерден болған толықтауышты меңгеретін етістіктерге кісінің психикалық сезімін білдіретін сөздер жатады: 感觉[ganjue] сезіну, 认为[renwei] ойлау, есептеу, 觉得[juede] сезіну, ойлау, 显得[xiande] көріну, сезілу, 怕[pa] қорқу т.б.

5. “Етістік – сан-мөлшер” болып құралған сөз тіркесі:

送一个[song yi ge] бір данасын беру.

Баяндауыш пен толықтауыштың арасындағы меңгеру-меңгерілу байланысы әртүрлі, олардың арасындағы мағыналық байланысты өте тар мағынадан түсінуге болмайды [113, 129 б.].

V + O моделінің түрлері мен білдіретін мағыналарын былайша көрсетуге болады:

I. V + S_(shou) моделі. Мысалы: 擦窗户[ca chuanguhu] терезе сүрту.

V + Pron моделі. Мысалы: 批评他[piping ta] оны сынау.

V + Adj моделі. Мысалы: 喜欢整洁 [xihuan zhengjie]
тазалыққа үйір.

V + V моделі. Мысалы: 喜欢打球 [xihuan daqiu] *доп ойнауды ұнату.*

V + M + N моделі. Мысалы: 买一本 [mai yi ben] *бір данасын сатып алу.*

Бұл көрсетілген сөз тіркестері модельдерінің жалпы мағынасы: объектілік қатынасты білдіреді, яғни толықтауыш қимылдың, іс-әрекеттің объектісі болған затты атайды.

II. V + S (Етістік + зат есім)

Қимылдың, іс-әрекеттің нәтижесін көрсетеді:

盖房子 [gai fangzi] *үй салу.*

III. V_(quxiang) + S (Етістік + зат есім)

Іс-әрекеттің мекенін (бағытын, беталысын) білдіреді:

去学校 [qu xuexiao] *мектепке бару.*

住宿舍 [zhu sushe] *жатақханада тұру.*

IV. Толықтауыш іс-әрекетке құрал, амал болған объектіні атайды:

写毛笔 [xie maibi] *қылқаламмен жазу.*

吃大碗 [chi da wan] *үлкен кесемен тамақ жеу.*

V. V + S_(shi). Толықтауыш қимыл, іс-әрекеттің иесін білдіреді, яғни толықтауыш пайда болған, жоғалған не бар адамдарды, заттарды атайды:

住客人 [zhu keren] *қонақтар жатыр.*

少了一本书 [shao le yi ben shu] *бір кітап жоғалды.*

挂着牌子 [gua zhe paizi] *маңдайша жазу ілулі тұр.*

死了父亲 [si le fuqin] *әкесі қайтыс болды.*

多了一个人 [duo le yi ge ren] *бір адамға көбейді.*

Бұл көрсетілген V + S_(shi) моделі қазақ тіліндегі S + V моделімен сәйкес келеді.

Қытай тілі грамматикасы бойынша жазылған еңбектерде толықтауышты меңгеруші толықтауыш (S_(shi)), меңгерілуші толықтауыш (S_(shou)), нәтиже толықтауыш деп бөліп жүр. Толықтауышты бұлай жіктеу қытай тіл білімінде орнығып қалыптасты.

Толықтауыштық қатынастағы сөз тіркесінің синтаксистік қызметі:

1. Толықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі етістікті сөз тіркесі болғандықтан, сөйлемде, көбінесе, баяндауыш қызметін атқарады:

你上学吗? *Сен сабақ оқисың ба?*

2. Толықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі сөйлемде бастауыш болады:

吸烟对身体有害。 *Темекі тарту денсаулыққа зиян.*

Ескере кететін жайт: 吸烟 (темекі тарту) қытай тілінде сөз тіркесі болады, қазақшаға аударылғанда, ол күрделі сөзге өзгереді.

3. Толықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі сөйлемде толықтауыш қызметін атқарады:

我朋友喜欢踢足球。 *Менің досым доп тепкенді жақсы көреді.*

4. Толықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі сөйлемде анықтауыш болады:

在商场买东西的人很多。 *Дүкенде зат сатып алушылар өте көп.*

Толықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі анықтауыш болғанда, 的 міндетті түрде жұмсалады.

5. Толықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі сөйлемде пысықтауыш қызметін атқарады:

他忘我地工作着。 *Ол аянбай еңбек етуде.*

Толықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі пысықтауыш болғанда, 地 міндетті түрде жұмсалады.

6. Толықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі толықтырғыш қызметін де атқара алады:

你说得有道理。 *Сенің айтқан сөзің орынды.*

Толықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі толықтырғыш болғанда, 得 міндетті түрде жұмсалады.

Қазақ тіліндегі толықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі

Қазақ тіліндегі толықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі толықтауыштық қатынастағы етістікті және есімді сөз тіркесі болып екіге бөлінеді.

Толықтауыштық қатынастағы етістікті сөз тіркесі

Толықтауыштық қатынастағы етістікті сөз тіркесінің байланысу формасы – меңгеру. Меңгеру негізінде етістіктерге тән, сондықтан да етістіктердің меңгеру қабілеті есімдермен салыстырғанда әлдеқайда мол [19, 40 б.].

Етістіктермен меңгеріле байланысып, әр түрлі қарым-қатынаста жұмсалатын бағыныңқы сөздердің қатарына зат есім, есімдіктер және заттанған сын есімдер, сан есімдер, есімшелер жатады.

Бағыныңқы сөздер, яғни етістіктермен тіркесетін сөздер табыс, шығыс, барыс, жатыс және көмектес септік жалғаулары арқылы меңгеріледі.

Р.Әміров бағыныңқы сөздер табыс, шығыс, барыс, жатыс және көмектес септік формалар арқылы немесе септеулік шылаулар арқылы меңгерілетіндігін айтса, М.Серғалиев олардың қатарына көмекші сөздерді де қосады.

М.Балақаев меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркесін бағыныңқы сөздің тұлғасына қарай 5 түрге бөледі: 1) табыс жалғаулы сөз тіркесі; 2) барыс жалғаулы сөз тіркесі; 3) шығыс жалғаулы сөзтіркесі; 4) жатыс жалғаулы сөз тіркесі; 5)көмектес жалғаулы сөз тіркесі [6, 70-71 бб.].

Енді осыларға жеке-жеке тоқталайық.

Табыс жалғаулы сөз тіркесі: құрылымдық моделі – $O_4 + V$.

Табыс септіктегі сөзді керек ететін етістіктер – сабақты етістіктер: *кітапты оқыды, кірді жуды*. Салт етістіктер өзгелік етіс формасына ауысқанда олар да табыс септік сөзді меңгере алатын болады: *ойна – баланы ойнатты, толды – шелекті толтырды, қанды – сусынын қандырды* [16, 31-32 бб.].

$O_4 + V$ моделінің құрылымдық парадигмасының модельдері:

1. $S_4 + V$ моделі. Мысалы: *тапсырманы орындау*.

2. $Pron_4 + V$ моделі. Мысалы: *оны қорқыту, мұны көрді*.

3. $Adj_4 + V$ моделі. Мысалы: *әдемісін алды*.

4. $V_{(ec)4} + V$ моделі. Мысалы: *көргенді айту*.

5. $Num + V$ моделі. Мысалы: *біреуін алды*

$O_4 + V$ моделі тобықтауыштық (объектілік) қатынаста жұмсалады, яғни бағыныңқы сөз қимылдың, іс-әрекеттің объектісі болған затты атайды.

Қазақ тіліндегі $O_4 + V$ моделімен сәйкес келетін қытай тіліндегі модельдер:

Қазақ тіліндегі $O_4 + V$	Қытай тіліндегі $V + O$
$S_4 + V$	$V + S_{(shou)}$
$Pron_4 + V$	$V + Pron$
$Adj_4 + V$	$V + Adj$
$V_{(ec)4} + V$	$V + V$
$Num + V$	$V + (M + N)$

Қазақ тіліндегі $O_4 + V$ моделі мен қытай тіліндегі $V + O$ моделінің айырмашылықтары:

1) байланысу тәсілдері ұқсамайды: қазақ тілінде табыс жалғауы арқылы байланысады, қытай тілінде орын тәртібі арқылы байланысады;

2) қазақ тілінде сын есімдер, сан есімдер субстантивтенген жағдайда ғана меңгеріледі;

3) қытай тілінде сын есім етістіктермен орын тәртібі арқылы тіркеседі, ал сан есімдер етістіктермен тікелей тіркесе алмайды, сан есімдер ең алдымен мөлшер сөздермен тіркес құрайды да, сол түйдегімен етістіктермен тіркеседі.

Қытай тілінде септік жалғаулары жоқ. Қытай тіліндегі предлогтар қазақ тіліндегі кейбір септік жалғауларымен мағына жағынан ұқсас келеді. Алайда предлогтарды септеуліктермен бір тұрғыдан қарауға келмейді. Қытай тілінде олар дербес сөз табы ретінде қаралады. Предлогтар сөз бен сөздерді байланыстыру қызметін атқармайды. Олар толық мағыналы сөз не сөз тіркестерімен тіркесіп келіп, предлогты сөз тіркесін (介词短语) жасап, сөйлемде тек пысықтауыштың қызметін атқарады.

Табыс септігімен бара-бар келетін предлогтар мыналар: 把 [ba], 将 [jiang]. Бұл предлогтардың басты қызметі – есім сөздерімен тіркесіп келіп, іс-қимылдың негізі (объектісі) болатын зат пен құбылысты күшейтіп көрсету. Мысалы:

你把书给我。 [Ni ba shu gei wo] *Кітапты маған бер.*

你将书还给她。 [Ni jiang shu huan gei ta]

Сен кітапты оған қайтарып бер.

Бұлар қазақ тіліне толықтауыш болып аударылғанымен, қытай тілінде пысықтауыштың қызметін атқарады.

Барыс жалғаулы сөз тіркесі: құрылымдық моделі – $O_3 + V$.

Барыс септігі арқылы меңгерілетін бағыныңқы сөздер – зат есім, есімдік, сын есім, сан есім және есімшелер. Ал меңгеруші басыңқы етістік сөздердің көпшілігі күйді, қимылды, сезімді білдіретін салт етістіктерден болады.

$O_3 + V$ құрылымдық моделінің бастапқы мағынасы іс-әрекеттің бағытын білдіру. Мысалы: *ауылға қайтты, сыртқа шықты, маған берді.*

Барыс септігі жалғанған сөздер етістікті сөз тіркесінде объектілік және пысықтауыштық қатынасты білдіреді.

Объектілік қатынасты сөз тіркесі, негізінде, қимыл процесінің кімге, неге арналғандығын, бағытын, қандай затпен үстемеленгенін, қандай затпен түйіскенін, неге қамтылғанын білдіреді [68, 75 б.]. Мысалы: *Біздің ауылға келді, бақытқа кенелді, итке қаптырды, қызыл кітапқа енгізілді, жұмысқа алды* т.б.

Барыс септігі жалғанған сөздер етістіктердің пысықтауыштық қатынаста жұмсалуды туралы “пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесінде” тоқталамыз.

Н.Құрманова $O_3 + V$ моделінің ішкі парадигмасын олардың мағыналық қызметтеріне қарай былайша көрсетеді:

1. $S_3 + V$ – *ауылға асықты* – беталысты, бағытты көрсетеді.

2. $Num_3 + V$ – *мыңға алды* – заттың бағасын көрсетеді.

3. $S_3 + V$ – *сазға өспейді* – заттың орнын көрсетеді.
4. $V_{(ec)3} + V$ – *келмекке уәделесті* – істің міндетін көрсетеді.
5. $V_{(ec)3} + V$ – *мақтағанға қуанды* – істің себебін көрсетеді.
6. $S_3 + V$ – *балаға арнады* – арнау, ант-уәде, адресатты көрсетеді.
7. $Num_3 + V$ – *жиырмаға толды* – жас мөлшерін көрсетеді.
8. $V_{(ec)(тәуIII)3} + V: (S_{(тәуI)} + V)$ – *алатыныма көзім жетті* – істің, заттың дерегін білдіреді.

9. $Adj_{(subst)3} + cop1$ – *аларманға аз* – істің, заттың дерегін білдіреді.

10. $(Adj + S_3) + V_{(Inf)}$ – *негізгі мәселеге көшу* – тақырыптық объектіні білдіреді [39, 39 б.].

Қазақ тіліндегі барыс септікті сөз тіркесінің құрамындағы $S_3 + V$ моделі мен қытай тіліндегі беталысты, бағытты білдіретін $V_{(quxiang)} + S$ моделі сәйкес келеді. Ал қалған модельдер сәйкес келмейді. Олардың айырмашылығы:

1) байланысу тәсілдері ұқсамайды;

2) қазақ тіліндегі $S_3 + V$ моделінің ерекшелігі – бұл тіркесте салт және сабақты тіркестер бірін-бірі алмастырып қолданыла береді. Мысалы: $S_3 + V$ (*атқа мінді*) – $S_4 + V$ (*атта мінді*).

Барыс септігімен пара-пар келетін предлогтар мыналар: 到 [dao], 朝 [chao], 往 [wang], 向 [xiang], 对 [dui], 给 [gei].

Бұл топтағы предлогтар істің, қимылдың кімге, неге, қай жаққа бағытталғандығын білдіреді, яғни бағыт-бағдарды білдіреді:

到学校去 *мектепке бару.*

向前走 *алдыға жүру.*

往后退 *артқа шегіну.*

对他说 *оған айту.*

给他看看 *оған көрсетіші.*

Бұл топтағы предлогты тіркестер пысықтауыштың қызметін атқарады.

Шығыс жалғаулы сөз тіркесі: құрылымдық моделі – $O_6 + V$.

Шығыс септігі арқылы меңгерілетін бағыныңқы сөздер, көбінесе, зат есім, есімдік, қимыл есімі, сан есім және есімшелер. Ал меңгеруші басыңқы етістік сөздердің көпшілігі қимыл және қабылдау мәнді етістіктер болады.

Шығыс септігі жалғанған сөздерді етістіктер меңгеріп, олардың байланысынан толықтауыштық және пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі жасалады.

$O_6 + V$ моделіндегі толықтауыштық қатынасты сөз тіркесінің құрылымдық және мағыналық түрлері мынадай:

1. $N_6 + V$ моделі заттың, адамның белгісін білдіреді: *даусынан таныды.*

2. $N_6 + V$ моделі заттың неден істелгенін білдіреді: *Өнер білім бар жұрттар тастан сарай салғызды* (Ы.Алтынсарин).

3. $N_6 + V$ моделі бірдеңеден арылу, құтылу мағынасын білдіреді: *жамандықтан қашу, пәледен құтылу, өлімнен аман қалу* т.б.

4. $N_6 + V$ моделі мағлұматтың, қимыл-әрекеттің шығу көзін білдіреді: *кітаптан үйрену, жақсыдан өнеге алу, елден есту* т.б.

5. $N_6 + Adj$ моделі салыстырылатын затты көрсетеді: *балдай тәтті; бетенеден биік, жусаннан аласа* (Мақал).

6. $N_{(гәуш)6} + V$ моделі іс-қимылдың қандай объектінің маңында, төңірегінде болғандығын білдіреді: *басынан сипады, бетінен сүйді, жеңінен ұстады* т.б.

Қазақ тіліндегі шығыс септікті сөз тіркесінің құрамындағы $N_6 + V$ моделі мен қытай тіліндегі $V + S$ моделі сәйкес келмейді.

从[cong], 由[you] предлогтар шығыс септіктерімен сәйкес келеді. 从 предлогы істің, қимылдың кімге, неге, қай жаққа бағытталғандығын білдіреді:

从学校来[cong xuexiao lai] *мектептен келу.*

从胜利走向胜利[cong shengli zou xiang shengli]

жеңістен жеңіске жету.

代表团由三人组成[daibiaotuan you san ren zucheng]

делегация үш кісіден құралған.

Қытай тілінде мұндай предлогтар зат есімдермен тіркесіп келіп предлогты тіркес құрайды да, сөйлемде пысықтауыштың қызметін атқарады.

Жатыс жалғаулы сөз тіркесі: құрылымдық моделі – $O_5 + V$.

Жатыс септігі арқылы меңгерілетін бағыныңқы сөздердің қатарына, көбінесе, зат есім, сан есімдер жатады. Меңгеруші басыңқы етістік сөздердің көпшілігі заттың күйін білдіретін салт етістіктер.

Жатыс жалғаулы сөздердің толықтауыштық қатынаста жұмсалуды сирек кездеседі.

1. $N_5 + V$ моделі қимыл процесіне жанама объект болатын заттар мен нәрселерді атап көрсетеді:

Заңда көрсетілген әйел теңдігі есіңізде болар, Қожжеке (Мұқанов).

2. $N_5 + V$ моделі заттың, нәрсенің кімде екенін көрсетеді:

Он сегіз мың ғаламның Бар тынысы күнде тұр, Мен сықылды сорлы адамның Бқтияры сенде тұр (Абай).

Таста тамыр жоқ, тауда белдеу жоқ (Мақал).

Қытай тіліндегі 在[zai], 于[yu] предлогтары жатыс септіктерімен сәйкес келеді. Бұл предлогтар іс-қимылдың мекенін, орнын білдіреді:
她在北京学习 [ta zai Beijing xuexi] *Ол Бейжіңде оқиды.*

大会于阿拉木图举行 [dahui yu Alamutu juxing]

Жиналыс Алматыда өтеді.

Бұл топтағы предлогты тіркестер мекен пысықтауыш қызметін атқарады.

Қытай тіліндегі мекендік мәнді білдіретін 里[li] *иіі*, 上[shang] *үсті* сияқты сөздер де жатыс септігімен сәйкес келеді. Мысалы: 屋里[wu li] *үйде*, 夜里[ye li] *түнде*, 身上[shen shang] *үсті-басында*. Қытай тілінде мекендік мәнді білдіретін сөздер зат есімнің қатарында қарастырылады.

Көмектес жалғаулы сөз тіркесі: құрылымдық моделі – $O_7 + V$.

Көмектес септігі арқылы меңгерілетін бағыныңқы сыңарларда, көбінесе, зат есім мен есімдер жұмсалады. Басыңқы сыңарлары сабақты және салт етістіктерден болады.

Көмектес жалғауы арқылы жасалған толықтауыштық сөз тіркесінің мағыналық түрлері мынадай:

1. $N_7 + V$ және $N_7 + V_{(ec)}$ моделі мынадай мағыналарда жұмсалады:

а) құралдық мағынаны білдіреді: *қаламмен жазылды, компьютермен басылған, көзбен көріп, қолмен ұстады* т.б.

ә) материалдық мағынаны білдіреді: *алтынмен қапталған, ағашпен қоршады, қызыл бояумен сырланған* т.б.

3. $N_7 + V$ және $Pro_{n_7} + V$ моделі бірлестік мағынаны білдіреді: *студентермен сөйлесті, олармен ақылдасты* т.б.

4. $N_7 + V$ моделінің бір қатары іс-әрекеттің объектісі болатын затты атап көрсетеді: *Отпен ойнама – күйесің, сумен ойнама – батасың* (Мақал).

Көмектес септігіне сәйкес келетін предлогтар мыналар:

同[tong], 用[yong], 与[yu], 和[he], 跟[gen] т.б.

Бұл топтағы предлогтар іс-қимылдың құралын, амалын, бірлестік мағынаны білдіреді:

同群众商量 [tong qunzhong shangliang] *бұқарамен ақылдасу.*

用铅笔写 [yong qianbi xie] *қарындашпен жазу.*

与她商量 [yu ta shangliang] *онымен ақылдасу.*

跟他走 [gen ta zou] *онымен бірге кету.*

Бұл топтағы предлогты тіркестер пысықтауыштың қызметін атқарады.

Толықтауыштық қатынастағы есімді сөз тіркесі

Меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркесі сирек қолданылады және барлық есімдер бірдей ондай сөз тіркесінің меңгеруші сыңары бола алмайды.

Меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркесі екі топқа бөлінеді:

Сын есімді сөз тіркесі: құрылымдық моделі – O + Adj.

Басыңқы сыңар сын есімнен, ал бағыныңқы сыңар зат есім, есімше, есімдіктерден жасалады.

Р.Әміровтың пікірі бойынша O + Adj моделінің білдіретін мағыналарын былай көрсетуге болады:

а) $N_3 + Adj$ және $V_{(ec)} + Adj$ моделі. Бұл модель зат пен шаруаның арасындағы қатыстық байланысты білдіреді:

Сөзге шешен, жұмысқа шөгел, маған оңай, суыққа төзімді, шаруаға пысық, айтуға оңай, істеуге қиын т.б.

ә) $N_4 + Adj$ және $S_{(ec)4} + Adj$ моделі. Салыстыру, салғастыру мағынасын білдіреді. Мысалы:

Желден жүйрік, сенен сұлу, алтыннан қымбат, сауысқаннан сақ, таудан биік, қарадан жақсы.

Мың естігеннен бір көрген артық т.б.

б) $S_7 + Adj$ моделі. Амалдық қатынасты білдіреді:

Жақсы – ісімен жақсы.

Ас – иесімен тәтті.

Қыз қылығымен сүйкімді.

$N_4 + Adj$ және $S_{(ec)4} + Adj$ моделі қытай тіліндегі 比 [bi] + N + Adj құрылымына сәйкес келеді:

比生命还宝贵 [bi shengming hai baogui] өмірден де қымбат,

比你好 [bi ni hao] сенен жақсы. 比你高 [bi ni gao] сенен биік.

比 [bi] предлогы салыстыру, салғастыру мағынасын білдіреді.

Зат есімді сөз тіркесі: құрылымдық моделі – $N_{(3)} + S$.

Басыңқы сыңар зат есімнен, бағыныңқы сыңар есім сөздерден болады да, зат пен заттың арасындағы қатыстық байланысты білдіреді.

Мысалы:

Білгенге маржан, білмеске арзан, надандар баһра ала алмас (Абай).

Асқанға тосқан (Мақал).

2.4. Қытай және қазақ тілдеріндегі пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері

Қытай тіліндегі пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі

Пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері қытай тілінде де, қазақ тілінде де бар. Қытай тіліндегі пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерінің құрылымдық моделі: Ad + KW; ал қазақ тіліндегі құрылымдық моделі: C + V .

Қытай тіліндегі пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерінің құрамындағы сыңарлар екі түрлі жолмен байланысады: біріншісі – орын тәртібі; екіншісі – 地 [de] құрылымдық шылауы. Мысалы: 认真听 [renzhen ting] *көңіл қойып тыңдау*, 轻轻地走 [qingqing de zou] *ақырын жүру*.

Қытай тілінде сөз тіркесінің құрамындағы сөздерді байланыстыруға дәнекер болатын септік, тәуелдік, жіктік жалғаулары жоқ. 地 құрылымдық шылауы – пысықтауыштың грамматикалық көрсеткіші.

Қытай тілінде 地 құрылымдық шылауының қолданылуы ерекше. 地 кейде қолданылады, кейде қолданылмайды. Бұл мынадан көрінеді:

1. Қос буынды сын есімдер қосарланып келіп, пысықтауыш болғанда 地 қолданылады:

高高兴兴地上班, 平平安安地回家. [Gaogaoxingxing de shangban, pingping-an'an de hui jia]

Қуанышты көңіл күймен жұмысқа барып, аман-есен үйге оралу.

我们清清楚楚地记得分别的那一天。 [Wo qingqing-chuchu de jide fenbie de na yi tian] *Айырылысқан сол күн әлі ап-анық есімде.*

2. Сөз тіркестері (предлогты сөз тіркесінен басқалары) пысықтауыш болғанда 地 жұмсалады:

他态度温和地回答了所有问题。 [Ta taidu wenhe de huida le suoyou wenti] *Ол барлық сұрақтарға сыпайы жауап берді.*

我们全面、正确地理解了。 [Women quanmian, zhengque di lijie le] *Біз әрі жан-жақты, әрі дұрыс түсіндік.*

生词要一个一个地记。 [Shengci yao yige yige de ji]

Жеке сөздерді бір-бірден еске сақтау керек.

我们非常仔细地研究了。 [Women feichang zixi de yanjiu le]

Біз өте мұқият зерттедік.

战士们有计划地完成了任务。 [Zhanshimen you jihua de wan cheng le renwu] *Сарбаздар жүктелген міндетті жоспарлы түрде орындады.*

生词要一个一个地记。 [Shengci yao yige yige de ji]

Жеке сөздерді бір-бірден еске сақтау керек.

3. Жалаң буынды үстеулер, сын есімдер пысықтауыш болғанда 地 қолданылмайды:

他这个人太好了 [Ta zhe ge ren tai hao le]

Ол кісі өте тамаша жан екен.

他们来了，快跑 [Tamen lai le, kuai pao]

Олар келіп қалды, тез қашайық.

4. Есімдік, мезгілді немесе мекенді білдіретін зат есімдер пысықтауыш болғанда 地 жұмсалмайды:

你怎么又来了。 [Ni zenme you lai le]

Сен неге тағы да қайтып келдің.

你今天走，还是明天走。 [Ni jintian zou, haishi mingtian zou]

Сен бүгін кетесің бе, әлде ертең кетесің бе?

我们阿拉木图见。 [Women Alamutu jian] *Алматыда жолығайық.*

Ескеретін жайт, қытай тілінде қалыптасқан дәстүр бойынша 今天 (бүгін), 明天 (ертең) сияқты сөздер “мезгілдік зат есімдер” деп аталады. Қазақ тілінде олар “мезгілдік үстеулердің” қатарына жатады.

5. Предлогты сөз тіркесі пысықтауыш болғанда 地 жұмсалмайды:

他们都从农村来。 [Ta men dou cong nongcun lai]

Олардың барлығы ауылдан келген.

6. Мекендік мәнді білдіретін сөз тіркестері пысықтауыш болғанда 地 жұмсалмайды:

黑板上写满了字。 [Heiban shang xie man le zi]

Тақтаны жазумен толтырып тастаған.

7. Кейбір қос буынды үстеулерге 地-ны жалғаса да, жалғамаса да болады:

天气非常热。 [Tianqi feichang re] *Күн өте ыстық.*

天气非常地热。 [Tianqi feichang de re] *Күн қатты ыстық.*

8. Көп буынды сын есімдердің көпшілігіне 地-ны жалғаса да, жалғамаса да бола береді. Егер 地 жалғанса, күшейту мағынасын білдіреді:

他仔细看了半天。 [Ta zixi kan le bantian]

Ол біразға дейін мұқият қарап тұрды.

他仔细地看了半天。 [Ta zixi de kan le bantian]

Ол біразға дейін бар зейінімен қарап тұрды.

Пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесінің жасалу жолдары мен мағынасы.

Пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесінің құрамындағы баяндауыш, көбінесе, егістік немесе егістікті сөз тіркестерінен жасалса, пысықтауыш көбінесе үстеулерден болады, үстеулердің

ең негізгі қызметі – пысықтауыш болу. Сондай-ақ, пысықтауыштар сын есім, етістік және сан-мөлшер сөз тіркесі мен предлогты сөз тіркесінен де жасалады.

Қытай тіліндегі пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі мынадай жолдармен жасалады:

1. “Үстеу – етістік” болып құралған сөз тіркесі:
常常想家 [changchang xiangjia] *үнемі үйін сағыну.*
2. “Үстеу – сын есім” болып құралған сөз тіркесі:
很多 [hen duo] *өте көп, 非常快 [feichang kuai] өте тез.*
3. “Сын есім – етістік” болып құралған сөз тіркесі:
简单地询问 [jiandan de xunwen] *жай ғана сұрау.*
4. “Үстеу – сан есім” болып құралған тіркес:
她今年三十 [ta jinnian sanshi] *Ол биыл отызға толды.*
5. “предлогты тіркес – етістік” болып құралған сөз тіркесі:
在中国学习 [zai Zhongguo xuexi] *Қытайда оқу.*
6. “Етістік – етістік” болып құралған сөз тіркесі:
感动地握着我的手 [gandong de wo zhe wo de shou] *әсерленгендіктен қолымды алды.*
7. “Сан-мөлшер – етістік” болып құралған сөз тіркесі:
饭要一口一口地吃 [fan yao yikou yikou de chi] *тамақты ақырын жеу керек.*
8. “Еліктеуіш – етістік” болып құралған сөз тіркесі:
泉水咕嘟地向外冒 [quan shui gudu di xiang] *Бұлақ суы бұрқ-бұрқ етіп сыртқа ағып жатыр.*

Пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесінің (Ad + KW) құрылымдық үлгісі мен мағыналарын екі топқа бөліп қарастыруға болады:

1. Ad + V құрылымдық үлгісі.

1) S_(shijian) + V және Adv_(lok) + V үлгісі. Мезгілдік мағынаны білдіреді:
今天来 [jintian lai] *бүгін келу, 立刻去 [like qu] дереу бару.*

2) (P + O) + V, Adv_(temp) + V және S_(didian) + V үлгілері. Мекендік мағынаны білдіреді:

往前看 [wang qian kan] *алдыға қарау,*

常常来 [changchang lai] *үнемі келу,*

上海见 [Shanghai jian] *Шаңхайда кездесу.*

3) V_(kc) + V үлгісі. Күшейту мағынасын білдіреді:

很喜欢 [hen xihuan] *өте ұнату,*

完全同意 [wanquan tongyi] *толық қосылу.*

4) (M + N) + V үлгісі. Сан-мөлшер мағынасын білдіреді:

事要一件一件地做[shì yào yíjiàn yíjiàn dì zuò]

жұмысты бір-бірлеп істеу керек.

5) N + V, (P + O) + V үлгісі. Іс-қимылдың құралын білдіреді:

电话联系[dianhua lianxi] *телефонмен сөйлесу,*

用铅笔写[yòng bǐ xiě] *қарындашпен жазу.*

6) (P + O) + V, Adj + V үлгісі. Іс-қимылдың жасалу тәсілін (істелу

жолын) және істің сапалық амалын білдіреді:

凭本事赚钱[píng běnshì zhuanqián] *өз өнерімен ақша табу,*

活生生地打死 [huóshēngshēng de dǎsǐ] *тірідей ұрып өлтіру,*

形象地解释 [xíngxiàng de jiěshì] *образды түрде түсіндіру.*

7) (P + O) + V үлгісі. Іс-қимылдың мақсатын білдіреді:

替他办事[tì tā bàn shì] *ол үшін жұмыс бітіру,*

为人民服务[wei rénmin fúwù]

халық үшін істеу (халыққа қызмет көрсету)

8) (P + O) + V үлгісі. Іс-қимылдың объектісін білдіреді:

向他学习[xiàng tā xuéxí] *одан үйрену,*

给他看[gei tā kàn] *оған көрсету.*

9) V_(кц) + V үлгісі. Болжал мәнін білдіреді:

大概有人[dàgài yǒu rén] *бәлкім біреу бар шығар,*

也许不知道[yěxǔ bù zhīdào] *мүмкін білмейтін де шығар.*

10) (P + O) + V үлгісі. Бірлестік мағынаны білдіреді:

跟他们谈[gen tāmen tán] *олармен әңгімелесу,*

与他商量[yu tā shāngliang] *онымен ақылдасу.*

11) Жай-күйді білдіреді:

慢慢地说[mǎnmǎn de shuō] *ақырын айту,*

紧紧地抓住[jǐnjǐn de zhuāzhu] *қатты қысып ұстау.*

12) Болымды немесе болымсыздық мағынаны білдіреді:

一定去[yíding qù] *міндетті түрде бару,*

不看[bù kàn] *көрмеу, 没睡觉[méi shuìjiào] ұйықтамау,*

2. Ad + Adj құрылымдық үлгілері.

1) V_(кц) + Adj, Adj + Adj үлгісі.

а) мезгілдік мағынаны білдіреді:

已经走了[yǐjīng zǒu le] *әлде қашан кетіп қалды,*

快老了[kuài lǎo le] *қартаю (сөзбе-сөз: тез қартаю).*

ә) күшейту мағынасын білдіреді:

很难[hen nan] *өте қиын*, 太老实[tai laoshi] *өте жуас*.

2) (P + O) + Adj және 比[bi] + O + Adj үлгісі.

Салыстыру, салғастыру мағынасын білдіреді:

两米高[liang mi gao] *екі метр биік*,

五公斤重[wu gongjin zhong] *бес килограм ауыр*,

比他聪明[bi ta congming] *одан ақылды*,

比这儿好[bi zher hao] *бұл жерден жақсы*.

比[bi] + O + Adj үлгісі қазақ тіліндегі N + Adj үлгісімен сәйкес келеді.

Пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесінің синтаксистік қызметі:

Қытай тілі грамматикасының ерекшеліктерінің бірі – сөз тіркесі сөз сияқты сөйлем мүшесінің қызметін атқара алуы.

1. Пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі баяндауыштың қызметін жиі атқарады:

今天天气很热。 *Бүгін күн өте суық.*

2. Пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі анықтауыш қызметін атқарады:

很多人在为他担心。 *Көптеген адамдар ол үшін алаңдауда.*

3. Пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі сөйлемде толықтырғыштың қызметін де атқара алады. Толықтырғыш болғанда 得 құрылымдық шылауы міндетті түрде жұмсалады:

他走得特别快。 *Ол өте тез жүреді.*

4. Пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі сөйлемде бастауыш қызметін де атқарады:

不回来是对的。 *Қайтып келмегені дұрыс.*

5. Пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі сөйлемде пысықтауыш та бола алады. Бірақ пысықтауыштың міндетін атқаруы сирек кездеседі:

我很清楚地听见了他的声音。 *Оның даусын ап-анық естідім.*

6. Пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесінің сөйлемде толықтауыш қызметін атқаруы сирек болса да кездеседі. Бірақ шарты мынау: баяндауыш болатын сөздер кісінің армандау, сезіну мағыналарын білдіретін етістіктерден болуы керек:

看到这场景，他觉得十分愉快。

Мына көріністі көрген ол қатты қуанды.

Қазақ тіліндегі пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі

Қазақ тіліндегі пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерінің құрамындағы сыңарлар қабыса және меңгеріле байланысады.

Н.Сауранбаев [114, 155 б.], А.Аманжолов [115, 38 б.] меңгерудің қатарына тек толықтауыштық қатынастағы сөз тіркесін ғана қосады да, пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесін меңгерудің қатарына қоспайды. Біз қазақ тіл білімінде қалыптасқан дәстүр бойынша пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесін меңгерудің қатарында қарастырамыз.

Бұл тіркес қабыса байланысқан етістікті сөз тіркесі және меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркесі дейтін екі түрге бөлінеді.

Қабыса байланысқан етістікті сөз тіркесі. Етістіктермен қабыса байланысып, әр түрлі қарым-қатынаста жұмсалатын бағыныңқы сыңар ретінде жұмсалатын сөздер: көсемше, үстеу, сын есім, сан есім және еліктеуіш сөздер.

Қабыса байланысқан етістікті сөз тіркесі бағыныңқы сыңардың қандай сөз табынан болуына қарай: 1) үстеулі сөз тіркесі; 2) сын есімді сөз тіркесі; 3) сан есімді сөз тіркесі; 4) еліктеуіш сөзді сөз тіркесі; 5) көсемшелі сөз тіркесі деп бес топқа бөлінеді.

Үстеулі сөз тіркесі: құрылымдық моделі: Adv + V .

Үстеулер қимылға тән амалды, сапаны, мезгілді, мекенді атайтын сөздер болғандықтан, олар етістіктермен мол тіркеседі және олар морфологиялық өзгеріске түсе алмайтын болғандықтан етістікпен тек қабыса байланысады [16, 29 б.].

Үстеулі сөз тіркесінің құрылымдық моделі мен білдіретін мағыналары:

а) Adv_(temp) + V .

Мезгілдік мағынаны білдіреді: *бүгін көрдім, ерте келді, жаңа естідім* т.б.

ә) Adv_(loc) + V .

Мекендік мағынаны білдіреді: *жоғарыда отыр, кері қайтты, тұс-тұстан шабуылдады, төмен түсті* т.б.

б) Adv + V және S_(-ша/-ше) + V .

Қимылдың істелу амалын, тәсілін білдіреді: *тез сөйледі, жалт бұрылды, қатты састы, қазақша сөйледі, құлша істеп, бише жеу* т.б.

в) S_(-дай/-дей) + V .

Қимылдың салыстырмалы сапасын білдіреді: *бұлбұлдай сайрау, күндей жайнаған* т.б.

г) Adv + V .

Қимылдың күйін білдіреді: *шаттана сөйледі, үздіксіз істеді, орынсыз жағаласты* т.б.

Сын есімді сөз тіркесі: құрылымдық моделі: Adj + V .

Сын есімдер етістіктермен еркін тіркесе бермейді. Олар етістіктермен тіркесіп, қимылға, күйге тән қасиетті, сапаны білдіреді.

Сын есімді сөз тіркесінің құрылымдық моделі мен білдіретін мағыналары екі түрлі:

а) Adv + V .

Қимылдың сипаты мағынасын білдіреді: *көп ойланды, оңай ашуланады, қатты қорықты* т.б.

ә) Adv_(-дай/-лей) + V .

Салыстыру мағынасын білдіреді: *айыпты адамдай үнсіз қалды, күн шайдай ашылды, қырдың қызғалдағындай құлпырды* т.б.

Сан есімді сөз тіркесі: құрылымдық моделі: Num + V .

Сан есімдер етістіктермен де тіркесе алады. Бірақ олардың барлығы бірдей етістіктермен қабыса байланыса бермейді. Оның ішінде етістікті сөз тіркесінде есептік, реттік сан есімдері ғана жұмсалады да, басқалары ондай тіркесте жұмсалмайды [71, 161 б.].

Сан есімді сөз тіркесінің құрылымдық моделі мен білдіретін мағыналары мынадай:

Num + V .

Қимылдың қайталану мөлшерін білдіреді: *Ит бір сүрінсе, қырық сүрінеді. Екі алып биге шықты* т.б.

(Num + рет, дүркін, есе) + V .

Қимылдың дүркінділігін, көлемін білдіреді: *он есе артты, бір рет барды, екі дүркін сөйледі* т.б.

Еліктеуіш сөзді сөз тіркесі: құрылымдық моделі: U + V .

Еліктеуіштер мағынасына орай тек етістіктермен тіркесіп, қимылдың сапасын, сынын білдіретін сөздер.

Қимыл-әрекеттің істелуінің шапшандық қарқынын білдіреді: *жалт қарады, тарс жабылды* т.б.

U + V (copl_(-ым/-ін, n)) + V моделі қимыл-әрекеттің амалын білдіреді: *шіңк-шіңк етіп сөйледі, мырс етіп күліп жіберді* т.б.

Көсемшелі сөз тіркесі: құрылымдық моделі: V_(ке) + V .

Көсемшелі сөз тіркесінің құрылымдық моделі мен білдіретін мағыналары:

а) U_(-ым/-ін, n) + V моделі.

Қимылдың істелу амалын, мақсатын білдіреді: *қарқылдап күлді, қарайып көрінді* т.б.

ә) U_(-а/-е, й) + V моделі.

Қимылдың істелу амалын, мақсатын білдіреді: *күле сөйлеп, күңірене шыққаннан без* т.б.

б) $U_{(-a/-e)} + V$ моделі.

Іс-әрекеттің іле-шала болғанын білдіреді: *көре айғайлады, кіре сөйледі* т.б.

Қимылдың амалын, тәсілін айқын түрде хабарлайды: *қадала қарады* т.б.

Мезгілдік қатынасты білдіреді: *таң ата жолға шықты, ести сала келді* т.б.

в) $U_{(-ғалы/-гелі)} + V$ моделі.

Қимылдың мақсатын білдіреді: *көргелі келді, кешірім сұрағалы кетті* т.б.

Көсемше мен көсемшенің тіркесі арқылы күрделі көсемше жасалады: *жүгіре-жүгіре шаршады, баса-көктеп жетіп келу, естіп қалды деп қауіптену, қонақ боп жатып кету* т.б.

Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркесі. Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркесінің құрамындағы бағыныңқы сөздер, яғни етістіктермен тіркесетін сөздер шығыс, барыс, жатыс және көмектес септік жалғаулары арқылы меңгеріледі. Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркесі бағыныңқы сөздің тұлғасына қарай 1) барыс жалғаулы сөз тіркесі; 2) шығыс жалғаулы сөз тіркесі; 3) жатыс жалғаулы сөз тіркесі; 4) көмектес жалғаулы сөз тіркесі деп бөлінеді.

Енді осыларға жеке-жеке тоқталайық.

Барыс жалғаулы сөз тіркесі: құрылымдық моделі – $O_3 + V$.

Барыс септігінің негізгі мағынасы іс-әрекеттің бағытын білдіру болғандықтан, барыс септігі жалғанған сөздер етістікті сөз тіркесі пысықтауыштық қатынасты білдіреді.

$O_3 + V$ моделінің мағыналық түрлерін А.Аблақовтың ізімен былай көрсетуге болады:

1. $N_3 + V$.

Көлемдік мағынаны білдіреді. Бұл тіркес көлемдік ұғымы бар сөздер мен қозғалыс мәнді етістіктердің тіркесінен жасалады: *далаға шықты, оның жанына барды, төменге түсті, жерге отыра кетті, мейманханаға орналасты* т.б.

2. $N_3 + V$ немесе $Num_3 + V$.

Мезгілдік мағынаны білдіреді. Мезгілді, уақытты, шақты меңзейтін есімдермен қозғалыс мәнді етістіктердің тіркесінен жасалады: *бес жылға созылды, он беске толды, сағат беске бару, түске жету, сағат алтыға шақырды* т.б.

3. $V_{(Inf)3} + V$ және $V_{(ес) (-мак/-мек) 3} + V$.

Мақсаттық мағынаны білдіреді: *оқуға барды, көрмекке келді* т.б.

Қазақ тіліндегі істің, қимылдың кімге, неге, қай жаққа бағытталғандығын білдіретін сөз тіркесі мен қытай тіліндегі $P + O + V_{(quxiang)}$ құрылымды сөз тіркесі сәйкес келеді. Бірақ бұл тіркестің құрамында қытай тілінде тек мынадай предлогтар ғана жұмсалады: 到[dao], 朝[chao], 往[wang], 向[xiang].

到农村去 [dao nongcun qu] *ауылға бару*

往前走 [wang qian zou] *алдыға жүру.*

Шығыс жалғаулы сөз тіркесі: құрылымдық моделі – $O_6 + V$.

Шығыс септігі арқылы меңгерілетін бағыныңқы сыңар есім сөздері болады. Ал меңгеруші басынқы етістік сөздердің көпшілігі қимыл және қабылдау мәнді етістіктер болады.

$O_6 + V$ моделіндегі сөз тіркесінің құрылымдық, мағыналық түрлері мынадай:

1. $N_6 + V$.

Көлемдік мағынаны білдіреді. Бұл тіркес мекендік мәнді сөздермен қозғалыс мәнді етістіктердің тіркесінен жасалады да, көбінесе, іс-қимылдың басталу орнын білдіреді: *сырттан кірді, мәшинеден түсті, таудан асты* т.б.

2. $N_6 + V$ немесе $Num_6 + V$ моделі.

Мезгілдік мағынаны білдіреді. Мезгілді, кісінің жас мөлшерін білдіретін есімдер мен қабылдау мәнді етістіктердің тіркесінен жасалады: *он бестен асты, сағат бестен кетті, кішкентайынан білемін* т.б.

3. $V_{(ес)-ған/-ген 6} + V$ немесе $N_{(қимыл)} + V$ моделі.

Себеп-салдар мағынаны білдіреді: *шошығанынан айғайлап жіберді, көрмегендіктен сағынды* т.б.

4. $N_6 + V$ моделі.

Қимылдың амалын білдіреді: *өз жөнімен жүру, қабағынан таныды* т.б.

Қытай тіліндегі从[cong] предлогы іс-қимылдың басталу орнын білдіретін шығыс септігімен сәйкес келеді. Мысалы:

从学校来 [cong xuexiao lai] *мектептен келу.*

Бұл предлогты тіркес сөйлемде мекен пысықтауыш қызметін атқарады.

Жатыс жалғаулы сөз тіркесі: құрылымдық моделі – $S_5 + V$.

1. $S_5 + V$ моделі.

Іс-қимылдың мекенін, орнын білдіреді: *үйде жатты, далада ойнады, төрде отыр* т.б.

2. N₅ + V моделі

Мезгілдік мағынаны, яғни іс-қимылдың болған, болатын мезгіл-уақытын көрсетеді: *бала кезімде көрдім, сағат екіде қайтты, бір көргенде ұнатты* т.б.

Қытай тіліндегі 在[zai], 于[yu] предлогтары жатыс септіктерімен сәйкес келеді де, іс-қимылдың мекенін, орнын білдіреді.

Мекен мәнді білдіретін 里[li] *ishi*, 上[shang] *ushi* сияқты сөздер де мекендік мәнді білдіретін жатыс септіктерімен сәйкес келеді. Мысалы: 屋里有人[wu li you ren] *үйде адам бар*, 桌子上有书[zhuozi shang you shu] *столдың үстінде кітап жатыр*.

Көмектес жалғаулы сөз тіркесі: құрылымдық моделі – O₇ + V.

N₇ + V құрылымдық моделі негізінен мекенді, мезгілді, себеп-салдарды және амалды білдіреді: *түнімен жүрді, ертесімен кетіп қалды, бар күшімен істеді, жолмен жүрді, күн батысымен қайтты, тек жақсылықпен жолығайық* т.б.

Көмектес септігімен 同[tong], 用[yong], 与[yu], 和[he], 跟[gen] т.б. предлогтар сәйкес келеді. Бұлар іс-қимылдың құралын, амалын, бірлестік мағынасын білдіреді.

2.5 Қытай және қазақ тілдеріндегі анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері

Қытай тіліндегі анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі
Анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері қытай тілінде де, қазақ тілінде де бар. Қытай тіліндегі анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерінің құрылымдық моделі: At + KW, қазақ тіліндегі анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерінің құрылымдық моделі: A + N.

Қытай тіліндегі анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерінің құрамындағы сыңарлар екі түрлі жолмен: біріншісі – орын тәртібі арқылы, екіншісі – 的 шылауы арқылы байланысады. Мысалы: 好人 [hao ren] *жақсы адам*, 今天的事 [jintian de shi] *бүгінгі іс* т.б.

的 құрылымдық шылауы – анықтауыштың грамматикалық көрсеткіші. 的 шылауының бір ерекшелігі ол кейде айтылады да, кейде айтылмай түсіп қалады, кейде тіпті оны айтуға да, айтпауға да бола береді. Кейбір ғалымдар 的-ның басты қызметі мағына ажырату деп түсінеді. Мысалы: 穿衣服 [chuan yifu] *киім кию*, 穿的衣服 [chuan de yifu] *киетін киім*. Бұл тіркестердің мағынасы әртүрлі. Мұнда олардың

мағынасының әртүрлі болуында 的 шешуші рөл атқарып тұр. 斗争经验[douzheng jingyan] күрес тәжірибесі, 斗争的经验[douzheng de jingyan] күрес тәжірибесі (Сөзбе-сөз: күрес-тің тәжірибесі). Екеуінің мағынасы ұқсас. Мұның себебін бірқатар ғалымдар құрылымдық тұрғыдан түсіндіреді, яғни 的 жұмсалса, өзі жалғанған анықтауыштың анықтауыштық қызметін күшейтеді деп түсіндіреді [116, 513 б.].

的 шылауының жұмсалыу не жұмсалмау ережелері мынадай:

1. 的 шылауының жұмсалыуы:

а) зат есім, жіктеу есімдіктері анықтауыш болып, меншіктілік қатынасты білдірсе, әдетте жұмсалады:

明天的课不上了。 [Mingtian de ke bu shang le]

Ертеңгі сабақты оқымаймыз.

我们的政策不变。 [Women de zhengci bu bian]

Біздің саясатымыз өзгермейді.

ә) сабақты етістіктер, қос буынды және қосарланғансын сын есімдер анықтауыш болғанда, әрқашан жұмсалады:

对我们来说, 学的东西太多了。 [Dui women lai shuo xue de dongxi tai duo le]

Біз үшін айтқанда, үйренетін нәрселер өте көп.

今天她穿上了干干净净的衣服。 [Jintian ta chuan shang le gangan jingjing de yifu]

Бүгін ол тап-таза киімдерін киіп алды.

他们过着幸福的生活。 [Tamen guo zhe xingfu de shenghuo]

Олар бақытты тұрмыс кешіп жатыр.

б) сілтеу есімдіктері 这[zhe] мынау, 那[na] анау және 什么[shenme] не, 多少[duoshao] қанша, 哪些[naxie] қайсылар сияқты сұраулық есімдіктер анықтауыш болғанда жұмсалмайды:

这东西是谁送的。 [Zhe dongxi shi shui song de]

Мына нәрсені кім берді.

什么事让你这么担心。 [Shenme shi rang ni zheme danxin]

Не іс сені алаңдатып отыр.

з) сөз тіркестері анықтауыш болғанда 的 үнемі жұмсалады:

她唱了一首动听的歌曲。 *Ол бір тамаша ән айтты.*

你是新来的学生吗? *Сен жаңадан келген студентсің бе?*

他说的话没有道理。 *Оның айтқан сөзінің еш қисыны жоқ.*

打虎的武松又上山了。

Жолбарысты соқпақшы болған Ву Соң қайтадан тауға беттеді.

收到的通知放在桌子上。

Тапсырып алған хабарлама столдың үстінде.

2. 的 құрылымдық шылауының жұмсалмауы:

а) жалаң сын есімдер анықтауыш болғанда жұмсалмайды:

这是件小事。Бұл бір болмашы іс.

世界上好人多。[Shijie shang hao ren duo]

Дүниеде жақсы адамдар көп.

Егер 的 жалаң сын есімдермен бірге келсе, онда күшейту мәнін үстейді:

新的衣服 [xin de yifu] *жап-жаңа киім,*

好的主意 [hao de zhuyi] *тамаша ой.*

ә) мөлшер сөзді сөз тіркесі анықтауыш болғанда, 的 қолданылмайды:

我们学校有八个系。[Women хuexiao you ba ge xi]

Біздің оқу орнында сегіз факультет бар.

这条裙子真漂亮。[Zhe tiao qunzi zhen piaoliang]

Бұл көйлек өте тамаша екен.

б) зат есім анықтауыш болып, анықталушы сөз заттың материалын, сапасын білдіріп келсе, әдетте, 的 жұмсалмайды:

门口有一个玻璃柜子。[Menkou you yige boli guizi]

Есіктің жанында бір әйнек шкаф бар.

他在英语系学习。[Ta zai yingyu xi хuexi]

Ол ағылшын тілі факультетінде оқиды.

Жіктеу есімдіктері анықтауыш болып, оның ұйытқы сөзі мемлекет, топ, мекеме, туыстық атау және т.б. атаулар болса, 的-ның болу, болмауы міндетті емес:

我们国家有一百多个民族。[Women guojia you yi bai duo ge minzu]

Біздің елде жүзден артық ұлттың өкілдері бар.

他们厂有一千多个工人。[Tamen chang you yi qian duo ge gongren]

Олардың зауытында мыңнан астам жұмысшы бар.

Салт етістіктер анықтауыш болғанда 的 қолданылмауы да мүмкін:

他的考试成绩不错。[Ta de kaoshi chengji bucuo]

Оның емтихан нәтижесі жаман емес.

上班时间到了。[Shangban shijian dao le] *Жұмыс уақыты болды.*

Анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесінің жасалу жолдары мен мағынасы.

Анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесінің құрамындағы анықталушы сөз, көбінесе, зат есім, есімдік пен етістіктерден болады да, ал анықтауыш, көбінесе, сын есім, зат есім, есімдік, сан-мөлшер сөз тіркесі және етістіктерден болады.

1. “Сын есім + зат есім” және “сын есім + 的 + зат есім” болып құралған анықтауышты сөз тіркесі:

好事 [hao shi] *жақсы іс,*
聪明的学生 [congming de xuesheng] *ақылды оқушы.*

2. “Зат есім + зат есім” “зат есім + 的 + зат есім” болып құралған сөз тіркесі:

中国人 [Zhongguo ren] *қытайлық, қытай азаматы*
中国的人 [zhongguo de ren] *Қытайдың адамы, Қытайдың азаматы*

3. “Мөлшер сөзді тіркес + зат есім” болып құралған сөз тіркесі:
一群羊 [yi qun yang] *бір қора қой,*
一本书 [yi ben shu] *бір дана кітап.*

4. “Есімдік + зат есім” және “есімдік + 的 + зат есім” болып құралған сөз тіркесі:

你哥哥 [ni gege] *сенің ағаң,*
你的书 [ni de shu] *сенің кітабың.*

5. “Етістік + 的 + зат есім” болып құралған сөз тіркесі:
看的书 [kan de shu] *көретін кітап,*
来的人 [lai de ren] *келетін адам.*

6. “Үстеу + сын есім + 的 + зат есім” болып құралған сөз тіркесі:
很好的天气 [hen hao de tianqi] *өте тамаша ауа райы.*

Анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесінің (At + KW) құрылымдық модельдері мен мағыналарын былайша қарастыруға болады:

1) Pron + S (Pron + 的 + S) және S + S (S + 的 + S) модельдері.

а) меншіктілік қатынасты білдіреді:

他家 [ta jia] *оның отбасы*
我们的邻居 [women de linju] *біздің көршіміз*
美国人民 [meiguo renmin] *америка халқы*
美国的人民 [Meiguode renmin] *Американың халқы.*

ә) S + S моделі заттың неден жасалғанын, материалын анықтайды:

木头房子 [mutou fangzi] *ағаш үй,*
水泥柱子 [shuini zhuzi] *бетон діңгек.*

2) (M + N) + S моделі.

Заттың санын, өлшемдік мағынасын білдіреді:

三棵树 [san ke shu] *үш түп ағаш.*

3) Pron + S және Pron + M + S моделі.

Сілтеу, нұсқау мағынасын білдіреді:

这事 [zhe shi] *бұл іс,* 那个东西 [na ge dongxi] *ана нәрсе.*

4) Adj + S және Adj + 的 + S моделі.

Заттың түсін, дәмін, көлемін, салмағын, адамның мінез-құлқына қатысты сапалар т.б. білдіреді:

黑皮鞋[hei pixie] қара бәтеңке (қара түсті аяқ киім)
新鲜的蔬菜 [xinxian de shucai] балғын көкөніс
大房子[da fangzi] үлкен үй, 好人[hao ren] жақсы адам.
5) V+ 的 + S моделі.

Заттың қимылдық сапасын процесс қалпында, яғни динамикалық сапаны, сондай-ақ мекенді де білдіреді:

来的人[lai de ren] келетін адам
说的话[shuo de hua] айтар сөз
写的信[xie de xin] жазатын хат
去的地方[qu de difang] баратын жер
睡的床[shui de chuang] ұйықтайтын төсек.

Анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесінің синтаксистік қызметі:

1. Анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі бастауыштың қызметін атқарады:

他朋友今天没来。Оның досы бүгін келмеді.

2. Анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі анықтауыш қызметін атқарады:

很多人在为她担心。Көптеген адамдар оған алаңдауда.

3. Анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі сөйлемде толықтауыш қызметін де атқара алады:

他望着丈夫的脸。Ол күйеуінің бетіне қарады.

4. Анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі сөйлемде баяндауыш қызметін де атқарады.

Фан Шяу анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесінің мынадай төрт түрлі жағдайда ғана баяндауыш қызметін атқара алатындығын айтады:

а) “Сын есім + зат есім” типті анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі анықтауыш болады. Бұндай анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі бастауыштың ерекшелігін сипаттайды. Мысалы: 他高高的个子, 黑黑的眼睛。Оның бойы ұзын, көзі қара. (Сөзбе-сөз: Ол ұзын бой, қара көз).

ә) “好 [hao] + сын есім + зат есім” немесе “多 [duo] + сын есім + зат есім” типті анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі анықтауыш болады: 你好大的胆子呀! Сен неткен жүрек жұтқан едің!

Бұл тіркес бастауыштың қасиетін, ерекшелігін сипаттайды. Олар тек лепті сөйлемдерде ғана жұмсалады.

б) “Сан есім + мөлшер сөз + зат есім” типті анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі анықтауыш болады:

山那边一片树林, 树林前边一个湖。

Асқар тауда қалың орман, орманның алдында бір көл бар.

в) “Есімдік + мөлшер сөз + зат есім” типті анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі анықтауыш болады: *你这个傻小子! Ақымақ бала!*

Кейде 这 есімдігі түсіріліп те айтылады: *你个傻小子!* деп айтуға болады [12, 68 б.].

Қазақ тіліндегі анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі

Қазақ тілінің синтаксисінде анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері құрамындағы сыңарлардың байланысу тәсілдеріне қарай екіге бөліп қарастырылады: қабыса байланысқан сөз тіркестері және матаса байланысқан сөз тіркестері.

Анықтауыштық қатынас грамматикалық қатынастың жалпы белгісіне қарай айқындалады. Мұнда бағыныңқы сыңар (матаса байланысқан сөз тіркестерінде I сыңар) басыңқы сыңарды (матаса байланысса II сыңарды) түрлі сипатына қарай айқындап *қандай? қай?* деген сұраққа жауап алынады.

Атрибутивтік қатынастағы сөз тіркестерінің мазмұны анықталатын басыңқы сыңар мен оның анықтаушысы болып табылатын бағыныңқы сыңарда жұмсалған сөздің мағынасына байланысты болып келеді. Ал олардың мағыналық қатынасын көрсету үшін құрылымдық сипатын білу керек. М.Балақаев анықтауыштық қатынасқа құрылған қабыса байланысқан сөз тіркестерін бағыныңқы сыңар немесе анықтауыш сөздің қай сөз табынан болуына қарай 5-ке бөліп қарастырады [15, 44-55 бб.]. Р.Әміров те атрибутивтік қатынастағы қабыса байланысқан сөз тіркестерін анықтауыш сөздің таптық сипатына байланысты 5-ке саралайды [16, 14-19 бб.]. Бірақ біз ғалымның зат есімнің қимылдық, процессуалдық сапасын атап, онымен анықтауыштық қатынаста жұмсалатын “есімше–зат есім” үлгісіндегі сөз тіркестерін “үстеу – зат есім” үлгісіндегі сөз тіркестер деп қарастыруына келіспейміз. Өйткені есімше сөздер зат есімді тіркестерде бағыныңқы сыңарда көп жұмсалады және зат есімдермен еркін тіркеседі. Мысалы, *келген адам, оқитын бала, сусызған құм* т.б.

Атрибутивтік қатынастағы сөз тіркестерінің бір тобын матаса байланысқан тіркестер құрайды. Матасу – қазақ тіліне (түркі тілдеріне) тән, оның грамматикалық ерекшелігінің бірі болып табылатын синтаксистік байланыс формасы. Матаса байланысқан сөз тіркестерінің бірінші сыңары ілік жалғауы формасында, екінші сыңары тәуелдік тұлғасында келеді.

Енді қабысу және матасу амалымен жасалған анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерінің құрылымдық және мағыналық жағына кеңірек тоқталайық.

Қабыса байланысқан анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі. Лингвистикалық әдебиеттерде атрибутивтік қатынастағы сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңары ретінде зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістіктің есімше формасының жұмсалатындығы айтылып жүр [15, 57 б.]. Ал басыңқы сыңар немесе ұйытқы сөздің зат есім сөз табынан болатындығы көрсетіледі.

Тілдің қашанда дамып, жетіліп отыратындығын ескерсек, атрибутивтік қатынастағы сөз тіркестерінің басыңқы сыңары қызметінде келетін сөз таптарының тек зат есім сөз табымен ғана шектелмейтіндігін байқау қиын емес. Бүгінгі таңда тілдік қолданыста мұндай сөз тіркестерінде басыңқы сыңарда сын есімдердің де жұмсалатындығы сирек те болса кездесіп қалады. Ал бұл құбылысты сын есім сөз табының синтаксистік қызметінің өзгеруімен, артуымен байланыстырған жөн. Синтаксистік қызметінің өзгеруі тілдің ықшамдау құбылысы немесе үнем заңдылығымен тікелей байланысты. Сондай-ақ, басқа сөз таптарының субстантивтеніп, атрибутивтік қатынастағы сөз тіркестерінің басыңқы сыңары ретінде келуі де тілдің үнем заңдылығының тікелей әсерінен деп санаймыз. Мәтінде уақытша заттық мән иеленген басқа сөз таптары мен “таза” зат есімнің қатысуымен құрылған сөз тіркестерін бір деп қарауға болмайды. Олардың өзіндік ерекшеліктері бар, бірінші кезекте ол семантикасына қатысты. Сонымен анықтауыштық қатынастағы қабыса байланысқан сөз тіркестерінің құрылымдық моделі мен мағыналық қатынастарына тоқталайық.

1) зат есімді сөз тіркесі: құрылымдық моделі – S + S

а) тегін (неден жасалғанын, материалын) анықтайды: *қоян тымақ, алтын білезік*

ә) арнау мағынасын білдіреді: *тауық там, ат қора*

б) орнын, мекенін білдіреді: *су жылан, төс қалта*

в) кәсібін білдіреді: *қойшы бала, бас қолбасшы*

г) салыстыру, теңеу мағынасын білдіреді: *қой көз, пісте мұрын*

ғ) даралау мағынасын береді: *атан түйе, алма ағаш*

е) өлшем, шамасын білдіреді: *тау-тау астық, бір асым ет.*

2) сын есімді сөз тіркесі: құрылымдық моделі – Adj + S .

Бұл үлгі бойынша жасалған тіркестер төмендегідей мағыналық қатынастарды білдіреді:

а) түр-түсті қызыл мәшине; көлемді кең қора; табиғи қалыпты жылы жаңбыр; адамның мінез-құлқына қатысты сапалар жаман кісі; иіс-дәмге қатысты сапалық сипттар алуы сасық иіс; санақ пен мөлшерлік сипатта ауыр сөмке; қыруар ақша, мол байлық т.б.

Жоғарыда анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерінің басыңқы сыңарында сын есімдердің, сонымен бірге басқа сөз таптарының субстантивтеніп келіп жұмсала алу қабілетін айтып өткенбіз. Енді соларға мысал келтірейік:

Adj + Adj моделі. Мысалы: ... және аңғарғаны арлы-берлі өткен адамдардың кескін-келбеті сыз үйдей суық (Д.Досжанов).

Жебелерінің ұшы екі жүзді қанжардай өткір, сүйір (І.Есенберлин).

Осында бағыныңқы да басыңқы да сыңары сын есіммен құралған тіркестер салыстыру мағынасында жұмсалған.

Басыңқы сыңары субстантивтенген сын есім, сан есім, есімдік, үстеулер арқылы жасалып, анықтауыштық қатынаста келген сөз тіркестерінің білдіретін мағыналарына тоқталайық:

Adj + Adj_(subst): даралау мағынасын білдіреді. Мысалы: – Әлей болсын, жарығым, – деді қартаңдау, арық қара торысы (Ш.Мұртаза). Басыңқы сыңарда заттанып келген сын есім бойында заттық ұғыммен бірге, белгілі дәрежеде сындық мәннің заттық ұғыммен бірге, белгілі дәрежеде сындық мәннің болатыны белгілі. Егер осыны ескерсек, бағыныңқы қызметтегі сын есім оның бойындағы сындық қасиетті нақтылай, даралай, салыстыра анықтайды.

Adj + Num_(subst): Әдетте, жинақтық сан есімдер көп жұмсалады. Жинақтық сан есімдер кісі, адам, жалпы зат атауларының орнына жүріп, оларды жинақтап көрсетеді. Соған байланысты оларды анықтайтын сөздер адамға және анықталатын сөздің сындық сипатына қатысты сын есімдер болып келеді. Ал мағыналық қатынастар бағыныңқы-басыңқы сыңардағы сөздердің сипатына қарай белгіленеді. Мысалы: Едәуір ұзақ жолда үнсіз жүріп келе жатқан салт аттылы екеу мызғып кетіп қайта ояғандай осы тауға бір сәт тесіле қарады (С.Бақбергенов). – Мынау өзіміздің қырық, сыннан өткен белгілі қырық, әр кезде-ақ алда жүреді, тапсырманы өздері орындайды (С.Бақбергенов).

Сын есімдерге басыңқы сыңарда тілдік деректерге жүгінсек, заттанған есептік, болжалдық, сондай-ақ жинақтық сан есімдер жұмсалады.

Adj + Proun_(subst): Сын есімдер белгісіз есімдігімен тіркескенде әр түрлі нақтылау мәнін (түсі, салмағы, көлемі т.б.) үстемелейді. Мысалы: Аппақ бірдеңені қобыратып құшақтаған күйі, сақылдап күліп жүр... (Қ.Жұмаділов). ... қазандықтың алдына таман келіп, сап-салмақты бірдеңені былқ еткізіп тастай берді (Қ.Жұмаділов).

Сондай-ақ басыңқы сыңарда сирек те болса болымсыздық, сұрау есімдігінің жұмсалуды ұшырасады.

Adj + Adv_(subst): Үстеу – етістікті сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарларында жұмсалатын сөз табы. Ал олардың сын есімдерге басыңқы сыңарда жұмсалудың әлі толық қалыптаспаған, даму үстіндегі процесс деп қабылдаған жөн. Мұндай тіркестерде қимылды сапасы салыстыра білдіріледі. Мысалы: *Масақпай тас керең адамша мелишпін отыра берді* (Д.Исабеков).

Бұл тіркестердің пайда болуын тілдің үнем құбылысы әсерінен деп таныған дұрыс сияқты. Мысалы: *Өз абыройын қорғай алмаған елдің тізгінін билікқұмар орташалар еш қарсылықсыз оп-оңай қолына алып, бір ұлттың мүддесін қара басының мақсатына бағындырады екен* (“Жалын”).

3) сан есімді сөз тіркесі: құрылымдық моделі – Num + S.

Сан есімдер затты сан жағынан анықтайды. Осы ерекшелігіне байланысты барлық зат есім сөзбен тіркесе бермейді, тек қана санауға болатындармен ғана тіркес құрауға қабілетті. Ал бағыныңқы сыңарда сан есімдердің жинақтық сан есім тобы жұмсалмайды. Өйткені жинақтық сан есімдердің өзіндік ерекшелігі – оның бойындағы сандық қана емес, заттық семантиканың да болуында. Сонымен, сан есім мен зат есімнің тіркес құрау қабілеті олардың семантикасына байланысты болып келеді.

Num + S сандық сапаны білдіреді. Мысалы: *он екі үй, сегізінші қабат* т.б.

Ал күрделі сан есімді сөз тіркестері нумеративті, өлшемді білдіретін тонна, метр, кило т.б. сөздермен түйдектеліп келген сан есімдер арқылы жасалады. Мысалы: *үш күндік жер, он бес килограмдық қалта*.

4) есімдікті сөз тіркесі: құрылымдық моделі – Pron + S.

Есімдіктердің қабыса байланысқан сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарында жұмсалуды өте белсенді сипатқа ие. Бұл есімдіктердің сөз табы ретіндегі өзіндік ерекшелігімен байланысты сияқты. Есімдіктер заттың атын, сынын, белгісін, сан мөлшерін білдірмей, тек олардың орнына жұмсалатын сөздер болғандықтан орынбасар сөздер ретінде сипатталады.

Есімдіктердің сөз тіркесі құрамындағы анықтауыштық мағыналарының әр түрлі болып келуі олардың (есімдіктердің) мағыналық топтарына байланысты. Мәселен, Pron + S моделінде, сілтеу есімдігі жұмсалса, алыс-жақын бағдарды көрсетеді. Мысалы:

анау үй, мына кітап, сол бала; ал сұрау мен жинақтау есімдіктері өз атауларына сай бірі жинақталған сандық, мөлшерлік, екіншісі сұраулық (қандай сұрау есімдігіне қарай: сапалық немесе сандық, мөлшерлік т.б.) сапаны білдіреді. Мысалы: *қанша сабақ, барлық студент*.

5) **есімшелі сөз тіркесі**: құрылымдық моделі – $V_{(ec)} + S$. Есімшелер – әрі етістікше, әрі есімдерше түрленіп, екі түрлі грамматикалық сипатта көрінетін сөздер.

Есімшелер зат есіммен тіркесіп, заттың қимылдық сапасын процесс қалпында, яғни динамикалық сапаны білдіреді. Ал бұл заттың статикалық сапасын білдіретін сын есімнен ерекшелігі болып табылады. $V_{(-ған/-ген)} + S$ моделі қытай тіліндегі $V + 的 + S$ моделімен сәйкес келеді.

Зерттеушілер есімді сөз тіркестерінің құрамында *-ған/-ген, -қан/-кен* өткен шақ тұлғалы түрінің көбірек ұшырасатындығын айтады. Ал мұның себебін М.Балақаев есімшенің шақтық мағынасымен байланыстырады [15, 53 б.], Р.Әміров болса, өткен шақ есімшенің жарыспа вариантының болмауымен түсіндіреді [16, 19 б.].

Сонымен, $V_{ec} + S$ моделіндегі сөз тіркестері заттың қимылдық сапасын процесс түрінде білдіреді. Мысалы, *келген адам, сөйлейтін сөз*.

Матаса байланысқан анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі. Матасу амалымен құрылған сөз тіркестері сыңары арасындағы байланыс екі жақты болады. Сондықтан да біз бағыныңқы, басыңқы терминдерін қолданбай, кейбір лингвистикалық әдебиеттерде беріліп жүрген матаса байланысқан сөз тіркестерінің бірінші сыңары және екінші сыңары терминдерін пайдаланамыз. Зерттеушілердің көрсетуінше, матаса байланысқан сөз тіркестерінің бірінші сыңары да, екінші сыңары да зат есім мен заттанған басқа сөз таптарынан, сондай-ақ заттанған сөз табы мен заттанған сөз табы арқылы жасала беретіндігі. Бірақ біз кейбір еңбектерде, мәселен, Н.Құрманова еңбегінде *ауылдың маңы* түйдекті тіркесін сөз тіркесі деп беруін қолдамаймыз [39, 25 б.]. Көрсетілген тіркес сөз тіркесіне қойылатын шарттарға жауап бермейді.

Матаса байланысқан анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерінің бірінші сыңары зат есім және субстантивтенген басқа сөз таптарынан жасалады. Екінші сыңары да солай. Олардың құрылымдық моделі мен мағыналарына келсек:

1. $S_2 + S_{\text{тәу}}$ немесе $\text{Pron}_2 + S_{\text{тәу}}$ моделі.

а) меншіктілік мағынаны білдіреді: *Айманның баласы*;

ә) туыстық қатынасты білдіреді: *нағашымның інісі*;

б) даралау, нақтылау мағынасын білдіреді: *ағаштың бұтағы*.

2. $N_2 + S_{\text{тәу}} (N_{\text{тәу}})$ моделі. Мұнда N_2 – ілік септігінде келген, субстантивтенген сан есім, сын есім, есімдік болуы мүмкін. Олар бірінші және екінші сыңарды құрайтын сөздердің мағынасына қарай салыстыру, даралау, нақтылау, тәуелдеу мағыналарын береді. Мысалы, *жақсының жақсысы, жақсының сөзі, екеудің дәптері, менің қызым*.

3. $\text{Adv}_{(\text{сеп})} + S_{\text{тәу}}$ мезгілдік, оған тәуелді мағынаны береді: *ертеңнің ісі, бүгіннің жұмысы*.

Қазақ тілінде матаса байланысқан сөз тіркестерінің екі сыңары да шылау, модаль сөз, көмекші есімдермен түйдектеліп келіп, күрделі сөз тіркестерін құрайды. Күрделі сөз тіркесі біздің зерттеу нысанамызға жатпайды.

Қытай және қазақ тілдеріндегі анықтауыштық (атрибутивтік) қатынастағы сөз тіркестері байланысу тәсілдері жағынан бір-бірінен айырмашылықтары бар:

1) қытай тіліндегі анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерінің құрамындағы сыңарлар екі түрлі жолмен: біріншісі – орын тәртібі арқылы, екіншісі – 的 шылауы арқылы байланысады;

2) қазақ тіліндегі анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерінің құрамындағы сыңарлар қабыса және матаса (ілік және тәуелділік жалғаулар арқылы) байланысады.

的 шылауын кейде айтылады да, кейде айтылмай түсіп қалады, кейде тіпті оны айтуға да, айтпауға да болады. Мұның себебі, 的 жұмсалса, ол өзі жалғанған анықтауыштың анықтауыштық қызметін күшейтеді. Ал қазақ тілінде ілік жалғауы бірде айтылады, бірде айтылмай түсіп қалады. М.Балақаев ілік жалғауының төрт түрлі жағдайда түсіріліп айтылатындығын көрсетеді [117, 139 б.].

Қытай және қазақ тілдеріндегі анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері құрылым жағынан да бір-бірінен айырмашылықтары бар:

Қытай тіліндегі сөз тіркесінің құрылымдық моделдері:

$\text{Pron} + S$

$\text{Pron} + \text{的} + S$

$S + S$

$S + \text{的} + S$

$(P + O) + S$

Pron + M + S.

Adj + S

Adj + 的 + S

V+ 的 + S

Қазақ тіліндегі сөз тіркесінің құрылымдық моделдері:

S + S

Adj + S .

Adj + Adj

Adj + Adj_(subst)

Adj + Num_(subst)

Adj + Pron_(subst)

Adj + Adv_(subst)

Num + S

Pron + S

V_{ec} + S

S₂ + S_{тәу}

N₂ + S_{тәу}

Adv_(сеп) + S_{тәу}

Қытай және қазақ тілдеріндегі анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерінің құрылымдық жағынан бір-бірінен айырмашылықтарының болуы – әр тілдің ішкі заңдылықтарына байланысты. Мәселен, қазақ тілінде грамматикалық мағыналар синтетикалық тәсілмен де, аналитикалық тәсілмен де беріледі. Қытай тілінде синтетикалық тәсіл жоқ, сондықтан грамматикалық мағыналар тек аналитикалық тәсіл арқылы беріледі.

2.6 Қытай тіліндегі толықтырғыш және толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесі

Толықтырғыштың мағыналық түрлері мен жасалу жолдары.

Қазақ тіліндегі аудармасы бір арнаға түспеген, мағыналары мен ұғымдары шатастырылып жүрген қытай тіліндегі грамматикалық терминдердің бірі – 补语. 补语 атауы С.Найманның редакциясымен шыққан «Қытайша-қазақша сөздікте» “қимыл-сын толықтауыш”, “жанама толықтауыш” деп аударылған [118, 72 б]. Д.Мәсімханұлы мен А.Әбиденқызы «Қытай филологиясына кіріспе» атты еңбектерінде 补语 атауын “толықтырғыш” деп берсе [49, 104 б], «Қытайша-қазақша үлкен сөздікте» авторлар С.Найманның ізімен 补语 атауын “қимыл-сын толықтауыш”, “жанама толықтауыш” деп берген [119, 68 б].

Біздің пікірімізше, 补语 атауын “қимыл-сын толықтауыш”, “жанама толықтықтауыш” деп аудару дұрыс емес. “Жанама толықтауыш” қытай тіліне 间接宾语 болып аударылады. Қазақ тілінде “қимыл-сын пысықтауыш” деген атау бар, бірақ “қимыл-сын толықтауыш” деген атау қазақ тілінде де, қытай тілінде де жоқ. Толықтауыш пен толықтырғышты бір-бірімен шатастырмау керек.

М.Ілікенов “Қытайша-қазақша тіл ғылымы сөздігінде” бұл атауды қазақшаға аудармай “буюй” деп берген [120, 17 б]. Ал 动补词组-ды “етістік-буюй тіркесі” деп аударған [120, 42 б]. Чын Янян (陈燕燕) «Қытай және қазақ тілдерінің салғастырмалы грамматикасы» атты еңбегінде 补语-ді “буюй”, “байымдауыш” деп берген [57, 264 б]. Қытай қазақтарының көрнекті тілші-ғалымы Қыдырқан Ахметов 补语-ді қазақ тіліне “толықтырғыш” деп аударған [51, 285 б]. Лу Фубоның (卢福波) «实用汉语教学语法» атты оқулығының қазақ тіліндегі нұсқасында “толықтырғыш” болып берілген [121, 285 б].

Бейжіңдегі «Орталық Ұлттар университеті» баспасынан шыққан «Қытайша-қазақша-орысша тіл білімі терминдерінің сөздігінде» 补语 қазақ тілінде “толықтырғыш мүше”, “комплемент” болып берілсе, орыс тілінде “дополнительный член”, “комплемент” болып берілген [122, 19 б].

Б.Шөкеев “Ханзуша-қазақша аударма нәзәриясы мен шеберлігі” (Қытайша-қазақша аударма теориясы мен шеберлігі) атты оқулығында 补语 атауын толықтауыштан ажырату үшін оны “*кемелдеуіш*” деп атауды ұсынған [123, 266 б.].

Қазақстанда жарық көрген оқу құралдары, ғылыми еңбектер мен сөздіктерде “толықтырғыш” деп аталып жүр. Бұл атау ағылшын тіліне “complement” болып аударылса, орыс тіліне “дополнительный член”, “дополнительный элемент”, “комплемент” болып аударылып жүр.

Алдымен толықтырғыштың анықтамасына тоқталайық. Қытай тіліндегі толықтырғыш мүше етістік немесе сын есім баяндауыштың соңынан ұласып келіп, қимыл, іс-әрекеттің нәтижесін, қимылдың сын-сапасын, көлемдік дәрежесін, жасалу реті мен санын, бағытын, мезгілі мен мекенін, жай-күйін толықтырып түсіндіру қызметін атқарады. Толықтырғыш *қандай? қанша рет? қанша уақыт? нәтижесі қандай?* деген сұрақтарға жауап береді.

Қытай тілінде толықтырғыштардың түрлері мен білдіретін грамматикалық мағыналары туралы мектептер мен жоғары оқу орындарына арналған еңбектердің барлығында сөз болады. Қазіргі кезде қытай тіл білімінде бірізге түспей пікірталас тудырып жүрген мәселелердің бірі – толықтырғыштың мағыналық түрлері. Сөйлем

мүшелері жайлы еңбектерде толықтырғышты топтастыру біршама күрделі, бұл бір жағынан толықтырғышты топтастырудағы ұстанатын принциптердің әртүрлі екендігімен байланысты болса керек. Кейбір авторлар бір ғана принципті басшылыққа алса, енді бірі көп принципті басшылыққа алады. Сондықтан толықтырғышты топтастыруда, оны іштей саралап түрлеу және атау жүйесінде алшақтықтар бар екені көрінеді.

Жаң Біннің (张斌) редакциясымен шыққан «Қазіргі қытай тілінің сипаттамалы грамматикасы» атты ұжымдық еңбекте толықтырғышты нәтиже толықтырғыш (结果补语, бағыт-бағдар толықтырғыш (趋向补语, күшейткіш толықтырғыш (程度补语), күй-жай толықтырғыш (情状补语), сан-мөлшер толықтырғыш (数量补语) деп бес түрге бөлген [94, 308 б].

Лу Фубоның «实用汉语教学语法» атты оқулығының қазақ тіліндегі нұсқасында (қазақ тіліне аударған Ә.Әбілқазыұлы) толықтырғышты нәтиже толықтырғыш (结果补语), бағыт-бағдарлық толықтырғыш (趋向补语), модалдық толықтырғыш (情状补语), сан-шамалық толықтырғыш (数量补语), ықтималдық толықтырғыш (可能补语), сөз алды қосымшалы тіркесті толықтырғыш (介词短语补语) деп алты түрге жіктейді [121, 285-328 бб].

Ескере кететін жайт, 介词 атауы сөздіктерде, оқулықтар мен оқу құралдарында “шылау”, “сөз алды шылау”, “сөз алды қосымша” болып аударылып жүр. 介词 атауына балама ретінде алып отырған “шылау”, “сөз алды шылау” немесе “сөз алды қосымша ” деген үш нұсқамен келісу қиын. Себебі қытай тіліндегі 助词 атауын қазақ тіліне “шылау” болып аударылады. “Сөз алды шылау” деген атау қытай тілінде де, қазақ тілінде де кездеспейді.

Біздіңше, 介词 атауын қазақ тіліндегі “қосымша” мен орыс тіліндегі “сөз алды қосымшасымен (префикс)” шатастырмас үшін “предлог” деп атаған дұрыс сияқты. Бұдан басқа себептерін атар болсақ: 1) қытай тіл білімінде “қосымша” деген ұғым да, термин де жоқ; жұрнақтар бар, бірақ өте аз; жалғаулар (тәуелдік, жіктік, көптік және септік жалғаулары) болмайды (қазақ тілінде қосымшалардың екі түрі бар: бірі – жұрнақ, екіншісі – жалғау); 2) “предлогтар” қытай тілінде көмекші сөздер болып табылады және олар жеке сөз табы ретінде қаралады; предлогтар жұрнақ сияқты өзі қатысты сөзге бүтіндей жаңа мағына қоспайды; жалғаулар сияқты сөздерді бір-бірімен байланысқа түсіре алмайды.

Қытай тілінде предлогқа қатысты 介宾短语 деген ерекше сөз тіркесі бар. Ол – предлогтардың толықтауыштардың (зат есім, есімдік немесе есім сөзден жасалған) алдынан тұруы арқылы жасалған тіркес. Мысалы: 我们要为人民服务 [Women yao wei renmin fuwu] Біз халыққа қызмет етуіміз керек. Сөзбе-сөз: Біз керек үшін халық қызмет ету. Сөйлемнің құрамындағы 为人民 [wei renmin] халық үшін деген тіркес – предлог пен толықтауыштың бірігуінен жасалған тіркес. Міне, осы тіркесті қалай аударамыз? Біз бұл атаудың қазақша аудармасын “Қытайша-орысша-қазақша-ағылшынша филология терминдері сөздігінен” таптық. Өкінішке орай, автор оны қазақшаға “жалғаулықты толықтауыш”, орыс тіліне “предложное дополнение” [129, 57 б.] деп қате аударған. Сонымен, 介宾短语 атауын қазақ тіліне “предлог-толықтауыш” типті тіркес деп аудару керек сияқты. Кей еңбектерде орыс тіліне словосочетания типа “предлог+зависимое слово” болып аударылған [53, 30 б.].

Фан Шяу (范晓) толықтырғышты нәтиже толықтырғыш (结果补语), бағыт-бағдар толықтырғыш (趋向补语), күшейткіш толықтырғыш (程度补语), мүмкіндік толықтырғыш (可能补语), күй-жай толықтырғыш (情状补语), сан-мөлшер толықтырғыш (数量补语) деп алтыға бөледі [10, 90-96 бб]. Хуаң Борон (黄伯荣) мен Ляу Шүйдон (廖序东) Фан Шяу саралаған алты түрлі толықтырғыштардың қатарына мезгіл-мекен толықтырғыш (时间处所补语) қосып, жетіге саралайды [93, 88-92 бб].

«A Practical Chinese Grammar for Foreigners» атты оқулықта толықтырғышты нәтиже толықтырғыш (结果补语), күшейткіш толықтырғыш (程度补语), сан-мөлшер толықтырғыш (数量补语), бағыт-бағдар толықтырғыш (趋向补语), мүмкіндік толықтырғыш (可能补语) деп алтыға бөледі [124, 287-288 бб].

«Қазіргі қытай тілінің практикалық грамматикасы» атты оқулықта толықтырғышты төмендегідей мағыналық топтарға бөледі: нәтиже толықтырғыш (结果补语), бағыт-бағдар толықтырғыш (趋向补语), мүмкіндік толықтырғыш (可能补语), күй-жай толықтырғыш (情状补语), күшейткіш толықтырғыш (程度补语), сан-мөлшер толықтырғыш (数量补语) және предлогты тіркесті толықтырғыш (介词短语补语) [125, 534 б].

Қытай және қазақ тілдерінде жазылған «Қазіргі қытай тілінің грамматикасы» атты оқулықта толықтырғышты нәтиже толықтырғыш

(结果补语), бағыт-бағдарлық толықтырғыш (趋向补语), ықтималдық толықтырғыш (可能补语), шамалық толықтырғыш (程度补语), сан-шамалық толықтырғыш (数量补语), мезгіл-мекендік толықтырғыш (时间地点补语) деп алты түрге жіктейді [51, 304 б].

Чян Найроңның (钱乃荣) редакциясымен шыққан «Қытай тіл білімі» деген еңбекте толықтырғышты тоғыз түрге саралайды: бағыт-бағдар толықтырғыш (趋向补语), мүмкіндік толықтырғыш (能否补语), нәтиже толықтырғыш (结果补语), күшейткіш толықтырғыш (程度补语), сан-мөлшер толықтырғыш (数量补语), мезгіл толықтырғыш (时间补语), мекен толықтырғыш (处所补语), нысан толықтырғыш (对象补语), күй-жай толықтырғыш (情状补语) [126, 286-292 бб].

Го Жынхуа (郭振华) толықтырғышты нәтиже толықтырғыш (结果补语), бағыт-бағдар толықтырғыш (趋向补语), мүмкіндік толықтырғыш (可能补语), күшейткіш толықтырғыш (程度补语) деп төртке топтастырады [127, 124-132 бб].

Дай Сюэмэй (戴雪梅) мен Чжан Жоиннің (张若莹) Мәскеуде шыққан «300 грамматических правил» атты оқу құралында толықтырғыш мағынасы мен құрылымына қарай бес түрге жіктелген: дополнительный член степени, дополнительный член результата, дополнительный член количества, дополнительный член направления, дополнительный член возможности [128, 168 б].

Чын Янянның (陈燕燕) редакциясымен шыққан «Ұйғыр және қазақ ұлтының өкілдеріне қытай тілінің грамматикасын оқытудағы қиын түйіндер» атты ұжымдық еңбекте толықтырғышты 7 түрге жіктеген: күшейткіш толықтырғыш (程度补语), нәтиже толықтырғыш (结果补语), күй-жай толықтырғыш (状态补语), бағыт-бағдар толықтырғыш (趋向补语), сан-мөлшер толықтырғыш (数量补语), предлогты толықтырғыш (介词补语), мүмкіндік толықтырғыш (可能补语) [130, 45 б].

Бейжің тіл және мәдениет университеті баспасынан шыққан «维吾尔族、哈萨克族汉语偏误分析» атты оқулықта толықтырғышты нәтиже толықтырғыш (结果补语), шамалық толықтырғыш (程度补语), күй-жай толықтырғыш (状态补语), бағыт-бағдар толықтырғыш (趋向补语), мүмкіндік толықтырғыш (可能补语), сан-мөлшер толықтырғыш (数量补语), мезгіл-мекендік толықтырғыш (时地补语) деп алты түрге жіктейді [131, 143-147 бб].

Енді толықтырғыштардың түрлері мен мағыналарына қысқаша тоқталайық.

Нәтиже толықтырғыш. Нәтиже толықтырғыш қимыл, іс-әрекет тудырған нәтижені білдіреді. Нәтижені білдіретін толықтырғыштар, әдетте, сын есімдер мен етістіктерден жасалады. Етістіктердің саны көп емес. Олар: 走[zou] *жүру*, 跑[rao] *жүгіру*, 动[dong] *қозғалу*, 见[jian] *кездесу, көру*, 到[dao] *жету*, 成[cheng] *болу, айналу, өзгеру*, 完[wan] *аяқтау, біту*, 住[zhu] *жату, тұру*, 病[bing] *ауыру, сырқаттану*, 穿[chuan] *кию, өту, тесу*, т.б. Мысалы:

这本小说我还没有看完[Zhe ben xiaoshuo wo hai meiyou kan wan]

Мына романды әлі оқып бітірмедім.

我听懂了她的话[Wo ting dong le ta de hua] *Мен оның сөзін түсіндім.*

车都停住了[Che dou ting zhu le] *Мәшине де жүрмей тоқтап қалды.*

Күшейткіш толықтырғыш. Күшейткіш толықтырғыштардың саны өте аз. Бұл толықтырғыш сапаның, жай-күйдің немесе көңіл-күйдің қандай дәрежеде болғанын білдіреді. Күшейткіш толықтырғыш, көбінесе, 很[hen], 极[ji] және мағыналары солғындаған 透[tou], 慌[huang], 坏[huai], 死[si] сияқты үстеулерден, сонымен қатар, 一些[yixie], 一点[yidian] сияқты сан-мөлшер тіркестерінен жасалады. Кейбір толықтырғыштарға 得 шылауы жалғанады. Мысалы:

我们都玩得开心极了[Women dou wan de kaixin ji le] *Біз жақсылап көңіл көтердік.*

他的病好一些了[Ta de bing hao yi xie le]

Оның жағдайы тәуір болып қалды.

他写得快[Ta xie de kuai] *Ол тез жазады.*

我想死你了[Wo xiang si ni le] *Сені өлердей сағындым.*

Бағыт-бағдар толықтырғыш. Бағыт-бағдар толықтырғышы қимыл, іс-әрекеттің бет алысын білдіреді және бағыт-бағдарды білдіретін етістіктерден жасалады. Мысалы:

你快进来吧[Ni kuai jin lai ba] *Тез ішке кірсеңші.*

所有的人都坚持下来了[Suoyou de ren dou jianchi xia lai le]

Барлығы табандылық көрсете білді.

你怎么又回来了[Ni zenme you hui lai le] *Неге қайтып келдің.*

上来、下去都很累吧[Shang lai, xiaqu dou hen lei ba]

Жоғарыға көтеріліп, түскенде шаршайтын шығарсың.

Сан-мөлшер толықтырғыш. Сан-мөлшер толықтырғыш екі түрлі болады:

а) қимылдық мөлшер сөзді толықтырғыш. Қимыл-әрекеттің жасалу ретін, санын білдіреді. “Сан есім+қимылдық мөлшер сөзді” тіркестерден жасалады. Мысалы:

让我想一下 [Rang wo xiang yí xià] *Маған ойлануға мұрсат берші.*

我看了一次电影 [Wo kan le yí cì diànyǐng] *Мен бір рет кино көрдім.*

ә) мезгілдік мөлшер сөзді толықтырғыш. Қимыл, іс-әрекет, жай-күйдің жалғасу, созылу уақытын білдіреді. “Сан есім+мөлшер сөзді” немесе “сан есім+зат есімді” тіркестерден жасалады. Мысалы:

我大学毕业五年了 [Wo dàxué bìyè wu nián le]

Менің университет бітіргеніме бес жыл болды.

我们每星期学习五天 [Wǒmen měi xīngqī xuéxí wu tiān]

Біз аптасына бес күн оқимыз.

请等我一分钟 [Qǐng děng wǒ yí fēn zhōng]

Мені бір минут күте тұршы.

Мезгіл-мекен толықтырғыш. Мезгіл-мекен толықтырғыш, көбінесе, предлогты тіркестер арқылы жасалады да, қимыл-әрекеттің болу мезгілі мен мекенін, жасалу үстіндегі әрекеттің бағытын білдіреді:

他生于1990年 [Ta shēng yú yí jiǔ jiǔ líng nián] *Ол 1990 жылы туған.*

列车往北京开 [Lièchē wǎng běijīng kāi] *Пойыз Бейжіңге жүреді.*

这个故事发在中国 [Zhè ge gùshi fāshēng zài Zhōngguó] *Бұл әңгіме Қытайда болған.*

人们都知道自己生在何处，却不知道死在何方 [Rénmen dōu zhīdào zìjǐ shēng zài hé chù, què bù zhīdào sǐ zài hé fāng] *Адамдар өздерінің қай жерде туғанын біледі, бірақ қай жерде өлетінін білмейді.*

Мүмкіндік толықтырғыш. Субъектінің істі істеуге мүмкіндігінің бар-жоғын көрсетеді. Оның үш түрлі үлгісі бар:

1) “Етістік +得/不+ нәтиже толықтырғыш/бағыт-бағдар толықтырғыш”. Мысалы:

他看得懂，我看不懂 [Ta kàn de dòng, wǒ kàn bù dòng] *Ол түсінеді, мен түсінбеймін.*

这道题谁算得出 [Zhè dào tí shuí suàn de chū lái] *Бұл есепті кім шығара алады екен.*

2) “Етістік/сын есім +得/不+了 (liǎo)”. Мысалы:

他来得 [Ta lái de liǎo] *Ол келе алады.*

天气太热，我们受不了 [Tiānqì tài rè, wǒmen shòu bù liǎo] *Күн өте ыстық, шыдай алар емеспіз.*

我瘦不了 [Wǒ shòu bù liǎo] *Мен арықтай алмадым.*

3) “Етістік +得/不得” сөздерінен жасалған мүмкіндік толықтырғыштар. Мысалы:

这种苹果还没熟，现在吃不得 [Zhe zhong pingguo hai mei shu, xianzai chi bu de] Бұл алма әлі піспеген, жеуге болмайды.

这种电脑游戏孩子玩不得 [Zhe zhong diannaoyouxi haizi wan bu de] Мұндай компьютерлік ойындарды балаларға ойнауға болмайды.

Толықтауыш пен толықтырғыштың айырмашылықтары. Қытай тілінде толықтауыш пен толықтырғыш етістік баяндауыштың соңынан келеді. Сондықтан оларды бір-бірінен ажырату қиынға түседі. Оларды ажыратуда мына мәселелерге көңіл бөлу керек:

1) толықтауыш пен толықтырғыштың білдіретін грамматикалық қатынастарына және қандай сұрақтарға жауап беретіндігіне көңіл бөлу керек. Етістіктің соңынан келіп, *кімді?*, *нені?* деген сұрақтарға жауап беретін, қимыл-әрекеттің объектісін білдіретін мүше толықтауыш болады; етістіктің соңынан келіп, *қандай?* *қанша?* *қанша уақыт?* *қанша алыс?* деген сұрақтарға жауап беріп, қимыл-әрекеттің нәтижесін, мүмкіндігін, жай-күйін, мезгілін, сан-мөлшерін, т.б. білдіретін мүше толықтырғыш болады. Мысалы:

我喜欢安静 [Wo xihuan anjing] Мен тыныштықты ұнатамын.

把房间打扫干净 [ba fangjian dasao ganjing]

Бөлмені айнадай етіп тазала.

Жоғарыдағы мысалдағы 安静 (тыныштық) сөзі *нені жақсы көру?* деген сұраққа жауап беріп, толықтауыш болады. Ол – 喜欢 (ұнату) тарапынан меңгерілетін объект. Екеуінің арасында толықтауыштық қатынас болады. 干净 (таза) сөзі *нені тазалау?* деген сұраққа жауап бере алмайды, тек *қалай тазалады?* деген сұрауға жауап беріп, 打扫 (тазалау) сөзінің нәтиже толықтырғышы болады.

2) құрамындағы сөздердің сипатына, яғни қандай сөз табынан жасалуына қарай ажырату. Толықтауыш, көбінесе, зат есім, зат есімді сөз тіркестерінен жасалса, толықтырғыш, әдетте, етістік немесе сын есімдерден жасалады. Мысалы:

我看电视 [Wo kan dianshi] Мен теледидар қараймын.

德语我听不懂 [Deyu wo ting bu dong] Неміс тілін түсінбеймін.

她说得很清楚 [Ta shuo de hen qingchu] Ол анық айтты.

3) жіктеу есімдіктері толықтауыш бола алғанымен, толықтырғыш бола алмайды. Мысалы: 我认识他们 [Wo renshi tamen] Мен оларды танимын. 他们 (олар) сөйлемде толықтауыш болып тұр. 很hen, 极ji (өте, аса, тым) үстеулері толықтырғыш бола алады, бірақ толықтауыш бола алмайды. Мысалы:

他勇敢极了 [Ta yonggan ji le] Ол өте батыл екен.

他写的字漂亮得很 [Ta xie de zi piaoliang de hen]

Оның жазуы өте тамаша (Оның жазуы маржандай).

4) мөлшер сөзді сөз тіркесінің құрамында зат-мөлшер сөз болса, әдетте, толықтауыш болады; егер етістік-мөлшер сөз бар болса, толықтырғыш болады. Мысалы:

我买了两本，他买了一本[Wo mai le liang ben, ta mai le yi ben]

Мен екі данасын сатып алдым, ол бір данасын сатып алды.

我去过北京三次[Wo qu guo Beijing san ci]

Мен Бейжіңге екі рет бардым.

Толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесі және оның түрлері. Толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесі баяндауыш және толықтырғыш деп аталатын екі сыңардан құралады: алдыңғы сыңары – белгілі қимыл-әрекетті немесе сапа, жай-күйді білдіретін етістіктерден немесе сын есімдерден жасалатын баяндауыштар, соңғысы – алдыңғы сыңарын толықтыра түсіндіретін толықтырғыш мүше. Сыңарлар арасындағы қатынас – толықтырғыштық қатынас.

Қытай тіліндегі толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесінің құрамындағы баяндауыш алдында, толықтырғыш одан кейін тұрады, орындары тұрақты, өзгертуге болмайды, егер орнындары ауысса, сөз тіркестерінің құрылымдық байланыстары өзгеріп кетеді, тіпті сөз тіркестерінің мағыналарына нұқсан келеді. Мысалы, 来早[lai zao] *ерте келіп алу* (Сөзбе-сөз: *келу ерте*), 说多[shuo duo] *көп сөйлеп кету* (Сөзбе-сөз: *сөйлеу көп*) дегендер толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесі. 早来[zao lai] *ерте келу*, 多说[duo shuo] *көп сөйлеу* дегендер пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі.

Толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесінің бір тобы 得 шылауы арқылы, енді бір тобы тек орын тәртібі арқылы байланысады. Мысалы: 她走得快[Ta zou de kuai] *Жүрісі тез*. Бұл – 得 шылауы арқылы байланысқан толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесі. 雨下大了[Yu xia da le] *Жаңбыр қатты жауа бастады* (ескере кететін жай: бұл тіркес қазақ тіліне бастауыш-баяндауышты сөйлем болып аударылады). Бұл – орын тәртібі арқылы байланысқан толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесі.

Қытай тіліндегі толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесі баяндауыштың қандай сөзден болуына қарай екі түрге бөлінеді:

а) “Етістік – толықтырғыш” типті сөз тіркесі (动补短语). “Етістік-толықтырғыш” типті сөз тіркесі қытай тілінде өте жиі кездеседі. Баяндауышы негізінен етістіктен, кейде толықтауыштық қатынастағы сөз тіркесінен де болады. Мысалы:

鹰飞得高[Ying fei de gao] *Бүркіт биікке самғайды.*

我们上完课了[Women shang wan ke le] *Біз сабақтан шықтық.*

ә) “Сын есім – толықтырғыш” типті сөз тіркесі (形补短语). Баяндауышы негізінен сын есімнен болады, кейде сын есімді сөз тіркесінен де болады. “Етістік – толықтырғыш” типті сөз тіркесіне қарағанда, “сын есім – толықтырғыш” типті сөз тіркесі аз ұшырасады. Мысалы:

房子干净得很 [Fangzi ganjing de hen] *Үй өте таза.*

天气冷极了 [Tian qi leng ji le] *Ауа райы өте суық.*

Қытай тіліндегі толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесінің басым көпшілігі қазақ тіліндегі пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесімен пара-пар келеді. Мысалы:

说得对 [shuo de dui] *дұрыс айту.*

来自哈萨克斯坦 [lai zi Hasakesitan] *Қазақстаннан келу*

住了一年 [zhu le yi nian] *бір жыл тұру*

洗干净 [xi ganjing] *тап-таза етіп жуу.*

Толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесінің кейбірі қазақ тіліндегі “көсемше+көмекші етістік” типті тіркеске сәйкес келеді. Мысалы:

说完 [shuo wan] *айтып болу.*

学会 [xue hui] *үйреніп алу.*

拿出 [na chu] *алып шығу.*

笑了一下 [xiao le yixia] *күліп қойю.*

Кейбір толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесінің толықтырғышы бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінен болса, бұл сөз тіркесі үйірлі мүшелермен сәйкес келеді. Мысалы:

她激动得心都跳出来了 [Ta ji dong de xin dou tiao chu lai le]

Ол қуанғаннан жүрегі жарылып кете жаздады. т.б.

Қытай тіліндегі толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркестерін қазақ тіліне аудару мәселесі жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

1956 жылы қытай мектептерінде оқытылатын «қытай тілі» пәніне қосымша ретінде «暂拟汉语教学语法系统» (Қытай тілі педагогикалық грамматикасының уақытша жасалған жүйесі) деп аталатын үлгілік оқу бағдарламасы жарық көрді. Бұл бағдарлама – қытай тілі материалдарының ғылымға негізделген алғашқы жүйелі бағдарламасы. Аталмыш бағдарламада сөз тіркестерінің тұтас күйінде белгілі бір сөйлем мүшесінің қызметін атқара алатындығы айтылған. Міне, сол кезден күні бүгінге дейін сөз тіркесінің сөйлем мүшесі

бола алатындығы туралы пікір қытай тіл білімінде әбден қалыптасып орнықты. Сондықтан да сөз тіркесінің синтаксистік қызметі туралы мектеп және жоғары оқу орындарына арналған еңбектердің барлығында айтылады.

Толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесінің синтаксистік қызметі:

Қазіргі қытай тілінде толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесі сөйлемнің барлық мүшелері бола алады.

1. Толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесі етістікті сөз тіркесі болғандықтан, көбінесе баяндауыш қызметін атқарады:

他说错了。 *Ол қате айтты.*

他躺在地上爬不起来了 *Ол сол жатқан жерінен тұра алмай қалды.*

2. Толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесі сөйлемде бастауыш та бола алады:

累坏了可不行。 *Қатты шаршауға болмайды.*

3. Толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесі толықтауыш қызметін атқарады:

不要怕说错。 *Қате сөйлеуден қорықпау керек.*

4. Толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесі анықтауыштың да қызметін атқарады:

走出去的姑娘是谁? *Шығып кеткен қыз кім?*

5. Толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесі пысықтауыш қызметін атқарады:

她穿得漂漂亮亮地去了学校。

Ол таза-таза киініп мектепке кетті.

6. Толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесі толықтырғыш қызметін де атқара алады:

她高兴得跳了起来 *Ол қуанғаннан орнынан секіріп кетті.*

Толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесі (баяндауыш-толықтырғышты сөз тіркесі) сөз түрлендіруші формалары өте аз тілдердің бірі – қытай тілінің табиғатына тән. Сондықтан толықтырғыш пен толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесі ұйғыр және қазақ тілдерінің табиғатына тән емес. Сондай-ақ толықтырғыш деген ұғым да ұйғыр және қазақ тілдерінде кездеспейді. Қытай тілінде толықтырғыш пен толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесінің болуы қытай тілінде сөз түрлендіруші формалардың аздығымен байланысты.

2.7 Қытай тіліндегі толықтырғышты қазақ тіліне аудару мәселесі

Толықтырғышты қазақ тіліне аудару маңызды да, күрделі мәселеле болып табылады.

Қытайда аударма ісі мамандығына арналған қазақ тілді 3 оқулық жарық көрді. Олар – К.Абдиса мен Т.Әлтайдың «Ханзуша-қазақша аударма оқулығы» (1998), М.Әлиевтің «Ханзуша-қазақша аударма нәзәриясы» (2002) және Б.Шөкеевтің «Ханзуша-қазақша аударма нәзәриясы мен шеберлігі» (2012) деген еңбектер. Елімізде Ж.Сәмитұлының «Қытайша-қазақша аударма теориясы мен практикасы» (2005) атты оқу құралы жарық көрді. Бұл – қытайша-қазақша аударма теориясы мен практикасы пәніне арналып жазылған Қазақстандағы бірден-бір оқу құралы. Алайда аталған оқу құралында сөйлем мүшелерін аудару мәселесі қарастырылмаған.

Біз енді осы оқулықтардағы қытай тіліндегі толықтырғыштың қазақ тіліне аудару тәсілдеріне тоқталамыз.

К.Абдиса мен Т.Әлтайдың «Ханзуша-қазақша аударма оқулығында» толықтырғышты аударудың 4 түрлі тәсілін ұсынған:

1. Етістік пен толықтырғыш білдіріп тұрған ұғым тығыз байланыста болып, белгілі бір нәтиженің туылу себебі айқын көріліп тұрса, әрі логикалық қисын толықтауышта тұрса, онда толықтырғыш болып тұрған етістік қана қазақ тіліне көбінде өзгелік етіс күйінде аударылады. Мысалы:

1) 帝国主义的侵略打破了中国人学习西方的美梦。

Жиангерліктің шапқыншылығы жоңғолықтардың батыстан үйрену қиалын быт-шыт етті.

2) 党的民族政策的光辉照亮了草原，照暖了牧民的心。

Партияның ұлттық саясатының нұр шұғыласы жайлауды нұрландырды, малшылардың көңілін жадыратты.

3) 太阳快落山了，红彩霞把连绵起伏的山头染得红艳艳的。

Күн батуға таяп қалды, кешкі арай орқаш-орқаш тау шоқыларын нарнтай қызартты.

4) 我听懂了。Мен ұқтым.

2. етістік пен толықтырғыштың білдіріп тұрған ұғым тығыз байланыста болып, толықтырғыш басталу, аяқталу, жалғасы, қайталану, байқап көру сынды мағыналарда болса, бір етістікпен бейнелеу олқылық етсе, онда толықтырғышты көмекші етістіктің көмегімен күрделі баяндауышқа өзгертіп аударуға болады. Мысалы:

1) 我要说的话都说完了。 *Айтарымды айтып болдым.*

2) 狗把小鸡赶跑了。 *Ит шөжені қуып жіберді.*

3) 这位同学一年就学会了汉语。

Бұл сабақтас ханзу тілін бір жылда-ақ үйреніп алды.

3. Етістіктің де, толықтырғыштың да білдіріп тұрған мағынасы маңызды болып жоғарыда айтылған тәсілдермен аударуға келмесе, онда етістікті пысықтауышқа, толықтырғышты баяндауышқа өзгертіп аударуға болады. Мысалы:

1) 武松把老虎打死了。 *У Соң жолбарысты ұрып өлтірді.*

2) 敌人找不到我们的主力，急得眼都红了。

Жау біздің негізгі күшімізді таба алмай ызадан көздері қанталап кетті.

3) 中国人民没有被吓倒，被杀绝。

Жоңғо халқын қорқыта алған жоқ, қырып тауыса да алған жоқ.

4) 老人病死了。 *Қария ауырып өлді.*

4. Кейбір толықтырғыштар белгілі бір адамның не заттың тұрқын, бейнесін білдіріп келсе, онда оны сол заттың не адамның анықтауышы етіп аударуға болады. Мысалы:

1) 袭人羞得脸紫涨起来，想想原是自己把话说错了。

Ұят қысып күреңітіп кеткен Ши Рын а дегенде-ақ өзінің ағат сөйлеп алғанын аңғарды.

2) 贾政此时气得目瞪口呆，一面送那官员，一面回头命宝玉：

“不许动！回来有话问你！”

Бұл шақта ызадан көзі шағырайып, аузы қисаңдап кеткен Жя Жың әлгі ұлықты шығарып бара жатып, мойнын бұрып Бау Юйге: “Тапжылма! Келіп сұрайтын сөзім бар!” – деп бұйыра сөйледі [132, 70 б.].

Жоғарыдағы көрсетілген 4 түрлі тәсіл Б.Шөкеев пен М.Әлиевтің оқулықтарында да көрсетілген.

Енді толықтырғышты аударудың жоғарыда көрсетілген 4 түрлі тәсілге талдау жасасақ.

1-тәсілде “... толықтырғыш болып тұрған етістік қана қазақ тіліне көбінде өзгелік етіс күйінде аударылады” деп көрсетілген.

Авторлардың ілгеріде келтірген 4 мысалдың құрамындағы толықтырғыштық сөз тіркестері: 打破, 照暖, 染得红艳艳, 听懂. Бұлардың құрамындағы баяндауыштар – 打 (ұру, соғу), 照 (шашу, төгу), 染 (баяу), 听 (есту, тыңдау), ал толықтырғыштар – 破 (тозу, жыртылу), 暖 (жылы), 红艳艳 (қып-қызыл, нарттай қызыл), 懂 (түсіну, ұғу). Осы толықтырғыштардың барлығы авторлар айтқандай

етістіктен жасалмаған. Бұлардың ішіндегі 破 (*тозу, жыртылу*) мен 懂 (*түсіну, ұғу*) – етістік, ал 暖 (*жылы*), 红艳艳 (*қып-қызыл, нарттай қызыл*) – сын есім. Сондай-ақ, аталмыш толықтырғыштар қазақ тіліне өзгелік етіс түрінде аударылмаған. Мәселен, 破 (*быт-шыт етті*), 红艳艳 (*нарттай қызартты*) және 暖 (*көңілін жадыратты*) күрделі етістік болып аударылса, 懂 (*түсіну, ұғу*) өздік етістік болып аударылған. Бұл 4 сөйлемнің де бастауышы, яғни қимыл, іс-әрекетті орындайтын субъектісі бар. 暖 және 红艳艳 сын есімдері қазақ тіліне етістікке өзгертіліп аударылады.

Жоғарыдағы мысал ретінде келтірген 4 сөйлемді былай аудару керек сияқты:

帝国主义的侵略打破了中国人学习西方的美梦。

Империализмнің басқыншылығы қытай халқының батыс елдерінен үйрену арманын тас-талқан етті.

党的民族政策的光辉照亮了草原，照暖了牧民的心。

Партияның ұлттық саясатының нұры жайлауды нұрландырып, малшылардың көңілін жадыратты.

太阳快落山了，红彩霞把连绵起伏的山头染得红艳艳的。

Күн ұясына батып барады, күннің қызыл шапағы өркеш-өркеш тау шоқыларын қып-қызыл түске бояды.

我听懂了 деген сөйлемді Мен түсіндім деп те аударуға болады.

Ескере кететін жайт: 打破 авторлар айтқандай толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесі емес, ол – баяндауыш-толықтырғыш формалы біріккен сөз. Оны оны бір етістік түрінде немесе күрделі етістік етіп аударуға да болады. Мысалы:

“他打破了世界纪录 Ол әлемдік рекордты жаңартты.

男孩不小心打破了一个杯子

Бала стақанды абайсызда сындырып алды.

杯子被那个男孩打破了 *Стақанды ана бала сындырды .*

Б.Шөкеев 1-тәсілге мынадай 4 мысалды келтіреді:

1) 今天是全民健身日，或许是台风的消息打乱了市民的出行计划。

Бүгін – жалпы халықтық дене шынықтыру күні, бәлкім, долы дауыл соғатынын естіген қала тұрғындарының сыртқа шығу жоһы бұзылды.

2) 他这个人本来是好的，但后来慢慢变坏了。

Ол әсілі жақсы адам еді, бірақ кейін келе біртіндеп азды.

3) 你要想办法攒一点钱盖房子。

Сен үй салу үшін амалдың барынша біраз ақша табуың керек.

4) 这里到处是大工厂，一根根的大烟囱，把天空染得黑乎乎的。

Бұл арада ірі завод көп болып, биік моржалардан шыққан түтін аспанды түнертеді [122, 268 б.].

Енді жоғарыдағы сөйлемдердің қазақ тіліне аударылу тәсілдеріне талдау жасайық:

Автор 1-сөйлемдегі толықтырғыш қызметін атқаратын 乱 етістігін өзі айтқандай өзгелік етіс түрімен аудармай, керісінше ырықсыз етіс түрімен аударған, яғни 乱 етістігін “**бұзылды**” деп аударған.

Біз 今天 是 全民健身日, 或许是台风的消息打乱了市民的出行计划 деген сөйлемді “*Бүгін – жалтыхалықтық дене шынықтыру күні. Тайфун дауылы соғады деген ақпарат қала тұрғындарының жолға шығу жоспарын өзгертіп жіберген сияқты.*” деп аударамыз.

Бұл сөйлемнің толықтырғыш мүшесі (етістіктен жасалған) автор айтқандай *өзгелік етіс* түрінде аударылмайды. Сөйлемнің бастауышы – 消息 (ақпарат), баяндауышы – 打乱 (өзгерту, бұзу). Біздіңше, 打乱 деген толықтырғыштық сөз тіркесін бөліп-жармай тұтас күйінде *өзгертіп жіберу, өзгерту* деп аударғанымыз дұрыс.

Ескере кететін жайт: Сөйлемнің құрамындағы 台风 сөзін “долы дауыл” деп аудару дұрыс емес, оны “тайфун” деп аударамыз.

他这个人本来是好的, 但后来慢慢变坏了 деген сөйлемді “*Ол жақсы кісі болатын, бірақ кейін ақырындап жаман жаққа өзгере бастады.*” деп аударамыз.

Бұл сөйлемнің бастауышы – 他 (ол), баяндауышы – 变坏 (жаман жаққа өзгеру). Сонымен, 变 (өзгеру) *өзгелік етіс* түрінде аударылмайды.

你 要想办法攒一点钱盖房子 дегенді “*Амалын тауып қаражат жинап үй салуың керек.*” деп аударуға болады. бұл сөйлемнің бастауышы – 你 (сен), баяндауышы – 盖房子 (үй салу).

这里到处是大工厂，一根根的大烟囱，把天空染得黑乎乎的 деген мысал “*Бұл жерде үлкен зауыттар көп, биік моржалардан будақтай шыққан түтін аспанды қара түнекке айналдырды.*” болып аударылады. Бастауышы – 烟囱 (моржа), баяндауышы – 染 (бояу).

Ескере кететін жайт: сөйлемнің құрамындағы толықтырғыштық сөз тіркесі 染得黑乎乎-дың баяндауышы 染 – етістік (бояу), ал толықтырғышы 黑乎乎 – (қап-қара, қараңғы) сын есімнен жасалған. 染得黑乎乎 қазашаға қап-қара түске бояу болып аударылады. Ауаның ластануын басым мағынада көрсету үшін, 染得黑乎乎-ды *аспанды қара түнекке айналдырды* деп аударылады.

Сонымен, автордың дәлел ретінде келтірген сөйлемдері 1-тәсілмен, яғни етістіктер өзгелік етіс түрінде аударылмаған.

М.Әлиев толықтырғышты тіркестің бір етістік арқылы да аударылатынын көрсетеді де, “或者把老虎打死, 或者被老虎吃掉二者必居其一。Не жолбарысты өлтіру керек, не жолбарысқа жем болу керек, екінің бірі” деген мысалды келтірген [133, 184 б.].

2-тәсілде “...толықтырғышты көмекші етістіктің көмегімен күрделі баяндауышқа өзгертіп аударуға болатындығы” айтылған. Дұрысы, “...толықтырғышты қазақ тіліне көсемше тұлғалары арқылы байланысқан күрделі етістік етіп аудару керек” деп бергені дұрыс болар еді. Келтірген мысалдардағы *айтып болдым, қуып жіберді, үйреніп алды* деген күрделі етістіктердің құрамындағы жетекші етістіктер пен көмекші етістіктер өзара көсемше тұлғалары арқылы байланысқан.

Ескеретін жайт, қазақ тілінде көмекші етістік жетекші етістікпен тіркесіп, етістіктің аналитикалық формасын құрайды да, тұтас күйінде *күрделі баяндауыш* қызметін атқарады. Сондай-ақ, күрделі баяндауышты жасайтын сөздер тек “жетекші етістік пен көмекші етістіктің тіркесімімен” ғана шектелмейді. Есім сөздер мен көмекші етістіктердің тіркесімі, ілік септігіндегі сөз бен тәуелдік жалғау жалғанған сөздің тіркесімі, күрделі сан есімдер және күрделі атаулар да күрделі баяндауышты жасайды.

Жоғарыдағы 2-тәсілге мысал ретінде келтірген *这位同学一年就学会了汉语* деген сөйлемнің құрамындағы *同学* сөзі *сыныптас, курстас, оқушы, студент* болып аударылады. *同学* сөзін жағдаятқа қарап аудару керек. Бұл сөйлемді “*Бұл оқушы қытай тілін бір жылда-ақ үйреніп алды.*” немесе “*Бұл студент қытай тілін бір жылда-ақ үйреніп алды.*” деп аударуға болады. Қытай қазақтары *同学* сөзін *сабақтас* деп аударарды, *сыныптас, курстас* дегенді *сабақтас* деген бір сөзбен береді.

М.Әлиев “...толықтырғыштың қазақшаға көмекші етістік қосылған күрделі етістік арқылы аударылатынын” айтады да, мынадай мысалдарды келтіреді:

1) 春小麦已经播种完了

Жаздық бидай егіліп болды.

2) 狗把小鸡赶跑了。

Ит шөжелерді қуып жіберді.

3) 他们是能够想出好办法来的。

Олар жақсы әдістер тауып шыға алады.

4) 那个人逃掉了，我们促住了一个嫌疑犯。

Әлгі адам қашып кетті, біз бір күмәнді адамды ұстап алдық.

5) 歌声像一阵响亮的战鼓，击破禁锢世界的层层密云。

Ән әуені шайқас дабылындай жаңғырып, дүниені тұншықтырып тұрған түн-түнекті қақ жарды.

6) 这么热的天，毒热头低下，晒坏了他，如何使得的。

Күн айналып жерге түскендей болып, күйдіріп барады. Оған күн өтіп кетсе қалай болады!

7) 天开始变得寒冷了。Күн қатты суыта бастады [133, 184-185 бб.].

Автор айтып отырған “көмекші етістік қосылған күрделі етістік” дегенді “толықтырғыштық тіркес қазақшаға күрделі етістік болып аударылады” деп өзгертсек дұрыс.

Көмекші етістіктер жетекші етістік немесе есім сөздердің соңынан тіркесіп келіп, күрделі етістік жасайтыны бәрімізге белгілі.

Жоғарыдағы сөйлемді былай аударуға да болады:

春小麦已经播种完了 Жаздық бидай егілді.

Бұл сөйлемнің құрамындағы толықтырғыштық сөз тіркесі 种完 ырықсыз етістікке өзгертіліп аударылады.

他们是能够想出好办法来的。

Олар жақсы әдісттерді ойлап таба алады.

那个人逃掉了，我们促住了一个嫌疑犯。

Әлгі күдікті қашып кетті, мына бір күдіктіні қолға түсірдік.

Бұл сөйлем М.Шөкеевтің оқулығында “Қылмыс күмәндісінің әлгі біреуі қашып кетсе де, мына біреуін ұстап алдық” болып аударылған [122, 269 б.].

Ілгерідегі 歌声像一阵响亮的战鼓，击破禁锢世界的层层密云 деген сөйлемді екі түрлі аударуға болады:

Дауылпаздың дабылындай жаңғырған ән аспанды торлаған қабат-қабат қара бұлтты қақ жарды.

Ән дауылпаздың дабылындай жаңғырып, аспанды торлаған қабат-қабат қара бұлтты қақ жарды.

这么热的天，毒热头低下，晒坏了他，如何使得的 деген сөйлемді “Осындай аптап ыстық күнде шақырайған күн көзіне күйіп кетсе болмайды ғой.”, ал 天开始变得寒冷了 дегенді “Күн суыта бастады.” деп аударуға болады.

3-тәсілде “...етістікті пысықтауышқа, толықтырғышты баяндауышқа өзгертіп аударуға болатыны” көрсетілген.

Біздіңше, мысал ретінде келтірген 武松把老虎打死了 деген сөйлемнің құрамындағы 打死 (ұрып өлтіру) деген толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесін бөліп-жармай, тұтас күйінде “-ын/-ін, -п тұлғалы көсемше – етістік” түріндегі көсемшелі сөз тіркесі етіп аудару керек. 2-сөйлемнің құрамындағы 急得眼都红了 деген толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесінің толықтырғышты – 眼都红了 (көзі қанталау, көзі қызару) бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінен жасалған, ол қазақ тіліндегі үйірлі мүшемен сәйкес келеді. 急得眼都红了 тіркесі екі көзі ызадан қанталап, қызарып кетті болып аударылады. Ал тұтас сөйлемді “Біздің басты жауынгерлік күшімізді таба алмаған жаудың ашу мен ыза кернеген көздері қанталап кетті.” деп аудару керек сияқты. 老人病死了 деген сөйлемді “Қария ауырып қайтыс болды.” немесе “Қария аурудан қайтыс болды.” деп аударуға болады.

中国人民没有被吓倒, 被杀绝 деген сөйлемдегі толықтырғыштық сөз тіркесі – 吓倒. Тұтас сөйлемді “Қытай халқын қорқыта алмады, оларды жер бетінен жойып та жібере алмады” деп аударуға болады.

4-тәсілде “Кейбір толықтырғыштар белгілі бір адамның не заттың тұрқын, бейнесін білдіріп келсе, онда оны сол заттың не адамның анықтауышы етіп аударуға болады” деп көрсетілген. Мысал ретінде келтірілген 袭人羞得脸紫涨起来, 想想原是自己把话说错了 деген сөйлемде толықтырғыш болып тұрған сөз тіркесі 脸紫涨起来 (жүзі күреңітіп кету) Ши Рынның бет-жүзінің қалай өзгергенін білдіреді. 脸紫涨起来 (жүзі күреңітіп кету) – бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі. Ол қазақ тіліндегі үйірлі мүшемен сәйкес келеді.

Бұл сөйлемді “Ұялғаннан бет-жүзі күреңітіп кеткен Ши Рын өзінің әу баста ағат сөйлегенін аңғарды” немесе “Ұялғаннан Ши Рынның бет-жүзі күреңітіп кетті, ол өзінің әу баста ағат сөйлегенін аңғарды” деп екі түрлі аударуға болады.

Ал, 贾政此时气得目瞪口呆, 一面送那官员, 一面回头命宝玉: “不许动! 回来有话问你!” деген сөйлемдегі 气得目瞪口呆 – толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесі, оның құрамындағы 目瞪口呆 – бастауыш-баяндауыш құрылымды тұрақты сөз тіркесі, ол – сөйлемнің толықтырғыш мүшесі. Ол да қазақ тіліндегі үйірлі мүшемен пара-пар.

Бұл сөйлемді былай аударуға болады: Ашудан көзі шатынап, бет-аузы қисайып кеткен Жя Жың әлгі шенеунікті шығарып бара жатып, Бау Юйге мойнын бұрып: “Орныңнан қозғалма! Қайтып келгенде сенен сұрар бір сөзім бар!” – деп бұйыра сөйледі.

Сонымен, сөйлемде толықтырғыш болған бастауыш-баяндауыш құрылымды тұрақты сөз тіркесі 目瞪口呆 қазақ тіліне үйірлі мүше, оның ішінде үйірлі анықтауыш болып аударылады.

М.Шөкеев 4-тәсілге 姑娘看了下短信, 脸都变白, 冷汗都冒出来 деген мысал келтіреді де, оны “Телхатты көрген қыз бірден агарып-сазарып, маңдайынан тер бұрқ ете түсті” деп аударады [122, 269 б.].

Бірақ сөйлемнің құрамындағы толықтырғыш 脸都变白 автор айтқандай анықтауыш болып аударылмай, керісінше баяндауыш болып аударылған. 脸都变白 – бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі. Осы сөйлемді екі түрлі етіп аударуға болатын сияқты:

Қысқа хабарламаны көрген қыздың өңі қуарып, маңдайынан суық тер бұрқ ете түсті.

Қысқа хабарламаны көрген сәтте қыздың өңі қуарып, маңдайынан суық тер бұрқ ете түсті.

Автор 4-тәсілге ілгерідегіден басқа, 这等毫不留情的话, 登时将他气得眼歪嘴斜, 脸色铁青, 浑身发抖 деген мысал келтіреді де, оны былайша аударады: *Осындай рақымсыз сөздерден ызаланып кеткен оның көзі шадырайып, езуі қисайып, беті көгеріп, тұла бойы дірілдеп кетті.*

Бұл сөйлемнің құрамында толықтырғыш болып тұрған тіркестер: 眼歪嘴斜, 脸色铁青, 浑身发抖. Үшеуі де – бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі. Олар сөйлемнің толықтырғыш мүшесінің қызметін атқарады.

Бұл сөйлемді “Жанын ауыртатын мұндай ауыр сөздерді естігенде ызадан оның көзі шатынап, аузы қисайып, өңі бозарып, тұла бойы дірілдеп кетті” деп аударамыз.

М.Әлиев “...кейбір толықтырғыштар қазақшада анықтауышқа өзгертіп аударылады” деп, 水里炸死的鱼, 翻了白肚, 大大小小飘了一江 Бомбылаудан өлген балықтар қарны жарқырап өзенде қалып ақты деген сөйлемді мысал ретінде келтіреді [133, 186 б.].

Сөйлемнің құрамында анықтауыш болып тұрған 死 (өлү) сөзі есімшеге өзгертіліп аударылады.

Бұл сөйлемді “Бомбыдан өлген үлкенді-кішілі балықтардың қарны жоғары қарап, су бетінде қалқып жүр” деп аударған дұрыс сияқты. Ал сөзбе-сөз аударсақ, *Су ішінде бомбыдан өлген балықтар, аппақ қарындары аударылып, үлкені де, кішісі де су бетінде қалқып жүр.*

М.Әлиев жоғарыдағы 4 түрлі тәсілден басқа, “нәтижені немесе дәрежені білдіретін толықтырғыштар қазақшада пысықтауышқа өзгертіліп аударылады” деген тәсілді ұсынады да, мынадай мысалдарды келтіреді:

1) 你跑得真快!

Сен өте тез жүгіресің ғой.

2) 鸟叫得好听。

Құстар жағымды сайрайды.

3) 你瞧，画儿画得多么细致。

Бер қарашы, суретті қандай нәзік сызған.

4) 人民公园的菊花漂亮极了。

Халық бақшасындағы жүйхуа гүлі керемет әсем екен [133, 185-186 бб.].

Жоғарыдағы 4 сөйлемді былайша аударуға да болады:

1) *Сен өте тез жүгіресің!* немесе *Сен недеген тез жүгіресің!*

2) *Құстың сайрағаны әдемі* немесе *Құстардың сайрағаны тамаша.*

3) *Қарашы, Сурет өте мұқият ыждақаттылықпен салынған.*

4) *«Халық» саябағындағы бақытгүл (хризантема) өте әдемі көрінеді.*

Сонымен, қорыта айтқанда, қытай тіліндегі сөйлемнің толықтырғыш мүшесінің басым көпшілігі қазақ тіліндегі сөйлемнің пысықтауыш мүшесімен сәйкес келеді және пысықтауыш мүше болып аударылады. Етістіктен жасалған толықтырғыш анықтауыш болса, есімшеге өзгертіліп аударылады.

Толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесінің көбісі қазақ тіліндегі пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесімен пара-пар келеді.

Толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесінің кейбірі қазақ тіліндегі “*көсемше + көмекиі етістік*” типті тіркеспен сәйкес келеді. Кейбір толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесінің толықтырғышы бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінен болса, толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесі үйірлі мүше болып аударылады.

Қорытынды

Тілдерді салыстыра және салғастыра зерттеу бүгінгі таңда көптеген тіл мамандары мен ғалымдар тарапынан үлкен қолдау табуда. Салыстырмалы және салғастырмалы тіл білімінің негізі ХІХ ғ. тілдерді тарихи салыстыра зерттеудің әдісі болып табылады. Тілді жүйелі түрде салғастыра зерттеудің шет тілін оқыту барысында, аударма теориясы мен практикасы үшін алатын орны ерекше. Отандық салғастырмалы тіл білімі саласында алғашқы зерттеулер орыс және қазақ тілдеріне қатысты жүргізілгені белгілі. Бүгінгі таңда, Қазақстанның халықаралық аренаға шығып, өркениетті елдер қатарына қосылуға талпыныс жасап, халықаралық қатынастар өркен жайып отырған тұста, қазақ тілін шет тілдермен салғастыра зерттеудің қажеттілігі туындап отыр. Бұлардың қатарына қытай тілі мен қазақ тілінің синтаксистік ерекшеліктерін, нақтылай түссек сөз тіркесі синтаксисін қарастыру да жатады.

Қытай тіліндегі сөз тіркесі синтаксисінің зерттелу тарихын үш кезеңге бөліп қарастыруға болады. 1-кезеңде (1920 – 1950 жж.) сөз тіркесі арнайы қарастырылмай, тек оқу құралдарында шеңберінде ғана айтылып келді. Қытай тіліндегі сөз тіркесіне қатысты анықтама ағылшын тілінің дәстүрлі грамматикасындағы теорияларға негізделіп, сол тұрғыдан берілді. Қытай тілінің ішкі ерекшеліктеріне айтарлықтай назар аударылмады. 2-кезеңде (1950 – 1978 жж.) сөз тіркесінің өзіндік белгілері нақтыланып, басқа тілдік бірліктерден – сөз, сөйлем, қос сөздерден (қазақ тілі тұрғысынан қарағанда күрделі сөз – Т.Қ.) ерекшеліктері айқындалып, сөз тіркесінің түрлері, байланысу тәсілдері, құрылымы тереңірек зерттеле бастады. Сөз тіркесін зерттеуде олардың құрылымдық ерекшеліктеріне көп көңіл бөлінді. Сондай-ақ, толық мағыналы сөздердің өзара тіркесінің сөз тіркесі, яғни “сызу”, толық мағыналы сөз бен көмекші сөздің тіркесінің құрылым, яғни “жегоу” деген терминдермен аталып, өзара саралануы да осы кезеңнің үлесінде. Қытай тілін зерттеуші орыс мамандары сөз тіркесінің табиғатын орыс тілі теориясының негізінде түсіндірді. Қытай тілі сөз тіркестерінің өз ерекшеліктеріне сай зерттеле бастауы 3-кезеңге (1978 ж. бүгінге дейін) сәйкес келеді. Осы кезеңде сөз тіркесіне қатысты “сызу” термині “дуанной” терминімен алмастырылды. Сөз тіркесін құрылымдық тұрғыдан талдау “қос бөлшектер әдісімен” жүргізілді. Сөз тіркесі деп тануда олардың функциясы негізге алынды. Толық мағыналы екі сөздің тіркесі де, толық мағыналы сөз бен көмекші сөздің тіркесі де синтаксистік сөз тіркесі деп танылды. Сөйтіп, сөз тіркестерінің аясы кеңейді.

Қазақ тіл білімінде сөз тіркесі синтаксисінің өзіндік табиғаты айқындалып, зерттеу нысаны, әдіс-тәсілдері белгіленген. Зерттеушілердің арасындағы талас мәселе – салаласа байланысқан сөздердің сөз тіркесі бола алуы немесе сөз тіркесін құрай алмайтындығы. Қытай тілінде салаласа байланысқан сөздер еркін сөз тіркестері деп қарастырылады. Бұл мәселе жөнінде қазақ тіл білімінде екі түрлі көзқарас қалыптасқан. Бірі – сөз тіркесі синтаксисінде, екіншісі – жай сөйлем синтаксисінде қарастыру.

Қытай тіліндегі сөз тіркесіне берілген анықтамаларға талдау жасау барысында олардың бәрі бірдей сөз тіркесіне тән қасиеттерді толық қамти алмайтындығы анықталды. Қытай тіліндегі сөздердің синтаксистік тобын сөз тіркесі деп танудың негізгі белгілері мыналар болуы тиіс:

1) мағыналық жағынан өзара байланыста айтылатын кемінде екі немесе одан да көп сөздердің (толық мағыналы сөздің өзара тіркесі, толық мағыналы сөз бен көмекші сөздің тіркесі) тіркесі;

2) сөздердің тіркесі аналитикалық тәсіл арқылы іске асады;

3) сөйлемде тұтас күйінде белгілі бір сөйлем мүшесінің қызметін атқаруы.

Ал қазақ тілінде сөз тіркесі болу үшін:

1) сөз тіркесінің құрамында кемінде толық мағыналы екі сөз болуы керек;

2) ол сөздердің бірі екіншісімен сабақтаса, мағыналық және синтаксистік байланыста айтылуы тиіс;

3) тіркескен сөздер өзара анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық қатынаста жұмсалуды керек.

Қытай тілінде толық мағыналы сөз бен көмекші сөздің тіркесі еркін сөз тіркесін құрай ала ма деген мәселеге қатысты үш түрлі көзқарас қалыптасқан:

1) сөз тіркесін тек қана толық мағыналы сөздер құрайды;

2) өзара тіркескен толық мағыналы сөздер сөз тіркесі, ал толық мағыналы сөз бен көмекші сөздің тіркесі “құрылым” болып табылады;

3) негізгі сөз бен негізгі сөз, негізгі сөз бен көмекші сөздің тіркестері сөз тіркестері деп аталады.

Біз соңғы көзқарасты қолдаймыз. Себебі қытай тілінде сөз тіркестерін танудағы негізгі ұстанымдардың бірі – олардың сөйлемдегі функциясын есепке алу. Бұл тұрғыдан келгенде толық мағыналы сөз бен көмекші сөздің тіркесі осы талапты қанағаттандырады. Қазақ тілінде негізгі сөз бен көмекші сөздің тіркесі түйдекті тіркес құрайды да, еркін сөз

тіркестерінің бір ғана сыңары ретінде жұмсалады. Түйдекті тіркес – қазақ тілінде күрделі сөз тіркесін жасаудың бір жолы.

Предикативті құрылымдар қытай тілінде сөз тіркесі ретінде қаралады. Бастауыш-баяндауышты сөз тіркестерінің қытай тілінде болуы сөз түрлендіруші формалар өте аз немесе жоқ тілдердің табиғатына тән елеулі өзгешелік болып табылатындығымен түсіндіріледі. Қытай тілінде бастауыш пен баяндауыш тек орын тәртібі арқылы байланысады. Бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі тиянақты интонациямен айтылса немесе сөйлем соңынан келетін демеуліктер қосылып айтылса, ол бастауыш-баяндауыш құрылымды сөйлемге айналады. Қазақ тілінде бастауыш-баяндауышты құрылымдарда баяндауыш әр түрлі грамматикалық формада көрінеді де, сөйлемдік сипат иеленеді. Бірақ қазақ тіл білімінде предикативті қатынас негізінде жасалған құрылымдардың сөз тіркесі немесе сөйлемге қатыстылығы жайында екі түрлі көзқарас қалыптасқан.

Сөз тіркесі мен сөйлем қытай тілінде құрылымдық жағынан ұқсас, олар интонация және шылаудың көмегімен ажыратылады. Басты айырмашылық олардың құрылымында емес, семантикасында болып табылады. Семантикалық мазмұны жағынан сөйлем байымдауды білдіреді және кез келген сөйлем интонациямен айтылып, біршама тиянақталған ойды білдіреді. Сөз тіркесіне мұндай белгілер тән емес. Сөйлем – динамикалық күйдегі коммуникативтік бірлік, ал сөз тіркесі статикалық күйдегі сөйлем құрауға қажетті бірлік. Қытай тіліндегі сөз тіркестерінің құрамындағы сыңарлардың орны тұрақты, өзгертуге болмайды, ал сөйлемдегі сөйлем мүшелерінің орын тәртібі біршама еркін.

Сөз тіркесі мен сөзді ажыратуда семантикасына иек артамыз. Ал сөз тіркесі мен қос сөзді (қытай тілінде күрделі сөз негізгі морфемалардың тіркесі арқылы жасалады) “кеңейту әдісін” қолданып, талдау арқылы ажыратамыз. Сонымен бірге олардың семантикасы да басты назарда болады.

Қазақ тілінде сөз тіркесінің сыңарлары өзара аналитикалық, синтетикалық, аналитика-синтетикалық тәсілдер арқылы байланысса, қытай тілінде тек аналитикалық тәсіл, дәлірек айтқанда сөздердің орын тәртібі мен көмекші сөздер арқылы байланысқа түседі. Бұл айтылғандар бір жағынан, қытай және қазақ тілдеріндегі сөздердің байланысу тәсілдерінің ұқсас тұсын, екінші жағынан, қытай тілінің өзіндік ерекшелігін көрсетеді.

Қытай тілінде сөз тіркесі құрамындағы сөздердің орнын ауыстыру олардың грамматикалық мағынасы мен грамматикалық қатынастарына

елеулі әсерін тигізеді. Мысалы, сөз тіркесінің ұйытқы (басынқы) сыңары алдында келсе, толықтырғыштық қатынастағы, ал соңында келсе, пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі деп есептеледі.

Қытай тілінде де, қазақ тілінде де сөз тіркесі құрамындағы сөздерді байланыстыруда көмекші сөздер ерекше рөл атқарады. Олардың өзіндік ерекшеліктеріне тоқталсақ: жалпы қытай тіліндегі көмекші сөздер көп саналғанымен, олардың ішінде сөз байланыстырушылық әрі грамматикалық мағына тудырушы қабілетке ие көмекші сөздер үшеу ғана, олар: 的, 地, 得. Бұлардың ішінде 的 – анықтауыштық қатынастағы, 地 – пысықтауыштық қатынастағы, 得 – толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесінің құрамындағы сөздерді бір-бірімен байланыстырады. Ал сөздерді байланыстыратын жалғаулықтарға мыналар жатады: 和 [he], 跟 [gen], 同 [tong], 与 [yu] және, бірге, мен (бен, пен); 及 [ji] сондай-ақ; 或 [huo] я, не, немесе; 并 [bing], 并且 [bingqie] әрі, және; 而 [er] да//де(та//те); 或者 [huozhe] не, немесе, не болмаса, я; 还是 [haishi] я, әлде т.б. Бұлар салаласа байланысқан сөз тіркестерінің құрамындағы сыңарларды байланыстырады. Қытай тіліндегі жалғаулықтар қолданылу жағынан ағылшын, орыс және қазақ тілдеріне ұқсамайтын өзгешеліктері бар. Мысалы, 同 [tong], 与 [yu], 及 [ji] жалғаулықтары, әдетте, зат есімдерді, ал 并 [bing], 并且 [bingqie] жалғаулықтары, әдетте, етістіктерді, 而 [er], 而且 [erqie] жалғаулықтары сын есім мен етістіктерді байланыстырады; 和 [he], 或 [huo], 或者 [huozhe] сияқты жалғаулықтар әр түрлі сөздерді байланыстыра алады.

Қытай тілінде сөз тіркесін топтастыру күрделі де даулы мәселелер қатарына жатады. Бұл зерттеушілердің сөз тіркестерін топтастыруда ұстанған принциптерінің бірізді болмауымен байланысты болса керек. Қытай тілінде негізінен сөз тіркестерін топтастыруды мынадай ұстанымдар басшылыққа алынады: 1) құрылымына қарай бөлу; 2) функциясына қарай саралау; 3) сөз тіркесінің құрылымдық қабаттарының санына қай топтау; 4) мағыналарына қарай (бір мағыналы/көп мағыналы) жіктеу; 5) сөз тіркесі сыңарларының арасындағы байланыстың берік, әлсіз болуына қарай топтау.

Қазақ тіл білімінде сөз тіркесінің түрлері басынқы сыңардың қай сөз табынан болуына қарай ажыратылса, құрылымдық сипатына қарай дара/күрделі деп бөлінеді. Ал грамматикалық қатынастың жалпы белгісіне қарай анықтауыштық, пысықтауыштық, толықтауыштық деп сараланады. Зерттеу жұмысында қытай тіліндегі сөз тіркестері құрылымдық сипатына қарай топтастырылды. Біздіңше, қытай тіліндегі сөз тіркесі — синтаксистік

құрылым, әрі сөз сияқты сөйлем құраудың материалы. Сондықтан сөз тіркестерін топтастыру олардың ішкі құрылымдық байланыстары мен функциясына негізделуі керек.

Қытай тіліндегі сөз тіркестерін талдаудың кең қолданылатын екі түрлі әдісіне сипаттама жасалып, олардың артықшылығы мен кемшін тұстары нақты тілдік деректерді талдау негізінде көрсетілді және қазақ тіліндегі сөз тіркестерін талдау әдістерімен салыстырылып, өзіндік ерекшеліктері айқындалды.

Қытай тіліндегі предикативті сөз тіркестерінің өзіндік ерекшеліктері көрсетілді. Олар: байланысу тәсілінде – орын тәртібі арқылы байланысады; функциясында – сөйлемнің әр түрлі мүшесі бола алады; сөз тіркесі сыңарларының орны тұрақты – бастауыш алдында, баяндауыш соңында тұрады. Мұндай тіркестердің соңында демеулік қосып айтылса немесе белгілі бір интонациямен айтылса сөйлемге айналады.

Қытай тілінде $S_{(shi)} + Adj$ және $S_{(shou)} + V$ моделіндегі бастауыш-баяндауышты сөз тіркестері (сөйлемнің анықтауыш мүшесі болғанда) қазақ тіліне үйірлі анықтауыш болып аударылады.

Қытай және қазақ тілдеріндегі толықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері, анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері, пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері, толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркестерінің ерекшеліктері мен олардың жасалу жолдары көрсетілді.

Қытай тіліндегі толықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерінің ерекшеліктері мынада: 1) орын тәртібінде – құрылымдық модель бойынша көрсетсек: қытай тілінде $V + O$, ал қазақ тілінде, керісінше $O + V$; 2) байланысу тәсілінде – қытай тілінде аналитикалық тәсіл, тек орын тәртібі арқылы байланысады, септік жалғауы жоқ; ал қазақ тілінде барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктері арқылы байланысқа түседі. Жасалу жолдары: “*етістік – зат есім*”, “*етістік – есімдік*”, “*етістік – етістік*”, “*етістік – сын есім*”, “*етістік – сан-мөлшер*”. Мұндай сөз тіркестері сөйлемде баяндауыш, толықтауыш, бастауыш, анықтауыш, пысықтауыш, толықтырғыш қызметін атқарады.

Қазақ тілінде толықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері есімді және етістікті сөз тіркестері деп қарастырылады. Байланысу формасы – меңгеру. Құрылымдық моделі мен мағыналары көрсетілді. Қытай және қазақ тіліндегі өзара сәйкес келетін модель және септік жалғауымен сәйкестенетін қытай тіліндегі предлогтар анықталды.

Табыс септігімен бара-бар келетін предлогтар мыналар: 把 [ba], 将 [jiang]. Бұлар қазақ тіліне толықтауыш болып аударылғанымен, қытай тілінде пысықтауыштың қызметін атқарады.

Қазақ тіліндегі барыс септікті сөз тіркесінің құрамындағы $S_3 + V$ моделі мен қытай тіліндегі $V_{(quxiang)} + S$ моделі сәйкес келеді, екеуі де беталысты, бағытты білдіреді. Барыс септігімен пара-пар келетін предлогтар мыналар: 到[dao], 朝[chao], 往[wang], 向[xiang], 对[dui], 给[gei].

Көмектес септігімен пара-пар келетін предлогтар мыналар: 同[tong], 用[yong], 与[yu], 和[he], 跟[gen] т.б. Бұл топтағы предлогты тіркестер пысықтауыштың қызметін атқарады.

Қытай тіліндегі пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерінің құрылымдық моделі: $Ad + KW$. Қазақ тіліндегі пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерінің құрылымдық моделі: $C + V$. Қытай тіліндегі пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерінің құрамындағы сыңарлар екі түрлі жолмен байланысады: біріншісі – орын тәртібі арқылы, екіншісі – 地 құрылымдық шылауы арқылы.

Қытай тіліндегі пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі негізінен мынадай жолдармен жасалады: “үстеу – етістік”, “үстеу – сын есім”, “сын есім – етістік”, “үстеу – сан есім не мөлшер сөзді тіркес”, “предлогты тіркес – етістік”, “етістік – етістік”, “сан-мөлшер – етістік”, “еліктеуіш – етістік”.

比 + O + Adj моделі қазақ тіліндегі $N + Adj$ моделімен сәйкес келеді. Қытай тілінде пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері баяндауыш, бастауыш, анықтауыш, толықтырғыш, бастауыш, пысықтауыш қызметін атқарады. Пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі сөйлемде толықтауыш қызметін атқаруы сирек болса да кездеседі.

Қазақ тіліндегі пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерінің құрамындағы сыңарлар қабыса және меңгеріле байланысады. Қытай тіліндегі 从[song] предлогы іс-қимылдың басталу орнын білдіретін шығыс септігімен сәйкес келеді.

Қытай тіліндегі 在[zai], 于[yu] предлогтары жатыс септіктерімен сәйкес келеді де, іс-қимылдың мекенін, орнын білдіреді. Көмектес септігімен 同[tong], 用[yong], 与[yu], 和[he], 跟[gen] т.б. предлогтар сәйкес келеді. Бұлар іс-қимылдың құралын, амалын, бірлестік мағынасын білдіреді.

Қытай тіліндегі анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерінің құрылымдық моделі: $At + KW$, қазақ тіліндегі анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерінің құрылымдық моделі: $N + N$. Қытай

тіліндегі анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерінің құрамындағы сыңарлар екі түрлі жолмен байланысады: біріншісі – орын тәртібі арқылы, екіншісі – 的 құрылымдық шылауы арқылы. Жасалу жолдары: “сын есім + зат есім”, “сын есім + 的 + зат есім”, “зат есім + зат есім” “зат есім + 的 + зат есім”, “мөлшер сөзді тіркес + зат есім”, “есімдік + зат есім” және “есімдік + 的 + зат есім”, “етістік + 的 + зат есім”.

Қытай тіліндегі толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесінің басым көпшілігі қазақ тіліндегі пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесімен сәйкес келеді және пысықтауыш болып аударылады. Етістіктен жасалған толықтырғыш анықтауыш болса, қазақ тіліне есімшеге өзгертіліп аударылады.

Толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесінің кейбірі қазақ тіліндегі “көсемше + көмекиі етістік” типті тіркеспен сәйкес келеді. Кейбір толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесінің толықтырғышы бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінен болса, толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесі үйірлі мүше болып аударылады.

Қытай тіліндегі толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркестерін қазақ тіліне аудару мәселесі жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. 谢晓安《现代汉语词组学的发展》见《兰州大学学报》1987年第3期。pp.114-120.

Ше Шяуан. Қазіргі қытай тілі сөз тіркесі теориясының дамуы// Ланжоу университетінің ғылыми журналы. –Ланжоу. –1987, № 3. pp. –114-120.

2. 许地山 著《语体语法大纲》，—长沙：岳麓书社，2013。—Р. 80.

Шүй Дишан. Қазіргі әдеби тіл грамматикасы туралы қысқаша очерк. –Чанша: Юэлу шушэ. 2013. – 80 б.

3. 李直 著《语体语法》，—上海：中华书局，1930.

Ли Жы. Қазіргі әдеби тіл грамматикасы. – Шанхай: Чжунхуа-шущзюй, 1930.

4. 刘复 著《中国语法讲话》，—北京：北新书局，1932。—Р. 375.

Лю Фу. Қытай грамматикасының курсы. – Бейжің: Быйшин-шужюй, 1932. –375 б.

5. 易作霖 著《国语法四讲》，—北京：商务印书馆，2010.Р. – 160.

И Зуолин. Қытай тілінің грамматикасынан 4 лекция. – Бейжің: Шану-иыншугуан. 1924/2010. –160 б.

6. 王力 著《中国现代语法》，—北京：商务印书馆，2000.Р. – 402.

Уаң Ли. Қытайдың қазіргі грамматикасы. – Бейжің: Шану-иыншугуан. 2000. – 402 б.

7. 廖庶谦 著《口语语法》，—北京：新知三联书店，1950.Р. –153.

Ляу Шучян. Ауызекі сөйлеу тілі грамматикасы. – Бейжің: Шинжы Санлян. 1950. –153 б.

8. 丁声树 等 著《现代汉语语法讲话》，—北京：商务印书馆，1999.Р. – 228.

Дің Шыңшу т.б. Қазіргі қытай тілі грамматикасына кіріспе. –Бейжің: Шану-иыншугуан. 1999. –228 б.

9. 吕叔湘 著《汉语语法分析问题》，—北京：商务印书馆，1979.Р. – 96.

Лүй Шушуаң. Қытай тіліндегі грамматикалық талдау мәселелері. –Бейжің: Шану-иыншугуан. 1979. – 96 б.

10. 范晓 著《关于结构和短语问题》，见《中国语文》，1980年第3期。pp.165-170.

Фан Шяу. құрылым және сөз тіркесі жайында//Қытай тіл-әдебиеті. –1980, № 3. – 165-170 бб.

11. 邵霭吉 著《现代汉语词组》，—武汉：湖北教育出版社，1985. P. –119.
Шау Айжий. Қазіргі қытай тілінің сөз тіркесі. –Ухан: Хубый білім баспасы, 1985. –119 б.
12. 范晓 著《汉语的短语》，—北京：商务印书馆，1991. P. –194.
Фан Шяу. Қытай тілінің сөз тіркесі. –Бейжің: Шаңу-иыншугуан. 1991. –194 б.
13. Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері. – Алматы: Ғылым. 2002. – 368 б.
14. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ғылым. 1954. – 564 б.
15. Балақаев М.Б. Қазіргі қазақ тілі. –Алматы: Ана тілі, 1992. – 247 б.
16. Әміров Р. Жай сөйлем синтаксисі. –Алматы: Мектеп, 1983. – 168 б.
17. Қазақ грамматикасы. –Астана, 2002. – 783 б.
18. Сайрамбаев Т. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. –Алматы: Рауан, 1991. – 174 б.
19. Аблақов Ә. Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері. –Алматы: Мектеп, 1986. – 143б.
20. Жолшаева М. Қазіргі қазақ тіліндегі сын есімдердің тіркесу қабілеті. Кандидаттық диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2001. – 27 б.
21. Әуелбекова А. Қазақ әдеби тіліндегі матаса байланысқан сөз тіркестері, түрлері. Кандидаттық диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2001. – 23 б.
22. Қамзаева Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі изафеттердің құрылымдық және жұмсалымдық аспектілері. Кандидаттық диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2002. – 26 б.
23. Тұрарова А. Қазіргі қазақ тіліндегі сөз тіркесінің басыңқы сыңары. Кандидаттық диссертацияның авторефераты – Алматы, 1997. –28 б.
24. Бейсембаева К. Қазіргі қазақ тіліндегі зат есімдердің жалғаусыз тіркестерінің кейбір түрлері. – Алматы, 1974. – 63 б.
25. Мергенбаев Е. Семантико-структурные типы именных словосочетаний, образованных способом управления. Канд. Дис. Авторефераты. – Алма-Ата, 1982. – 24 б.
26. Исаев С. -и тұлғалы қатыстық сын есімдер және сөз тіркесін құраудағы олардың орны туралы// Қаз ССР ҒА хабарлары. –1965, №1. – 81-85 бб .
27. Алиева М. Есімдіктің басыңқы сыңардағы валентілігі. Кандидаттық диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2001. – 25 б.

28. Рысбай Б. Қазіргі қазақ тіліндегі шектеулі тіркестер. Кандидаттық диссертацияның авторефераты. – Алматы, 1998. –26 б.
29. Ильясова Н. Қазіргі қазақ тіліндегі атаулық тіркестер: қалыптасуы мен даму үрдісі. Кандидаттық диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2003. – 25 б.
30. Серғалиев М. Синонимия синтаксических конструкций в современном казахском литературном языке. Автор. Доктор филол. наук. –Алма-Ата, 1987. – 48 б.
31. Серғалиев М. Етістікті сөз тіркесінің синонимиясы. –Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 80 б.
32. Серғалиев М. Синтаксистік синонимдер. –Алматы: Мектеп, 1981. – 234 б.
33. Томанов М. Мезгілдік қатынастағы сөз тіркесінің синонимдігі туралы//Вестник АН Қаз ССР, 1959, №8 . – 9-14 б.
34. Томанов М. Основные вопросы исторической мифологии казахского языка. Автореф. Дисс. докт. филол. наук. –Алма-Ата, 1987. – 49 с.
35. Өміралиев К. Қазақ тіліндегі септіктердің алмасуы жөнінде// Известия АН Қаз ССР, серия филология и искусствоведение. –1961, №3. – 17-22 б.
36. Мұсабекова Ф. Қазақ тіліндегі септіктің синонимикасы жөнінде//Қазақ ССР ғылым академиясының хабарлары, филология және өнертану сериясы, – 1960, №3. – 33-38 б.
37. Базарбаев Н. Қазақ тіліндегі септіктердің алмасуы жөнінде// Известия АН Қаз ССР, серия филология и искусствоведение. –1961, №3. – 65-70 с.
38. Құрманова Н. Сөз тіркесін оқыту барысындағы оқушылардың теориялық ойлауын дамыту әдісінің негіздері. – Алматы, 2001. – 197 б.
39. Құрманова Н. Қазіргі қазақ тіліндегі сөз тіркесінің жүйелік-құрылымдық сипаты және оны талдау жолдары. – Алматы, 2001. – 70 б.
40. Балақаев М.Б. Основные типы словосочетаний в казахском языке. –Алма-Ата, 1957. –123 с.
41. 张志公 主编 《现代汉语》 (中), –北京: 人民教育出版社, 1985. – Р. 309.
- Жалпы редакциясын басқарған Жаң Жығоң. Қазіргі қытай тілі (2 бөлім). –Бейжің: Халық ағарту баспасы, 1985. – 309 б.
42. Шутова Е.И. Вопросы теории синтаксиса (На основе сопоставления китайского и русского языков). – М.: Наука, 1984. – 260 с.

43. Сайрамбаев Т. Күрделі сөз тіркестерінің кейбір мәселелері. –Алматы: Мектеп. 1976. – 70 б.

44. 张寿康 著《说“结构”》，见《现代汉语参考资料》（下册），—上海：上海教育出版社，1983. pp. – 520-539.

Жаң Шуқаң. Құрылым жайлы/Қазіргі қытай тілі бойынша пайдаланылатын материалдар (2 бөлім). –Шаңхай: Шаңхай білім баспасы. –1983. –520-539 бб.

45. 《语法和语法教学》，—北京：人民教育出版社，1956年。

Грамматика және грамматиканы оқыту. –Бейжің: Халық ағарту баспасы. 1956.

46. 吕冀平 著《两个平面，两个性质：词组和句子》，见《学习与探索》，№ 5. 1979. pp. – 80–90.

Лүй Жийпиң. Екі аспект, екі табиғат: сөз және сөйлем/Үйрену және іздену. –Бейжің. –1979, №5. – 80–90 бб.

47. Тохметов А.Т., Кажикенова С.Г. Методическое пособие по китайскому языку. –Алматы: Қазақ университеті, 1998. – 58 с.

48. Баранов М.Т., Костяева Т.А., Прудникова А.В. Русский язык. Справочник для учащихся. –М.: Просвещение, 1984. – 287 с.

49. Мәсімханұлы Д., Әбиденқызы А. Қытай филологиясына кіріспе. – Астана: Күлтегін, 2004. – 237 б.

50. Абдырақын Н. Базалық шығыс тілі: Қазіргі қытай тілінің грамматикасы. –Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 166 б.

51. 刘宝顺、徐秀珍 编著《现代汉语语法》，—乌鲁木齐：新疆教育出版社，1987. – P. 375.

Лю Баушун, Шүй Шюжын. Қазіргі қытай тілінің грамматикасы. –Үрімжі: Шыңжаң оқу-ағарту баспасы, 1987. – 375 б.

52. Горелов В.И. Теоретическая грамматика современного китайского языка. – М.: Просвещение, 1989. –317 с.

53. Скворцов А.В. Предпереводческий анализ текстов на китайском языке. – М.: Изательство ВКН, 2018. – 320 с.

54. Қазіргі қазақ тілі. –Үрімжі: Шыңжаң оқу-ағарту баспасы, 1985. –330 б.

55. 耿世民 著 《现代哈萨克语语法》，—北京：中央民族大学出版社，1989. P. –291.

Гың Шымин. Қазіргі қазақ тілінің грамматикасы. –Бейжің: Орталық ұлттар университеті, 1989. –291 б.

56. Аблақов Ә. Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері. –Алматы: Санат, 1986. –143 б.

57. 陈燕燕 著《汉哈比较语法》，—乌鲁木齐：新疆人民出版社，1986. P. – 398.

Чын Янян. Қытай және қазақ тілдерінің салғастырмалы грамматикасы. –Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 1986. –398 б.

58. Қазіргі қазақ тілі. –Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 2002. – 570 б.

59. 武金峰 主编《汉哈语言对比研究》，—乌鲁木齐：新疆人民出版社，2008. P. – 383.

Жалпы редакциясын басқарған У Жінфың. Қытай және қазақ тілдерін салғастыра зерттеу. –Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 2008. –383 б.

60. 杨凌 著《现代哈萨克语结构研究》，—乌鲁木齐：新疆大学出版社，2002. P. – 350.

Яң Лиң. Қазақ тілі бойынша зерттеулер. –Үрімжі: Шыңжаң университеті, 2002. –350 б.

61. 高明开 著《语法理论》，—北京：商务印书馆，2011. P. – 369.

Гау Міңқай. Грамматика теориясы. –Бейжің, Шаңу-иыншугуан, 2011. – 369 б.

62.张静《论几种重要语法术语的定义问题》，见《语言研究》1983年，第3期. pp.11-15.

Жаң Жің. Бірқатар маңызды грамматикалық атаулардың анықтамасы жайында//Тіл зерттеу. –1983, № 3. –11-15 бб.

63. 聂炎 《词组研究必须坚持统一性原则》见《语言文字学》，1991年第4期. pp.115-122.

Не Ян. Сөз тіркесін зерттеуде бірізділік теориясына міндетті түрде бойсұну керек//Тіл және иероглифика. –1991, № 4. – 115-122 бб.

64. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. –Алматы: Санат, 1993. – 496 б.

65. Аблақов Ә., Исаев С., Ағыманов Е. Қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің дамуы мен лексикалану процесі. –Алматы: Санат, 1997. –319 б.

66. Шәукенов Қ. Синтаксис. –Алматы: Ана тілі. 1996. – 208 б.

67. Ярцева В.Н. Историческая морфология английского языка/АН СССР. Ин-т языкознания. – М.; Ленинград, 1960. –194 с.

68. Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі (синтаксис). –Алматы: Мектеп, 1971. – 339 б.

69. Оралбаева Н. Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттарының құрылысы мен мағынасы. –Алматы: Ғылым, 1979. –194 б.

70. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы: Мектеп, 1972. – 216 б.

71. Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі сөз тіркестері. – Алматы: Мектеп, 1981. – 197 б.

72. Амиров Р., Балакаев М.Б и др. Современный казахский язык. Фонетика и морфология. – Алма – Ата: Академия наук, 1962. 452 с.

73. 张玉萍 主编《汉维语法对比》，—乌鲁木齐：新疆人民出版社，2000. P. – 425.

Жалпы редакциясын басқарған Жаң Юйпің. Қытай және ұйғыр тілдерінің салғастырмалы грамматикасы. – Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 2000. – 425 б.

74. 马德元 著《汉维对比词汇学》，—乌鲁木齐：新疆大学出版社，2004. P. – 227.

Ма Дыюан. Қытай және ұйғыр тілдерінің салғастырмалы лексикологиясы. – Үрімжі: Шыңжаң университеті баспасы. 2004. – 227 б.

75. 高莉琴 著《维吾尔语语法结构分析》，—乌鲁木齐：新疆人民出版社，1987. P. – 372.

Гау Личин. Ұйғыр тілінің грамматикалық құрылымына талдау жасау. – Үрімжі, 1987. – 372 б.

76. Мұхаббат Хасым. Қазіргі ұйғыр тіліндегі сөз тіркестері және олардың сөйлемдегі қызметтері//Шыңжаң университеті аспиранттарының диссертациялар жинағы. – Үрімжі, 1981. – 319 б.

77. 吕叔湘 著《中国文法要略》上册1942年，中册下册1944年，合订本，—北京：商务印书馆，1956.

Лүй Шусяң. Қытай грамматикасының қысқаша очеркі. – Бейжің: Шаңу-иыншугуан, 1956. – 290 б.

78. Бархударов Л.С. Структура простого предложения современного английского языка. – М.: Высшая школа. 1966. – 199 с.

79. Әміров Р. Ауызекі сөйлеу тілінің синтаксистік ерекшеліктері. – Алматы: Мектеп, 1977. – 92 б.

80. Садуақасов Ж. Қазақ тіліндегі бір құрамды сөйлемдер. – Алматы: Білім, 1996. – 202 б.

81. Ахманова О.С. Словосочетание. В кн.: Вопрос грамматического строя. – М.:, 1955. с. 452-460.

82. Основы построения описательной грамматики современного русского литературного языка. Отв. ред. Н. Ю. Шведова. – М.: Наука, 1966. – 211 с.

83. Шәкенов Ж. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер мен күрделі тұлғалар. Алматы: Ана тілі, 1991. –120 б.

84. 汪成慧 著《俄汉语言文化对比研究》，—成都：四川人民出版社，2004. P. – 349.

Уаң Чынхуй. Орыс және қытай тілдері мен мәдениетін салғастыра зерттеу. –Чындү: Сычуань халық баспасы, 2004. – 349 б.

85. Жолшаева М. Қазіргі қазақ тілі: жай сөйлем синтаксисі. –Алматы: ЖК «Балауса», 20018. –192 б.

86. 秦礼君 主编《现代汉语语法专题》，—北京：海洋出版社，1990. P. – 256.

Жалпы редакциясын басқарған Чын Лижүн. Қазіргі қытай тілі грамматикасының арнаулы мәселелері. – Бейжің: Хайяң баспасы, 1990. – 256 б.

87. 张静 主编《新编现代汉语》，—上海：上海教育出版社，1980.

Жалпы редакциясын басқарған Жаң Жің. Жаңаша жазылған қазіргі қытай тілі. –Шаңхай: Білім баспасы, 1980. – 358 б.

88. Серғалиев М., Айғабылов А., Күлкенова О. Қазіргі қазақ әдеби тілі (морфология, синтаксис). – Алматы. Ана тілі, 1991. – 368 б.

89. Сайрамбаев Т. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері. –Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 168 б.

90. Кацнельсон С.Д. Общее и типологическое языкознание. – Л: Наука, 1986. – 300 с

91. Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар. –Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2016. – 464 б.

92. 马德元 著《维吾尔语词组研究述评》，见《新疆大学学报》1993年第1期. pp. –100-104.

Ма Дьюан. Ұйғыр тіліндегі сөз тіркестерінің зерттелуі туралы// Шыңжаң университетінің ғылыми журналы. –Үрімжі. –1993, №1(23). –100-104 бб.

93. 黄伯荣、廖序东 著《现代汉语·下册》，—北京：高等教育出版社，2006. P. –309.

Хуаң Бороң, Ляу Шүйдоң. Қазіргі қытай тілі (2 бөлім). –Бейжің: Жоғары білім баспасы. 2006. –309 б.

94. 张斌 主编《现代汉语描写语法》，—北京：商务印书馆，2010. P. –1305.

Жалпы редакциясын басқарған Жаң Бін. Қазіргі қытай тілінің сипаттамалы грамматикасы. –Бейжің: Шану-иыншугуан. 2010. –1305 б.

95. 刘焱 等 编著 《现代汉语概论：留学生版》，— 上海：上海教育出版社，2009. P. – 312.

Лю Ян және т.б. Қазіргі қытай тіліне кіріспе. Шетелдік студенттерге арналған. – Шанхай: Шанхай білім баспасы. 2009. – 312 б.

96. 朱德熙 著 《句法结构》，见 《现代汉语语法研究》，— 北京：商务印书馆，2001. pp. – 42-66.

Жу Дыший. Синтаксистік құрылым//Қазіргі қытай тілі бойынша зерттеулер. –Бейжің: Шану-иыншугуан. 2001. – 42-66 бб.

97. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму жолдары. –Алматы: Рауан, 1995. – 274 б.

98. Bloomfield L. Language 语言论. –Beijing: Shangwu Yinshuguan, 2002. P. – 592.

99. 陆俭明 《十年来现代汉语语法研究的理论与方法管见》，见 《国外语言学》，1989年第2期. pp. – 86-95.

Лу Жянмин. 10 жылдан бергі кезеңдегі қытай тілі грамматикасын зерттеудің теориясы мен әдістері жайында// Шетел тіл білімі. – Бейжің. –1989, № 2. – 86-95 бб.

100. Fries Ch.C. Ағылшын тілінің құрылымы. –Бейжің, 1969.

101. Сөйлемді грамматикалық талдау тәсілдері. – Алматы, 1985. –289 б.

102. Шутова Е.И. Вопросы теории синтаксиса (На основе сопоставления китайского и русского языков). – М.: Наука, 1984. – 260 с.

103. 北京语言学院 编 《基础汉语课本》(第一册). —北京：华语教学出版社, 1991. P. –279.

Основы китайского языка. Част I . – Пекин: Sinolingua. 1991. –279 с.

104. Задоевко Т.П., Хуан Шуин. Основы китайского языка. –М.: Наука, 1993. –719 с.

105. Горелов В.И. Грамматика китайского языка. –М.: Просвещение, 1982. –317 с.

106. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. –Алматы: Рауан, 1991. – 253 б.

107. Жиенбаев С. Синтаксис мәселелері. – Алматы, 1941. –119 б.

108. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. Алматы: Санат, 1994. –320 б.

109. Әбуханов Ф. Қазақ тілі. –Алматы: Мектеп, 1982. –217 б.

110. Шәукенов Қ. Үйірлі мүшелер, оларды оқыту методикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. –109 б.
111. Бектұров Ш., Серғалиев М. Қазақ тілі. –Алматы: Білім, 1994. –224 б.
112. Щичко В.Ф. Практическая грамматика современного китайского языка. –М.: Издательство ВКН, 2016. –208 с.
113. 田小琳 《动词短语中的“动+宾”式》，见《语法和教学语法》，—郑州：河南教育出版社，1994. pp.128-133.
- Тян Шяулин. “Етістік+толықтауыш” типті етістікті сөз тіркесі// Грамматика және педагогикалық грамматика. – Жыңжу: Хынан білім баспасы. –1994. –128-133 бб.
114. Сауранбаев Н.Т. Қазақ тіл. –Алматы: Қазполитграф, 1953. – 220 б.
115. Аманжолов А.С. Глагольное управление в языке древнетюркских памятников. –М.: Наука, 1969. –103 б.
116. 林裕文《谈结构助词“的”》，见《现代汉语参考资料》(下册)，—上海：上海教育出版社，1983. pp. –513-539.
- Лин Юйлін. Құрылымдық шылау “的” туралы // Қазіргі қытай тілі бойынша пайдаланылатын материалдар (2 бөлім). –Шаңхай: Шаңхай білім баспасы. –1983. –513-539.
117. Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. –Алматы: Мектеп, 1966. – 206 б.
118. S.Nayman jәнê baskalar. Hanzuxa-қазақха сөздік. –Ürimji: Xinjiang halek baspase, 1989. –1600 б.
119. Мәсімханұлы Д., Әбиденқызы А. Қытайша-қазақша үлкен сөздік. –Алматы: Эксклюзив, 2017. –1032 б.
120. Ілікенов М. Қытайша-қазақша тіл ғылымы сөздігі. –Бейжің: Ұлттар баспасы, 1984. –438 б.
121. 卢福波 著《实用汉语教学语法》，—北京：北京语言文化大学出版社，2001. P. –411.
- Лу Фубо. Қытай тілінің педагогикалық грамматикасы. –Бейжің: Бейжің тіл және мәдениет университеті баспасы. 2001. – 411 б.
122. Қалибекұлы Т. Қытайша-қазақша-орысша тіл білімі терминдерінің сөздігі. –Бейжің: Орталық Ұлттар университеті, 2018. –286 б.
123. Шөкеев Б. Ханзуша-қазақша аударма нәзәриясы мен шеберлігі. –Бейжің: Ұлттар баспасы, 2012. – 506 б.
124. Li Dejin, Cheng Meizhen. A Practical Chinese Grammar for Foreigners. –Beijing: Sinolingua, 2007. P. –742.

125. 刘月华 等著 《实用现代汉语语法》，—北京：商务印书馆, 2004. P. –1005.

Лю Юехуа және т.б. Қазіргі қытай тілінің практикалық грамматикасы. –Бейжің: Шану-иыншугуан. 2004. –1005 б.

126. 钱乃荣 主编 《汉语语言学》，—北京：北京语言学院出版社, 1995. P. –447.

Жалпы редакциясын басқарған Чян Найроң. Қытай тіл білімі. –Бейжің: Бейжің тіл институты баспасы. 1995. –447 б.

127. Guo Zhenhua. A Concise Chinese Grammar for Foreigners. – Beijing: Sinolingua, 2008. P. – 244.

128. Дай Сюэмэй, Чжан Жоин. 300 грамматических правил. – М.: АСТ: Восток–Запад, 2008. – 287 с.

129. Кенжебаева А. Қытайша-орысша-қазақша-ағылшынша филология терминдері сөздігі. –Алматы: Қазақ университеті, 2017. –495 б.

130. 陈燕燕 主编 《维吾尔族、哈萨克族汉语语法教学难点释疑》，—北京：商务印书馆, 2009. P. – 435.

Жалпы редакциясын басқарған Чын Янян. Ұйғыр және қазақ ұлтының өкілдеріне қытай тілінің грамматикасын оқытудағы қиын түйіндер. –Бейжің: Шану-иыншугуан. 2009. P. – 435.

131. 田静 著 《维吾尔族、哈萨克族汉语偏误分析》，—北京：北京语言大学出版社, 2015. P. –216.

Тян Жің. Ұйғыр және қазақ ұлтының өкілдерінің қытай тілін үйренудегі қателіктеріне талдау. –Бейжің: Бейжің тіл және мәдениет университеті баспасы. 2015. – 216 б.

132. Абдиса К., Әлтай Т. Ханзуша-қазақша аударма оқулығы (Жоғары оқу орындарына арналған оқулық). – Үрімжі: Шыңжаң оқу-ағарту баспасы, 1998. –292 б.

133. Әлиев М. Ханзуша-қазақша аударма нәзариясы. – Құлжа: Іле педагогикалық институты, 2002. –297 б.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
----------------------	---

1 ҚЫТАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРİNДЕГІ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

1.1 Қытай және қазақ тілдеріндегі сөз тіркестерінің зерттелу тарихынан	6
1.2 Қытай және қазақ тілдеріндегі сөз тіркестерінің табиғаты мен мәні	18
1.3 Қытай және қазақ тілдеріндегі сөз тіркесінің күрделі сөз және сөйлеммен арақатынасы	46
1.4 Қытай және қазақ тілдеріндегі сөз тіркестерінің байланысу тәсілдері	57
1.5 Қытай және қазақ тілдеріндегі сөз тіркестерін топтастыру.....	66
1.6 Қытай және қазақ тілдеріндегі сөз тіркестерін талдаудың әдістері	79

2 ҚЫТАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРİNДЕГІ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ТҮРЛЕРІ МЕН МАҒЫНАСЫ

2.1 Қытай тіліндегі бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі ..	89
2.2 Қазақ тіліндегі үйірлі мүшелер және олардың синтаксистік қызметі	97
2.3 Қытай және қазақ тілдеріндегі толықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері	103
2.4 Қытай және қазақ тілдеріндегі пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері	114
2.5 Қытай және қазақ тілдеріндегі анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері.....	123
2.6 Қытай тіліндегі толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесі ...	134
2.7 Қытай тіліндегі толықтырғышты қазақ тіліне аудару мәселесі	145

Қорытынды	154
------------------------	-----

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	161
--	-----

ISBN 978-601-7998-45-5



Қалибекұлы Толқын

**Қазіргі қытай және қазақ тілдеріндегі
сөз тіркесінің құрылымдық түрлері**

Монография

Беттеуші:
Қалибекұлы А.

Тапсырыс тапсырыс берушінің дайын файлдарынан
«Полилингва» баспасында басылып шықты

Басуға 13.01.2021 ж. қол қойылды.
Қалыбы 84x108¹/₁₆. Тапсырыс № 2034.
Басылымы офсеттік. Қаріп түрі «Times New Roman».
Көлемі 10,75 б.т. Таралымы 500 дана.